

ISSN: 2957-6725
E-ISSN: 2957-6733

ҰЛТ ЖАДЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2026, № 1 (15)

Бас редактор
Қасымов Сабыр Ахметжанұлы

Редакциялық алқа

Еркін Аманжолұлы Әбіл – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (Қазақстан).

Қабдулсамих Көшекұлы Айтқожин – заң ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).

Ермұрат Сейтқазыұлы Бапи – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (Қазақстан).

Марат Советұлы Башимов – заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (Қазақстан).

Исидор Шамилович Борчашвили – заң ғылымдарының докторы, профессор, қазіргі заманғы құқық Институтының директоры (Қазақстан).

Оразак Исмағұлұлы Исмағұлов - тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан).

Зиябек Ермұханұлы Қабылдинов – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры (Қазақстан).

Дихан Қамзабекұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, «Қазақ газеттері» ЖШС Бас директоры (Қазақстан).

Берікбол Мейрамханұлы Дүкеев – PhD докторы, саясаттанушы, Назарбаев Университеті (Қазақстан).

Досай Тұрсынбайұлы Кенжетев – философия ғылымдарының докторы, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры (Қазақстан).

Мәмбет Құлжабайұлы Қойгелдиев – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан).

Виктор Иванович Козодой – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Тарихи және әлеуметтік-саяси зерттеулер институтының директоры (Ресей).

Зайнидин Карпекұлы Құрманов – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қырғыз Республикасы СІМ Дипломатиялық академиясының проректоры (Қырғызстан).

Дмитрий Иванович Панто – PhD докторы, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми бөлімінің бас маманы (Польша).

Ерлан Бияхметұлы Саиров – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (Қазақстан).

Айдос Әміроллаұлы Сарым – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (Қазақстан).

Уяма Томохико – философия докторы, славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры, Жапонияның Орталық Азияны зерттеу қоғамының Президенті (Жапония).

Шейла Фицпатрик – доктор, Чикаго университетінің құрметті профессоры, (АҚШ).

Юлия Васильевна Шаповал – философия ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).

Жауапты редактор

Серік Үмітбайұлы Баяхметов, PhD докторы

Ғылыми редактор:

Құралай Қуандыққызы Сәрсембина, тарих ғылымдарының кандидаты

Гүлнар Қайроллақызы Мұқанова, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

Техникалық хатшы

Венера Серікқызы Зікірбаева

Главный редактор
Касымов Сабыр Ахметжанович

Редакционная коллегия

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, депутат Мажилиса Парламента Республики Казахстан (Казахстан).

Айтхожин Кабдулсамих Кошекович – доктор юридических наук, профессор (г. Алматы, Казахстан).

Бапи Ермурат Сейтказыулы – депутат Мажилиса Парламента Республики Казахстан (Казахстан).

Башимов Марат Советович – доктор юридических наук, профессор, депутат Мажилиса Парламента Республики Казахстан (Казахстан).

Борчашвили Исидор Шамилович – доктор юридических наук, профессор, директор Института современного права (Казахстан).

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, (Казахстан).

Дукеев Берикбол Мейрамханулы – доктор PhD, политолог, Назарбаев Университет (Казахстан).

Кабульдинов Зиябек Ермуханович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Института истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова (Казахстан).

Камзабекұлы Дихан – доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК Генеральный директор ТОО «Қазақ газеттері» (Казахстан).

Кенжетев Досай Турсынбайұлы – доктор философских наук, профессор Международного казахско-турецкого университета имени Х.А. Ясауи (Казахстан)

Койгелдиев Мамбет Кулжабаевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Казахстан).

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор, директор Института исторических и социально-политических исследований (Россия).

Курманов Зайнидин Карпекович – доктор исторических наук, профессор, проректор Дипломатической академии МИД Кыргызской Республики (Кыргызстан).

Панто Дмитрий Иванович – доктор PhD, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны в Гданьске (Польша).

Саиров Ерлан Бияхметович – депутат Мажилиса Парламента Республики Казахстан (Казахстан).

Сарым Айдос Амироллаевич – депутат Мажилиса Парламента Республики Казахстан (Казахстан).

Уяма Томохико – доктор философии, Профессор Центра славянско-евразийских исследований, Президент Японского общества изучения Центральной Азии (Япония).

Фицпатрик Шейла – доктор, заслуженный профессор Чикагского университета (США).

Шаповал Юлия Васильевна – доктор философских наук, профессор (Казахстан).

Ответственный редактор

Баяхметов Серик Умутбаевич, доктор PhD

Научный редактор:

Сарсембина Қуралай Қуандыкқызы, кандидат исторических наук

Муканова Гюльнар Кайроллиновна, кандидат исторических наук, профессор

Технический секретарь

Зикирбаева Венера Серикқызы

Editor-in-Chief

Kassymov Sabyr Akhmetzhanuly

Editorial Board

Abil Yerkin – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy of the Majilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan).

Aitkhozhin Kabdulsamikh – Doctor of Law, Professor (Kazakhstan).

Bapi Ermurat – Deputy of the Majilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan).

Bashimov Marat – Doctor of Law, Professor, Deputy of the Majilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan).

Borchashvili Isidor – Doctor of Law, Professor, Director of the Institute of Modern Law (Kazakhstan).

Ismagulov Orazak – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician NAS RK, (Kazakhstan).

Dukeev Berikbol – PhD, Political scientist, Nazarbayev University (Kazakhstan).

Kabuldinov Ziyabek – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician NAS RK, Director of the Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

Kamzabekuly Dikhan – Doctor of Philology, Professor, Academician NAS RK, General Director of LLP «Kazakh gazetteri» (Kazakhstan).

Kenzhetaev Dosai – Doctor of Philosophy, Professor of the Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Kazakhstan).

Koigeldiev Mambet – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan).

Kozodoy Viktor – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of Historical and Socio-Political Studies (Russia).

Kurmanov Zainidin – Doctor of Historical Sciences, Professor, Vice-Rector of the Diplomatic Academy of the Ministry of Foreign Affairs of the Kyrgyz Republic (Kyrgyzstan).

Panto Dmitry – PhD, Chief Specialist of the Scientific Department of the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland).

Sairov Yerlan – Deputy of the Majilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan).

Sarym Aidos – Deputy of the Majilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan).

Shapoval Yulia – Doctor of Philosophy, Professor (Kazakhstan)

Fitzpatrick Sheila – Doctor, Emeritus Professor at the University of Chicago (USA).

Uyama Tomohiko – PhD, Professor at the Center for Slavic-Eurasian Studies, President of the Japanese Society for Central Asian Studies (Japan).

Responsible Editor

Bayakhmetov Serik

Scientific Editor:

Sarsembina Kuralay, Mukanova Gyulnar

Technical Secretary

Zikirbaeva Venera

Редакция туралы мәліметтер:

«Ұлт жады» (Национальная память / National memory) журналының құрылтайшысы:

«Қазақстанның бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресте зардап шеккен тұлғаларды ақтау мен олардың есімдерін мәңгі естесіне ақтау жөніндегі «Қаһармандар» Республикалық Қоғамдық қоры

Редакцияның мекен-жайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 11/5, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның жобалық кеңсесі

Сайтқа сілтеме: <https://journal.e-memory.kz>

Тел.: +7 (717) 279-64-58.

E-mail: qakharmandar@gmail.com

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2022 жылы 9 маусымда тіркелген, № KZ39VPY00050349 куәлігі бар.

Мақалаларды қайта басып шығару, микрофильмдерге және басқа көшірмелерге түсіру кезінде міндетті түрде журналға сілтеме жасалады.

Ұсынылған деректердің дұрыстығына авторлар жауапты болады.

Сведения о редакции:

Учредитель журнала «Ұлт жады» (Национальная память / National memory): «Республиканский Общественный Фонд по реабилитации и увековечиванию лиц, пострадавших в борьбе за свободу и независимость Казахстана «Қаһармандар»

Адрес редакции: 010000, Республика Казахстан, г. Астана, пр. Кабанбай батыра, 11/5, Проектный офис Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий

Ссылка на сайт: <https://journal.e-memory.kz>

Тел.: +7 (717) 279-64-58.

E-mail: qakharmandar@gmail.com

Журнал в Министерстве информации и общественного развития Республики Казахстан зарегистрирован 9 июня 2022 г., имеет свидетельство № KZ39VPY00050349.

При перепечатке статей, съемке на микрофильмах и других копиях обязательно делается ссылка на журнал.

Ответственность за достоверность представленных данных несут авторы.

Information about the editorial office:

Founder of the "Ult Zhady" (National memory) journal: «Republican Public Fund for Rehabilitation and Perpetuation of Persons Injured in the struggle for Freedom and Independence of Kazakhstan «Қаһармандар»

Editorial office address: 010000, Republic of Kazakhstan, Astana, Kabanbai Batyr Ave., 11/5, Project office of the State Commission for the Complete Rehabilitation of Victims of Political Repression

Link to the website: <https://journal.e-memory.kz>

Phone: +7 (717) 279-64-58.

E-mail: qakharmandar@gmail.com

The journal was registered with the Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan on June 9, 2022, has certificate № KZ39VPY00050349.

When reprinting articles, shooting on microfilm and other copies, a link to the magazine is necessarily made.

The authors are responsible for the accuracy of the submitted data.

РЕДАКЦИЯДАН

**ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ ҚАЗАҚСТАН
ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ МЕН РӨЛІ**

2026 жылы бүкіл қазақ елі Алаш қозғалысы – партиясының негізін қалаушы, Алаш Орда үкіметінің төрағасы, ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның 160 жылдық мерейтойын атап өтуде. Осыған орай, саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның Жобалық кеңсесі «Ұлт жады» (National memory / Национальная память) журналының 2026 жылғы алғашқы нөмерін ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның 160 жылдығына арнап шығарып жатыр.

Мемлекеттік және өңірлік комиссиялардың, Жобалық кеңсенің материалдарына, сондай-ақ тарихшылар, заңгерлер, саясаттанушылар, әлеуметтанушылар және өзге де сарапшылар жүргізген пәнаралық зерттеулердің нәтижелеріне негізделген. Олар өз салалары бойынша прогрессивті халықаралық ғылыми құндылықтар мен стандарттарға сүйене отырып жасалған қорытындыларында белгілі құбылыстар мен фактілерге ғана емес, сонымен қатар бұрын белгісіз болған құбылыстарға, жаңа анықталған деректерге және жаңадан құпиясыздандырылған архив құжаттарына қатысты да өз тұжырымдары мен ұсыныстарын жасады.

Мемлекеттік комиссия қызметі аясында жүргізілген кешенді пәнаралық ғылыми сараптама мен тарихшы-ғалымдардың тұжырымдарын бағалау олардың, негізінен, зерттеу нысанының сыртқы әрі баяндаушылық қырларын сипаттаумен шектелетінін, ал зерттеліп отырған объектілердің саяси, экономикалық, құқықтық және әлеуметтік мәні мен мазмұнына жеткілікті дәрежеде назар аударылмайтынын көрсетеді. Бұл түсінікті де, өйткені олар аталған ғылым салаларының мамандары емес. Дегенмен, олардың басты еңбегі – ұлттық тарихымыздағы «ақтаңдақтарды» ашуы.

Осыған байланысты Мемлекеттік комиссия пәнаралық зерттеулер барысында құбылыстарды, фактілерді, құжаттарды, сондай-ақ көрнекті тұлғалардың тарихи орны мен рөлін зерделеуде тарихи, саяси, құқықтық және әлеуметтік антропология әдістерін қолданды. Мұндай тұлғалардың қатарына, сөзсіз, Әлихан Бөкейхан жатады. Оның қоғамдық-саяси, мемлекеттік, ғылыми және өзге де ауқымды қызметін дәл осындай кешенді ғылыми тәсілдер арқылы зерттеп, бағалау қажет.

Мемлекеттік комиссияның ғалымдары мен сарапшылары «Алаш» қозғалысының көрнекті лидерлерінің қазақ халқының ұлт-азаттық күресін ұйымдастырудағы айрықша рөлін, олардың өз халқына үлгі боларлық істерін,

патриотизмі мен ерлігін, сондай-ақ ұлттық мемлекеттілікті халықаралық прогрессивті стандарттар негізінде жаңғырту мен қалыптастыру жолындағы қызметін ескере отырып, арнайы ғылыми әдістер арқылы олардың төл тарихымыздағы орны мен рөлін жан-жақты зерттеді. Бүгін Сіздердің назарларыңызға осы зерттеулердің негізгі қорытындыларын ұсынғым келеді. Әлихан Бөкейханның жасаған ерлігін, қалдырған саяси, ғылыми ғұлама еңбегін қазіргі күні жоғары деңгейде бағалап жүрген екі азаматты білемін: біреуі осы Сұлтан-Хан (Әлиханнның тұлғасына арнап 21 том құжат шығарған), екінші зиялы азамат, шымкенттік Әбдімәжіт Сыздықбеков (отаршылық зардабына ерекше ұшыраған Қызылжарда Әлиханнның атына мешіт салды). Бұл шараның маңызы өте зор! Шет елдің азаматарының ішінен – Виктор Козодойды атап айтқым келеді: «Алихан Букейханов – человек эпоха» - деп арнап, кітаб жазды.

Біз, билікке үміт арта бермей, осындай отансүйгіш азаматтардың озық ниеттерін бағалап, қолдауымыз керек.

Қызылжарда Әлиханға арнап мешіт салу, халқына адал қызмет еткен ұлы Қаһарманға арнаған бір қана құрмет. Себебі, Әлихан Бөкейханның қазақ халқына жасаған еңбегі ұшан-теңіз.

Қазіргі күні әр түрлі тұлғаларды мадақтауға арналған іс – шаралардың өтетіндігі белгілі. Президентіміз коммунистік дәуірдегі басшыларды ұлықтауды тоқтатындар деседе болмайды. Ал, бүгінгі күні халқымыздың біртуар тұлғасына, Алаш көсемі, саяси лидер Әлихан Бөкейханның рухына арнап өткізіп жатқан форумның орны ерекше.

Президент Қ. Тоқаевтың Жарлығымен 2020 жылы қарашада құрылған саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары мен қорытындылары Әлихан өз халқына, мемлекетіне биік дәрежеде адал қызмет етудің үлгісін көрсетіп, ұлы ерлік жасағандығын анық дәлелдейді. Әлекеңнің ұлтына, мемлекетіне адал қызмет етуі қазіргілерге де, болашақ ұрпаққа да, әсіресе, саяси лидер боламын деген тұлғаларға үлкен үлгі-өнеге.

Әлихан азаттық күрес туын көтеріп қана қоймай, ұзақ ғасырларға созылған отаршыл саясаттан әбден қалжыраған, жанышталған халқын ұлттық бостандық жолындағы күреске жұмылдырды. Тізерлеп қалған халқының бойын тіктеді. Халқына деген адалдықтың арқасында Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыруына - егеменді Қазақ мемлекетінің құрылуына дейін жеткізді.

Ресей империясының Қазақстанды жүйелі әрі ұзақ уақыт бойы отарлау саясатын жан-жақты зерттеп, халқын азаттыққа жеткізудің өркениетті, прогрессивті және демократиялық бағдарламасын әзірледі.

Ресейдегі Ақпан революциясынан кейін, негізгі отарлаушылар - II Николай мен оның отбасы мүшелері биліктен мәжбүрлі бас тартқан соң демократиялық Уақытша үкімет билікке келгенде Әлихан Ресей, ақыры демократиялық мемлекетке айналады деп үміттенді. «РЕСЕЙ ФЕДЕРАТИВТІ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫН» құру идеясын қолдады. Ресейдің демократиялық мемлекет болуына көмектескісі келді. Алаш лидерлері

демократиялық Федерация шеңберінде болашақ үшін егемен, тәуелсіз мемлекеттің әлеуметтік, саяси өзге де негіздерін жасауды мақсат етті.

Алайда, Петроградтағы мемлекеттік төңкерістен соң большевиктер 1917 жылы 25 қазанда Ресейде билікті басып алып, диктаторлық билік орнатқаннан кейін Әлихан, өзге де Алаш зиялыларымен бірге 1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынбор қаласында жалпы қазақ съезін (құрылтай) ұйымдастырды. Оған Қазақстанның түкпір-түкпірінен делегаттар қатысты.

1917 жылғы 12 желтоқсанда Заңды және Өкілетті халықтық құрылтай-съезі қазақ халқының еркімен, ұлттық мемлекеттілікті жандандырып, Республикалық үлгідегі Алаш егеменді автономиясын құрды. Әлихан Бөкейхан басқарған Алашорданың ұлттық үкіметін сайлады.

1900 жылдардың басынан бастап Әлихан Ресей патшалығына қарсы жүйелі және ұзақ мерзімді күресті ұйымдастыру мақсатында еліміздің барлық өңірінен, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Тынышбаев, М. Жұмабаев, Жаһанша және Халел Досмұхамедовтер сияқты халықтың басқа да көрнекті ұлдарының басын біріктіргеніне ерекше назар аудару қажет.

Коммуникациясы жоқтың қасы, яғни ауыр жағдайдағы Ұлы далада ағартушылық және насихат жұмыстары өрістеді. Сөйлеген сөздерінде, мақалаларында күйзелген, ұйқыда жатқан халқын оятып, халыққа, тек қана ұлттық, саяси және әлеуметтік құқықтары үшін ғана емес, ұлттық бостандық пен тәуелсіз мемлекет құру үшін күрес жүргізуді үйретті.

Әлекеннің идеялық және рухани жетекшілігімен жоғарыда есімдері аталған көрнекті тұлғалар бүкіл Қазақстан бойынша ауқымды, саяси, идеологиялық жұмыстар жүргізді:

- «Айқап» журналы мен «Қазақ» жалпыұлттық газетін жарыққа шығарып, оның төңірегіне халқымыздың ең көрнекті өкілдерін жинады, сондай-ақ ағартушылық мақсаттағы ондаған газеттер мен журналдар халықтық партияның саясатын түсіндіріп, бұқара халықтың санасына прогрессивті демократиялық құндылықтарды енгізді. Осылайша жаңа ұлттық мақсат, ұлттық сана жаңғырды;

- «Алаш» жалпыхалықтық қозғалысын ұйымдастырды. «Алаш» атауы түркі халықтарының бостандығы үшін күрес бірлігі стратегиялық мақсатын көрсетті: «Алты Алаш баласының болашағы, мақсат, тағдыры бір екендігін айғақтады»;

- Қазақстанның барлық өңірлерінде көптеген қоғамдық ұйымдар, соның ішінде қазақ халқының ұлт-азаттық күрес мәселелерін көтерген жастар ұйымдары құрылды;

- Мемлекеттік комиссия анықтағандай Әлекеннің ұсынысы бойынша 1917 жылы ақпан революциясынан кейін 144-тен астам құрылтайлар (съездер) өткізіліп, жер-жерде «Алаш» партиясының бағдарламалық жоспарлары талқыланды;

- В. Лениннің қолдауымен Әлихан бастаған Алаш лидерлері бұлтартпас фактілер мен дәлелдер арқылы патшалық билік тартып алған қазақ жерлерін Қазақстанға қайтаруға қол жеткізді. Халқымызға сіңірген осы зор еңбекті біз әлі күнге дейін өз деңгейінде бағалаған жоқпыз;

- Ә. Бөкейханның басшылығымен «Алаш» партиясы мен қозғалысы үлкен танымалдылыққа, халықтың сеніміне ие болып, республикадағы басты саяси және ықпалды күшке айналды. Бұл халықтың ерік-жігерімен бірнеше рет расталды;

- М. Жұмабаев пен Әлекең «Табалдырық» («Алқа») бағдарламасын әзірледі. Артта қалған елдерден үлгі алмай, дамыған елдердің мемлекеттік, саяси, идеологиялық, ғылыми, көркемдік, шығармашылық және басқа да салалардағы озық стандарттарын// Қазақстанға енгізуді ұсынды.

- Ә. Бөкейхан және оның әріптестері, Алаш зиялылары отаршыл патша билігі мен тоталитарлық большевиктер жүйесін халықаралық стандарттар бойынша ғылыми-зерттеу, көркем әдебиет, мәдениет, өнер және өзге этномәдени, рухани салаларда іргелі ғылыми-сыни бағалаудың негізін қалады;

- Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов және т.б. Алаш лидерлері марксистік-лениндік доктринаны, большевиктердің қазақ халқына енгізген таптық жіктелуін, тап күресін жоққа шығарды. Сондай-ақ, «бүкіл әлемде социализм мен коммунизм Жеңіске жетеді», - деген авантюристік ұраннан бас тартты; Олар бірінші кезекте нақты ұлттық идеяны алдарына қойды, яғни ұлттық мемлекетті жаңғыртып, тәуелсіздік алу керек деді;

- Алаш лидерлері жүзге, руға бөлінбеді; жеке бастың мүддесінен ұлттық мүддені жоғары қойды. Бұл да қазіргі біздің жастарға үлгі болуы тиіс.

Мемлекеттік комиссияның ғалымдары мен сарапшылары Ә. Бөкейханның саяси және мемлекеттік қызметінің барлығы тарихи маңызды және бірегей деп санайды. Бірақ та, ерекше атап өтетін мәселе бар.

Ол 1917 жылғы шілде мен желтоқсанда Орынбордағы Жалпықазақ съезінде «Алаш» автономиясы (Республикасы) қалпындағы қазақ ұлттық мемлекеттілігін жаңғырту, Алашорда үкіметін легитимді сайлау үшін қабылданған тарихи шешім. Сондықтан, саяси және халықаралық стандарттарға сайжалпы қазақ съезіндегі қабылданған шешімдер заңды (легитимді).

Өкінішке орай, осы бір ел тағдырын шешкен тарихи шешімге біз, тәуелсіздік жылдарында объективті, мемлекеттік, саяси және ғылыми баға бере алмадық. Халық, демократиялық және прогрессивті қоғамдастық, тіпті шетел де өз бағасын баяғыда—ақ берді. Мысалы, Оксфорд университетінің Орталық Азияны зерттеу орталығы 1985 жылы «Алаш» партиясын басқарған қазақ зиялылары мәдени революция – мәдени РЕНЕССАНС жасағанын мойындады.

Мемлекеттік комиссия ғалымдары мен сарапшылары бұрын қол жетімсіз болған архив деректерін, әсіресе бұрын зерделенбеген өңірлік архив мәліметтерін талдау негізінде Ә. Бөкейхан басқарған «Алаш» партиясы мен Алаш Орда үкіметі дәуірі - қазақ халқының ұлттық РЕНЕССАНСЫ деген қорытындыға келді.

Уақыт аз болғандықтан қоғамның барлық саласындағы РЕНЕССАНС туралы толық айту мүмкін емес.

Мен тек, саяси салада жүзеге асқан РЕНЕССАНС идеялары мен нәтижелерін қана атап өтемін. 1917 жылғы 5-13 желтоқсанда Қазақстанның түкпір – түкпірінен сайланған делегаттар «Алаш» бағдарламасын толық қолдап,

ұлттық мемлекеттілікті жаңғыртып, «Алаш Орда» ұлттық Үкіметін сайлады. Бұл қазақ халқының саяси және рухани РЕНЕССАНСЫНЫҢ басты нәтижесі, ғасырлар бойы езіп-жаншылған халықтың қайта тірілген тарихи жеңісі. Нәтижесінде Ә. Бөкейхан бастаған, «Алаш» партиясы мақсат еткен ұлттық идея жүзеге асырылды.

Тағы бір дәлел, жаңа федеративті демократиялық Ресейдің құрылтай жиналыстарындағы сайлауда «Алаш» партиясы барлық басқа партияларды жеңіп, Қазақстан облыстарында сайлаушылардың 70-90 процентіне дейін дауыс жинады.

Өкінішке орай, бұл құрылтай жиналысы, яғни бүкіл демократиялық әлемдегідей, Ресей мемлекеттілігінің өркениетті дамуына жол ашқан, халықтың заңды түрде сайлаған Ресейдің ең жоғарғы мемлекеттік органын 1918 жылы 6 қаңтарда большевиктер күшпен таратты. Большевиктер екінші мемлекеттік төңкеріс жасап, Ресейдегі мемлекеттік билікті қарулы күшпен басып алды.

Әлихан бастаған «Алаш» партиясы, жоғарыда көрсетілген күштеп, зомбылықпен билікке жету әдістеріне принципті түрде қарсы болды. Егер де, демократиялық, бейбіт сайлау болған жағдайда, «Алаш» партиясы кез-келген саяси күшпен, соның ішінде большевиктік-коммунистік партиямен бәсекеге түсіп, жеңе алатын еді. Адал бәсекелестік пен демократиялық сайлауда «Алаш» партиясының жеңіске жетуі, оның билікке келуі заңдылық еді.

Біздің ғалымдарымыз бен сарапшыларымыз Ә. Бөкейханның мемлекеттік саяси қызметін жоғары бағалап, халықтың ағартушы нағыз көсемі ретінде, өзінің негізгі стратегиялық бағдарламалары мен мақсаттарына опасыздық жасамай, көзқарасын өзгертпей, даналық пен тактикалық икемділік үлгісін көрсетті деп санайды.

Мәселен, Әлихан екі рет (1917 ж. 25 қазан және 1918 ж. 6 қаңтар) қарулы мемлекеттік төңкерістер жасаған, өзінің саяси мақсаттары үшін зорлық-зомбылық әдістерге сүйеніп, халықтың ерік-жігерімен санаспаған, қарсыластарын жаппай қуғын – сүргінге ұшыратқан большевиктік-коммунистік билікке түбегейлі қарсы бола отырып, халқының өзекті және маңызды проблемаларын шешу үшін, серіктерімен бірге большевиктік билікпен ынтымақтасу туралы саяси шешім қабылдады.

Халқының мүддесі үшін Алаш лидерлері мен белсенділері түрлі кеңестік, оның ішінде идеологиялық билік органдарында жұмысқа кірісті. білім, мәдениет, өнер саласындағы көптеген өзекті мәселелерді шешті.

Мемлекеттік комиссияның ғалымдары мен сарапшылары бұрын жабық болған деректерді және өңірлік архив құжаттарын жан-жақты зерделеп, А.Бөкейханның өз халқының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы жанкешті күресі, мемлекеттік және саяси қызметі, даналығы қазақ халқының лидері рөліне үміткер саяси қайраткерлер үшін мәңгілік үлгі және эталон болып қалады, - деп есептейді.

Әлиханның саяси және ғылыми мұрасы ерекше бірегей, қасиетті ұлттық қазына және мемлекеттік құндылық. Бұл қазына мен құндылықтар жан-жақты

әрі терең зерттеліп, насихатталуы тиіс. Олар туралы ғылыми диссертациялар, көркем шығармалар жазылып, «Оян Қазақ» сияқты фильмдер түсірілуі керек.

Әрине, Әлихан Бөкейханның Қазақстан тарихындағы рөлі мен орны, оның «Алаш» қозғалысы мен партиясын, Алаш Орда үкіметін құруы мен басқаруы туралы ғылыми ұжымдар, ғылыми институттар арнайы зерттеуі қажет. Қазақстанның мектептері мен жоғары оқу орындарында Әлекеңнің саяси көзқарастары, шығармалары, қазақ халқының ұлттық бостандығы мен мемлекеттік тәуелсіздігі үшін күресі оқытылып, «Бөкейханов оқулары» және т.б. шаралар тұрақты ұйымдастырылуы тиіс.

Осыған байланысты, құрметті әріптестер, бәріміздің атымыздан, белгілі қоғам қайраткері, алаштанушы ғалым Сұлтан Хан Аққұлұлына алғысымызды білдіруге рұқсат етіңіздер! Сұлтан Хан Әлиханның шығармаларын, оған қатысты деректерді жинақтап, 21 том басып шығарды. Ол біздің тәуелсіз мемлекетіміз жасауы керек нәрсені жасады. Біздің лауазымды тұлғалар мемлекеттік сыйлыққа «кім лайық?» деп таңдай алмай әуре болса, «зиялы қауымның» өзі сол көздеген сыйлық үшін ақиқатқа қарамай, неше түрлі әдістерді қолданып, «нағыз аламан» бәйгеге түседі Сондықтан, ғалымның осындай еңбегі үшін Мемлекеттік сыйлық берсе де болады.

Әлиханның қазақ тарихындағы орны мен рөлі ерекше. Өз халқына адал және принципті қызмет еткені үшін, 40 жыл бойы, оның 20 жылы патша отаршылығы, 20 жылы тоталитарлық-коммунистік режим тарапынан мемлекеттік қудалауға, қуғын - сүргінге ұшырады. Өкінішке орай, біздің алғашқы қазақ большевик-коммунистері де халқымыздың ұлы Көсемін қудалауға және қуғын-сүргінге ұшыратуға қатысты. Олардың есімдерін кейбіреулер жасырғысы келгенімен, тарих шындығы халыққа белгілі болып келе жатыр.

Ол патша билігі мен кеңестік режим тарапынан бірнеше рет тұтқындалды, жер аударылды, қуғын-сүргінің өзге де түрлерін басынан өткерді. Ақыр соңында большевик-сталиндік қылмыстық билік «буржуазиялық ұлтшылдық» пен «контррреволюциялық», «шпиондық» қылмыс» жасады деген, жалған айыппен, атып тастады. Ол: «өмірімнің соңына дейін халқыма адал қызмет етемін», - деген қағидасын орындады.

Мемлекеттік комиссияның ғалымдары мен сарапшылары тәуелсіз Қазақстанның бұрынғы басшылығының саяси, идеологиялық қателіктері Алаштың саяси мұрасын өз уақытында бағалап, қолдана алмағандығын пайымдайды. Біздің мемлекеттік саяси қайраткерлер де, зиялы қауым да Алаштың саяси мұраларын толық білмегендіктен, білуге дайын болмағандықтан, Алаштың стратегиялық мақсатымен жете таныс болмағандықтан осындай қателік жіберді.

Құрметті әріптестер! Мен осыған қатысты көптеген оқиғалардың куәсі болғандықтан, мынаны айтқым келеді: 1991 жылы мемлекеттік тәуелсіздік алған кезде біздің саяси элита, зиялы қауым негізінен субъективті себептер бойынша, «Алаш» партиясы мен оның көшбасшысына қатысты қоғамдық санада жасанды қалыптасқан жағымсыз синдромды еңсере алмады. Нәтижесінде, Алашорданың

саяси бағдарламасын мүлдем қабылдамады, тіпті түсінуге де тырыспады. Әзірбайжан, Армения және Грузия сынды басқа посткеңестік мемлекеттердегідей ұлттық мемлекет құру жолындағы тарихи сабақтастық ескерілмеді.

Көптеген зерттеушілердің пікірінше, соңғы онжылдықтардағы Тұңғыш Президенттің «жеке басына табыну» кезеңіне қатысты оның тарихи рөлін, еңбегі мен тұлғасын төмендету үрдісі байқалуда. Осындай теріс тенденцияға жол беруге болмайды. Бұл - кешірілмейтін мемлекеттік әрі саяси қателік.

XX ғасырда Әлихан халқына адал қызмет етіп, мемлекет басқарған қазақ халқының жалғыз және шынайы көсемі еді. Кейінгі «көсемдер» коммунистік партияның жүйесінен шыға алмады. Сондықтан да, Әлиханмен өзгелерді тең қоя алмаймыз.

Сөзімді аяқтай келе, Әлихан Бөкейхан - Қазақстан тарихындағы рөлі мен орны бойынша Абылайхан мен Абайдың қатарында болуы керек!

«Қаһармандар» Республикалық қоғамдық қоры 2017 жылы Алаш партиясы мен Алаш Орда үкіметінің 100-жылдығы құрметіне орай, Әлихан бастаған барлық көрнекті Алаш қайраткерлеріне: Ахмет, Мұстафа, Міржақып, Мұхамеджан, Жаһанша және Халелге қазақ халқына сіңірген орасан зор еңбектері үшін «Халық қаһарманы» атағын беруді ұсынды.

Өкінішке орай, біз өзіміздің нағыз батырларымызды, қаһармандарымызды лайықты және толық бағалай алмай жүрген халықпыз.

Бұл қазіргі және болашақ ел қорғайтын, ел басқаратын ұрпақты тәрбиелеу үшін өте маңызды.

Сөзімнің тоқ етері: Әлихан Бөкейханның қазаққа жасаған қызметін, тарихи рөлін, саяси және ғылыми мұрасын білмеген, бағаламаған қазақ қазақ емес!

Сабыр Қасымов,
Бас редактор, заң ғылымдарының кандидаты,
Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі
мемлекеттік комиссияның Жобалық кеңсесінің басшысы

ЖҰРТ ШЫРАҚШЫСЫ

(Ғұмырын жұрт ісіне арнаған қайсар қайраткер Әлихан Бөкейхан туралы)

Шерубай Құрманбайұлы

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымының докторы, профессор

Алаш көсемі, ірі мемлекет қайраткері, көрнекті саясаткер Әлихан Бөкейхан – қазақтың маңдайын біткен жарық жұлдызы, ұлтының бағына туған ардақтысы. Халқына қалтқысыз қызмет етудің, ұлтын шексіз сүюдің тамаша үлгісін көрсеткен алаш қайраткерлерінің мұрасын жан-жақты зерттеу, алаш аманатына адал болу – қазақтың өткен тарихын түгендеу үшін ғана емес, негізінен елдің кемел болашағы үшін керек игілікті іс. Мемлекет мерейін өсіретін, ұлт рухын көтеретін, елдік мұратқа ақырына дейін адал болатын қайсар рухты ұрпақ өсіреміз десек, оларға алаш өнегесінен артық тәлім көзін, тәрбие мектебін табу қиын. Сондықтан алаш мұрасын зерттеп қана қоймай, олардың еңбектерін елге кең таратып, жұрты үшін жанын пидә еткен асыл азаматтардың арман-аңсары мен мақсат-мұратын терең түсініп, ісін жалғастыратын ұл-қыз өсіру аса маңызды міндет.

Бізде көрнекті ақын-жазушылардың тілін немесе орыс тілінен аударылған шығармаларды тілдік және әдеби тұрғыдан зерттеуге арналған еңбектер аз емес. Ал аса көрнекті мемлекет қайраткерлерінің тілін, саяси дискурсын зерттеуге арналған еңбектер, дискурстық талдаулар өте аз, жоқтың қасы десек болады. Бұл бағыттағы зерттеулер кейінгі жылдары ғана қолға алына бастады. Ондай көрнекті саясаткерлер туралы сөз қозғағанда ең алдымен ойға оралатын тұлғаның бірі де бірегейі Әлихан Бөкейхан. Алаш ардақтысының мұрасын тілдік тұрғыдан, саяси дискурс аясында қарастыру арқылы да оның саясаткерлік болмысын, кісілік келбетін тереңірек танып, тұлғалық қасиеттерін аша түсуге болады. Тұлғатануда тілдің алатын орны айрықша. Ауыздан шыққан, хатқа түскен әр сөзінен, сөйлемінен адамның ой-өресі, білім-парасаты, мәдени деңгейі, таным-түсініктері, саяси көзқарасы мен ұстанымы көрінеді. «Сөзің – өзің» деген сөзде үлкен шындық бар. Адамның сөзінен өзін тануға болады. Ұлы Абай мұны: «Сөзіне қарай кісіні ал, Кісіге қарап сөз алма» – деп, тап басып түйіндеді. Бұл тұрғыдан қарағанда Әлихан сөзіне қарап үлгі алатын, сөзі мен ісінің арасы алшақ кетпейтін, жұрт алдында айтқан сөзіне сәйкес қыруар іс атқарған, сөзіне берік, тұғыры биік, табанды тарихи тұлға. Сол себептен де оның бар мұрасын тілдік тұрғыдан мұқият зерттеп, әр еңбегіне терең талдау жасап, әр сөзіне мән беру маңызды. Біз төменде осы сөзіне қарап өзін тану тұрғысынан келе отырып, ұлт тұлғасының бір сөзіне ғана тоқталып, сол жалғыз сөзді тірек ету арқылы оның азаматтық ұстанымы мен саяси болмысын, адамдық қасиетін тануға қарай қадам жасап көрмекпіз.

Әлихан Бөкейхан шығармаларындағы айрықша мән беруді қажет ететін сөздің бірі «жұрт» сөзі. Алаш білімпазының еңбектерінде «жұрт» сөзі қазіргі

тілде актив саналатын «ұлт», «халық» сөздеріне қарағанда әлдеқайда жиі қолданылады. Сонымен бірге «жұрт» сөзінен өрбіген туынды сөздер де мол ұшырасады. Қыр баласы «ұлт» сөзін сирек пайдаланды. Оның кейбір мақалаларында *ұлт ісі, ұлт мұқтажы, ұлт намысы, ұлт пайдасы* сияқты тіркестер кездеседі. Бірақ олардың үлесі «жұрт» сөзінің қатысуы арқылы жасалған тіркестерден көп төмен.

Әлихан Бөкейхан өз ұлтына, қара орман халқына қалтқысыз қызмет етуді өмірінің мәні, азаматтық парызы санаған аса көрнекті ұлт қайраткері. Жұрт ісін алға сүйреп, алашқа адал қызмет ету оның өмірлік ұстанымы болды. Алашының азаттығы үшін алысқан арыстың басқан ізін аңдып, ел ішіне жібермей ұйқамақта ұстаған қанды қол қызыл көсем И.Сталин мен оны таңдаған жолынан тайдыра алмаған отаршыл жүйе жендеттерінің оғы өр кеудесін тесіп өтіп, «жұртым» деп соққан жүрегін тоқтатқан сәтке дейін қайсар қайраткер осы ұстанымынан, алған бетінен айнымады. Соңғы демі таусылғанша күресіп, саналы ғұмырын ұлт ісіне сарп етті. Өзі ғана күресіп қоймай, ұлт ісін ұйысып, жұрт ісін жұмыла атқарғанда ғана нәтиже болатынын терең пайымдаған саяси көшбасшы төңірегіне елшіл, озық ойлы алаш оқығандарын топтастыра білді. Саяси көсем оларды ұлт мүддесіне, ұлт ісіне қызмет етуге жұмылдырып, жол көрсетіп, жөн сілтеді. Ұлт ісі сынды кемелдік пен аса зор жауапкершілікті қажет ететін зіл батпан жүкті арқалап, бүкіл ел тағдырына қатысты шешім қабылдау міндетін өз мойнына алып, сол жолдағы саяси күреске жетекшілік жасауға бел буды. Жауапкершілікті алып, белін бекем буғаннан кейін күрескер бір табан да кері шегінбеді. «Не бел кетеді, не белбеу кетеді» деген ұстанымынан таймаған табанды тұлға алашының азаттығы жолында ақырына дейін бел шешпей күресіп өтті.

«Алла тағала Құран кәрімде пайдалы орынға өздерінің сүйген нәрселерін мен малыңды шығармай тұрып ізгілік, жақсылық деген нәрсеге жетісе алмайсыңдар деп бүтін адам баласын шын көңілмен ұлт ісіне қызмет етуге қызықтырады. Егер ұлт ісінің керегі болмаса, ол ұлт ісіне мұндай уәжіп һәм зекет сияқты садақаларды ең сүйген малыңнан беріңдер деп қызықтырмас еді» (Әлихан. *Рамазан айы жақындаған тақырыпты. «Қазақ», 1916.*) – деп жазады қайраткер.

Осы екі-ақ сөйлемнен тұратын үзіндіде ол «ұлт ісі» деген тіркесті үш рет қолданады. Құран кәрімді алға тарта отырып, ұлт ісінің маңызын түсіндіреді. «Қазақ» газетіне жарияланған тағы бір мақаласында ол былай деп жазады: «Халық ісін орнына салуға көп ақыл, көп қызмет, көп жылға шебер істеген әдіс керек. Тіршілік-ғұмыр белгісі – алыс-тартыс, арбау, әдіс. Кім шебер болса, жалықпай, талмай ізденсе, бірігіп тізе қосып, әдіс қылса, ғұмыр бәйгесі соныкі» (Қыр баласы. *«Қазақ», № 44, 1913.*)

Бұл мақаласы мен өзде еңбектерінде «халық», «ұлт» сөздерін қолданылғанымен, жалпы шығармашылығында Қыр баласы «жұрт» сөзіне қарағанда оларды сиректеу пайдаланады. Мақалада қайраткер елге қызмет етудің қиындығы мен қыр-сырын айта отырып, жұртты бірлікке, елге қызмет етуге шақырады. Күні бүгінге дейін құнын еш жоймаған бұл пікірінен оны айтқан тұлғаның өз халқының қамын шын ойлаған үлкен саясаткер екенін анық

көруге болады. Айтса айтқандай-ақ ол өзінің ұшан-теңіз энциклопедиялық білімі мен саяси күрестегі мол тәжірибесін өмірінің ақырына дейін жұртына, халқына арнады.

Сонымен Қыр баласының мақалаларында «жұрт» сөзі мен осы сөз тірек болған «жұрт ісі», «жұрт жұмысы» сияқты тіркестер жиі кездеседі. «Жұрт» сөзі Әлихан Бөкейхан еңбектерінде «халық», «ұлт» кейде «ел», «мемлекет» мағыналарында өте жиі қолданылады. Білімпаздың өмірінің әр кезеңінде жазған кітаптары мен мақалаларынан: «Бұл жұрт ісі болар деген зор үміт осы күн!» (6-т. 172-б.); «Бұл жұрт жұмысын, жұрт болып іздемейтін бе еді?» (3 т. 494-б.) деген сияқты мысалдарды көптеп келтіре беруге болады. Ұлт көсемінің соңына қалдырған мол мұрасын зерделеу барысында «жұрт» сөзінің қатысуымен жасалған: *жұрт адамы, жұрт азаматы, жұрт ақысы, жұрт басшысы, жұрт бірлігі, жұрт жақсысы, жұрт жалшысы, жұрт жанашыры, жұрт жұмысы, жұрт жігіті, жұрт керегі, жұрт көзі, жұрт көңілі, жұрт көші, жұрт кісісі, жұрт қамы, жұрт құрылтайы, жұрт қызметі, жұрт қызметшісі, жұрт мақсаты, жұрт мінезі, жұрт пайдасы, жұрт правосы, жұрт пікірі, жұрт рәсімі, жұрт саны, жұрт сөзі, жұрт тілегі, жұрт ісі, жұрт шырақшысы* сияқты тіркестер қолданғаны анықталды.

Қыр баласының еңбектерінде бұлардан өзге де *жұрт болу, жұрт ұстау, жұрттығын сақтау, жұрттығымыздан айрылмау, бауыр жұрт, бұратана жұрт, бөтен жұрт, жалпы жұрт, жат жұрт, жергілікті жұрт, жетім жұрт, керенау жұрт, күшті жұрт, мәдени жұрт, мылқау жұрт, надан жұрт, қаптама жұрт, оқымаған жұрт, өзге жұрт, тағы жұрт, қазақ жұрты, орыс жұрты, грек жұрты, әділдік жоқ жұрт, орыс қолындағы жұрт, ресімі жоқ жұрт, біздің жұрт, жұрттың сөзі, жұрттың берекесі, жұрттың момыны, жұрттың қараңғылығы, жұртқа беделді, жұртқа пайдалы* сияқты түрлі қолданыстар, есімді, етістікті сөз тіркестері де жиі қолданылады.

Бұл ешқандай кездейсоқтық емес. Адам нені сүйсе, не үшін күйсе, қандай іске күш-жігерін жұмсап, уақытын неге көп арнаса сол туралы айтады, жазады. Сол мәселе оны толғандырады. Әлиханды ойландырған да, толғандырған да – қазақтың қамы, аңсағаны – алашының азаттығы. Сондықтан жатса да, тұрса да көздегені жұрт мүддесі болған жанның ойына «жұрт» сөзі орала беруі, қаламының ұшына «жұрт» сөзі іліге беруі табиғи нәрсе. Азаттықты аңсаған жұртының жағдайы жанына батқан, таңы жұртым деп атқан ұлт перзентінің ой-санасын жаулаған, жүрек түкпірінде жатқан басты мақсат-мұраты жұрт керегін табу болғандықтан да оның ойындағысы тіліне жиі оралатын «жұрт» сөзі арқылы жарыққа шыққан. Ойы сөзіне айналған.

Әлихан Бөкейхан тілінде «жұрт» сөзі ең белсенді жұмсалатын, тіркесімдік қабілеті жоғары, сөз туғызуда да өнімділік танытқан сөз. Жоғарыда көрсетілген сөз тіркестерінен бөлек шығармаларында «жұрт» сөзінен туындаған *жұртшыл, жұрттық, жұртшылық* сияқты сөздер де кездесіп отырады. Бұл деректер «жұрт» сөзін қалам иесінің тілдік, стильдік, сөз қолдану ерекшелігін тануға септігін тигізумен бірге, саясаткер дискурсының сырына тереңірек үңілуге де

мүмкіндік беретін ол түзген мәтіндегі тірек сөздердің бірі деп тануға негіз болады.

Әлихан Бөкейхан 1914 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрген «Хасейн Халами паша» туралы мақаласында: «Жұрт үшін қиядағы қиынды алған, жұртқа қызметі май болған Хамалидің ғұмыры бақытты жігіт ғұмыры ғой! Жүйрік, қыран күшін қиянға салса, жұрт мақсатын орнына апарса, мұнан артық не бақыт бар, бауырлар!» – деп жазады.

Осы жазғанынан оның азаматтық ұстанымы, басты құндылықтары, нені бақыт деп танитыны көрінеді. Түрік перзенті Хамалиді қазақ азаматтарына үлгі етіп отырған қазақтың Әлиханы да халқы үшін күшін қиянға салған, қиынды алған, жұрт мақсатын орындауды нағыз бақыт деп білген хас қайраткер.

Абай XIX ғасырдың екінші жартысында «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін» десе, XX ғасыр басында Әлихан да «Жұртым, бұл істі құлағыңа тақ!» (*Петроград хаты*) деп жұртына жүгінді, «жұрт» сөзін қолданып, *жұрт қамы*, *жұрт мақсаты*, *жұрт ісі*... деп сөз өрбітті. Бұл ғасырлар тоғысындағы ұлттық әдеби тіл қалпынан хабар беріп, сөзқолданыс сабақтастығын көрсетумен қатар, жұрты үшін жаны күйген аса көрнекті ұлт тұлғаларының мақсат-мүдде ортақтығын да айғақтайды. «Жұрт» сөзі мен онымен тіркесе жасалған сөз қолданыстары Әлихан Бөкейхандағы үзеңгілестерінен де ұшырасады. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлының «Бірлік қып іс етуге шорқақ, *жұртым*! Табылса оңай олжа ортақ, *жұртым*» деп басталатын «Жұртыма» дейтін өлеңі бар екені белгілі. «Бірақ олар қанша қымбат болғанмен, онан да гөрі батырға қымбат нәрсе – *жұрт қамы*, *жұрт ісі*. Ол *жұрт ісі* әлгілердің бәрінен қымбат екендігін, оның бәрін *жұрт* үшін құрбан қылатынын, қатта басын да соған құрбанға байлап, жауға аттанып бара жатқандығын білдіру үшін қарындасына Қобыланды былай жауап қайырады» (*А.Байтұрсынұлы. Әдебиет танытқыш*). «Егер де оқыу іздеген талапкерлеріміздің қырықтан төртеуі ғана оқырлық орын тауып, басқалары қаңғырып далада қалып отырса, *жұрт жұмысшысы* көбейіп мандыр ма, жұмысшы көбеймесе, *жұрт жұмысы* ілгері басып өнер ме? (*А.Байтұрсынұлы. Орысша оқушылар.*) – деп жазады.

Бұл мысалдар Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде де Қыр баласы қолданған *жұрт қамы*, *жұрт ісі*, *жұрт жұмысы*, *жұрт жұмысшысы* тіркестері кездесетінін дәлелі. Бұл деректер де қазіргі әдеби тілдегі араб тілінен енген *халық* сөзіне қарағанда XX ғасыр басында «жұрт» сөзі кең мағынада әрі жиі қолданылғанын айғақтай түседі. Тілдің даму барысында *ұлт*, *халық* сөздерінің мағына ауқымы кеңейіп, керісінше *жұрт* сөзінің мағынасы тарылып, қолданыс аясы едәуір шектеле түскен. Ал сол дәуірде *жұрт* сөзінің жаңа мағынасының өзі кеңірек қолданылғанға ұқсайды, неге десек *жұрт* атауының «ел, халық» деген мағынасының өзі кейін пайда болған туынды сема. Ол о баста «көшіп кеткен елдің, ауылдың, үйдің орны, қонысы» дегенді ғана білдірген. «Көлігі жоқ жұртта қалады, сабасы жоқ сыртта қалады». «Көшермен елге жұрт жаман, кетермен қызға үй жаман» мақал-мәтелдері мен «Жұртта қалған жұрын», «Жұртта қалды», «Жұртта қалғыр» тұрақты тіркестерінде көне семантикасы аңғарылады.

Көне Түрік жазба ескерткіштеріне жүгінер болсақ, онда да оның «қоныс» мағынасында қолданылғанын көруге болады, мәселен Күлтегін ескерткішінде *йурт* сөзі «қоныс, тұрақтайтын орын, жұрт, ауыл» деп тіркелген. Орыс тіліндегі *юрта* атауы да осы *жұрт* сөзінің көне мағынасынан ауысқан.

Жұрттың ел мағынасында жәдит кезеңі сөздік қорында жиі кездескенін, оның түрік ұлтшылардары тарапынан түрік тектес халқым деген мағынада қолданылғанын көруге болады, жәдитшілер сол уақытта «Түрік жұрты (*Türk yurdu*)» атауымен газет-журнал шығарып, Түркияда сол журнал әлі күнге дейін шығып тұрады (1911 жылдан бері).

Қазақтың ұлы ақыны Абайға да *жұрт* сөзін жиі қолданғанын жоғарыда айттық. Соған тағы бірер мысал:

Тамам жұртқа бұзық болма, түзік бол;

Олардың жоқ ойында малға бақпақ / Алал еңбек, мал таппақ, жұртқа жақпақ

Қолдан келе бере ме жұрт меңгермек / Алалдық арамдықты кім Теңгермек

Барымта мен партия / Бәрі мастық, жұрт құмар.

Сыпыра елірме, сұрқия / Көп пияншік нені ұғар?

Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман / Шошымын кейінгі жас балалардан / Терін сатпай, телміріп көзін сатып / Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман, т.б.

Абай, Әлихан, Ахмет шығармаларындағы «жұрт» сөзінің қолданысы олардың тіліндегі сабақтастықтан хабардар етумен қатар, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілінің кейбір ерекшеліктерін де көрсететін тіл дерегі.

Ал Әлиханның тілдік тұлғасын танып, саяси портретін жасауда «жұрт» сөзіне жүгініп, оған ерекше тоқталуымыздың өзіндік себептері бар. Әлихан жұрт жұмысына жегіліп, бүкіл саналы ғұмырын жұрт ісіне арнаған, жатпай-тұрмай жұрт керегін іздеген қайсар қайраткер. Ол таңдаған жолынан таймайтын табандылығы мен озық білімінің арқасында жұртының пайдасына жарап, жұрт мақсаты жолында жан аямай күресті. Қайтсем жұртымның тілегін орындаймын деп арпалысқан алаш ардақтысы жұрт қызметшісі болып, жұртына қалтқысыз қызмет ете жүріп, ақырында жұрт кісісіне, оның қилы заман, қиындықтарға толы тарих көшінде жұртына бағдар беріп, бағыт сілтеп, жолына шамшырақтай жарық сепкен жұрт шырақшысына айналды. Жұрты үшін басын бәйгеге тіккен саясаткер, ақырында жұртының азаттығы жолында жанын пида етті. Сондықтан да қазақ жұрты Әлиханды жұрт жақсысы, жұрт азаматы, тұғыры аласармайтын асқар таудай тұлғасы ретінде ерекше құрметтеп, алаш көсемі деп қадір тұтады. Жұрт қамын жеп, жұртына қызмет ету оның өмірінің мәні болғандықтан «жұрт» сөзі оның жазғандарынан, бүкіл шығармашылығынан айрықша орын алып, ол түзген мәтіндерден өте жиі кездесіп отырады. Бұл сөздің автор тіліндегі қолданыс жиілігі мен қалам иесі тарапынан оған жүктелген мағына салмағын бағамдай қарасақ, «жұрт» сөзі жұрт шырақшысының табиғатын танып, болмысын ашатын кілт сөздердің бірі екеніне күмән келтірмеуге болады.

Әлихан «Аулаққа шықпай, Сыбырлап бұқпай» өз ойын, шындықты жұрт алдында бүкпесіз бетке айтқанды, дәлелді, нық сөйлейтін, өте сабырлы,

қоғамның бар мәселесін ортаға салып ашық талқылағанды ұнататын өзіне сенімді, алған бетінен қайтпайтын аса табанды, мінезді ер. Ол білімі терең, мәдениеті зор, әрқашан әділетке жүгінетін, ісіне берік, халқына адал азамат болумен қатар сол кезеңдегі Ресейдің ішкі және сыртқы саясаты мен әлемдегі саяси ахуалды жақсы білетін ірі саясаткер, ұстанымы тұрғысынан нағыз демократ тұлға еді. Алаш зиялылары осы қасиеттері үшін Әлиханды ел-жұртын дұрыс жолға бастайтын саяси көшбасшы етіп сайлап, алдын көріп, айналасын байқап-бағамдай білетін, не көрсе де жұртымен бірге көруге дайын ұлт көсемі деп танығандықтан оның төңірегіне топтасты. Алаштың текті азаматы мансап қуып тақты аңсап, сол арқылы билік пен байлыққа қол жеткізуді көздеген жоқ. Керісінше, жұрты жүктеген жауапкершілікті арқалады. «Қырағы, қия жазбас сұңқарым-ай! Қажымас қашық жолға тұлпарым-ай! Үйілген өлексені өрге сүйреп, Шығармақ қыр басына іңкәрім-ай!» деп Ахаң жырлағандай халқын қыр басына шығаруға аянбай қызмет етті. Әлихан қолына билік тисе қара басының пайдасын ойлап, халқының малын жейтін жамандарды жанына жақындатпай, жұртының қамын жейтін алаштың адал ұлдарын айналасына жинады.

Жаны да, ары да, қолы да таза Әлихан ел үшін атқарылатын істің басына білімі таяз, пысықай, пайдакүнем, паракор адамдарды қасына ешқашан жолатпады. «Майданға келіп жігіттерді ептейтін, пара алатын, іске еріншек переводшик әуре болмасын!» (*Ғали хан. Доклад.*); «Көш бастаған ақсақал аға, зиялы іні, жергілікті жұрт қызметін таза атқар! Жалпы жұртқа мұрындық бол! (*Ғали хан. Саси хал.*)» деп талап қойып, жөн сілтеді. Мемлекетшіл тұлғаның пысықайлық, пайдакүнемдік, тазалық пен кәсіби біліктілік туралы осы айтқандары бүгін де еш құнын жойған жоқ. Қайта өзектілігі арта түсті десек, артық айтқандық болмайды.

Қазір мемлекеттің лауазымды тұлғаларының, саясаткерлердің, қоғам қайраткерлерінің жұрт алдында сөйлейтін сөзін, баяндамаларының мәтінін осы іске маманданған спичрайтер жазады. Өз сөзін өзі жазатын лауазым иелері өте сирек. Сондықтан ондай мәтіндерден саясаткердің шынайы тілдік тұлғасы айқын көрінбейді. Лауазым иелерінің шын болмысы мен тілді білу, оны еркін қолдану, шешен сөйлеу, сөз саптау ерекшеліктерін олардың ел алдында еркін сөйлеген сөздері мен әзірлемесіз, суфлерсіз ашық сұхбаттары арқылы анықтаған орынды. Әлиханның сөйлеген сөздері мен сұхбаттарының аудио-видео жазбалары қолымызда болмағанмен оның түрлі мақалалары, ғылыми-танымдық, публицистикалық еңбектері, аудармалары бізге жетті. Ол еңбектерін Әлихан Бөкейхан өз қолымен жазған. Бұл мұрада оның қолының табы, көзінің майынан бөлек, тек өзіне ғана тән авторлық қолтаңбасы, арман-тілегі, күйініш-сүйініші, жан тебіренісі, ұлттық-мәдени таным-түсінігі, ғылыми тұжырымдары мен саяси көзқарасы да көрініс тауып, сақталған. Олар сонысымен де өте құнды. Соның сырына терең үңіліп, тарихи тұлғаның ұлт өміріндегі орны мен рөлін тілі арқылы тап басып танып, бай мұрасын ел игілігіне жарата білу әлихантанудың алдындағы зор міндет.

Ұлт ұяты

Әлихан Бөкейханның мағынасына айрықша мән беріп, аса құрмет тұтатын тұлғалары мен қастерлейтін ұғымдарына қатысты қолданатын тағы бір сөз – «ұят». Бұл сөз білімпаз еңбектерінде «жұрт» сөзі сияқты жиі қолданылмағанымен, автор осы «ұят» ұғымына ерекше мәртебе береді. Абай надандықтан болатын ұялу мен шын ұяттың ара-жігін ажыратып, «Ынсап, ұят, терең ой, Ойлаған жан жоқ, жауып қой» деп, ұятсыздықтан түңіледі. Әлихан жұртқа адал қызмет еткен, ардан аттамайтын адамшылығы мол, парасатты тұлғаларға зор құрметпен қарайды. Бұл Әлиханның ұятты ар, жан тазалығы, адалдық пен намыс ұғымдарымен тығыз байланыста қарайтыны аңғарылады. Ол бұл ұғым жөніндегі ой-тұжырымын тарқатып жазбаса да, сөзі, келтірген мысалдары сондай тоқтамға келуге жетелейді. Әлихан пайымы бойынша адамзаттың, ұлтының, алдындағы азаматтық парызын адал атқарған, арына кір жұқтырмаған, адамгершілік қасиеті зор тұлғалар ұяттың, ұяттылықтың үлгісі. Ондай тұлғаларды ол өздерін туғызған, солар қызмет еткен ұлттың ұятына балайды. Мәселен Л.Н.Толстой мен В.Г. Короленконы орыс ұлтының ұяты деп таниды.

Қыр баласы «Ұят-ай» деген мақаласын «Адамзат екі аяқты, сөйлейтін сөзді, *ұятты* болып өзге хайуаннан айрылады» деп бастай келіп, Л.Толстойдың: «Осы ХХ ғасыр басында үкімет мұжыққа дүре салуды жол қылып шығармақ болғанда, адам баласынан озған, күн жоғалмаса аты жоғалмайтын Лев Николаевич Толстой «Русские ведомости» газетасына хат жазып жария қылды. Сол Толстой жазған хаттың аты «Ұят» еді. Осы хат атын өзге сөзге аударсақ, мағынасы мынау: «Біз адам емес пе едік, ұят біздің белгіміз емес пе еді? Осы жалғыз белгіден айрылып, ана төрт аяғына сиынған аталарымыздың аулына қайтқанымыз ба?» болады», – деген сөзін келтіреді.

Әлихан Бөкейхан: «Бұл Короленко Лев Николаевич Толстойдан соңғы орыс жұртының бетінің қызылы – ұяты» (*Ә.Бөкейхан. Ашық хат.*), – деп жазады.

Қазақ жұрты, белгілі әлихантанушы ғалымдар да өзінің дара туған тұлғасына төрден орын беріп, оның ұлт алдындағы тарихи еңбегін зор баға береді. Көрнекті тарихшы ғалым, академик М.Қойгелдиев «Алаш көгіндегі күн – Әлихан Бөкейхан» деген атпен жарияланған мақалада: «Қазақтың шаңырағынан түскен күндей болған ер Әлиханды ел мәңгілікке ұмытпайды» – дейді. Ресейлік ғалым В.И. Козодой даңқты қазақ перзентіне арналған іргелі зерттеуін «Дәуір-адам» (Алихан Букейханов: человек-эпоха») деп атады. Ғалымдардың алаш ардақтысының бір өзі бір дәуірге татыған тарихи рөлі мен ұлтпен бірге жасайтын өміршең тұлғасын әділ бағалап, терең зерделей отырып жасаған бұл тоқтамдарына біздің алып-қосарымыз жоқ. Ал Әлиханның кісілік келбеті, адамдық қасиеті туралы айтқанда замана дауылына қасқайып қарсы тұра білген өр тұлғаны ұлтымыздың қайсар рухы, өз сөзімен айтқанда азаматтық арына кір шалдырмаған қазақтың ұяты десек болады.

ЗИЯЛЫЛАРДЫҢ ЗИЯЛЫЛАРДЫ ТАЛУУ

Дихан Қамзабекұлы

филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, «Қазақ газеттері» ЖШС Бас директоры

Алаш зиялылары елінің болашағын Ресей шындығы контексінде іздеген Шоқан, Ыбырай, Абайға лайықты баға бере алды. Осы бағаны зерделеу – ғылым үшін аса қажет нәрсе. Оны білу арқылы біз екі қорытындыға қол жеткіземіз. Бірінші, рухани сабақтастық қалай жүргенін аңғарамыз. Екінші, алдыңғы буынға берілген идеологиялық мәжбүрліктен ада бағаны байыптаймыз.

Алаш зиялыларының көшбасшысы Әлихан Бөкейхан еңбектерінен Шоқанға – «оқығанның жалғызы» /1/, Абайға «қазақтың жалғызы» /2, 310/ деп берген анықтамасын оқимыз. Қайраткердің қысқа әрі нақ айтылған сөзі Абайдың: «Моласындай бақсының, жалғыз қалдым – тап шыным» деген ойының түсіндірмесі тәрізді. «Бір жағынан үкіметтің орыстандыру саясатының тоқтаусыз жүруі, екінші жағынан исламның насихатталуы қазақ қауымының ескі рулық бірлестігіне діни-саяси сипат берді», – деп жазады Ә. Бөкейхан 1910 жылы Петербурда жарияланған «Қазіргі мемлекеттердегі ұлттық қозғалыстардың формалары» атты жинаққа кірген «Қазақтар» деген зерттеуінде /3, 73/.

Ақын қазасына арнап жазған мұнақыбында Әлихан: «Ислам діні қазақ даласында жеңіске жетіп, орныққан жаңа кезең Абай назарын араб, парсы және түрік тілдеріндегі білімге аударды. Мүмкіндігі мен қабілетінің арқасында ол араб-парсы тілдерін өз бетінше оқып, еркін меңгеріп алды һәм қасиетті кітаптардың білгірі атанды. ...Дін мәселесінде Абай қалыптасқан ғадетті бұзды. ...Талант, білімімен Абай партия таласына араласып кетті және мұнда да елді аузына қаратты. Абай отанында тағдыр жазуымен мезгілсіз туған саф асыл еді. Оның күші басқа-басқа, партия таласына жұмсалмауы тиіс-тін», – деп тұжырымдағаны мәлім /3, 308/.

Осы қазанамада сондай-ақ Абайдың көзқарасы Грос, Михаэлиспен танысқан соң түбегейлі өзгергені, ақынның білімдар қуаты Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Тургенев, Салтыков-Щедрин, Достоевский, Белинский, Добролюбов, Писарев, философтардан Спенсер, Дрепер, Льюис еңбектерін сүзіп шыққаны, дүниетаным мен оқу көкжиегін кеңейтудегі арманын балаларының талабына үміт етіп қосқаны жазылады. Бұл некрологтың бар түйіні «мезгілсіз туған саф асыл» деген ойда тұр деп санаймыз. 20-жылдары Мағжан, Әлихандар «Алқа» атты әдеби ұйым құрмақ болып, оның айқындамасында: «Қазақ әдебиетінің алыбы Абай – қазақ даласына кеулеп кіріп келе жатқан капитализмге, отаршылдыққа халықтың қанды жас төгіп еріксіз шалған бірінші құрбаны», – деп көрсетеді /4, 259/. Біздіңше, осы екі ойдың арасында сабақтастық бар. Контексте қарағанда «мезгілсіз» сөзінің уақыттан гөрі межені аңғартатынын байқаймыз. Сонда ол қай меже? Сөз жоқ, әңгіме сапалық кезеңге көшу туралы болып отыр. Әлихан Ш. Уәлиханов туралы байыптамасында да осы кезеңді

нұсқайды. Ол былай деп жазады: «Жыр-өлең басу екі түрлі: бірі ана «Зарқұм», «Салсалды» бастырушының жолы. Мұның мақсұды оқушылардан алым алу; екінші жол – әлгі Шоқан кітабы басылған жол. Мұның көздегені – оқушы пайдасы, ғылымға жол оңайлау» /5/.

Дәл осы жерде ағартушы діни фольклорды мансұқтап отырған жоқ. Мәселе – елдің сұранымын қанағаттандыру мен талғам-талабын жөнге салуда һәм бір орында бүгежектеп қалмауда болып отыр. Әлихан пікірінше, Шоқан – сапалық өзгерістің басында тұрған тұлға, бірақ «қазақта орысша оқығанның жалғызы». Г.Н. Потаниннің 80 жылдығына арналған мақаласында Ә. Бөкейхан осынау гуманист, адалжүрек азамат-ғалымның үзік ойларын оқырманға ұсынады. «Саяси жолындағы бізге жылы көрінетін бір негізді пікірі мынау, – деп ойын сабақтайды Әлихан. – «Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын алып жүре алмайды. Олай болса көп ұлттан құралған Русияны бір орыстың билеймін дегенінде мағына жоқ. Русия өзге тілі, тұрмысы, қаны басқа жұртқа автономия беру керек» дейтін Г.Н. Потанин. «Қазақты автономия қылсақ, Қараөткел – Алаштың ортасы, сонда университет салып, қазақтың ұлын, қызын оқытсақ, «Қозы Көрпеш-Баянды» шығарған, Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Еуропа сонда білер еді-ау» дейтін Г.Н. Потанин /6, 90/.

Бұл үзінділер арқылы мақала авторы Шоқан бастаған үркердей зиялылардың елі үшін қолынан келгенін жасағанын меңзейді.

Оқу-баспа ісі өрістеп, кеңес үстемдігі орнай бастаған, біз шартты түрде «инерциялы ағартушылық» деп атаған шақта Әлихан Бөкейхан Мәскеудегі «Күншығыс» баспасынан А.Байтұрсынұлына “Абай мен Алтынсарыұлы туралы еңбегіңнің қолжазбасын жібер” деген мазмұнда хат жазады /7/. Баспа бетін көрген-көрмегені белгісіз бұл еңбек дәл қазір қазақ ғалымдарының қолына түскен жоқ. Алайда Ахметтің өзіне дейінгі ағартушылар жөнінде еңбек жазуды қолға алуы – құнды факт. 20-жылдары баспасөз бен мәдени ұйымдар жұмысында Ы.Алтынсарин тұлғасы пікірталас тудырғанда, тарихи дамуды дұрыс зерделей алатындар “Ахмет Ыбырай заманында туса, Ыбырайдай болар еді, немесе Ыбырай кеш туса Ахметтей болатын еді” дегенге саятын ой айтқан-ды /8/.

А. Байтұрсынұлы XVIII-XIX ғасырдағы тарихи-рухани үдерісті былайша түсіндіреді: “Әдебиетті молдалар дін бесігіне бөлеп, таңып тастаған себепті, әдебиет көпке дейін өңдеп, өсе алмай, мешел болып аяғын баса алмай жатқан. Сол күйінде тұрғанда патша үкіметінің саясаты келіп килігеді. «Қазақ – діні шынығып жетпеген, шала мұсылман халық. Мұны мұсылман дінінен христиан дініне аударып жіберу оңай» деген пікірмен, патша үкіметі қазақ пен ноғай арасында жік салып, екеуін айырғысы келді. ...Орыс өзіне тартып, ноғай өзіне тартып, екеуі екі жаққа сүйреп жүргенде, қазақ орыс әдебиеті арқылы Еуропа жұрттарының әдебиетімен танысады» /9, 262/.

Міне, кездейсоқтықтан гөрі заңдылыққа сәйкес осы құбылыс, яғни сапалық өзгеріске бағытталған рухани күш сұранымы, Ахметтің логикасы бойынша, Шоқан, Ыбырай, Абайларды дүниеге келтірді. Мұны ағартушы былай тұжырымдайды: «... Өнерпаз Еуропа жұртының сындар әдебиетін көргеннен

кейін ...ғана Еуропа әдебиетінен тұқым алып, қазақ әдебиетінің сүйегін асылдандырып, тұлғасын түзетушілер шыға бастаған. Қазақ әдебиетінің асылдануына, әсіресе әсері күшті болған» – Абай сөздері /9, 277/. Ахмет көбіне әдебиеттегі сапалық өзгерісті айтқанымен, оның осы ойын ғылым, оқу-ағарту ісіне қатысты да қарастыру ақылға қонады. Сондықтан Байтұрсынұлының пайымын ХІХ ғасырдағы шындықпен байланыста түйсіну жол болмақ. Сонда ғана «молдалардың дін бесігі», «діні шынығып жетпеген», «екі жаққа сүйреу», «сүйегін асылдандырып, тұлғасын түзеу» ұғымдарының мәні ашылады.

Осы тұста бастапқы ағартушылардың өзінен кейінгілерге танылу мәселесін айналып өтуге болмайды. Баспа-басылым ісінің өрістемеген шағында, яки ақпарат кеңістігінің шектеулі кезінде ақын-қаламгерлер еңбегінің құны таралымына қарап емес, бір дана болып бір адамға жетсе де маңыздылығымен өлшенсе керек. Мысалы, «Қазақтың бас ақыны» зерттеуінде Ахмет: «Абайдың сөзін мақтамайтын адам болмады», - деп, көрмей сенбегенін, оны қолына алғаш 1903 жылы (яғни, 30 жасында) түсіріп, жақын танысқанын, сөйтіп талантын мойындағанын жазады /9, 298-304/. Әлихан да Абай өлеңімен, салыстырмалы түрде, кеш танысқан. Бұдан, сөз жоқ, ақын өлеңінің қоғамдық-эстетикалық орны мен мәні аласармайды. Абай өлеңі Жетісу мен Жиделібайсынға, Маңғыстау мен Балқантауға, тіпті ресми Орынбор мен Омбыға дер кезінде жетпеуі оның құнына бір мысқал да әсер етпейді. Дәл сол кез үшін Абайдың айналасы – қазақтың әлемі, алаш дүниесі. Шоқан, Ыбырай туралы да осыны айта аламыз. Ш.Уәлихановтың – Омбы мен Петербор, Ы.Алтынсариннің – Орынбор мен Қазан архивтерінде сақталынып келген жазбалары, есептері, хат-хабарлары, басқа да еңбектері халық назары мен ғылыми айналымға кеш түскендігі ол дүниелердің мән-мазмұнына нұқсан тигізді деу қисынсыз болар еді. Бірақ бастапқы ағартушылардың кейінгі буынға еңбегі жетпесе (жете алмаса) де, рухы жетті. Сөзі жетпесе де, ниеті, ынтасы жетті. Қағазбен жетпесе де ауызбен жетті. Осы факторды да ұмытпаған жөн. Және де бастапқы ағартушылар туралы мәліметтер мен олардың жазғандары «негізгі ағартушылық» шағында құнтталып, жиналып, жариялана бастағанын қаперде ұстаған абзал.

Дара көрінген ағартушы-элитаның аудиториясы болды ма деген сұраққа Ахмет жоғарыдағы зерттеуінде ойлы жауап берген. Ол былай дейді: «Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыпайышылыққа кемшілігі болар деп тайсақтап тартынбаған, хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалыбында жазған» /9, 303/. Бұл жерде ақынның «сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел» деген пайымы еске түседі.

Міржақып Дулатұлы да Шоқан жөніндегі мақаласын тұлғаның «көп қызметін білмеу себебін» тілге тиек етуден бастайды. Ол: «Қазақ сияқты өнер-білімнің асылын танымаған, қаламмен қызмет етушінің қадырын білмеген жұртқа қырық тоғыз жыл ұмытарлық көп заман. Қылышынан қан тамған батыр болмаса, Қарымбайдай ертегі болып қалған бай болмаса, оқушысы жоқ біздің қазақ ғылым жолында еңбек етушілерді тез ұмытқыш келеді», - деп өкініш білдіргенімен, осы ойын: «Бірақ заман өткен сайын халықтың көзі ашылып, әдебиеті гүлденіп, матбуғаты жайыла бастаған кезде естен шыққан

Шоқандардың артында қалдырған сөзін қайта тірілтіп, кім екендігін білдірмей қоймайды», - деп тарихи заңдылықты ескертіп түйіндейді /10/. М. Дулатұлының бұл зерттеу мақаласы – Ш.Уәлиханов еңбегіне жан-жақты баға берген (Н.Н. Веселовскийдің 1904 жылы Петерборда жариялаған басылымына сүйеніп жазылған) құнды дүние. Осында ағартушының тарихи қызметі былайша тұжырымдалған: «Шоқанның бар талабы ғылымға ұмтылу, қазақ халқына пайда келтіру, қазақ халқының тұрмысын, рәсімін, тарихын анықтау жолында болған». Міржақып Шоқанның өмірін де, артында қалдырған жазбалары мен зерттеулерін де ағартушылықтың биік межесі ретінде көрсеткен.

Абай мұрасымен М. Дулатұлы да кеш танысқан ұқсайды. Петерборда 1909 жылы «Абайдың балалары һәм інілерінің ризалығы һәм Ғалиханның ыждағатымен» шыққан ақын кітабына рецензия есебінде жазылған мақаласында Міржақып А.Құнанбайұлын Ломоносовқа теңейді /11/. «Қайдан өрбігенін, қайдан өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа бұл талас-тартыс, тар заманда арнаулы орын жоқ. Сондықтан Абайдың аты жоғалуы – мұнан кейін де шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмытылуы ықтималы, қазақтың жоғалуы, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей», - дейді қаламгер.

Жүсіпбек Аймауытұлы мен Мұхтар Әуезов: «Абай жалғыз ғана ақын болды деуге болмайды. Әдебиетімізге негіз салған да – Абай, адамшылық, тәрбие, ғылым, өнер, кәсіп деген сөздерді ойлап, тексерген де – Абай. Қазақтың тұрмысын, өнерін, мінезін айқын суреттеп, кемшілігін көрсеткен де Абай», - деп жазған болатын /12, 4/. Мұхтар, тағдыр жазуымен, Абай дүниеге келген топырақта туды, ал Шыңғыстаудан аса жырақ емес Қызылтауда өмір есігін ашқан Жүсіпбек С. Садуақасұлы сауалына қайтарған жауабында: «Абай өлеңдерімен бала күнімнен таныспын. Кітабы басылмай тұрғанда, ел қыдырған өлеңшілердің аузынан бірталай өлеңдерін көшіріп алып, жаттаған едім», - дейді /13/. Бұл факті жоғарыда айтылған ағартушылардың елге танылуы һәм аудиториясы деген мәселеге қатысты тұжырымымызды шегелей түседі. «Абайдың өнері һәм қызметі» атты мақаласында /14, 1-3/ Жүсіпбек пен Мұхтар руханияттағы «Абай дәуірін» анықтайды. Түрлі мысалдар келтіріп, ақынның әдебиетке олжа салған қырларын бажайлайды. Сөйтіп Абай феномені зерделенеді. «Абайдың ақындық күшінің зорлығы – өз заманында жұртты өзіне қаратып алып, кейінгілерді де сол ізбен әкеле жатыр», - деп тұжырымдайды авторлар.

20-жылдары Ы. Алтынсариннің тарихи орнын біршама зерделеген қаламгерлердің бірі – Мұхтар Әуезов. 1922 жылы «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты еңбегінде ол: «Аурудың емі мынау деп, ашып айтып, бір нәрсені шешіп берсе де, бірде дінді, бірде оқуды, бірде таза адамшылықты ем қылып ұсына бастаған – Алтынсарин», - десе /15, 218/, 1927 жылы жарық көрген «Әдебиет тарихы» атты зерттеуінде: «Ендігі сөзді Алтынсарин заманды жоқтап, заман зарын айтуға арнамайды, ... оның орнына, мүмкін болғанша, ем айтқысы келеді. Бірақ мұның айтқан емінде бір бағыттық, анықтап бастаған екпін, ағын

жоқ. Елдің әр алуанына әр түрлі ем айтады. Елдің үміт, сүйенішін жас буынға артқандай болады», - деп түйіндейді /16, 218/.

Бастапқы ағартушылардың дара өкілі ретінде Абай тұлғасына, Абай сөзіне, Абай бейнесіне ден қойған зиялылар аз болмады. 1912 жылы «Шолпан» жинағына кірген «Алтын хакім Абайға» деген өлеңінде Мағжан Жұмабайұлы: «Көз ашып, жұртың ояу болған сайын, Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар», - дейді /17, 22/.

Жеке-дара көрінсе де алғашқы ағартушы-элита қазақ қоғамына, өзінен кейінгі толқынға не берді, ұлт ой-санасына қандай олжа салды, ұлт тағдырына қатысты не бітіріп, не қойды, олардың еңбегі қалай бағалануы керек – осы сұрақтардың бәрі-дағы XX ғасыр басында зиялының күллісін толғандырды. Олай болуы заңды еді. Бұлар – алаш оқығанының бағдарын анықтайтын сұрақтар болатын.

Қоғамдық-саяси күрес пен азаматтық қызметінің тынымсыздығына қарамай, күрделі уақытқа рух сәулесін түсіруге жұмылған, саяси жүйелердің қытымыр қалыбынан сескенбей тарихи әділеттікті ту етіп көтерген тұлғаның бірі – Смағұл Садуақасұлы. Смағұл пікірінше, орыс әкімшілігінің оспадар әрекеті оқығандар арасындағы ерлердің ашу-ызасын тудырып, қарсылықтың пайда болуына алып келген. Ал, бұл қарсылық сананы жаңғыртқан, сапаны өсірген. «Единицалардың» (Абай сөзі) тууын тездеткен. Ағартушылардың «көрінбейтін көз жасы» кейінгілердің рухын суарған /18, 21-27/.

Ғылыми айналымға түспеген (түсу бұйырмаған), жұқанасы жазушы, санаткерлердің естелігінде қалған А.Байтұрсынұлының елу жылдық мерейтойында жасаған С.Садуақасұлының «Ақанның алдында» атты баяндамасы – кеңес тұсындағы «инерциялы ағартушылықтың» бағдарламасы сынды еңбек болған деп санаймыз. Сәбит Мұқанұлы былай дейді: «Садуақасұлы Байтұрсынұлын мақтай жөнелмей, сатылап жетті. Оның баяндауынша, қазақ халқының бес көсемі бар, олар: Кенесары, Шоқан, Ыбырай, Абай, Ахмет» /19, 509/.

С. Садуақасұлының бастапқы ағартушыларға қатысты ендігі бір жүйелі еңбегі – «Қазақстан үшін жоғары оқу орнының маңызы туралы» атты баяндамасы /20, 21-31/. Бұл баяндаманы Смағұл Халық ағарту комиссары ретінде Ташкентте 1926 жылы 29 қазанда тұңғыш ашылған Қазақ жоғары педагогика институтының (1920 жылы Орынборда ашылған ағарту институты – КИНО-ның мәртебесі бұл оқу орнынан төмен болса керек) салтанатында жасаған.

«Ресейдің отаршылдық саясатының Батыс Еуропаның осындай саясатынан айырмашылығы, - дейді Смағұл. – Ресей саясаты әрі өте жабайы, әрі дөрекі, әрі надан болатын. ...Патшалық Ресей қазақтарды орыстандыру мен православия дініне кіргізуді армандады. ...Ақ патшаның аямай берген қаржысына лайық жұмыс істеген миссионерлер қазақ халқын ұлт есебінде жойып жіберуді көздеді». Автор бұл саясаттың түпкілікті әрі дәйекті жүргізілгеніне қарамай, ішкі күш – ұлттық рух Ресейдің дегенін болдырмағанын жазады.

Алғашқы ағартушылардың еңбегін парықтау үшін, сөз жоқ, Батыс пен Шығыс елдері тәжірибелеріне барлау жасау қажет. Бұл орайда Смағұл екі жақтың да таңдаулы үлгісімен сусындап, барын байытып, кемшілігін жойған Жапон тәжірибесін тілге тиек етеді. Қаламгер отандық ағарту ісінде Ресей арқылы Батысқа қол созған; Еуропаның білімін үйренсе де, білігін бұрмалаған ресми Петербордан жиренген кезі аз болмаған қазақ ағартушыларының тағдыры мен тарихын Ядринцев сынаған жүйенің шындығымен сәйкес қарастырады. Ол Шоқан мен Ыбырайды халқына бақыт іздегендер, бірақ тапқан бақыты халқының мүддесімен орайлас болмағанына өкінгендер, оспадар орыс саясатына құрбандыққа шалынғандар есебінде қарайды.

XIX ғасырдағы қазақ қауымының ахуалы алаш зиялысы Қошке Кемеңгерұлының 1921-22 жылдары жазылып, 1924 жылы Мәскеудегі «Күншығыс» баспасында жарияланған «Қазақ тарихынан» атты зерттеуінде белгілі дәрежеде жүйелі талданған. Бұл еңбектің негізгі нысанасы – алаш жұртының патшалық Ресей отарлауындағы тағдыр-талайы.

Осы зерттеуде өзіне дейінгі зиялылардың тарихи орны да зерделенген. Қ. Кемеңгерұлы былай деп жазады: «Қазақты үздік ұлттығынан айыруға тырысқанда, қалың ел һәм оның оқығандары не істеді? Қалың қазақ екі-ақ орында наразылық білдірді: 1. Шоқындыруға тырысқанда, 2. Сыпырып жерін алғанда. ...Қазақтың оқыған азаматынан ең бірінші бұқараның мұңын жоқтаған, ұлтшылдық негізін салған Шоқан Уәлиханов. ...Ибраһим Алтынсарин де фанатизмге қарсы болып, миссионерлердің түпкі мақсатына алғашында көз жібермей, оқумен қазақты қатарға кіргіздім деген ойда болды. Бұл-дағы ұлтшылдық өрісіне бет алды. ...Сібірді бөлу (областничество) ойымен сайланып, қазақты жауынгерлік жолымен ел қылу ниетімен әскер жинай бастаған Сұлтанғазы Уәлиханов болды» /21, 117-121/.

20-жылдарға дейін-ақ эмиграцияға кеткен Мұстафа Шоқай да өзіне дейінгі элита туралы пікір білдірген екен. Шоқанның өмір тарихын, қилы кезеңдерін жаза келе, Мұстафа былай дейді: «Шоқан туралы естелік жазған бір орыс жазушысы: «Осы бір бұратана өкілі көз талдырар биікке көтерілгеннен кейін, кенет өз халқының тағдыры хақында үрейленіп, іркіліп қалуы, өз халқына жат адамға айналып қалудан қорыққаны оның өзін-өзі қорғау түйсігінің әсерінен болғанын көрсетеді» деген еді. ...Біздіңше, трагедияның қайнар көзі жат адамға айналып қалам деп қорқуында емес, жат адамға айналып қалуында еді. Шоқан орыс (Батыс) халқының рухымен өз халқын бақытты ету мүмкіндігін іздеді. Шоқан басынан кешірген ащы сабақтардан, қайғылы оқиғалардан кейін барып, өз халқына өгей болып бара жатқанын сезінді. ...Біздің ғасырымыз Шоқан дәуіріне қарағанда мүлде басқа. Шоқан ол кезде жалғыз еді. Және оның алдында халқын ұлт деңгейіне көтеру міндеті де тұрған жоқ болатын» /22, 177-178/.

Сонымен, жоғарыдағы деректерден төмендегідей қорытынды шығады:

Біріншіден, алаш зиялыларының пікірінше, Шоқан, Ыбырай, Абай – қазақ ұлтының тарихи дамуының заңды белесі.

Екіншіден, XIX ғасыр зиялылары жалғыз-дара көрінді және олардың байқалуында Ресейдің демократиялық күштерінің әсері мол болды. Дара зиялы

– алып жүйе алдында қауқарсыз күш. Бірақ ол – халқының жағдайы үшін жүйеге қарсылықтың нышаны.

Үшіншіден, ағартушылық қасиеті ерекше бастапқы ағартушылар алғаш өзі оқып шығып, қызметіне тұрған ресми жүйенің тек «мәдени» жағын көрді. Кейін бұл жүйенің амал-айласын көргенде, одан безді, Ресейдің жаңғыруын қалады.

Төртіншіден, елмен араласқан соң, XIX ғасыр зиялылары қандастарының хұқы, діні, рухы тапталып жатқанына көзі жетті. Осыған алаңдап, ресми орындарға, қамқор достарына хат-хабар білдірді. Бұл – олардың алғашқы күресі еді. Күрес нәтиже бермеді. Олар құса болды.

Бесіншіден, алғашқы элиталар бір-бірімен байланыссыз болса да, қоғамдық жағдайдың бір болғандығынан, орайлас ой айтып, ұқсас әрекеттер жасады.

Алтыншыдан, бұл зиялылар ұлтты ұйыта алмаса да, ұлтқа жанашыр оқығандар еді. Сондықтан, олардың еңбегі, іс-әрекеті – жаңа заманда ұлттықты сақтаудың алғашқы іргетасы болды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қыр баласы. Петр Петрович Семенов//Қазақ, 1914, 16 март
2. Қ.б. Офат (Е.П.Михаэлис)//Кітапта: Бөкейхан Ә. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1995. – 310 б.
3. Бөкейхан Ә. Таңдамалы – Избранное. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1995. – 478 б.
4. Қамзабекұлы Д. Руханият. – Алматы: Білім, 1997. – 272 б.
5. Қыр баласы. Қара қыпшақ Қобыланды//Қазақ, 1915, 23 май
6. Ер Сайын. Жыршылар айтуынан алып, өңдеп өткеруші Байтұрсынұлы Ақымет. – Мәскеу: Ұлттар Комиссариаты қарауындағы Күншығыс баспасы, 1923. – 93 б.
7. ҰҚК архиві. № 78754-іс, 7-том
8. Ш-н. Лайықты қошемет//Ақ жол, 1922, 10 сентябрь; «Талап» төңірегінде // Ақжол, 1923, 29 март
9. Байтұрсынов А. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1989. 320-б.
10. Қазақ, 1914, 24 июль
11. Қазақ, 1914, 23 июнь
12. Абай, 1918, 4 февраль, №1.
13. Қазақ әдебиеті, 1988, 23 декабрь
14. Абай, 1918, №3
15. Шолпан, 1922, №3
16. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
17. Жұмабаев М. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
18. Трудовая Сибирь, 1919, №1
19. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. Он алты томдық. X том. – Алматы: Жазушы, 1976. – 520 б.

20. Садвокасов С.С. О значении ВУЗ-а для Казахстана//в кн.: Годы работы Высшего педагогическокого института. – Ташкент: издание Казпедвуза, 1928. – 21-31 с.
21. Кемеңгерұлы Қ. Қазақ тарихынан. – Мәскеу: Ұлттар комиссариаты қарауындағы Күншығыс баспасы, 1924. – 147 б.
22. Шоқай М. Таңдамалы. I том. – Алматы: Қайнар, 1998. – 512 б.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН – ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы¹

¹Тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. Қазақстан, Алматы қ. E-mail: kabulzia@rambler.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2864-2374>

Кабульдинов Зиябек Ермуханович¹

¹Доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК, Генеральный директор Института истории и этнологии имени Ч.Ч.Валиханова. Казахстан, г. Алматы. Email: kabulzia@rambler.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2864-2374>

Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich¹

¹Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director General of the Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch.Valikhanov. Kazakhstan, Almaty. E-mail: kabulzia@rambler.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2864-2374>

Әлихан Нұрмұхаммедұлы Бөкейхан (1866 –1937) мемлекет және қоғам қайраткері, ұлт-азаттық және «Алаш» қозғалысының жетекшісі. Ол аудармашы, публицист, ғалым ретінде өз кезінде де белгілі болды.

Ол 1866 жылы Семей облысы Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының Қызыларай мекенінде (қазіргі Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы) дүниеге келген. Оның әкесі Нұрмұхаммед Шыңғыс тұқымы Бөкейден тараған, ал Бөкей қазақ даласындағы атақты сұлтан Көкжал Барақтың ұрпағы. Бөкей Орта жүздің ресми түрде сайланған соңғы ханы. Бөкейден – Батыр – Мырзатай – Нұрмұхаммед – Әлихан. Нұрмұхаммед дала тұрғындары арасында беделді де өте білімді адам еді. Ол барлық қаржы-қаражатын балаларын оқытуға жұмсады. Етікшілік кәсібімен шұғылданды, диірмені мен малы, орташа дәулеті болды. Аңшылықпен айналысты, қыран құстар мен алғыр тазы ұстады.

Әлиханның анасы Бегім ханым тобықты руының атақты батыры Мамайдың қызы еді. Өте сауатты анасы өңірдегі бүкіл жетім балаларға тегін сабақ беріп, сауатын ашқан. Қолөнер ісінің шебері, ісмер адам болатын. Нұрмұхаммедтің отбасы Құнанбай қажыға туыс саналатын.

Әлихан отбасындағы алты баланың тұңғышы еді. Ол қайратты, батыл да жігерлі болатын. Өз құрдастарынан ақылымен, қызықты әңгімелер айта білуімен, тапқырлығымен және өткірлігімен ерек-шеленетін.

Оқуды Қарқаралы медресесінен бастайды, кейін қаладағы төрт сыныптық бастауыш орыс-қазақ мектебіне ауысады. 1886–1890 жылдары Сібір теміржолына мамандар дайындайтын Омбыдағы техникалық училищеде оқыды. Осы училище директорының кеңесімен 1890 жылы Санкт-Петербургтегі Орман

институтына түседі. Институтпен қатар Әлихан Санкт-Петербург университетіне өз бетінше емтихан тапсырып, заң факультетін бітіріп шығады. 1894 жылы екі – орманшы-ғалым және заңгер дипломын алады.

Оқуды бітіргеннен кейін Тобыл губерниясына қоныс аударушы шаруалардың шаруашылығын зерттейтін «Тобыл экспедициясы» құрамында еңбек етті. 1895 жылы қыркүйекте Ақмола облысы Омбы орман шаруашылығы басшысының көмекшісі болып тағайындалады. Сонымен қатар Омбы орман мектебінің оқытушысы болып орналасады.

1897 жылы Қазақстанның бірқатар далалық уездерін зерттейтін Ф. Щербина экспедициясы жұмысына қа-тысады. Экспедиция барысында ол өз жерлестерінің жер көлемін мүмкіндігінше ұлғайтуға тырысты. Алайда кейін патша үкіметі тарапынан қазақ халқына тиесілі жер көлемі қысқартылды. Қазақ жері қоныс аударушы шаруаларға беріле бастады.

Әлихан Бөкейхан Сібір теміржолы аймағындағы мал шаруашылығын статистикалық-экономикалық тұрғыда зерттеумен айналысатын С. П. Швецовтің экспедициясында да еңбек етті.

1904 жылы қоныс аударту басқармасына шенеуніктік қызметке тұрады.

Әлихан қоғамдық-саяси қызметпен белсенді түрде айналысты. Оның отаршыл патша үкіметінің саясатына көзқарасы өзгерді. Сонымен қатар ол дәстүрлі қазақ қоғамындағы: пайдакүнемдік, болыс лауазымы үшін талас-тартыс сияқты жағымсыз көріністерді де сынға алды. Өз халқының жарқын болашағын алдын ала болжады: «Қазақ даласы... табиғатынан ақылды және қабілетті қазақ халқы болашақта, өркениет жолында іргелі жетістіктерге жетеді», – деген пікір білдірді.

1905 жылы Мәскеуде өткен Ресей земствосы және қала қайраткерлерінің съезіне қатысты. Съезде жоғарғы мінберден қазақ тарихында тұңғыш рет туған халқының жоғын жоқтап, сөз сөйледі. Ол өз сөзінде қазақ халқының дін, тіл, сайлау т.б. бостандықтары жөнінде мәселе көтерді: **«Мен қырғыз (қазақ) ұлтының өкілі саналамын... Бізде қазақ тілінде оқытатын мектептер қуғынға ұшырауда... Шаруалар бастығы (көбісі бұрынғы ротмистрлер) істі қазақ тілінде қарастыруға рұқсат етпейді...»**

Ол осы жылы кадеттер (конституциялық-демократиялық) партиясы мүшелігіне енді, Қарқаралы петициясын құрастыруға қа-тыс-ты. 1906 жылы Семей облысы қазақтары атынан Ресейдің І Ме-м--лекеттік Думасына депутат болып сайланды. 1913 жылы Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлымен бірге жалпыұлттық «Қазақ» газетін ұйымдастырды. Газет редакциясына қазақ халқының озық ойлы, парасатты зиялылары топтасты.

Әлихан Бөкейхан қазақ халқының ежелгі ата-баба қонысынан айырылуына үзілді-кесілді қарсы шықты. Патша үкіметінің отаршылдық қоныс аудару саясатын ашық түрде әшкереледі. Жергілікті тұрғындарды христиан дініне көшіру әрекетін батыл айыптады. Ұлт-азаттық қозғалыстың жолында көшбасшыға айналды. Бұл туралы отаршыл билік өкілдері былай деп жазды: **«Қоныс аударту басқармасының шенеунігі Бөкейхан қырғыз (қазақ) даласына зор ықпалын тигізіп отыр».**

Омбы жандармдық басқармасы бастығының айтуынша: «Ол даладағы... қырғыздардың (қазақтардың) діни-саяси қозғалысының жетекшісі... үкіметке қарсы барлық митингілер мен үндеулер, петициялардың белсенді ұйымдастырушысы».

Сондықтан ол патша үкіметінің қуғындауына ұшырап, жер аударылды. 1917 жылға дейін үш рет (1902, 1906, 1908 жылдары) тұтқынға алынып, түрмеге қамалды, ал 1909 – 1917 жылдары Самарада айдауда болды. Кеңес өкіметі кезінде де қуғындалды, «қызыл террор» жылдары жазықсыз айыпталып, ату жазасына кесілді. Ресей империясы полициясының бақылауына сонау 1897 жылынан бастап алынған.

Қазақ халқы ұлт-азаттық қозғалысының көш-басшысы Ә. Бөкейхан Қазақ хандығының Ресей империясының бодандығына түсу себептерін анықтау үшін ұлт тарихын терең зерделеді. Ол қазақтардың өз тәуелсіздігінен айырылуының басты себебі: бұрынғы ел билеушілерінің қоластындағы ру-тайпалар мен жүздерді бірік-тіріп, сыртқы отаршылдық қауіпке қарсы жұмылдыра алмауында деген тұжырымға келді. Ол 1913 жылы былай деп жазды: «Бұрынғы ел билеушілердің басым көпшілігі уақыты мен күшін өзара қастандыққа, күш көрсету мен зорлық-зомбылық, алауыздыққа жұмсады».

Ол хандық билікті қалпына келтірудің нәтижесіздігін түсінді. Ұлт тәуелсіздігіне тек белсенді саяси күрес арқылы ғана жетуге болатынын айтты. Осы мақсатпен кадеттер партиясына мүшелікке өтті. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарын дамытудың эволюциялық жолымен қазақ мемлекеттігін жаңғырта аламыз деген пікір ұстанды.

Әлихан Бөкейхан жоғары билікке қазақтардың өзіндік дербес басқармасына бағынатын атты әскер құрамында қызмет ету ойын ұсынды. Патша үкіметі қазақ халқын қаруландырып, әскери іске үйретуге қарсы шықты. Қазақ халқын біріктіру мақсатында бүкіл қазақтың басын қосып, ұлт етіп ұйыстыратын Алаш идеясын ту етіп алды. Ол еуропалық даму жолын қолдайтын алғашқы қазақ демократтарының бірі болды. Оның идеялық-саяси көзқарасының қалыптасуына Ұлы француз революциясы зор әсер етті.

Сапалы білім мен ұзақ жылдардағы ғылыми-практикалық жұмыс тәжірибесі Әлихан Бөкейханға көрнекті энциклопедист-ғалым болып қалыптасуына, Қазақстан мен оған шекаралас елдердің тарихы мен мәдениетін және экономикасын терең меңгеруіне игі әсер етті. Сонымен қатар тұңғыш абайтанушы да болды. Ол қазақ халқының мал және егін шаруашылығын алғаш жан-жақты зерттеген көрнекті ғалым. Ә. Бөкейхан қазақ халқының ауыл шаруашылығын дамытуға зор көңіл бөлді. Ол қазақтардың ірі қара малы мен қой тұқымы жайында көптеген еңбектер жазды. Оның ғылыми еңбектері бүгінгі күні өз құндылығы мен маңызын жойған жоқ. Ол императорлық Орыс географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлім-шесінің мүшелігіне өтті. 1902 жылы Орыс географиялық қоғамы Семейдегі бөлімшесінің ашылуына өз үлесін қосты. «Известия», «Записки» және «Отчеты» басылымдарына мақалалар жариялап тұрды. Ф. А. Брокгауз бен И. А. Ефронның «Жаңа энциклопедия-лық сөздігі» жұмысына қатысты. Оның алғашқы ірі монографиялық ғылыми еңбегі қазақ

халқының көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі тарихына арналды. Бұл кітап «Ресей. Біздің Отанымыздың толық географиялық сипаттамасы» көптомдық жинағының 18 томы болып, 1903 жылы Санкт-Петербург қаласында жарық көрді. Тарихи-этнографиялық «Қыр-ғыздар (қазақтар)», «Сұлтан Кенесары Қасымов тарихы жайлы материалдар», «Қарқаралы уезі қырғыздарының (қазақтарының) рулық құрылымы», «Абай (Ибраһим) Құнанбаев», «Қырғыздардың (қазақтың) ас беруі жайында» т.б. еңбектері шықты. Ә. Бөкейхан кейінгі ұрпаққа жалпы көлемі 16 томнан тұратын мол ғылыми-публицистикалық мұра қалдырды.

Әлиханнның алғашқы мақалалары Омбы техникалық училищесінде оқып жүрген 1889 жылы жарық көрді. Омбыда басылатын «Дала уәлаяты» газетінде жиырмадан астам мақалалары мен фельетондары шықты. Ол «Дала өлкесі», «Семей облыстық ведомстволары», «Қырғыз даласының газеті» және «Түркістан ведомстволары» газеті жұмысына қатысып тұрды. Оның мақалалары Мәскеу, Омбы, Томск және Семей қалаларында шығатын либералдық бағыттағы газеттерде жарық көрді.

Әлихан Бөкейхан «Қазақ» газетін ұйымдастыруға зор еңбек сіңірді. Газет беттеріне оның мақалалары қазақ және орыс тілдерінде басылып шықты. Патша үкіметі тарапынан қуғынға ұшырағандықтан, ол мақалаларына «Қыр баласы», «Ғали хан», «Қырғыз-қайсақ» т.б. лақап аттар қойып отырды. Ол өз мақалаларында қазақ халқын отарлық езгіден азат ету, тарих пен мәдениет, әлеуметтік жағдай, саясат пен халық ағарту ісі мәселе-лерін көтерді.

Ә. Бөкейхан А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, И. А. Крылов, А. П. Чехов, В.Г. Короленко шығармашылығымен жақсы таныс болды. Бірқатар еңбектерін қазақ халқына арнаған А. Сорокинмен достық қарым-қатынасын үзбеді. Батысеуропалық мәдениет пен әдебиетті жақсы білді. Сондықтан да Әлихан Бөкейхан орыс классиктерімен қатар, Батыс Еуропаның әдеби шығармаларын, ғылыми еңбектер мен мектеп оқулықтары, оқыту-әдістемелік құралдарын қазақ тіліне еркін аударды. Оның үздік аудармаларының қатарына: «Қажы Мұрат» повесін, Л. Толстойдың «Кавказ тұтқынын», В. Короленконың «Макардың түсі», Ги де Мопассанның «Симонның әкесі» т.б. жатқызуға болады. Ол сонымен қатар ежелгі грек ақыны Эзопты, балаларға арналған үнді ертегісі мен әңгімелерін және түркі халықтарының әде-би туындыларын да аударды. Тұңғыш рет астрономия, геология оқулықтарын қазақ тіліне жатық етіп аударып шықты.

Ол сауатты, өте білімді, парасатты, өз заманының озық ойлы азаматы болды. Дала тұрғындарының ғана емес, өзге ұлттардың да құрметіне бөленді. Өз ұлтының ата тарихын жетік меңгеріп, мәдениеті мен әдет-ғұрпы, салт-дәстүріне құрмет көрсетудің, туған халқына адал қызмет етудің үлгісін көрсетті. Ұлттық мемлекеттілікті қалпына келтіру үшін үздіксіз күрес жүргізді.

Әлихан Бөкейхан халықтың көшбасшысы қандай тұлға болу керектігін өз үлгісімен айқындап берді. «Алаш» көшбасшысы Ә. Бөкейханның қазақ тарихындағы алар орнына Алаштың келесі ірі тұлғасы, қайраткер, ғалым Қошқе Кемеңгеров «Қазақ тарихынан» еңбегінде мына тұрғыда баға берді: **«Биліктің қуғындау мен қудалау жылдарында түрмеге қамалып, жер аударылса да**

бірқатар батыл да ержүрек азаматтар өз халқының болашағы үшін күресті жалғастыра берді. Бұл топтың жетекшісі, тәрбиешісі де Әлихан Бөкейхан еді. Ол елінің болашағы үшін қиыншылықтан қорықпайтын ұлтжанды азаматтарды күрескерлік рухта бау-лып, әдеби тіл нормасының орнығуы мен діни фанатизмнен арылуға зор үлес қосты. Нәтижесінде қазақ ұлты қалыптасты. Әлихан Бөкейханның қазақ тарихындағы алар орны, міне, осында жатыр».

Әлихан Бөкейхан миллиондаған халықты «Алаш» қозғалысы идея-сы төңірегіне топтастырды. Ол қазақтың зиялы азамат-та-рын өз Отаны мен халқына адал қызмет етуге шақырды. Өзінің: **«Өмірімнің соңына дейін қазақ халқына қызмет етемін»**, – деген ұс-та-ны-мы-на адал болып өтті. Қазіргі жастар Әлиханнан үлгі алып, өз Отанына адал және аянбай еңбек ету керек. «Алаш» қозғалысы көшбасшысы Әлихан Бөкейханның есімі ешуақытта да ұмытылмайды.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ АЛАШ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН ҚОЗҒАЛЫСТАРЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Хазретәлі Тұрсұн

тарих ғылымдарының докторы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік-университеті Тарих кафедрасының профессоры. Қазақстан. Түркістан қаласы. tursunhazret@mail.ru

Аңдатпа. Мақала Әлихан Бөкейхановтың саяси көшбасшы ретінде Түркістан өлкесіндегі қоғамдық-саяси процестерге идеялық ықпалын анықтауға арналған. Қайраткердің тұлғааралық байланыстары мен саяси көзқарастарына баға беріледі. Алаш Орда және Түркістан мұхтариатының байланыстары талданады.

Кілтті сөздер. Алаш қозғалысының Түркістан қанаты, этноэлита, саяси көшбасшы.

ALIKHAN BOKEIKHANOV LEADER OF ALASH AND TURKESTAN MOVEMENTS

Khazretali TURSUN

doctor of historical sciences, professor of the Department of History of the International Kazakh-Turkish University named after Kozha Ahmet Yasawi. Kazakhstan. Turkestan city. tursunhazret@mail.ru

Abstract. The article is intended to determine the ideological influence of Alikhan Bukeikhanov as a political leader on social and political processes in the Turkestan region. The interpersonal relations and political views of the character are evaluated. The relations between the Alash Horde and Turkestan Mukhtariat are analyzed.

Keywords. Turkestan wing of Alash movement, ethno-elite, a political leader.

Әлихан Бөкейхановтың ұлттық деңгейдегі саяси тұлға екендігін тарихи Ресейдің қазақ жерін бірнеше генерал-губернаторлыққа оқшаулаған саясатына қарсы қазақ елі мен жерінің тұтастығына қол жеткізуді басты бағдар еткендігінен көреміз. Ол ұлттық ауқыммен шектелмей Орталық Азия аумағындағы ұлт-азаттық қозғалыстардың дамуы мен қалыптасуына теориялық және идеялық тұрғыда елеулі ықпал еткен халықаралық деңгейдегі көрнекті саяси көшбасшыға айналды.

Алаштық үлгідегі саяси элита билеуші топқа айналып үлгермеді. 1917 ж. ақпан төңкерісіне дейін патша өкіметінің отарлық саясатының озбырлығына қарсы күрестің дәлелдерін негіздеп, оны ұлттық идея деңгейіне көтеруге жұмылдырылған жас ұлттық элитаның қызметі ақпан төңкерісінен соң сол ұлттық идеяны іске асыруға шұғыл кірісті. Қазақ елінің болашағын Уақытша Үкіметтің демократиялық реформаларымен байланыстырған ұлт зиялылары

болыстық, уездік, облыстық қазақ съездерінде талқыланып, Жалпықазақ съездеріне ұсынған билік құрылымдарын қалыптастыру, саяси, әлеуметтік реформалардың бағыттарын белгілеуге қатысты ұсыныстарын Алаш партиясының бағдарламасы түрінде тұжырымдады.

Әлихан Ресей мемлекеттік Думасына депутат болып жүрген кезінде, Мұсылмандар фракциясындағы қызметінде де этникалық жағынан аса күрделі жағдайда болып, қазақ облыстарынан оқшауланған Түркістан мәселесін назардан тыс қалдырмады. Отарлық биліктің мақсатты түрде саяси, әкімшілік оқшаулауының нәтижесінде Түркістан өлкесі мен қазақ облыстарының арасындағы дәстүрлі байланыстар біртіндеп үзіле бергендігін атап айтуымыз керек. Осылайша Түркістан өлкесінің құрамындағы Жетісу және Сырдария облыстары мен Қазақ даласының қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуында ұқсастықтармен бірге айырмашылықтар пайда болды.

Сол кездегі ұлттық элита арасында осы екі өлкені салыстыра қарастыру дәстүрі орын алған. «Жалғыз шапқан ат жүйрік» деген, екі өлкенің ілгері-кейінді деңгейі осылай салыстыру арқылы айқындалмақ. Кезінде Абайдың өзі екі өлке тұрғындарын кәсіпшілікті игеруі тұрғысында салыстыра отырып пікір айтқан. Абайдан соң екі өлкені саяси мүмкіндіктеріне қарай Ә.Бөкейханов та салыстырады. Ол Түркістанның саяси-әлеуметтік құрылымына терең талдау жасаған. Оны «Түркістан өз алды автономия болар. Біздің қазақтың Түркістанға қосылғаны оң деген пікір де бар. Біз Түркістанмен діндес, туысқанбыз. Автономия болу – алды мемлекет болу. Мемлекет болып іс атқару оңай емес. Біздің қазақ іс атқаратын азаматқа жұтап отырған болса, біздің жалпы қазақ қараңғы, соқыр болса, Түркістан халқының қараңғылық һәм шебер адамы жоқтығы бізден он есе артық. Қазақ Түркістанмен бір автономия болса, автономия арбасына түйе мен есекті пар жеккен болады. Бұл арбаға мініп, біз қайда барамыз?» [1, б.263-264] деген пікірінен аңғарамыз. Ұлт көсемі бұл жерде Түркістанның саяси әлеуетін кемсітіп отырған жоқ, қайта Ақпан төңкерісінен соң өлкеде қалыптасқан нақты саяси-әлеуметтік ахуалды дөп басып айтып отыр деп бағалаймыз. Әрине, бұл пікір Түркістанның Сырдария, Жетісу облыстарынан басқа аймақтарға қарата айтылғанына назар аударуымыз керек.

Ендігі бір мәселе, Әлиханның жоғарыдағы сөзіне қатысты М. Дулатовтың түсіндірмесіне назар аударайық. Ол 1929 жылдың 30 қарашасында ОГПУ тергеушісіне берген жауабында «...Ол кездегі Түркістан мен қазақ бірігуі керек деушілердің дәлелі: орыстың отаршылдығынан құтылу үшін, күшті болып ұлт тілегімізді жүзеге асыру үшін Орта Азия елдері бірігуіміз керек дейді. Бөкейханұлы Әлихан пікірі: Орта Азия болып (өзбек және басқалармен) бірігуге болмайды, оларда ескішілдік (консерватизм), діншілдік, дін жолында ұстағанынан айырмаушылық (религиозный фанатизм) күшті, оларды ишан, қожа-молда билеп келе жатқан халық, шарифат жолынан тез арада арылмайтын халық, шаруа түрі бізден басқа, мәдениет жолында бізден де төмен, сондықтан екі соқыр қол ұстасып жүріп күн көре алмаймыз дейтін пікірде болатын» [2, 41-42 pp.] дегенді айтады. Әйтсе де, Түркістан жағдайымен жақсы таныс М.Дулатов Түркістанға бұлайша сыңаржақ баға беруге қарсы. Бұл аймақтарда кеңес

қоғамында атқарылып жатқан өзгерістерде бірінің жетістігін екіншісіне үлгі етеді. Мысалы: «Әйел мәселесіне келгенде Түркістанды мекен еткен халықтардың арасында бізден сорақылары бар: ол жағына біз ақыл айта алмаймыз» деп Түркістан өкіметі де Қазақстан өкіметінің қалыңмалды жойған заң қабылдауын үлгіге алар деп үміттенеді. Осы сияқты Түркістанда «Партияға кірмесе де, кеше ұлтшыл екендігі белгілі болса да, Кеңес өкіметі жолында шынымен қызмет етушілер де табылып отыр. Түркістан өкіметі, мұндағы саясатшылар жоғарыдағылардың бірін де шетке қағып отырған жоқ. Ешкімге партияға кір деп қолқа салмай-ақ, партияның жолы дұрыс екендігін істерімен көрсетіп отыр» дей келіп, «Міне біздің Қазақстандағы өкімет тізгінін қолына алып, ел билеп отырған ортақшыл азаматтарымыз осы Түркістан саясатын қолданса, ел де солардың соңында, партияға кірмей жүрген ұлтшылдар ма, ұлтсыздар ма - бәрі де бір тілек, бір тудың астына жиналуына біздің көзіміз жетеді» [3, б.34] деп жазады.

Алаш қайраткерлеріне кешірім жарияланған соң олардың бірқатары Ташкентте жарық көре бастаған «Ақ жол» газетінің төңірегіне топтасып, қазақ елі мен жерінің біртұтастығы идеясын ұлттықдеңгейге шығарып, баспасөз бетінде насихаттай бастады. А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейхановтардың да мақалаларын жарияланған газетте қызмет істеген М.Дулатовтың Түркістан мен қазақ жеріндегі биліктің ұлтқа жасаған игілікті істерін бір-біріне өнеге ету әрекеті құптауға лайық.

Әлихан Бөкейханов Алаш партиясы программасының жобасын жасаушылардың бірі ретінде осы программаның «Жер мәселесі» бөлімінде «Түркістанда жермен бірге су сыбағасы да кесілуі» керек деген ұстаным енгізеді [1, б.262]. Сонымен бірге Әлихан Түркістандағы қоныстандыру саясаты нәтижесінде қалыптасқан жер мәселесінің күрделілігіне де назар аударады. Ол «Жалпы Сібір съезі» атты шолу мақаласында «Түркістанда жер балалардың асығындай ауысады, жер пайдасын жергілікті жұрт көріп отырған жоқ, мәдени дәрежесі артық кулар көріп отырғандығын» [1, б.265] атап айтады.

Осы жерде атап өтетін бір мәселе, Орынбордағы шілде айында өткен Жалпықазақ съезінің тікелей ықпалымен (*съездің күн тәртібі мен қаралған мәселелері және қабылдаған шешімдеріне талдау жасай отырып осылай тұжырым жасай аламыз – Х.Т.*) өткен Ташкент қаласындағы 1917 жылдың 2-5 тамызындағы Өлкелік қырғыз (қазақ) съезінде жер мәселесіне қатысты Орынбор съезінің шешімдерінің барлық баптары кейбір толықтырулармен қабылданған. Соның ішінде толықтырулар қатарында «10-бап. Түркістанда қырғыздар жермен бірге жеткілікті көлемде сумен де қамтамасыз етілуі керек» [4, б.22] деген тұжырымды Әлихан идеясының нақты көрінісі деп қабылдауға болады. Әлихан негіздеген осы идеяның Түркістанда 1921-1922 жж. Жер-су реформасын іске асыру барысында ұлттық мүдде тұрғысында сәтті жүргізілуі жарқын мысал болады. Осы жер-су реформасының басы-қасында Жер істері халкомы, алашшыл қайраткер Сұлтанбек Қожанов тұрды, оның жанында Қоңырқожа Қожықов болды. И.Сталин 1922 ж. 17 шілдесінде Ортаазиялық бюроның хатшысы Зеленскийге, көшірмесін Қожановқа арнап жеделхат жолдаған. Ол жеделхатта

«ұлттар көсемі» «Рудзутактың үш қайтара шақыруынан түрлі себептермен жалтарған Қожанов Жетісуда көшіріп жіберу (*қоныстанушыларды – Х.Т.*) мен тұтқынға алуды жалғастыруда. Тез арада Жетісуда көшіріп жіберу атаулыны тоқтатып, Қожановты түсінік беру үшін Мәскеуге жіберіңіз» [5, Л.28.] дейді. Қоныстанушылар үшін тартып алынған жерлерді өз иелері – қазақтарға қайтару туралы алаштық идеяны кеңестік биліктің саясатын пайдаланып, батыл іске асыра бастаған С.Қожановтың бұл әрекеті әсте де таптық мүдденің шотын шабу емес, ең алдымен ұлттық мүддеге қызмет ету еді.

Түркістан Республикасы мен Қырғыз облысы арасында қарым-қатынас бірден жолға қойылып кете алмады. Түркістанда 1920 ж. кеңестік құрылыс, мемлекеттік аппарат біршама орнығып қалғанымен Түркатком мекемесі Қырғыз облысының кейбір мәселелеріне жауапсыз қарады. Бұл жағдай ондағы қазақ қызметкерлерінің қаперінен тыс жүргізілді. Мысалы, 1920 ж. тамыздың 24-інде Қырғыз обкомының жауапты қызметкер Әлібековтың қолымен Түркаткомға мына мазмұнда қатынас жіберілген: «14 қыркүйекте қырғыз обкомы Орынборда Қырғыз өлкесінің жалпыға бірдей съезі өтетіндігі және оған Түркістанның қазақ тұрғындарынан әрбір 20 мың тұрғынға 1 делегаттан сайлап, съезге жіберуді» [6, 312 п] өтінеді. Бұл жеделхат Түркатком төралқасының (10.IX.1920) мәжілісінде арнайы қаралып, «жеделхатты кеш алуға байланысты сайлау өткізуге және Түркістан қырғыздарынан делегат жіберуге мүмкіндік жоқ» [6, 307 п] деген мазмұнда қаулы қабылдады. Бұл әрине екі елдің арасындағы байланысқа сызат түсіретін жағдай. Түркістанның билік құрылымдарындағы қазақ қызметкерлерінің бастамасымен екі ел арасындағы келіссөздер барысында бұндай келіспеушілікті жоюдың алғашқы әрекеті жасалды. Мысалы, Түркаткомның 1920 ж. 1 қыркүйегіндегі мәжілісінде Қырғыз республикасының өкілі Заромскийдің екі республикадағы жұмыстарды үйлестіру қажеттігі туралы баяндамасы бойынша алдағы уақытта бірлесе жұмыс жасау, саяси, әкімшілік және экономикалық қатынастарда тығыз байланыс орнату қажет деген шешім қабылданды [7, 159 п].

Ә.Бөкейхановтың өз төңірегіне пікірлестерін топтастырып, мүдделестер тобын құрып, қатардағы көп міндеттерден ең бастысын ажыратып алатын көсемге тән саяси көрегендігін бөліп атаймыз. Соған сай Әлихан – Нәзір қатынасына ерекше назар аударуға болады. Олардың Минск қаласында түйіскен тағдыры ұлттық мүддеге құрылған саяси қызметтеріндегі ынтымақтастыққа ұласты. Кеңестік биліктің жоғары лауазымдарында болған Н.Төреқұловтың ресми баяндамалары, мақалаларында өзінің саяси, рухани ұстазы Ә.Бөкейхановты айыптаған бірде-бір сөз кездеспейді, қайта Москвада Шығыс халықтарының Орталық баспасын басқарып тұрған кезінде өз ұстазын материалдық тұрғыда қолдап, саяси қамқорлыққа алған. Ол екеуінің ынтымақтастығын «Әлихан Бөкейханов қазір Мәскеуде Төреқұловтың жанында баспада қызмет істейді» [8] деп Т.Рысқұлов та атап өтеді.

Әлихан бастаған бір топ қазақ зиялыларының 15 наурыз 1917 ж. Минск қаласынан «Қазақ» газеті арқылы жолдаған әйгілі жеделхатының көлемі біршама шағын болғанымен оның мазмұны өте бай. Жеделхаттөңкерістен соң абдырап

қалған ұлт-азаттық қозғалысқа бағыт сілтеген бағдарламалық құжат болды. Ұлт-азаттық қозғалысқа бағыт сілтеген жеделхаттың географиялық аумағы Түркістанды да қамтып, «Тынышпаевқа, Перовскідегі Бекқожаға, Қожахмедке, Юсуфбекке, Түркістандағы Өтегеновке, Қоқандағы Ақаевқа, Скобелевтағы Ғабдолрахман Оразаевқа, Ташкендегі врач Көтібаровқа, Андижандағы Қожықовқа» жолдануынан Әлиханнның Түркістанмен тығыз байланыста болғандығын аңғарамыз. Жеделхат бағытталғандардың сол кездегі елдің аузына іліккен танымал ұлтжанды тұлғалар болуы ұлт бірлігі мен тәуелсіздігі сияқты саяси күрестің өзегіне айналған идеялардың ақпан буржуазиялық төңкерісінен әлдеқайда бұрын қалыптасқандығын танытады. Олардың арасында Қоқан қаласында 26 қарашада өткен Бүкілтүркістан мұсылмандарының съезінде Тынышпаев Түркістан Мұхтарияты Уақытша Үкіметінің төрағасы, Әбдірахман Оразаев халық комиссары болса, Серікбай Ақаев, Садық Өтегенов, Қоңырқожа Қожықовтар Мұхтарият Халық Кеңесінің мүшесі болып сайланған болатын. Аталған қайраткерлер мен Әлихан арасында бірін-бірі жақсы түсінген азаматтық сыйластықпен бірге саяси мүдделестік болғандығы аңғарылады. Бұл мүдделестік олардың арасында ұлттық бірлікке қатысты көптеген мәселелерді бірлесіп шешуге ықпал жасады.

Жалпы, Алаш қозғалысы Түркістан қанатының нақты ұйымдық құрылымы болмағанымен оның қызметінің мазмұны қазақ жеріндегі тарихи құбылыстың құрамды бөлігі болып саналады. Сонымен бірге Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының құрамында өлкедегі жергілікті ұлт зиялыларымен тығыз бірлікте жұмыс жасағандықтан Алаш қозғалысы Түркістан қанаты қызметінің мазмұнында аймақтық, конфессиялық және идеялық сипаттағы ерекшеліктері болды. Түркістандағы жергілікті халықтардың арасында отаршылыққа қарсы күрестегі мұсылмандық, түркілік бірлік идеялары Алаш қозғалысының өкілдері М. Тынышпаев, С. Лапин, М. Шоқай, Қ. Қожықов, С. Өтегенов және т.б. қайраткерлердің саяси қызметінде жаңа қырынан танылып, қазақ жеріндегі ұлт-азаттық қозғалыстың мазмұнын байытты. М. Тынышпаев, С. Лапин, М. Шоқайдың өлкедегі саяси қозғалыстың және Түркістан мұхтариятының басшылығында болуы олардың Алашорда үкіметімен байланыс жасауына мүмкіндік беріп, қазақ мемлекетінің тұтастығы мәселесін алғаш рет ұлттық идея ретінде күн тәртібіне қойды.

«Қазақ» газетінің 1917 жылғы 255 санында Әлихан мен М. Шоқаевтың «Сырдария қазағының съезі» атты телеграммасы жарияланған [1, б. 268]. Осы телеграммада «Екінші жалпы қазақ қырғыз съезі бүкіл Алаш баласын біріктіріп өз алдына автономия етуге қаулы қылды. Бұл туралы Түркістан қазағымен келісу үшін Алаш ордасы 5-нші январьда Түркістан шаһарына Сырдария облысының съезін шақыратындығы», съезге Алашорда атынан Бақыткерей Құлманов, Мирякуб Дулатов һәм Тұрағұл Құнанбаевтың» жіберілетіндегі хабарланған.

1918 ж. 4-9 қаңтарында Түркістан қаласында өткен Сырдария облысы қазақтарының съезіне Алаш Орда үкіметі өкілдерінің қатысуы Алаш қозғалысы ұйымдастырған ірі саяси шаралардың біріне айналдырды. Түркістан қазағын Алашқа қосу мәселесін талқылаған съезд жөнінде «Сарыарқа» газетінде

жарияланған «Алаш һәм Түркістан» мақаласында [9, 109-111 бб.] «Съезде Алашқа қосылмаймыз деген ешкім болған жоқ: кәрі-жас, қарасы-төресі, байы-кедейі бірауыз болды» деп ұлттық идеяның толық қолдау тапқандығы жазылды. Алаштықтар көтерген бұл ұлттық идея 1924 жылғы ұлттық-территориялық межелеу кезінде кеңестік биліктің жоғары эшелонына тартылған алаштық рухтағы Сұлтанбек Қожанов сияқты қайраткерлердің тікелей араласуымен іске асты.

Алаштықтарға 1919 жылы кешірім жарияланған соң қазақтың бірқатар зиялылары Ташкенке жиналып халық ағарту, баспасөз саласында аса белсенді қызмет жасады. Тұрар Рысқұлов Жанша Досмұхамедовке ерекше қамқорлық жасаған болса, сол кезде Ағарту халкомы қызметіндегі С. Қожановтың М. Дулатовқа «Ақ жол» газетіне басшылыққа тартуы, М. Жұмабаевты Брюсов атындағы Әдебиет институтына оқуға жіберуі, І. Жансүгіровке «Ақ жолдың» қосымшасы «Сәуле» журналын басқартуы, Мырзағазы Есболовты, Х. Досмұхамедовты Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институтының оқытушылығына тартып, «Талап» қоғамын құруға араластыруы, тіпті Ахмет Байтұрсыновтың 50 жылдығын Ташкентте атап өткізуі сияқты жұмыстар ұлттық бірлік идеясына ұйыған қазақ зиялыларының мүдделестіктен туған ынтымағын танытады. С. Қожановтың архивтік тергеу істерінде оның тергеушіге берген жауаптарында бір қызықты мәлімет кездеседі. Ол тергеушіге «алаштық қайраткерлерді ТКП ОК хатшысы Нәзір Төреқұловтың тапсырмасы бойынша Түркістанға шақырып, оларды қызметке орналастырдым» деп жауап береді. Бұл қысқа ғана мәліметтен Н.Төреқұловтың Әлихан Бөкейханов сияқты ұстазымен тығыз, сол арқылы алаштық қайраткерлермен рухани байланысының болғандығы аңғарылады.

Түркістан АКСР Орталық Атқару Комитеті төрағасының орынбасары С.Қожанов пен ТАКСР Халкомкеңесінің төрағасы Т. Рысқұлов 1922 жылдың қазан айының соңында РК(б)П ОК жеделхат жолдаған. Жеделхаттың мазмұны мынадай: «Қырғыз Республикасы билігінің бұйрығымен Әлихан Бөкейханов 14 қазанда Қарқаралыда қамауға алынды. Алашордалықтарға рақымшылық жасау туралы декрет, Кеңес үкіметінің Қырғызстанның байырғы халық бұқарасымен байланысының әлсіздігі, Қырғызстан Кеңестерінің соңғы съезі (ІІІ съезд) жұмысының нәтижесінде қалыптасқан ахуалды ескере отырып, 1922 жылы қазан айының басында КАССР Кеңестері болды) сондай-ақ, бұл хабардың қырғыз халқының қалың бұқарасына жағымсыз әсер ету мүмкіндігін ескере отырып, Сізден бұл іске араласуыңызды және негіз болмаса, Бөкейхановты тез арада қамаудан босатуды ұсынуыңызды қажет деп санаймыз» [10]. Бұл жеделхат Ә. Бөкейхановты тұтқындаудан арашалауға ресми билік басындағы этноэлита өкілдерінің тарапынан партиялық биліктің ең жоғары инстанциясына жүгінген әзірге қолға ілінген бірден-бір құжат болып тұрғандығын да айта кетейік.

Аталған жеделхат Орталық Комитет шкафтарының тартпаларында жатып қалмаған. 1922 жылы 2 және 4 қараша күндері өткен РКП(б) Орталық Комитеті секретариатының мәжілісінде талқыланып, Бөкейхановтың тұтқындалу себебін Киробком мен ГПУ-дан сұрау туралы шешім қабылданған [11, Л.6]. 1922

жылдың 11 қарашасында Қырғыз (қазақ) обкомының хатшысы Г.А. Коростелев Орталық Комитетке Ә.Н. Бөкейхановтың тұтқындалуына қатысты жеделхат жолдаған. Жеделхатта Бөкейхановтың тұтқындалуы оның «Қазаткомның бұйрықтарына жүйелі түрде бағынбауы, Түркістанға қашып кету ниеті, Семей губерниясындағы Моңғолиямен байланысы бар және қырғыз жастарын бұзып жүрген Алаш Орданың кеңестік билікке адал емес жетекші бөлігінің жойылуы» [11, Л. 209.] себеп болғандығы баяндалады. Өлкелік биліктің Әлиханға «Түркістанға қашып кету ниеті» болды деген айып тағуына негіз болған сиықты. Өйткені, жоғарыда айтып өткеніміздей, көптеген алаштық қайраткерлер Түркістаннан пана тапқан еді.

Ә. Бөкейхановтың тұтқындалу мәселесі ГПУ тарапынан да қарастырылған. Осы мәселеге қатысты өзара жазысқан хаттарда 1922 жылдың 20 қарашасында материалдардың Сырцовқа тапсырылғандығы, оның «Материалдар бар, іс аяқталды» деп жазба қалдырғандығы жөнінде мәлімет кездестіреміз [12, С.488].

«Істің аяқталуы» Ә.Бөкейхановтың абақтыдан босатылып, қоғамнан оқшаулау мақсатында 1922 ж. күзінде кеңестік билік Мәскеуге «шақыртып алуымен» бітеді. Осылайша ол 1922 ж. 14 желтоқсанынан 1927 ж. 1 қазанына дейін Мәскеудегі КСРО халықтары Орталық баспасында Қазақ бөлімінің әдеби қызметкері болып жұмыс істеген. Ол осы уақыт аралығында ғылыми шығармашылықпен айналысып, 10-нан астам оқу құралдарын, аудармаларын, ғылыми зерттеулерін кітап етіп басып үлгереді [1, Б.27].

Из них 54 976 голосов поданы: за список № 1 партии «Алаш», 110 голосов за список № 2 партии эс-эров и за список № 3 социал-демократов (*меньшевиков*) – всего 41 голос [49].

В Иргизском уезде Тургайского округа (*области*) сложилась аналогичная ситуация: из 70 000 избирателей проголосовали 57 046 человек, из них за список № 1 партии «Алаш» 55 349 голосов, за список № 2 (*эсеры*) 181 голоса, за список № 3 (*с.д. меньшевиков*) – 1516 голосов [50].

Из 400 избирателей г. Иргиза (*всего 800 избирателей*), явившихся к урнам, 360 голосов было отдано за список «Алаш», остальные 40 голосов за списки эс-эров и с.д. меньшевиков [51].

Так в репортаже оренбургской газеты «Южный Урал» о II Общеказахском курултае (*съезде*), прошедшем 5-13(18-26) декабря 1917 года, сообщается, что А. Букейхан избран в члены Учредительного собрания от тургайской, акмолинской и семипалатинской областей. [52] Та же «Южный Урал», но уже в январском номере утверждал, что «*ввиду избрания комиссара Тургайской области Алихана Букейхана в члены Учредительного Собрания от Семипалатинской и*

Акмолинской обл., а равно и в председатели Народного совета Алаш Орды, в Семипалатинске от 22 декабря сложил с себя звание комиссара...» [53].

Наконец, третьим источником, подтверждающим мандат А.Н. Букейхана как члена (*депутата*) Учредительного собрания, является т.н. Государственное совещание, состоявшееся в сентябре 1918 года в Уфе, в работу которого допускались исключительно члены Учредительного собрания. В списке участников совещания А.Н. Букейхан вместе с Х. Досмухаметулы и Б. Жахандамулы (*Джахандамов*) фигурирует как представители Киргизского (*Казахского*) Правительства Алаш Орда, Имам Алимбекулы (*Алимбеков*) – как представитель Всекиргизского (*Всеказахского*) Народного Совета – той же Алаш Орды [54]. Если бы мандат А.Н. Букейхана, как и любого другого участника уфимского совещания, как члена Собрания не подтвердился, его не допустили бы на совещание. Остальные казахские представители (*А. Байтурсынулы, А. Биримжан, С. Досжанулы, Ж. Досмухаметулы, У. Танашулы, М. Тынышбайулы, С. Шендриков, А. Оразайулы, М. Шокай*) присутствовали как члены Учредительного собрания. Таким образом, в Учредительное собрание от партии «Алаш» и в целом от казахского народа вместе с А. Букейханом, И. Алимбекулы и Б. Жахандамулы было избрано по крайней мере *23 депутата*.

Но после захвата центральной власти в России большевиками и особенно в связи с их неожиданным поражением от партии эсеров в выборах в Учредительное собрание, вопрос об автономии казахских областей целиком зависел не от количества казахских депутатов, а от проигравшей эти выборы советской власти.

Свергнув Временное правительство путём вооружённого путча 25 октября (7 ноября) 1917 года и заняв его место, большевистская советская власть сама признавала, что является временным правительством до созыва Учредительного собрания. Об этом свидетельствуют, во-первых, постановления советского правительства, правда, принятые только в период между захватом власти в Петрограде и созывом Учредительного собрания, то есть с 25 октября по 26 ноября 1917 года. А также название официального печатного органа советского правительства отражало действительность – *«Газета Временного рабочего и крестьянского правительства»*, где публиковались все его постановления, декреты и циркуляры. Ниже приведём одно из последних постановлений большевистской советской власти как временного правительства:

*«Постановление ВРЕМЕННОГО Рабочего и Крестьянского
ПРАВИТЕЛЬСТВА от 26 ноября 1917 г. об открытии Учредительного
Собрания*

1. Первое заседание Учредительного Собрания собирается по приглашению комиссара над Всероссийской по делам о выборах в Учредительное Собрание комиссией по прибытии в Петроград более четырёхсот членов Учредительного Собрания.

2. Заседание открывается лицом, уполномоченным на то Советом Народных Комиссаров, при наличии в зале заседания не менее четырехсот членов Учредительного Собрания.

Председатель Совета Народных Комиссаров

Вл. Ульянов (Ленин).

*Комиссар над Всероссийской по делам о
выборах в Учредительное Собрание комиссией
Управляющий делами Совета
Народных Комиссаров
Секретарь*

М. Урицкий.

*Вл. Бонч-Бруевич.
Н. Горбунов» [55].*

Очевидно, по этой причине большевики были крайне заинтересованы в легитимизации своей власти решением Учредительного собрания – последней и единственной легитимной центральной власти послереволюционной России, о чём свидетельствует постановление от 27 октября 1917 года «*о производстве выборов в назначенный (свергнутым Временным правительством) срок – 12 ноября*» [56]. Также очевидно, что большевики решились на этот рискованный шаг из излишней уверенности в своей безусловной победе на выборах, для чего предпринимали все меры, вплоть до грубых нарушений закона о выборах. Но выборы завершились полной победой эсеров, которые вместе с украинскими эсерами получили более 50% мандатов Учредительного собрания, тогда как большевики набрали чуть больше 34% (по другим данным чуть более 38%).

Учредительное собрание собралось на первое своё заседание в Таврическом дворце (Петроград) в срок, назначенный предыдущим легитимным Временным правительством – 28 ноября 1917 года. Но большевистские депутаты бойкотировали не явившись на его первое заседание. Собрание не набрало кворум. На заседание прибыло менее, чем 400 депутатов, по разным данным - от 708 до 808. В связи с отсутствием кворума, оно закрылось.

Этот демарш большевиков окончательно разбил последнюю надежду на демократическое преобразование России и на созыв Учредительного собрания не только лидеров движения и партии «Алаш», но всех остальных народов послереволюционной России и ускорил процесс автономизации по всей бывшей империи. Другой веской причиной автономизации казахских Степного и Туркестанских краев стал переход Уфы (26 октября) и Ташкента (28 октября) под власть советов. Вслед за падением Временного правительства и вероломного захвата большевиками власти в Петрограде, а также перехода Уфы и Ташкента под контроль советов, А. Букейхан, продолжавший исполнять обязанности комиссара свергнутого Временного правительства в Тургайской области, в конце октября – начале ноября 1917 года собрал своих единомышленников по партии «Алаш» на экстренное совещание в своей резиденции в Оренбурге. По свидетельству бывшего председателя Башкирской автономии А.-З. Валидова, на совещании, продолжавшегося 2 дня, обсуждали ситуацию, сложившуюся в Казахских Степном и Туркестанском краях и России в целом в связи с захватом

власти большевиками. *«Решили сохранить верность идеям демократии и Учредительного собрания, не признавать [власть] большевиков, ориентироваться на Украину, осуществляющую политику областной автономной самостоятельности. Договорились в конце декабря в одни и те же дни созвать в Оренбурге казахский и башкирский курултай, в Туркестане также стать на путь борьбы за суверенитет»*, утверждал далее А.-З. Валидов, участвовавший на этом совещании [57].

В середине ноября газеты «Қазақ» (г. Оренбург), «Сарыарқа» (г. Алаш) и Бірлік туы» (г. Ташкент) опубликовали телеграмму лидеров «Алаш», в которой сообщалось о созыве в Оренбурге чрезвычайного общеказахского курултая (съезда). Курултай был намечен на 5 (18) декабря, в повестке дня которого стоял вопрос о создании национальной милиции для защиты отечества от интервенции советской власти. Организаторы пригласили по 2 делегата от каждого уездного и областного казахских комитетов [58].

Важно подчеркнуть, что под милицией подразумевалась национальная армия – первые регулярные вооружённые силы в истории Казахского государства. *«В вопросе о милиции вы меня не поняли, – заявил председатель Алаш Орды А. Букейхан в переговорах с правительством самопровозглашённого «верховного правителя России» и «диктатора» А. Колчака в феврале 1919 года, – Наша милиция – это войско. Оно уже фактически существует... Когда вы читаете сообщение об успехах на семиреченском фронте, то знайте, что эти успехи достигнуты благодаря нашим отрядам»* [59].

Как отмечалось выше, на экстренном совещании в резиденции А. Букейхана в Оренбурге участники договорились, что *«в Туркестане также стать на путь борьбы за суверенитет»*. Очевидно, целью совещания был перехват власти у большевиков в Ташкенте, или в противовес им образовать Национальную автономию Туркестана. Дальнейший ход событий в Туркестане подтвердил это предположение. После совещания М. Тынышбайулы (Тынышпаев), М. Шокай (Чокаев) и А.-З. Валидов из Оренбурга отправились в Ташкент, затем в Коканд.

26 ноября 1917 года, т. е. месяц спустя со дня прихода к власти России большевиков, в г. Коканде собрался IV Краевой чрезвычайный мусульманский курултай (съезд), который на заседании от 27 ноября *«выражая волю населяющих Туркестан национальностей к самоопределению на началах, возведённых Великой Российской революцией, объявляет Туркестан территориально автономным в единении с Федеративной демократической Российской Республикой, предоставляя установление форм автономии Туркестанскому Учредительному собранию»* [60]. Курултай также постановил назвать новое государственное образование «Туркистон мухториати» (Туркестанская автономия, или по-советски уничижительно «Кокандская автономия») [61]. Курултаем были избраны органы власти автономии. Представительным и законодательным органом должен был стать «Временный Народный совет» в составе 54 депутатов, исполнительным – Временное правительство, состоящее из 12 членов. Видные члены движения и партии «Алаш» М. Тынышбайулы был избран министром-председателем (премьер-

министром), министром внутренних дел мухтариата, М. Шокай – управляющим отделом внешних сношений (или министром иностранных дел), А. Оразайулы (Уразаев) – товарищем (заместителем) министра внутренних дел.

В день образования Туркестанской автономии, 28 ноября (11 декабря), в Петрограде первое заседание Учредительного собрания, не сумев собрать кворум из-за бойкота большевистских депутатов, закрылось.

Как было согласовано на экстренном совещании в Оренбурге, 5 (18) декабря 1917 года в Оренбурге началось заседание II Общеказахского курултая, по постановлению которого от 12(25) декабря была образована Национально-территориальная Автономия Алаш, имеющая все признаки самостоятельного (суверенного) государства. Курултаем так же был избран её Временный Всеказахский Национальный Совет (Правительство) Алаш Орда, на альтернативной основе из трёх кандидатов А. Букейхан был избран его председателем [62].

Следует особо отметить три факта, не потерявшие своего исторического и политического значения для тюркских государств даже спустя больше 100 лет. Первый факт: инициаторами образования и первыми руководителями Туркестанского мухтариата являлись деятели «Алаш». Второй факт: II Общеказахский курултай, наряду с областями Степного края (Акмолинская, Семипалатинская) и отдельными областями (Тургайская, Уральская обл.) фактически все субъекты Туркестанского края (Семиреченская, Сыр-Дарьинская, Самаркандская, Ферганская, Закаспийская области), объявленные с 27 ноября 1917 года территорией Туркестанской автономии, провозгласил территорией Автономии Алаш. Третий факт: действующие премьер-министр – министр внутренних дел и министр иностранных дел Мухтариата М. Тынышбайулы и М. Шокай II-м Общеказахским курултаем были избраны в члены Правительства Алаш Орда [63].

Слияние не только Туркестанского мухтариата с Автономией Алаш, но и всех других тюрко-мусульманских народов либо в единое тюркское государство, либо в тюркскую федерацию или штаты был вопросом времени. Вопросы объединения лидерами тюркских народов обсуждались до и после прихода во власть большевиков, в 1918-1920 гг. Но перед единством тюркских народов стояло трудно преодолимое препятствие – советская власть.

Совет народных комиссаров России своим постановлением от 20 декабря дату открытия сессии Учредительного собрания назначил на 5 января 1918 года [64]. Но члены Правительств Мухтариата и Алаш, избранные в Учредительное собрание по списку партии «Алаш», ясно представляя обречённость Собрания на разгон, решили не присутствовать на открытии его сессии. И их опасения оправдались в первый же день заседания Учредительного собрания.

5 декабря 1918 года долгожданное Собрание провозгласило Россию федеративной демократической республикой, тем самым отказавшись от монархической формы правления, как того требовали все казахские областные и общенациональные курултаи (съезды) 1917 г., отменило частную собственность на землю. [65] Отмены частной собственности на землю упорно и

последовательно добивался лидер «Алаш» А. Букейхан начиная с 1906 года и она также была одной из трёх важных причин его выхода из рядов кадетской партии в 1917 г. [66]. Всероссийское учредительное собрание также успело призвать к заключению мирного договора. [67] Но оно отказалось рассматривать «Декларацию прав трудящегося и эксплуатируемого народа», которая наделяла бы Советы рабочих и крестьянских депутатов государственной властью, тем самым пытаясь сделать нелегитимными дальнейшие действия большевистских советов [67].

Большевики за этот отказ решили насильственно разогнать Учредительное собрание. Таким образом, 6 января 1918 года Россия лишилась последней и единственной легитимной власти. В условиях безвластия в России, Автономия Алаш трансформировалась в республику, обладающую всей полнотой государственной власти, то есть суверенитетом, не ограниченным внешними наднациональными органами власти. И Алаш Орда, уполномоченная курултаем *«вести переговоры о блоках (союзах, альянсах) с другими автономными соседями»*, в течение 1918-1920 гг. осуществляла самостоятельную (суверенную) внешнюю политику, ведя переговоры в условиях гражданской войны по вопросам о взаимном признании, военно-политическом союзе и совместной борьбе против советской власти. При этом Алаш Орда в своей внешней политике проявляла как твёрдую, незыблемую позицию в отстаивании национальных интересов Республики Алаш и верность постановлению II Общеказахского курултая, так и достаточную политическую гибкость, готовность к компромиссам.

Эта позиция Алаш Орды особенно ярко проявилась при первых внешнеполитических переговорах, причём с Советской властью, которую она не признавала со дня её захвата власти в Петрограде. Но тем не менее с целью защиты, сохранения возрождённого национального государства в условиях гражданской войны, Алаш Орда в марте-апреле 1918 г. вступила в переговоры с Советской властью, причём по инициативе большевиков. Но, как позднее писал А. Байтурсынулы в своей статье «Революция и киргизы», *«переговоры эти были скоро прерваны полным молчанием в ответ на предложенный Алаш Ордой проект условий соглашения»* [68].

Литература:

1. Милюков П.Н. История второй русской революции. В 3 ч. Ч. 1 / под ред. Л.М. Сурица М. — М.; Берлин: Директ-Медиа, 2017. — С. 71. (309 с.).
2. Бюллетень Семипалатинского областного исполнительного комитета. — 1917. — № 11.
3. Вишняк М.В. Всероссийское Учредительное Собрание — 478 с. — М: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2010. — с. 153 (478 с.).
4. Сарсенов А. Жаханша Досмухамедов — юрист, исследователь, общественный деятель. - Прикаспийская коммуна. — 2012. — 25.09.
5. http://www.hrono.ru/biograf/bio_d/dosmuhamedov.php
6. http://www.hrono.ru/biograf/bio_t/tanachev.php

7. Первый Всероссийский съезд советов р. и с. д.: [Стенографич. отчет]: Т. 1-2 / Подготовил к печати В. Н. Рахметов; Центрархив. –Т.2. – 489 с. – Москва; Ленинград: Гос. изд-во, 1930-1931. (Л.: тип. Печатный двор) – с. 163.
8. Российский государственный исторический архив. - Ф. 1329. - Оп. 1. - Д. 1022. - Л. 159.
9. В.И. Ленин. Полное Собрание сочинений. Т. 50. – М: Госполитиздат, 1970. – С. 405 (623 с.).
10. Постановление Временного правительства от 20 июля 1917 г. «Об утверждении раздела I положения о выборах в Учредительное собрание» - <https://constitution.garant.ru/history/act1600-1918/5411/>
11. ГАРФ. - Ф. 1810. - Оп. 1. - Д. 91. - Л. 130.
12. «Русское слово». - 1917. - 25 октября.
13. ГАТО. - Ф. 1068. - Оп. 1. - Д. 13. - Л. 133-134.
14. ГАРФ. - Ф. 110. - Оп. 1. - Д. 159.
15. ГАРФ. - Ф. 1810. - Оп. 1. - Д. 156. - Л. 45.
16. ГАРФ. - Ф. 1810. - Оп. 1. - Д. 7. - Л. 123.
17. Большакова О.В. 98.04.010. Протасов Л.Г. Всероссийское Учредительное Собрание история рождения и гибели. — М.: РОССПЭН, 1997. — 368 С. // Социальные и гуманитарные науки. Отечественная и зарубежная литература. Серия 5: История. – 1998 – № 4. – с. 99-116.
18. Алаш-Орда: Сборник документов / Сост. Н. Мартыненко. Алматы: Мало издательство «Айқап», 1992. – Сс. 21-36, 46-53, 54-61, 62-75.
19. ЦА ФСБ РФ. - Следственное дело № 12066 по обвинению Букейхана А.Н. Р-34862. – Л. 28.
20. Қыр баласы. Қазақ депутаттары. – Орынбор: «Қазақ». – 1917. – 04.07. - № 235. – 2 б.
21. Алаш-Орда: Сборник документов... – Сс. 50-51.
22. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. Он екі томдық. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2012. – Т. 9. – С. 243-244 (600 с.).
23. Протасов Л. Г. Всероссийское Учредительное собрание: История рождения и гибели. — М.: РОССПЭН, 1997. – С. 299-300 (368 с.).
24. Oliver H. Radkey Russia goes to the polls: the election to the all-Russian Constituent Assembly, 1917. – 477 p. – Ithaca; London: Cornell univ. press, 1989. – p. 71.
25. Протасов Л. Г. Всероссийское Учредительное собрание: История рождения и гибели. — М.: РОССПЭН, 1997. – С. 299-300 (368 с.).
26. Протасов Л.Г. Всероссийское Учредительное Собрание: история рождения и гибели. – М: РОССПЭН, 1997. – С. 93 (368 с.).
27. <https://leninism.su/books/4149-vserossijskoe-uchreditelnoe-sobranie.html?start=6>
28. Протасов Л. Г. Люди Учредительного собрания. Портрет в интерьере эпохи. — М.: РОССПЭН, 2008. - 464 с.
29. <http://www.hrono.ru/avtory/index.php>.
30. http://www.hrono.ru/biograf/bio_u/urazaev.php

31. http://www.hrono.ru/biograf/bio_a/akaev_sd.php
32. http://www.hrono.ru/biograf/bio_ch/chokaev_m.php
33. http://www.hrono.ru/biograf/bio_t/tynyshpaev_m.php
34. http://www.hrono.ru/biograf/bio_a/amanzholov.php
35. ГА РФ. Ф. 1810 - Всероссийская по делам о выборах в Учредительное собрание комиссия. - Он. 1. - Д. 369; Верный: Семиреченские ведомости. 15.10.1917.
36. http://www.hrono.ru/biograf/bio_s/saurambaev.php
37. http://www.hrono.ru/biograf/bio_sh/shendrikov_sn.php
38. http://www.hrono.ru/biograf/bio_a/alibekov.php
39. http://www.hrono.ru/biograf/bio_d/dosmuhamedov.php
40. http://www.hrono.ru/biograf/bio_d/dosmuhamedov_h.php
41. http://www.hrono.ru/biograf/bio_i/ipmagambetov.php
42. http://www.hrono.ru/biograf/bio_k/karatleuv.php
43. http://www.hrono.ru/biograf/bio_k/kulmanov.php
44. http://www.hrono.ru/biograf/bio_t/tanachev.php
45. http://www.hrono.ru/biograf/bio_b/baytursunov.php
46. http://www.hrono.ru/biograf/bio_b/beremzhanov.php
47. http://www.hrono.ru/biograf/bio_d/doszhanov.php
48. http://www.hrono.ru/biograf/bio_t/temirov.php
49. Итоги выборов в Тургайской области. Тургайский уезд. - Оренбург: «Южный Урал», 1917. - 30.11 (13.12). - № 64. - С. 3.
50. Итоги выборов в Учред. Собр. по Иргизскому уезду Тург. Области. - «Южный Урал», 1918. - 01(14).01. - № 87. - С. 3.
51. Итоги выборов в Учред. Собр. по Иргизскому уезду Тург. Области. - «Южный Урал», 1918. - 01(14).01. - № 87. - С. 3.
52. Второй Общекиргизский и Третий Общебашкирский Съезды. - «Южный Урал», 1917. - 14(27).12. - № 75. - С. 3.
53. Новый комиссар Тургайской области. - Оренбург: «Южный Урал», 1918. - 01(14).01. - № 87. - С. 3.
54. Государственное совещание в Уфе. - Вестник Комитета членов Учредительного собрания. - 1918. - 18.09. - № 59. - С. 3.
55. «Газета Врем. Раб. и Крестьянок. Правительства». - 1917. - 28.11. - № 20. - С. 1.
56. «Газета Врем. Раб. и Крестьянок. Правительства». - 1917. - 28.10. - № 1. - С. 1.
57. Тоган Заки Валиди. Борьба народов Туркестана и др. восточных мусульман-тюрок за национальное бытие и сохранение культуры. Кн. I. - Уфа: «Китап», 1994. - С. 214-215 (394 с.).
58. Бекейханов Э., Дулатов М., Байтұрсынов А., Бірімжанов А., Ғұмаров, Досжанов С. Орынбордан телеграм. - «Сарыарқа», 18.11.1917 г., № 20. - С. 1.
59. Алаш-Орда: Сборник документов / Сост. Н. Мартыненко. - Алматы: Малое издательство «Айқап», 1992. - С. 142 (192 с.).
60. «Туркестанский вестник», 9 декабря 1917 г.

61. «Улуг Туркистон», 8 декабря 1917 г.
62. Алаш-Орда: Сборник документов / Сост. Н. Мартыненко. – Алматы: Малое издательство «Айкап», 1992. - С. 69 (192 с.).
63. Алаш-Орда: Сборник документов / Сост. Н. Мартыненко. – Алматы: Малое издат. «Айкап», 1992. - С. 74 (192 с.).
64. Газета Временного Рабочего и Крестьянского Правительства. – 1917. – 28.12. - № 42. – С. 1.
65. Луцкий Е.А Проект Закона о земле Всероссийского Учредительного Собрания (1917-18 гг.). - с. 102.
66. «Қазақ». – 1917. - 23.12. - № 256. – С. 3.
67. Законы и постановления, изданне от имени Учредительного собрания - <https://leninism.su/books/4149-vserossijskoe-uchreditelnoe-sobranie.html?start=5>
68. Байтурсунов А. Революция и киргизы // Жизнь национальностей». 1919.03.08. № 29. С. 3.

АЛАШ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТҮРКІТАНУ

Қайырбек Ризабекұлы Кемеңгер

ф.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Қазақ әдебиеті кафедрасының доценті,
<https://orcid.org/0000-0003-0691-4527>, kemenger_kr@enu.kz

Кеңестік заманда саяси қуғын-сүргінге ұшыраған алаш оқығандарының еңбектері Қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана жан-жақты зерделене бастады. Ол ізденістер, көбінесе, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар аясында жүргізілді. Белгілі бір есімнің жеке ғылымның негізінде тұрғанын, дамуына қосқан үлесін көрсететін зерттеулер жарияланды. Алайда әлі де тұтас бір ғылымның бастауында саналуға тиіс есімдер лайықты аталып, еңбектері орынды пайымдалмады. Соның ішінде отандық түркітану ғылымының негізінде тұрған тұлғалар да өз дәрежесінде бағаланбады.

Қазақтың орысша білім алған тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтан кейін шығыстану ғылымының, соның ішінде түркітанудың қазақ жерінде негізін қалаған алаш оқығандары болды. Алаш қалам қайраткерлері мақалаларында, ғылыми-зерттеу еңбектерінде түркі халықтары және олар мекен ететін аймақтар, қалалар, мемлекеттер жайлы құнды мәліметтер ұсынды. Түркі халықтарының тарихынан, этнографиясынан, рухани мәдениетінен, әлеуметтік-экономикалық тұрмысынан қызық деректер келтірді. Ағартушылық идеяны жоғары ұстанған алаш оқығандары осылайша өзге жұрттың тарихын, тұрмыс-тіршілігін, мәдени өмірін зерттегенде алдымен туған халқының мүддесін ойлады. Бұл ізденіс нәтижесінен қазақ халқы сабақ алсын, өзінің болашақ даму жолына пайда көрсін деп есептеді.

Отандық түркітану ғылымының тарихында Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедұлы, Н.Төреқұлұлы, М.Тынышбайұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Шоқайұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Жұбанұлы, С.Садуақасұлы т.б. алаш оқымыстыларының есімдері аталуға тиісті деп санаймыз.

Түркологиялық зерттеулермен алаш оқығандары не үшін шұғылданды? Сол зерттеулерден нендей нәтиже күтті? Зерттеулерге мақсатты барды ма? Осы сауалдарға қысқаша тоқталсақ.

Түркітануды тілтанымдық, немесе, филологиялық ғылым деп түсінудің жаңсақ екендігін қазіргі зерттеулер көрсетеді. Осындай көзқарас патшалық Ресей заманында, Кеңес дәуірінде ғылыми ортада үстемдік етті. Ал алаш оқымыстыларының зерттеулерінде бұл көзқарас аңғарылмайды. Түркологиялық зерттеулермен ерікті түрде шұғылданған олардың еңбектерінде түркі халықтарының тарихы, этнографиясы, фольклоры, мекен ететін аймағы, саяси-әлеуметтік жағдайы, экономикалық-шаруашылық тұрмысы, болашақ тағдыры жан-жақты қарастырылды. Сондай-ақ, алаш зиялыларының еңбектерінде түркі қауымынан шыққан батырлар мен билер, қоғам және мемлекет қайраткерлері, ғалымдар мен оқымыстылар, өз ұлттарының тағдыры үшін күрес жолына барған азаматтар туралы да біршама мағлұмат бар. Осылайша, біз қазіргі дәуірде

кешенділік сипатқа ие болған әлемдік түркітану ғылымының болашақ даму бағытын ғасыр бұрын алаш қалам қайраткерлері аңғарғандығын байқаймыз.

Ұлт-азаттық Алаш қозғалысының саяси көсемі, көрнекті ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері **Әлихан Бөкейхан** (1866-1937) еңбектерінде қазақ халқының ғана емес, сонымен бірге, туысқан түркі халықтарының да тарихына қатысты құнды мәліметтер мол кездеседі. Қазақтың тұңғыш кәсіби журналистерінің бірі болып саналатын қайраткер еңбектерінде 80-нен аса газет-журналдың атауы көрсетіледі. Яғни, Ә.Бөкейхан осынша басылымдарды оқыған, олардың бәрін зерттеу жұмысы мен мақалалары үшін пайдаланған деп айта аламыз. Ол газет-журналдардың ішінде Қазан, Уфа, Ташкент т.б. туысқан түркі халықтарының ірі орталықтарында жарияланған басылымдар да бар.

Түркі халықтары ішінен Ә.Бөкейхан: Анадолы түріктері, әзірбайжандар, татарлар, башқұрттар, қырғыздар, өзбектер, хакастар, алтайлықтар туралы мәліметтер жазып қалдырды. Мысалы танымдық «Хакас» атты материалда мынадай дерек келтіреді: «Хакасы являются тюрками. Они проживают вдоль рек Уйыс, Шолым, Абакан, являющихся притоками Оби и Енисея. В Енисейской губернии, в Минусинском уезде, всего в семи волостях сейчас их около 50 тысяч. Отличие в наших языках заключается в том, что в нашем языке есть слова арабского и персидского происхождения, тогда как у них присутствуют слова из монгольского языка» («Темірқазық» журналы, 1923 ж. № 2-3.) [1, 452-453 бб.]. Ә.Бөкейхан хакастардың тұрмыс-тіршілігі, өмір салты, шаруашылық кәсібі, мәдени-ағарту өмірі жайында танымдық ақпарат ұсынады. Хакас жерінен Катанов есімді ғалымның шыққанын, тіпті оның Сағай руынан екендігін жазады.

Отандық түркітану ғылымының бастауында ұлт ұстазы, алаштың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлының (1872-1937) есімі құрметпен аталады. Ол ұлттық қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың, соның ішінде тіл білімі, әдебиеттану, түркітану салаларының негізін қалап, болашақ қазақ ғылымының дамуына өлшеусіз үлкен үлес қосты. Ғылыми-әдістемелік еңбектерімен қалың қазақ арасында оқу-ағарту жұмысын жүргізіп, шәкірт тәрбиелеген А.Байтұрсынұлы ұзақ уақыт бойы тоталитарлық жүйенің жазықсыз құрбаны болып келді. Түркітанушы ғалым Т.Қордабаев алаш ағартушысы жөнінде былай деп пікір білдіреді: «А.Байтұрсыновтың ғасырымыздың бас кезінің өзінде-ақ әйгілі түрколог ретінде таныла бастағаны, академик Самойловтің оны профессор деп атағаны мәлім. Басқа түркі республикаларының көпшілігінде жергілікті халық тілін зерттеушілер орыс түркологтары болғаны, қазір де солар басшылық ететіні белгілі. Ал үстіміздегі ғасырдың басынан бастап, қазақ тілін зерттеуге орыс түркологтарының бірде-бірі араласқан жоқ. Араласпау себебі, олардан аспаса, кем түспейтін А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов сияқты ұлт кадрлары болды. Бұл — мақтанғандық емес, ақиқат шындық. Өз кезінде түркі республикаларында А.Байтұрсыновпен бой теңестіретін филолог саусақпен санарлықтай ғана болатын» [2, 6 б.].

Қазақ тіл білімі тарихында жазылған тұңғыш іргелі ғылыми еңбек саналатын А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» (қазақ тілінің сарфы) атты кітапшасы Орынбор қаласынан 1914 жылы жарық көрді. Еңбектің «Сөз басы»

деп аталатын кіріспе бөлімінде қазақ тілінің ерекшелігі және оның түркі тілдерінің құрамдас бір бөлшегі екендігі айтылады: «Қазақ тілі – түрік тілінің бір тарауы. Дүниядағы жұрттың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1) түбіршек тіл, 2) жалғамалы тіл, 3) қопармалы тіл... Біздің қазақ тілі – түркі тілдің бір тарауы болғандықтан, жалғамалы» [3, 31 б.].

А.Байтұрсынұлы, сонымен қатар, ұлттық әдебиеттану ғылымының да негізін қалады. Ғалымның «Әдебиет танытқыш» атты зерттеуінде қазақ әдебиетінің тарихы үлкен екі кезеңге бөлініп қарастырылды: 1) Діндар дәуір; 2) Сындар дәуір [4]. Ұлттық әдебиетіміздің эволюциялық даму жолын, көркемдік-жанрлық ерекшелігін, танымдық-эстетикалық белгісін толық сипаттап аша алмаса да, бұлайша екіге бөліп қарастырудың өзін біз осы салада жасалған алғашқы тәжірибе, болашақ ізденістерге бағыт-бағдар деп бағалаймыз.

Қазақ әдебиетінің тарихы, оны дәуірлерге бөлу туралы жалпылама пікір ХІХ ғасырда жасаған орыс оқымыстыларының еңбектерінде, сондай-ақ Ш.Уәлиханов туындыларында кездесті. Ал қазақ тілінде мұндай алғашқы ізденіс алаш дәуірінде жүргізілді. Қазақ әдебиетін кезеңдерге бөлуге талпыныс жасаған алғашқы ғылыми көзқарас «Қазақ» газетінде жарық көрген Райымжан Мәрсекұлының (1879 – өлген жылы белгісіз) «Қазақ әдебиеті жайынан» атты мақаласында ұшырасты [5]. Бұл еңбекті таза ғылыми зерттеу деп танымасақ та, қазақ әдебиеттануында әдебиет тарихын дәуірлерге бөлуге арналған тұңғыш мақала деп білеміз.

Қазақ әдебиеттануы ғылым ретінде қалыптаспаған, ұлттық баспасөз үлгілері енді ғана шыға бастаған кезеңде жазылған алаш оқымыстысы Р.Мәрсекұлының мақаласында ұлт әдебиеті мынадай үш кезеңге бөлініп қарастырылады. Оның алғашқысы – ескі замандағы қазақ ішіне жазу тарамаған уақыттағы әдебиет, екіншісі – жазу тараған дәуірдегі мұра, үшіншісі – Абайдан кейінгі кезеңдегі әдебиет. Әдебиет тарихын дәуірлеуге қатысты жасалған алғашқы тәжірибе кейінгі уақытта көркемдік-жанрлық тұрғыдан толысқан әдебиетке де, салалана түскен әдебиеттану ғылымына да өз ықпалын тигізді.

Қазақ халқының тарихын ортақ түркілік дәуірден бастап зерттеу керектігін, оны дәуірлерге бөлгенде түркі халықтарына тән кезеңдерді атап отырып зерттеген үлкен оқымысты, мемлекет және қоғам қайраткері – Мұхаметжан Тынышбайұлы (1879-1937). Ғалымның төменде аталған еңбектерінде қазақ халқының және бірқатар түркі халықтарының ортақ түркі дәуіріне байланысты кезеңінен деректер ұсынылады: «Отзыв о труде А.П.Чулошникова по истории киргиз-казакского народа», «Материалы к истории киргиз-казакского народа», «Киргиз-казаки в 17 и 18 веках» (дополнение к «Материалам к истории киргиз-казакского народа»), «Историческая справка и племенной состав коренного населения Ташкентского уезда», «Следы древних городов, крепостей, курганов в Сыр-Дарьинской и Джетысуйской губерниях», «Краснореченские развалины и город Баласагын», «О местонахождении древнего города Илан-Балыка (Или-Балыка)», «Коксуйские развалины и город Кайлак (Койлык)», «Газовая война у монголов в 13 веке» [6].

Алаш дәуірі қалам қайраткерлері ішінде өз еңбектерінде түркітану мәселелерімен айналысқан ғалым, ағартушы – Халел Досмұхамбетұлы (1883-1939). Санкт-Петербург Әскери-медициналық академиясын бітірген қайраткердің түркологиялық бағыттағы зерттеулеріне алдымен «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» атты кітапшасы мен «Диуани лұғат ит-түрік» деген мақаласын көрсетеміз. Х.Досмұхамбетұлы мұрасын жинап, зерттеген тілші-ғалым Ғ.Әнестің көрсетуі бойынша, аталған еңбектерден басқа бірқатар шығармаларды да анықтауға тиістіміз: «Оның сыртында әлі қолымызға түспеген мұралары мен «Түркі тілдері туралы» сынды авторлығы толық анықталмаған мақала әліпби ауыстыру мен термин (пән) аталарын қалыптастыру хақындағы талас-тартыстарда айтылған пікірлерін де назардан тыс қалдыруға болмайды. Мамандығы дәрігер-ғалым, ең алдымен қазақ (түркі) тілінің құрылымы мен жүйесін, оның фонетикасы мен грамматикасын терең меңгеруімен таңғалдырады» [7, 716 б.].

Ғалым, сонымен қатар, өз еңбектерінде қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, қарақалпақ, татар, түрік және басқа да түркі халықтарының тарихына, ауыз әдебиетіне, тіліне қатысты маңызды ой-пікірлер қалдырды. Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ит-түрік» атты ұлы еңбегі туралы қазақ тілінде тұңғыш зерттеу жазды. Әйгілі сөздіктің Стамбулдан шыққан нұсқасы туралы маңызды дерек келтірді [8, 155-163 бб.].

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, публицист, баспагер, әдебиет сыншысы, лингвист, аудармашы Нәзір Төреқұлұлы (1892-1937) қазақ, өзбек, тәжік, орыс тілдерінде жарияланған мақалаларында қазақпен бірге, түркі халықтарының да тарихы туралы құнды мәліметтер қалдырды. Мысалы орыс тілінде жарияланған төменде көрсетілген еңбектерінде Қазақстан және Орта [14:58, 03.04.2026] Назым Ии Филиал: Азия аймағын мекен ететін халықтардың тарихы жайында қызықты деректер ұсынады: «Кокандская автономия», «Туркестанская автономная республика», «Отзыв на книгу В.Бартольда «История Туркестана», «К вопросу об антирелигиозной пропаганде на Востоке», «Словарь хорезмшахи», «К вопросу о латинизации тюркских алфавитов», «К вопросу о латинском алфавите среди тюрков СССР», «Список народностей СССР», «Выступление Н.Тюрякулова на Первом Всесоюзном тюркологическом съезде», «Доклад Н.Тюрякулова на Первом пленуме Всесоюзного центрального комитета нового тюркского алфавита, заседавшего в Баку» (3-7 июня 1927 г.) [9].

Академик, шығыстанушы ғалым В.В.Бартольдтың «Түркістан тарихы» атты кітабы туралы Н.Төреқұлұлы мынадай сын жазады: «Небольшая книга В.В.Бартольда представляет собой конспект лекций по истории Туркестана, читаемых им на историко-филологическом факультете Туркестанского Университета в 1920-1921 гг....позволяет читателю, умеющему самому делать выводы, разгадывать многое в настоящем... Другой пробел, на наш взгляд, заключается в том, что академик В.В.Бартольд мало остановился на XV–XIX вв. истории Туркестана. Между тем это полоса (развитие Кокандского ханства) особенно была бы интересна для читателей: она дала бы ему некоторый ключ к пониманию межнациональных отношений в Туркестане, их развитию при свете

истории» [9, 39 б.]. Әрі ғалым, әрі мемлекет қайраткері болған Н.Төреқұлұлы жеке аймақтың тарихын жіті зерттеу қажеттілігін жақсы түсінді. Себебі тарихты терең танығаннан кейін ғана адамдар арасында бүгінгі күн қарым-қатынасын, әсіресе түрлі ұлттар арасындағы қилы байланыстарды салықалы жүргізуге болады деп білді.

Алаш оқымыстысы Қошке Кеменгерұлы (1896-1937) Ташкентте Орта Азия мемлекеттік университеті Шығыстану факультетінің түркітану кафедрасында А.Шмидт, М.Гаврилов, А.Дубсон сынды белгілі шығыстанушы мамандардан білім алады (1928-1930). Ғалымның түркі халықтарының тарихы туралы жазған негізгі еңбегі – «Бұрынғы езілген ұлттар» кітабы (1924) [10, 77-128 бб.]. Мәскеудегі «Күншығыс» баспасынан жарық көрген зерттеуге Ә.Бөкейхан редакция жасады. Кітапта: қазақ, өзбек, қырғыз, әзірбайжан, түркімен, татар, башқұрт, қарашай-балқар, чуваш, саха т.б. түркі халықтарының тарихынан деректер беріледі. Еңбектің құнды жері – оның мазмұнынан Ресей Империясының отарына түскен аймақтар туралы қазақ ғалымының бір ғасыр бұрынғы көзқарасы байқалады. Сол аймақтар өз азаттығынан қалайша айырылды? Оған нендей тарихи жағдайлар себеп болды? Азаттық үшін күрес жолы қалай жүрді? Ресей құрамында ол ұлттар қанша уақыт өмір сүрді? Бұратана халықтардың қосылғаннан кейінгі замандағы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы қалай өрбіді? Болашақта ол ұлттарды не күтеді? Осы сынды сұрақтарға Қ.Кеменгерұлы жауап іздейді.

«Қазақ қызметкерлерін басқа ұлттармен таныстырайын деп жазып отырмын. Бұл кітаптың төрт аяғы түгел толық жазылмаса да, жоқтан бар жақсы. Аз да болса пайдасы тиер деген үміттемін» [10, 81 б.],– деген ескертуінде автордың туған халқының болашағына жанашырлығын байқаймыз. Өзге халықтардың үлгісімен танысқан қазақ қызметкерлері осы кітаптан туған халқының даму жолына ғибратты мысалды байқайды деп сенеді.

Қазақ тіл білімінің ғылым ретінде қалыптасуына зор еңбек еткен белгілі ғалым, профессор, түркітанушы – Құдайберген Жұбанұлы (1899-1938). Ленинградтағы Шығыстану институтында білім алған Қ. Жұбанов сол жерде көрнекті түркітанушылардың дәрістерін тыңдады. Ол араб, парсы, орыс, түрік, моңғол тілдерін меңгерген. Академик А.Н. Самойлович жетекшілік еткен «Түркология семинарийіне» түскеннен кейін КСРО Ғылым академиясы Тіл және ойлау институтының аспирантурасына ауысып, осында Н.Я. Марр, Н.И. Мещанинов, А.В. Богородицкий сынды белгілі лингвист ғалымдардан оқыды. Ғалымның түркологиялық бағытта жасаған еңбектері осы күні біршама зерттелді. Ол жөнінде қысқаша былай түйіндеуге болады:

Қ. Жұбанұлы бірнеше түркі тілдерін біліп қана қоймай, сол тілдерде жазылған көркем шығармаларды оқып, түркі халықтарының классик ақын-жазушыларын талдаған. Оны ғалымның «Абай қазақ әдебиетінің классигі» атты зерттеуінен байқаймыз. Еңбек 1934 жылы жазылғандықтан, оның ішінде әдеби мұраға байланысты идеологиялық-таптық көзқарастың барын түсінеміз. Алайда осы зерттеуден біз оның авторының қазақ әдебиетінің ғана емес, сонымен бірге, туысқан түркі әдебиетінің де білгірі екендігін көреміз. Өзбек, қырғыз, түркімен,

қарақалпақ, татар, башқұрт халықтарының әдебиетіне шолу жасап, татар әдебиетіне кеңірек тоқталады: «Татарстанда Абаймен бастас екі-ақ адам бар еді. Мұның бірі – Чиһабуддин Маржани, екіншісі – Қажом Насыри. Еділ бойын басқан ескі фанатизм тұманының арасынан алғаш сәуле берген, татардың жаңа өсіп келе жатқан жас буржуазиясына мәдениет жөнінен жол ашпақшы болған ХІХ ғасырдың соңғы жарымындағы татар жанашырлары осы екеуі болған» [11, 171 б.].

Түркі халықтарының басым бөлігі ХХ ғасырдың басында үлкен империялардың отар аймағына айналды. Ол – тағдырдың жазуы болды. Түркі халықтарының ішінде саны жағынан екінші, мекен ететін жері тұрғысынан бірінші орында болған қазақтар да сондай күн кешті. Біздіңше, алаш оқымыстылары түркі халықтарының тағдыр-талайын түсіне отырып, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын зерттеп, олардың отарлық қамытын кию негізін түсінгісі келді. Сол отарлықтан қалай құтылудың амалын іздеді. Отарлықтан құтылып, өркендеген халықтар қатарына қосылуды арман етті. Қазақ халқының тарихын, тұлғаларын қарастырғанда, қазақпен туысқан тілегі бір, тағдыры ортақ түркі халықтарының да өткені мен бүгінін зерттеуді өздеріне мұрат санады. Ол ізденістердің қазақ үшін үлкен пайдасы болатындығына сенді. Себебі қазақ халқымен жағдайы бір, тағдыры жақын туысқан жұрттар да барын алаш зиялылары көрсеткісі келді.

Азаттық үшін күрес жолында бірлесіп жеңіске жетудің мүмкіндігі бар деп ескертті. Сол күрестің негізгі амалы өзге халықтардағыдай жұрттың санасын оятып, ағартушылық жұмысын кеңейту екендігін айтты. Алаш ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров: Ана жерде татар тұр, // Басқалармен қатар тұр,- деп бекер жазбады. Туысқан түркі жұрты саналатын татар халқының мәдениетке, оқу-білімге жақындығын айта отырып, сол жағдайды қазақ халқымен салыстыра келіп, ақын өлеңінде ұлттың намысын оятуды көздеді. Бұл идея, осы ұстаным ХХ ғасырдың басында алаш қайраткерлерінің зерттеулерінде де көрініс тапқандығы мәлім. Алаш оқығандарының еңбектеріндегі түркілер жайындағы, соның ішінде татарлар туралы көзқарас қоғамға әсер етіп, ақын өлеңіне арқау болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Букейхан Алихан Нурмухамедұлы. Полное собрание сочинений в 7 томах. – Астана: «Сарыарқа», 2010. – 576 с. – VI том.
2. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Рауан, 1991. – 256 бет.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2008. – 172 б.
4. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
5. Жұмағұлов А. Қазақ әдебиетінің төркіні мен тарихын дәуірлеу. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Астана, 2007.

6. Тынышбаев М. История казахского народа. – Алматы, Қазақ университеті, 1993. – 224 с.
7. Әнес Ғ. Көрнекті түркітанушы. Кітапта: Түркі дүниесі. Ғылыми-көпшілік альманахы / Бас редактор – Ш.Ибраев. – Алматы: Интелсервис, 2013. – 836 бет.
8. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 бет.
9. Түрякулов Н. Многотомное собрание сочинений. – Алматы: «Ел-шежіре», 2007. 2-том. – 240 с.
10. Кеменгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Алаш, 2005. – 320 б.
11. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2010. – 256 б.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН – ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ КӨСЕМІ

Ербол Ердембекұлы Тілешов

Филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы

Қазақтың ел мен жердің азаттығы турасындағы аңсары, күресі ХХ ғасырдың таңында халықшылдық, елшілдік сананың ұлттық идеологияға ұласқанын кеңінен байқатты. Сан ғасырлық тарихымыздағы алғашқы ұлттық идеологияның дәл осы кезеңде қалыптасуының бірнеше себептері бар.

Біріншіден, аталған кезеңде қазақ зиялыларының үлкен шоғыры қалыптасты. Оның басында Ресейдегі саяси-қоғамдық жағдайлармен жақсы таныс, қазақтың теңдігі мен бостандығын саяси жолмен ғана шешуге болатындығын терең түсінген, халқына қамқор боларлық Әлихан Нұрмұхаммедұлы Бөкейхан және рухани мәдениетіміздің ең негізгі тұлғасына айналған, жаңа ренессанстық дәуірді бастаған Ахмет Байтұрсынұлы тұрды.

Екіншіден, Ресейдің ішіндегі саяси-қоғамдық ахуал бодан халықтардың өздерінің бостандығы пен теңдігі үшін саяси күреске шығуына кезеңдік мүмкіндіктер тудырды.

Үшіншіден, қазақ тарихының даму логикасы, елдік сананың деңгейі саяси қозғалыстың осы кезеңге келуін қалады. «Ұлт» сөзінің белсенді лексикамызға енуі де, «Алаш» сөзінің халықтың шығу тегіне, төркініне қарай ғана емес, халықты біріктіретін қуатты ұғымға, ұлттық ұранға айналуы да осы кезеңнің жемісі екендігі кездейсоқ болмаса керек.

Ендеше, қазақ ұлттық идеологиясы жөнінде айтқанымызда, кең мағынадағы сипатын, мазмұнын ХХ ғасырдың бас кезеңімен тікелей байланыстырамыз. Аталған үш негізгі себептің дәуірлік идеологияға айналуында, әлбетте, отаршылдық саясаттың қысымы жатыр. Оны Алаш қайраткерлерінің өздері де жазған болатын. Яғни, әлемдегі отаршылдық тәжірибесі көрсеткендей, қазақтың да ұлтшылдығын өршіткен отаршылдық саясат, отаршыл үкімет. Әлекеңдер тұтас қоғамдық ойға, рухани пікірге, кейінірек идеологияға айналдырған қазақ ұлтшылдығы – басқа халықтардан үстемдікке, артықшылыққа құрылған ұлтшылдық емес, туған халқының нақты жағдайынан, атап айтқанда, отаршылдық езгісінен теңдік пен бостандыққа ұмтылуға, еңсесі түскен, есесі кеткен қазақты жұрт қатарлы ел етуге бағытталған саяси һәм рухани күрес болатын.

Бұл күресті бүгінгі тарихнамамызда «Алаш қозғалысы» деп атап жүрміз. Тарихымыздағы ең ірі, ең мақсатты қозғалыс қазіргі кезде зерттелініп, қоғамдық санадан берік орын алып ең жарқын, ең айбынды, ең жемісті кезең ретінде бағалана бастады. Әлбетте, қазақтың белсенді саяси күреске түсуінің алғашқы үлгісі, тұңғыш толымды тәжірибесі болған, үш жүздің баласын басты мұрат жолына ұйыстырған, ұлттың рухани өрлеудің белесті кезеңіне айналған Алаш қозғалысы тәуелсіздігіне «тәубе» деп жатқан бүгінгі қазақ үшін де, егемендіктің жемісін татар, табысына тамсанар болашақ қазақ баласы үшін де тағылым

мектебі, өнегелі өріс болмақ. Алаш қозғалысын зерттеу, зерделеу, санада қорыту қазақтың бақыты мен баяндылығының үлкен кепілі. Осыны ұғынған сайын біз ұлттық абырой мен намыстың не екенін, азаттықтың тым қымбат болғандығын, егемен ел болып қалудың, ұлт болып сақталудың әрі аманат, әрі ұлы мақсат екенін жақсы түсінбекпіз.

Алаш қозғалысының тарихында Әлихан Нұрмұхаммедұлы Бөкейханның үлесі зор деп ғана айтсақ, айрықша тұлғаға аздық етер еді, дұрысы – Әлекең сол қозғалысты бастаушы әрі жетекшісі һәм ұлттық идеяны тұтас дәуірдің ірі саяси идеологиясына айналдырған шын мәніндегі көсем. Өйткені, ол 1905 жылғы «Қарқаралы құзырхатынан» бастап Алашорда үкіметі тарағанша азаттық қозғалысының басында тұрды.

Қозғалысты ұйымдастырушыдан бастап Алашорда үкіметінің төрағасына дейін жеткен қайраткерлік тынымсыз һәм үздіксіз күресі көшбасшылық, жетекшілік биік тұлғаға ғана айрықша сипатталады. Онымен иықтас, мұраттас серігі Ахмет Байтұрсынұлымен салыстырар болсақ, Әлекеңді тұтас Алаш қозғалысының саяси көсемі ретінде, Ахаңды рухани көсемі ретінде бағалағанымыз жөн. Әрине, бұл біздің жаңалығымыз емес, бізге дейін де ұқсас пікірлер айтылған, жазылған. Біздікі орайлы тұста тағы да нақтылау.

«Бүкіл Ресей империясын құшағына алған 1905 жылғы революциялық жағдай қазақ қоғамында ұлтшылдық идеологиясының тұтас бір концептуалдық сипат алғандығын және пәрменді қалыптасу жолында тұрғандығын анық байқатты» деп жазады академик М. Қойгелдиев [1, 211]. Қазақ қоғамы үшін ең өзекті, ең ірі саяси идеологияның басында Әлихан Нұрмұхаммедұлы Бөкейхан тұрды. Ғаламдық қақтығыстар мен мүдделер бірде бітискен, бірде қарсыласқан, саяси қайшылықтары мол, әлемнің саяси картасына сан рет өзгерістер енгізген XX ғасырды Алаш баласы да саяси күреспен бастады.

Алдымен отаршылдықтың қазақ даласына таңылған тәртібін өзгерту үшін ұлықтарға өтініш жазудан бастаған қазақ зиялылары одан түк өнбесін білген соң саяси һәм рухани күреске көшті.

Ресей империясының саяси тәртіптерінен туындаған қысымға саяси күреспен ғана қарсы тұруды ұғынған олар халықтың санасын оятуды, қазаққа өзінің күйін білдіруді мақсат етті. Саяси, рухани ұлтшылдық ұранын көтерген қазақ қайраткерлері, Ахаң сөзімен айтқанда: *«Талауда малы, Қамауда жаны»* қалған халықтың басқалардан астамшылығын, өзгелерден еректігін емес, жұртының мінезіне сын, күйі мен халіне аяушылық, талапсыздығы мен сауатсыздығына кейіс, жалқаулығы мен көнбістігіне ашу, жікшілдігі мен рушылдығына ыза білдірді.

Әлекең бастаған зиялы топ, әсіресе, қазақтың өзімен іргелес халықтардан кәсіп, білім, шаруашылық жағынан кейін қалып жатқанын, сөйтіп өз жерінде тұрып, өз үлесінен құр қалатынын айтумен, үндеумен болды. Әлихан Бөкейханның: *«Ақыл да, ұсталық та оқумен, істеумен жүре ұлғаяды. Дүниедағы жер билігі күннен-күнге ақылды, ұста жұрт қолына ауып барады. Европада ұлыз патша атанған жұрт, халықтың ақылды ұсталығына сүйеніп ұлыз патша болып отыр. Біздің қазақ жерін мұжық алғанда мұжық табан ет,*

маңдай теріне сүйеніп алып отыр. Бұрын қазақ «Аху, уху» деп неше мың жылқы босқа өзінен өзі өсіп өнетін мал айдап, көшіп жүрген жерден, мұжық келе сала қазына суырып алып, байып отыр» деп дәуір тынысын танып, халқына заманына қарай амал жасауға шақыруы, *«Бұл тіршілік үлкен талас, бір бәйге: жүйрік алады, шабан қалады. Жүйріктік – ақыл, ұсталық, жәһитшілікте»* деп қазақты қайрауы ешқандай ұлттық астамшылыққа бастамайтын ойлар. Ұлттық идеология – ұлттық астамшылық емес, ұлттық астамшылықтың «шовинизм» деген өз атауы бар. Әлекеңдердің ұлттық идеясы қазақ қоғамының жағдайымен байланысты алсақ, гуманистік ұлтшылдық, ал сол кездегі Ресейдің саяси ахуалы контекстінде айтсақ, демократиялық ұлтшылдық.

Қазақтың табиғи гуманизмі, өзге ұлттарға деген тарихи, әлеуметтік, қоғамдық қарым-қатынастары мен көзқарасы, халқымыздың басқаға босағаға ысырылып төрден орын беретін ақкөңілдігі мен аңқаулығы, артын ойламай алдыға түсіп кететін далалықтарға тән, кейде өзіне зиян болып жататын ақжарма мінезі мен дағдысы – өзін-өзі билеген кең заманнан Ресейдің отаршылдығына түскен, оның қитұрқы саясаты үстемдік еткен заманда халықтың дағдаруына, рухани деградацияға түсуіне әкелді.

Жыраулар болжаған, Дулаттар ашынған, Абай налыған заманның халіне бұдан былай қазақ оқығандары көнбек емес еді. Енді бұл саясат майданына айналған дәуірде саяси күрес қажет. Қазақтың Еуропа елдері сияқты саяси институттары, саяси партиялары болмаған себепті оны сақтайтын ұлттық күрес идеологиясы ғана. Жұртты бостандыққа ұмтылуға үндейтін, халықты рухани жаңғыруға шақыратын ұлттық ұрандар ғана дәуірдің ең өзекті, ең қажетті таңдауы болмақ.

Қазақ ұлтшылдығының саяси идеология ретінде XX ғасырдың елең-алаңында тууы табиғи да, тарихи да қажеттілік болатын. Осы саяси идеологияның басында тұру, серіктері мен ниеттестеріне жетекші болу, жалпы халыққа саяси көсем болу Жаратқанның пәрменімен Әлихан Нұрмұхаммедұлы Бөкейханға бұйырды деп сеніммен айтуға болады.

Ұлттық идеология Алаш қозғалысының өзегі мен бағыты болды. Әрине, XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының саяси көзқарастары, қоғамдық ойлары, өзіндік позициялары абсолютті түрде бірдей болды деп те айтуға болмас. Десек те, Әлекеңмен мүдделес көптеген қайраткерлеріміз ғасыр басынан бастап Алашорда тұсына дейін онымен бірге ұлттық саяси платформада болғаны ақиқат.

Петерборда жоғары білім алумен бірге, орыс қоғамындағы әртүрлі саяси, қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірлермен жақсы таныс болып келген жігерлі жас 1894 жылдан бастап 1905 жылға дейін ел ішінде болып, халықтың жағдайын терең түсініп, азаматтық көзқарасы қалыптаса бастады. 1896-1903 жылы Щербина экспедициясына қатысуы да Әлихан Нұрмұхаммедұлының қазақ даласының жағдайын, елдің тұрмысын барынша жан-жақты білуіне жәрдемдесті. Әрине, ол туған халқының отаршылдық езгідегі халіне тек бақылаушы, танушы ретінде ғана қараған жоқ.

Қазақтың мұңына, тұрмысына жанашырлықпен қарап, сол кездің өзінде тар кезеңнен қалай шығуды ойластырғаны күмәнсіз. Яғни, Әлекең осы жылдары өзінің азаматтық бағытын айқындап, саяси күрес тәжірбиесінен өтті деп ойлаймыз. Егер олай болмаса, білімі, ел ішінен жинаған этнографиялық, тарихи, әдеби материалдары оны Шоқан Уәлиханов немесе Мұхаммед-Салық Бабажанов үлгісіндегі оқымысты, этнограф, фольклоршы деңгейінде қалдырар еді. Әлиханнның дәуірі аталған ағартушылар дәуірінен мүлде талабы да, мақсаты да басқа дәуір еді. Міне, дәуірдің сипатын аңғарған Әлекең саяси күреске түсуге, бел шешіп кірісуге әбден дайын болды. *«Біздің жұрт бостандық, теңдік, құрдастық, саясат ісін ұғынбаса – тарих жолында тезек теріп қалады»* деп жазғанындай, Әлихан Бөкейхан ендігі уақытта қазақтың «саясат ісін» ұғынуына бар білімі мен қабілетін, күш-жігерін жұмсады.

1905 жылы «Қарқаралы құзырхатын» ұйымдастырған, осы жылы қарашада Мәскеуде өткен земство және қала қайраткерлерінің сиезіне қатысып, халқының дін еркіндігін, сайлау құқын, тілдік мүддесін көтерген, желтоқсанда Оралда Қазақ конституциялық-демократиялық партиясының сиезін өткізген, 1906 жылы Семей облысы қазақтары атынан Ресейдің I Мемлекеттік думасына депутат болып сайланған, төңірегіне өзі сияқты елшіл, ұлтшыл азаматтарды топтастыра білген Әлекең өзінің саяси ой-пікірлері арқылы да, күресі арқылы да серіктеріне де, мүдделес інілеріне де, бұқараға да ұлтшылдық идеологияны дарытты. Бұл турасында кейінірек Қошке Кемеңгерұлы: *«Үкіметтің қара құғын жасаған күндерінде, айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат болды. Бұл топты баулыған – Әлихан»* деп жазды [2, 67].

Қандай да бір қоғамдық, саяси, рухани құбылыстың ортақ атауға ие болуы үшін, әлбетте, оны сипаттайтын ортақ ерекшеліктер де болмақ. Бұл ерекшеліктер құбылыстың тұтастай үдеріс болғандығын айғақтайды. Біз бұл арада Алаш қозғалысының 1905 жылдан бастап 1920 жылдың көктеміне дейін созылған үздіксіз үдеріс екендігін айтпақпыз. Егер ұлт-азаттық қозғалысты осындай үдеріс десек, оны тұтастыратын, бір жүйелі құбылыс ететін критерийлер де болмақ.

Біздің ойымызша, Алаш қозғалысын тұтас саяси, қоғамдық, рухани үдеріс ететін әлгіндей критерийлер мыналар:

1) *Қозғалыстың басында тұрған және оны өрістеткен тұлғалардың бірлігі мен тұрақтылығы;*

2) *Қозғалыстың басталған уақыты және аяқталу кезеңі;*

3) *Қозғалыстың басты идеясының жалғаспалылығы мен үздіксіздігі;*

4) *Қозғалыс мұратын жүзеге асырудағы амалдар мен тәсілдердің сабақтастығы;*

5) *Қозғалыстың жалпыхалықтық сипат алуы;*

6) *Қозғалыстың мәдени-рухани сипаты;*

7) *Қозғалыстың атауы.*

Бізге қажеттісі «Қозғалыстың басында тұрған және оны өрістеткен тұлғалардың бірлігі мен тұрақтылығы» деген алғашқы критерий. Әлекеңнің 1905

жылдан бастап Алашорда таратылғанға дейін саяси қозғалыстың тұрақты жетекшісі болғанын көреміз. Яғни, Бөкейхан тұлғасы, саяси қызметі – Алаш қозғалысының мақсатты, үзіліссіз тұтас үдеріс екендігін айғақтайтын басты факторлардың бірі.

Саяси билігі өзге діні, тілі жат елдің қолына көшкен қазақ сияқты халықты ояту, намысын қайрау, саяси күреске жұмылдыру Алаш қайраткерлері үшін оңай болмағаны бүгін кімге де болса аян. Әлекең бастаған қазақ зиялылары бір жағынан патша үкіметінің қазақты қанауға, езгіге салуға негізделген қатал да қытымыр саясатына қарсы шығып, екінші жағынан *«Жұрттың берекесі кетуге түптеп себеп болған нәрсе, қазақта бірліктің жоқтығы»* деп өзі айтқандай, кең сахараға бірде сыйып, бірдей сыймай жүрген қазақтың бірлігі жолында да аянбай қайрат қылуға тиіс болды. Бұған қоса, халыққа өзінің абыройы мен беделін, сондай-ақ білімі мен мәдениеттің артықшылығын, нағыз еңбектің мұратқа жеткізетіндігін ұғындыру қажет болды десек, бұл салада да Бөкейхан қаламымен қазаққа талай сөзін арнады. Мақалаларында қазақ қоғамының әлгі айтылған мәселелері көтеріліп, Әлекең ұлттың рухани ұраншысы да болды. Осындай мазмұндағы еңбектері, сөздері Әлихан Бөкейханның қайраткерлігінен, көсемдігінен өрістеп жатты. Еңбектерінде ол саяси күрестің көкейкесті арналарын, бағыттарын айқындады.

«Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деп жазыпты Әлекең. Пікірдің дәлдігін бүгінгі қазақ қоғамы толық дәлелдеуде. Неге десеніз, өзге тілде жұмыс істейтіндер, әлі күнге дейін балаларын басқа тілде оқытатындар, жиналыстарда, баспасөзде мемлекеттік тілге қарсылық білдіретіндер, ата дәстүрін құрметтемейтіндер, ауыл қазағын, оралманды кемсітетіндер – бүгінгінің оқығандары, білімділері. Яғни, ұлттық мүддеге келгенде ұлтқа ең алдымен ұлттық мінез, намыс, рух қажет екен. Кесек мінезді Әлекең 1905 жылдан өзі мүше болған, өзінің саяси тәжірибе жинауына айтарлықтай әсер еткен кадет партиясынан өз еркімен шыққан кезде көрсетті. Осы мінезі арқылы ол ұлтшылдық көзқарастағы тұлға екендігін тағы да бір паш етті. *«Кадет партиясы ұлт автономиясына қарсы. Біз Алаш ұранды жұрт жиылып, ұлт автономиясын тікпек болдық»* деп жазғаны бүгінгі көзіқарақты азаматтарға белгілі болар.

Ұлт-азаттық қозғалыс ретінде Алаш қозғалысының саяси күресі мен рухани жаңғыру дәуірін қалыптастыруының негізінде ұлттық идея жатыр десек, мұндай жағдайдың кезінде Еуропа мемлекеттерінде де болғанын білеміз. Ағылшын, француз, испан ұлтшылдығын империалистік саясатпен тікелей байланыста айтуға тиіспіз. Өйткені олардың ұлтшылдығы империалистік, басқыншылық, үстемдік саясатын қалыптастырды. Сол себепті де империалистік, шовинистік пиғылдағы олар өзгелердің табиғи ұлтшылдығына тек біржақты үстемдік тұрғыдан баға берді. Батыс саясатшылары, ғалымдары ұлтшылдықты теріс бағалап, әлдебір жат құбылыс ретінде көрсетіп, өздерінің өзге халықтарға жасаған қысымын ұмытып, гуманистік идеяларды насихаттағысы келеді. Яғни, отаршылдық саясаттың арқасында әбден күшейген, қаншама ұлттарды сіңіріп, дінін, дәстүрін, тілін ұмыттырған Батыс мемлекеттері

өздерінің ұлттық мүддесі жолында күрескен халықтардың болуға тиісті ұлтшылдығын әлі де тұрпайы құбылыс ретінде бағалауда.

Империалистік мемлекеттерге, әлбетте, ұлтшылдық саяси идеология, қоғамдағы көңіл-күй ретінде аса қажет емес. Оларда мемлекетшілдік, мемлекетшілдік болғанда үстемдікке құрылған мемлекетшілдік идеология жасалынған. Сол себепті де «ұлтшыл болмау қажет, мемлекетшіл болуы міндетті» деп санайды да, «патриот» деген терминді қолданады. Отаршылдықтан енді шыққан халықтар алдымен өзінің ұлттық тамырын танып, ұлттық санасын барынша қалыптастырып, осындай табиғи үдерістердан соң ғана мемлекетшіл бола алатындығын түсінгісі келмейді, бәлкім, түсіне де алмайды. XX ғасыр басындағы қазақ қоғамы өз мемлекетінсіз қалай мемлекетшіл болмақ, алдымен ұлтшыл болуы тиіс еді. «Патриот» терминіне келсек, қазіргі кезде оның шығу тегі екі тілмен байланыстырылып жүр. Алғашқысы грек тіліндегі «πατριώτης» деген сөз «отандас» дегенді, «πατρίς» деген «отан» дегенді, екіншісі – латын тіліндегі «pater» деген ұғым «әке» дегенді білдіреді екен. Яғни, бүгінде жиі қолданылатын патриотизмнің түпкі мағынасы отаншылдықпен байланысты. Ал Отанын, байырғы атамекенін отаршылдар басып немесе тартып алған халықтар қалай отаншыл болмақ, өйткені олардың ұлттық санасында болмаса, нақты территориясы басқыншылардың билігіне көшкен, сонда ұлтшыл болмай қайтпек?! Жалпы патриот болған жөн, ол үшін ең алдымен әлбетте өз ұлтыңның қадірін білуің шарт.

Қазақ ғасырлар бойы өз азаттығына ұмтылған бостандық сүйгіш халық десек, бүгінгі тәуелсіздігіміздің бойында бабалар күресі, аталар аманаты бар десек, онда Алаш қозғалысы сол ымырасыз күрестердің, қасиетті аманаттың ең ірісі. Қазақ зиялыларының қаруды кітапқа, қамшыны қаламға айырбастаған, яғни біліммен, білікпен өз халқының құқын, өз жерінің азаттығын талап еткен шынайы, жаңа демократиялық күресі. Бұл күрес – халықтық қарапайым санадан ұлттық ұйысу деңгейіне жетуден, бүтін бір халық ретінде сезінуден, ұлттық намыс жолына көтерілуден бастау алған жалпыұлттық күрес. Қозғалыстың географиясы бүкіл қазақ даласының азаттық күресіне мүдделі екендігін облыстық, уездік, болыстық сиездер арқылы аңғартса, ұлттық сананың өрлеуін жалпықазақ сиездері, Алаш автономиясының жариялануы, Алашорда үкіметінің құрылуы толық паш етті.

Қазақтың көсемдігін, шешендігін, бітімгерлігін, ерлігін, намысқойлығын, ағайынгерлігін, өзге де игі қасиеттерінің баршасын бойларына тоғыстырған Алаштың алдыңғы қатарлы азаматтары дәуір биігінен де, өздерінің білімі мен білігі мүмкіндігінен де туған халқының ахуалын аңғарып, бақыт пен игілікке жетуінің ең басты кепілі де, шарты да бостандыққа жету екендігін терең түйсінді. Халқының тағдырлы талайын анық таныған және үлкен күрес жолына түскен Алаш қайраткерлерінің көшбасшысы Әлихан Бөкейхан болды десек, туған халқы үшін, бүгінгі мен болашағы үшін қаншалықты ұлы тарихи іс атқарғанын жақсырақ сезінбекпіз.

Әрбір қазақ баласы өз бойында қазақтың қаны бар екенін, оның өзгермейтіндігін, қазақ болып қана мұратқа жететіндігін түсініп, барын бағалап,

бүгінге тәубе деп, болашақта қазақ елінің тілеуін тілесе, баршамыз еркін сиятын байтақ жеріміз, көштен қалдырмайтын байлығымыз, ең бастысы айналайын азаттығымыз дүниедегі ешқандай мемлекет пен ұлттан да кем етпес!

Әдебиеттер

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы: Мектеп, 2008.
2. Кемеңгерұлы Қ. Таңдамалы. Құрастырған Д. Қамзабекұлы. Алматы: Қазақстан, 1996.

**ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ АЛАШОРДАНЫҢ БАТЫС
БӨЛІМІН ҚҰРУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ**

Дәметкен Досмұханқызы Сүлейменова^{1*}

¹тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Мемлекеттік тарих институтының жетекші ғылыми қызметкері, Астана қ. E-mail: suleymenova53@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2080-8707>

*Автор-корреспондент

Аңдатпа. Алаш, Алашорда, Алаш көсемдері, әрине өз бағасын алып жатыр. Алаш тарихына байланысты қаншама еңбектер жарық көріп, тарих айналымына енуде. Дегенмен әлі де болса, тереңдетіп зерттеуді қажет ететін тарихи тұстары Алаш тарихының баршылық. Көптеген адамдар Алашорданың Батыс бөлімі туралы, оның басшылары туралы, олардың сол кездегі атқарған қызметтері жөнінде толық мәліметтерді білмей, тек естіген хабарлар арқылы түсініп, кейбіреулері теріс түсініктермен жүргендерде кездеседі. Осы мақала Алашорданың Батыс бөлімінің тарихын, сол кездегі саяси жағдай туралы, Алаш қайраткерлерінің ұтымды, жағдайға сай атқарған қызметтері туралы мол мағлұмат береді деп ойлаймын.

Түйін сөздер: Алаш, Алашорда, Уфа директориясы, Жалпыресейлік Уақытша өкімет, Ойыл уәлаяты, Алашорданың Батыс бөлімі, Мәскеу қаласында Алашорданың Батыс бөлімі қайраткерлерінің жариялаған Баяндау хаты.

**ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ АЛИХАНА БУКЕЙХАНОВА ПО
ФОРМИРОВАНИЮ ЗАПАДНОГО ОТДЕЛЕНИЯ АЛАШОРДЫ**

Сүлейменова Даметкен Досмұхановна^{1*}

¹к. и. н., ассоциированный профессор, ведущий научный сотрудник Государственного института истории, г. Астана, e-mail: Suleymenova53@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2080-8707>

*Автор-корреспондент

Аннотация. Алаш, Алашорда и лидеры Алаша, безусловно, заслуживают должного внимания. Много работ, посвященных истории Алаша, опубликовано и входит в историческое обращение. Однако существуют исторические аспекты истории Алаша, требующие углубленного изучения. Многие люди не знают всех подробностей о западной части Алаша, его лидерах и их деятельности в то время, понимая всё лишь по слухам, и у некоторых сложилось негативное

представление. Данная статья предоставит много полезной информации об истории западной части Алаша, о политической ситуации того времени и о деятельности деятелей Алаша, которая была рациональной и соответствовала сложившейся ситуации.

Ключевые слова: Алаш, Алашорда, Уфимская директория, Общероссийская временная власть, Уил уалаяты, Западный отдел Алашорды, Заявление, опубликованное в Москве представителями Западного отделения Алашорды.

IRSTI 03.20.01

ACTIVITIES OF ALIKHAN BOKEYKHANOV IN FORMING THE WESTERN BRANCH OF ALASHORDA

D. D. Suleimenova^{1*}

¹Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Leading Researcher at the State Institute of History, Astana, e-mail: Suleymenova53@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2080-8707>

*Corresponding author

Abstract. Alash, Alash Orda, and the leaders of Alash certainly deserve due attention. Numerous works devoted to the history of Alash have been published and are included in historical circulation. However, there are historical aspects of Alash history that require in-depth study. Many people do not know all the details about the western part of Alash, its leaders, and their activities at the time, understanding everything only through rumors, and some have developed a negative image. This article provides a wealth of useful information about the history of the western part of Alash, the political situation of the time, and the activities of Alash leaders, which were rational and appropriate to the prevailing situation.

Keywords: Alash, Alash Orda, Ufa Directory, All-Russian Provisional Authority, Uil Ualayaty, Western Department of Alash Orda, a statement published in Moscow by figures from the Western Division of Alashorda.

Тарихта Уфа мемлекеттік мәжілісі (Уфимское государственное совещание) деген атпен 1918 жылы 8 қыркүйекте Уфа қаласында үкіметтердің басқосуы өтті. Оның жұмысына 147 адам (кейбір деректер бойынша 170) адам қатынасты. Олардың ішінде Құрылтай жиналысының 81 мүшесі болды. Мұсылман фракциясынан 18 адам олар: Ә. Бөкейханов, М. Шоқаев, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, С. Досжанов, Б. Жанқадамов, М. Тынышбаев, І. Тұрмұхамедов, Ғ. Әлібеков, Ә. Әлібеков, У. Танашев және т.б. Мәжіліске қатысқандардың көпшілігі «халықтық өкіметті жақтаушылар» және Кеңестік билікке қарсылар еді. Уфа мемлекеттік мәжілісінің басты мәселесі – Жалпыресейлік Уақытша өкімет құру еді. Мемлекет құрамына: Н. Авксентьев (эсерлер партиясының орталық комитетінің мүшесі, философия докторы), Н. Астров, генерал –

лейтенант, генерал - В. Болдырев, П. Вологодский (Сібір үкіметінің премьер - министрі), В. Виноградов (халық бостандығы партиясының орталық комитетінің мүшесі).

Жалпыресейлік Уақытша өкіметтің негізгі міндеттері: **біріншіден**, Ресейді большевиктік биліктен құтқару және олармен күресу. **Екіншіден**, бөлшектеліп кеткен Ресейдің облыстарын біріктіру, **үшіншіден**, Брест бітімін және басқа да халықаралық мәні бар келісімдерді мойындамау. **Төртіншіден**, Герман коалициясына қарсы соғысты жалғастыру. Жаңа өкімет *Директория* деген атқа ие болды. Директория елдің бөлшектену процесіне (децентрализацияға) қарсы батыл да шұғыл шаралар қолданылатындығын мәлімдеді. Директорияны бүкіл Ресейдің тұтастығы мазаландырса, Әлихан Бөкейхановты өз үкіметі Алаш автономиясының тағдыры, ең алдымен оның территориялық бірлігі толғандырды. Қазақстанның оңтүстік облыстарының Түркістанның құрамында болуы, қазақ мемлекеттігін (Алаш автономиясын) қалыптастыруда көптеген күрделі мәселелер тудыратынын Әлихан Бөкейханов жақсы түсінді. Сонымен қатар оны жеке облыстық ұлттық – территориялық «Ойыл уәлаяты» Уақытша үкіметін құрған, Батыс тобының іс – әрекеті де алаңдатты. Осындай күрделі мәселелер осы басқосуда шешімін табады деген мақсатпен Алашорда үкіметінің басшылары жиынға келген болатын. Уфадағы мемлекеттік Кеңесте Әлихан Бөкейханов: *«Біз өзге ұлт өкілдері, ешқандай да сепаратизмдік бағыт ұстанған жоқпыз. Біз ұлы демократиялық федеративтік Ресеймен біргеміз. Жоғарғы билік Құрылтай жиыны болу керек, әзірше оның құрамы ғана бар, біз сол топтамыз. Құрылтай жиналысы коллегиялық заңды орган болып табылады, ол жиналысқа қатысып отырған 4 мүшесінен сайланған – Сібір үкіметінен, казачестводан, автономиялық үкіметтен және директориядан тұрады»* - деген еді. Осы жиында Әлихан Бөкейханов пен Мұстафа Шоқай келісім комиссиясының құрамына кіріп, жиналыстың барлық сұрақтарымен айналысты, ал Жаһанша Досмұхамедов пен Уәлитхан Танашев – ақсақалдар Кеңесіне мүше болды [1]. Кеңес мүшелері Жалпыресейлік Уақытша өкімет – Директориялық актіге қол қойды. Директория 5 адамнан және Министрлер Кеңесінен тұрды, кеңес мүшелері 1919 жылдың 1 қаңтарына дейін сайланды. Әлихан Бөкейханов Қазақстанның территориялық тұтастығын қалпына келтіру мәселесін ойластырып жатқан кезде Сібір мен Еділ бойындағы жағдай Алашорда үкіметінің жағдайын қиындатып жіберген саяси оқиғалар орын алды. Бұл кезде **біріншіден**, Сібір армиясының қалыптасып, нығаяуы болса, **екіншіден**, Самарадағы Комуч әскерлерінің қызылдардан ойсырай жеңіліс тапқан уақытына дәл келді. Ал мұның өзі Уфадағы Директорияның ішіндегі саяси күштердің арасалмағын айтарлықтай өзгертті. Комучтың әсерлер партиясына мүше болған министрлері, енді үкімет саясатына ықпал етуден қалды, өйткені олардың нақтылы сүйенетін күші қалмады. Уфа Директориясының Сібір үкіметін таратпақ болған әрекетінен ешнәрсе шықпай қалды [2]. Сондықтан Н. Авксентьев басқарған Директорияның Алашорда үкіметіне ғана шамасы келді. Осы жиындағы ең бірінші мәселе Алашорда үкіметін тарату туралы болды. Жалпыресейлік Уақытша өкімет, немесе жаңадан

құрылған Директория Алашорда үкіметі тартылады, оның орнына «Қазақ – қырғыз халқының мәдени – тұрмыстық және экономикалық мұқтаждықтарын қанағаттандыру ісін басқаратын Алаш жөніндегі бас өкіл тағайындалады» деген шешім шығарды [3]. Әзірше, Алашорданың жергілікті органдары уақытша сақталынатын болды, бірақ олар ретіне қарай Бүкілресейлік уақытша өкіметтің мекемелеріне бағынатын болады [4]-деген тұжырым жасайды.

Директория тарапынан Алашорда үкіметін тарату жөніндегі шешім Әлихан Бөкейханмен оның серіктестері үшін күтпеген, оқыс оқиға еді. Бұл жөнінде «Рабочий день» газетінде Алашорда үкіметінің мәлімдемесі жарияланды: «Біздің Директорияға деген көзқарасымыз, өзіміздің Уфа мәжілісінің барлық жұмыстарына және ортақ өкімет құруға қатынасымызбен анықталады. Біз Директорияны мемлекеттік мәжілісте қабылданған платформаны орындауға күш жұмсағаны үшін қолдаймыз. Біз бұрынғысынан Бүкілресейлік федеративтік республиканы жақтаймыз. Өз автономиямыздың жеке біртұтас республика көлемінде болғанын қалаймыз» деп түсінік берген [5]. Бұл шешімге Алаш қайраткерлері келіспей, 11 қыркүйекте төтенше түрде Уфа қаласында Алашорда үкіметінің Кеңесін өткізеді, оның төрағасы Әлихан Бөкейханов және Алашорда үкіметінің мүшелері: Жаһанша Досмұхамедов, Халел Досмұхамедов (Орал), Бақтыгерей Құлманов, Уәлитхан Танашев (Бөкей Ордасы), Сағындық Досжанов (Орынбор), Есенғали Тұрмұхамедов, Бижан Жанқадамов (Ақтөбе), Ахмет Бірімжанов (Торғай), Әлімхан Ермеков, Мұхамеджан Тынышбаев (Жетісу) т.б. қатысуымен өткізілді. Талқыланған мәселе: Автономияның жергілікті басқару жүйесі туралы болды. Бұрынғы «Ойыл уәлаяты» Уақытша үкіметін тарату, оның орнына Алашорданың Батыс бөлімін құру туралы шешім шығарды. Мәжілісте қабылданған шешімнің негізгілері мыналар :

1. Алашорданың Батыс бөлімшесінің комиссарлары, орталық Алашорда үкіметіне бағынышты.
2. Алашорда үкіметі Алаш автономиясы аумағындағы бірден – бір басқару органы болып табылады.
3. Жергілікті басқару, жергілікті және қалалық өзін – өзі басқару жүйесі Алашорданың комиссарлары арқылы жүзеге асырылады.
4. 1917 жылғы Уақытша өкіметтің шығарған заң негіздері бойынша Земстволық және қалалық өзін – өзі басқару жүйесі жүзеге асырылады, бірақ негізгі сұрақтарды шешуде орталық өкімет пен Алашорда үкіметінің шешімдерінің қаулысымен іске асады.
5. Облыстық және уездік комиссарларды Алашорда үкіметі тағайындайды және олар 1917 жылғы Уақытша өкіметтің заңдары анықтаған құқықтарын уақытша пайдаланады.
6. Алашорданың Батыс бөлімінің құрамына : Бөкей Ордасы, Ойыл уәлаяты, Маңғыстау уезі, Закаспий облысы, Ақтөбе және Ырғыз уездері, Торғай облыстары кіретін өңірлер бұл Алаш автономиясының Батыс бөлігі деп аталды.

7. Алашорданың осы бөлімшесі автономияның көрсетілген бөлігінде, Алашорда үкіметінен түсетін маңызды және принципті нұсқауларды басшылыққа алады.

8. Алашорданың Батыс бөлімшесі жергілікті Земстволық және қалалық өзін – өзі басқару қатынастарында Алашорда үкіметі билігін пайдалана алады.

9. Төтенше жағдайлар болғанда және орталық Алашорда үкіметімен байланыс үзілгенде, Алашорданың Батыс бөлімі, барлық құқықтық негізде шешім қабылдай алады.

10. Алашорданың Батыс бөлімінің мүшелері: Жаһанша Досмұхамедов (Құрылтай жиналысының мүшесі, Орал облысы), Халел Досмұхамедов (Құрылтай жиналысының мүшесі, Орал облысы), Бақтыгерей Құлманов (Құрылтай жиналысының мүшесі, Бөкей ордасы), Идрес Тұрмұхамедов (Құрылтай жиналысының мүшесі, Түркістан облысынан) енді.

11. Алашорданың Батыс бөлімінің мүшелік құрамы қосымша тағыда екі адаммен толығады, олар қазақтар тұрмайтын жерден, өзге ұлт өкілдерінен, жергілікті халық ұсынысы негізінде енгізіледі делінген [6].

Бұл **құрылым** ресми түрде *«Алаш автономиясының Батыс бөлігін басқару жөніндегі бөлімше»* деп аталды. Оның төрағалығына – Жаһанша Досмұхамедов сайланды. Осы мәжілістің хаттамасында көрсетілген:

Алашорданың Батыс бөлімінің не себептен құрылғанына тоқталған:

1. Елдегі соғыс жағдайына байланысты, Қазақстан территориясы екі ірі бөлікке бөлініп кетуі.

2. Самара-Ташкент теміржол тармақтарын казак әскерлері басып алып, жолдарды жабу салдары.

3. Жол қатынастарының нашарлығы мен алыстығы. Бір орталықтан басқаруға мүмкіндік бермеуі, Батыс бөліміне Бөкейордасы мен Торғай жерлері енді. Алашорданың Батыс бөлімі орталық Алашорда үкіметінің негізінде заңды түрде қызмет атқара алады. Алашорданың Батыс бөлімінің құжаттарын бүкіл Алашорда үкіметінің құжаттары ретінде қаралсын делінген.

4. Батыс бөлімінің жетекшілері Халел мен Жаһанша Досмұхамедовтардың орынды ұсыныстары және ақ гвардияшылар мен казактардың, ұлтшылдардың қыспаққа алуы жағдайды қиындата түсті. Мәжілісте Алаш автономиясының жергілікті басқару жүйесі туралы мәселені талқылап, бұрынғы «Ойыл уәлаяты» Уақытша үкіметін тарату, оның орнына Алашорданың Батыс бөлімін құру туралы шешім шығарылды.

Алашорданың Батыс бөлімінің әкімшілік құзыретіне бұрынғы «Ойыл уәлаятының» жерін қоса Бөкей ордасының, Ақтөбе, Ырғыз уездерінің (Торғай обл.) және Маңғыстау уезінің (Закаспий обл.) аумағы кірді. Уфа мәжілісінің шешімінен кейін бұрынғы «Ойыл уәлаятының» территориясы 2 есе өсіп, тұрғын халқының жалпы саны 1,5 млн. адамға жетті. Алашорданың Батыс бөлімінің қызметі жөнінде *«сепаратистік пиғылды»* тұжырымдар бар, бірақ ол дұрыс емес екені анықталды. Олар: 1) Орталық Алашорда үкіметінен бөлінді. 2) Шексіз билікке ұмтылды. 3) Бүкілқазақстандық үкімет тұтқасын иеленуді көздеді деген, бірақ бұл жансақ пікір болатын. Алашорда үкіметінің Уфадағы аталмыш

мәжілісінің шешімінде өлкедегі соғыс жағдайының ушығып, жол қатынастарының нашарлап кетуіне байланысты жергілікті басқаруды оперативті түрде қамтамасыз ету үшін автономияның Батыс бөлімін құру қажеттігіне айрықша мән берілген еді. Сонымен қатар Алашорданың Батыс бөлімі Батыс Қазақстан аймағын Орталық Алашорда үкіметінен түсетін маңызды әрі принципті нұсқаулар негізінде басқаратындығы, сондай-ақ төтенше жағдайларға киліккенде, не Орталық Алашордамен арадағы байланыс үзілген жағдайда оның үкімет құқыларын иеленетіндігі де атап көрсетілген. Алашорданың Батыс бөлімінің құрылған кезі Жайық өңірінде азамат соғысының асқынып, өлке тағдыры қолдан-қолға өтіп тұрған кезең еді. Осы аласапыран кезеңінде Алашорданың Батыс бөлімі жан-жақты келіссөздер жүргізіп, әр алуан мәмілелер жасау арқылы халықты қорғап қалды. Алашорданың Батыс бөлімінің орталығы Жымпиты деп шешілді. Жымпитыда телефон, телеграфтар бар, сондықтан бүкіл байланыстар Жымпиты арқылы болу керек деген шешім шығарылды. Алашорданың Батыс бөлімінің комиссары болып Жанғожа Мергенов тағайындалды. Сондықтан Орал облысына келіп түскен бұйрықтарды Жымпитыға облыс комиссары Жанғожа Мергеновқа жіберілсін деген бұйрыққа Алашорданың Батыс бөлімінің төрағасы - Жаһанша Досмұхамедовтың қолы қойылған [7]. Алашорданың Батыс бөлімінің жетекшілері олардың соңынан ерген қалың бұқараны нақақ қантөгістен, қарулы қақтығыстардан аман алып қалу үшін жұмыстанды.

Алашорда мүшелері Халел Досмұхамедов пен Уәлиатхан Танашев Комучтың Кеңесін әзірлеуге қатысты.

1918 жылдың 25 қыркүйегінде Комуч (Комитет членов учредительного собрания) Алашорданың Батыс бөлімінің құрылуы жөніндегі Декларацияны қабылдады. Жаһанша Досмұхамедов 1918 жылы қыркүйекте Қазақ атқару комитеті атынан Комучке мүше болып кірді. Сонымен бір мезгілде ол Құрылтай жиналысы шақырылғанша, не жалпы мемлекеттік өкімет билігі құрылғанша «Алашорданың Батыс бөлімі өз егемендігін сақтайтынын, ал Комучтың билігі Самара губерниясы шегінде жүретін құрылым ретінде танитынын мәлімдеді. Жаһанша Досмұхамедов Комучпен арадағы одақты тең дәрежедегі байланыста ұстана отыра, Комучтың демократиялық - федеративтік республика идеясын ұстанды. Комуч комитеті Жаһанша Досмұхамедов сияқты өздері үлкен үміт артқандардың Құрылтай жиналысының большевиктер тарапынан күшпен таратылуына деген наразылығын ала отыра, өз қызметтеріне пайдалануға тырысты.

Азамат соғысы басталысымен үш ай бойы Алашорда өз билігін орнату мақсатымен автономияны басқару, жер пайдалану тәртібі, салық, сот, дін, әскер істері жөнінде көптеген қаулы - қарарлар қабылдады. Алайда Сібір үкіметі тарапынан да, Орынбор мен Орал қалаларындағы «әскери үкіметтер» тарапынан да оларды қолдау туралы ешбір әрекеттер жасалмады.

Осы кезеңді зерттеуші тарихшылар қазақ зиялыларының көрегендік саясатына зор ризашылықтарын білдіре отырып, мынандай тұжырым жасайды:

1. Уфа Директориясы өкіметі Қазақстанда құрылған Алашорда Уақытша үкіметін таратуға шешім шығарды.

2. Батыс өңірде құрылған «Ойыл уәлаяты» атты Уақытша үкіметті таратты,оның барлық құжаттарын жаңадан құрылған, Алашорданың Батыс бөліміне тапсырды.

3. Алашорданың Батыс бөлімін құрып заңдастырды.

4. Сонымен қатар Алашорда Уақытша үкіметін, яғни Кіндік үкіметті де сақтап қалды [8].

Алашорданың Батыс бөлімі де, Алашорда үкіметінің мүшелері де большевизмге қарсы күресуші ақтар үкіметінің, келешекте орыс емес «ұлттарға еш нәрсе бермейтіні былай тұрсын, тіпті олар езілген халықтардың әділетке сай құқыларға ие болуына қарсы шығатындықтарына» көздері жетті.

1918 жылдың қараша айының басында Алашорданың Батыс бөлімі орталық Алашорда Уақытша үкіметінің таратылғандығы және биліктің түгелдей Колчак үкіметінің қолына көшкендігін хабарлаған екі жеделхатты қатар алды [9].

Алашорданың Батыс бөлімі бұл бұйрыққа бағынбайтынын өз қарауындағы территорияда басқаруды бұрынғыша жүргізе беретінін мәлімдеді. Бұл жауап «Халық» газетінде жарияланған болатын [10].

1918 жылы қарашаның аяғы мен желтоқсанның басында майданда жеңіліске ұшыраған Орал казактары жоғарыдағы Алашорданың Батыс бөлімі үкіметінен келісім – шартқа қарамастан адам күшімен көмек берулерін талап етті, бұл талабын казактар соғыстағы казак әскерлерінің рухын көтеру үшін деп дәлелдемек болды. Алаш әскері тек өз жерін қорғауға ғана ант бергендігін, сондықтан да майданға бара алмайтындығын сылтау еткен Алашорданың Батыс бөлімінің үкіметі казактар талабын қабылдамай тастады, бірақ Орал казактарының әскери үкіметі талабын күшейте түсті. Казак әскери үкіметінің талабын естіген Жымпиты гарнизоны жігіттері, казак әскерлеріне ашық түрде қарсы шығып, көтеріліс ұйымдастырды.. Көп кешікпей жағдай қалпына келді.

Азамат соғысының аса шиеленісіп тұрған кезі 1918 жылдың күзінде Алашорданың Батыс бөлімінің орталық Алашорда үкіметімен бұған дейінгі азын – аулақ байланысының өзі де үзіліп қалды. Екі оттың ортасына түскен Алашорданың Батыс бөлімі үкіметіне бір жағынан қызыл әскерлердің қыспағы, екінші жағынан анталаған ақ гвардияшылар да қатер төндірді. Оның үстіне Бөкей Ордасындағы ұлттық автономия біржолата құлап, мұнда Кеңес өкіметі орнады.

Өзін Ресейдің Жоғарғы билеушісі деп жариялаған адмирал Колчак өкіметі басына келгеннен соң үш күн өткенде жариялаған мына құжаттан, оның Алашордаға байланысты көзқарасын анық көруге болады. «Семей облысында мемлекеттік тәртіп пен қоғамдық тыныштықты сақтау туралы Далалық екінші Сібір корпусы командирі өкілінің бұйрығы 20 қараша 1918 жыл. № 14 бұйрық жарияланды: « Семей қаласы. Семей қаласының өзенің арғы бетіндегі бөлігінде (Заречная слабодка- авт.) Алаш атаған қаланы өзін – өзі басқару әлі де қызмет етуде. Кеңес өкіметі кезінде құрылған және қазіргі өкімет мойындамаған Алаш басқармасы таратылсын, оның іс – қағаздары Семей қалалық басқармасына

берілсін. Заречная слаботка бұрынғысынша Семей қаласының құрамдас бөлігі болып саналсын. Осы бұйрықты жүзеге асыру милицияның төртінші бөлімшесінің бастығы Пионтовичке жүктелсін» [11] делінген. Осылайша, Алашорданың Батыс бөлімі мен Алашорда үкіметінің арасындағы байланыс үзілді.

1919 жылы тамыз айының соңында Омбыға Колчактың қабылдауына, атаман Толстовқа Алашорданың Батыс бөлімі үкіметінің әскеріне басшылық жасауда қосымша құқық берілуін сұраған Орал казак әскері мен Алашорданың Батыс бөлімінің делегациясы барған болатын, бірақ ол нәтижесіз аяқталды. Сол кездегі Жайық өңіріндегі ақгвардияшылар әскерінің қолбасшысы генерал – майор Толстов, Жайықтың сол жақ бетінің, яғни қазақ даласының генерал – губернаторы етіп Ерыклинцевті тағайындап, оған бүкіл әскери және азаматтық билік жүргізуді тапсырды, қарсылық көрсеткендерді атуға дейін құқық берілді. Кадеттер партиясының газеті «Сибирская речь» 1918 жылы тамыздың 5-індегі санында жарияланған *«Қырғыз (қазақ) автономиясы туралы мәселеге»* деген мақалада ешқандай бұлтарыссыз: *«Қырғыз (қазақ) өкілдері талап еткен формадағы автономия, Россиядан түгелдей босатылып жеке тәуелсіз қырғыз (қазақ) мемлекетін құрумен бірдей. Біз жатжұрттықтардың мәдени – ұлттық мұқтаждықтарын орындау жөніндегі талаптарын қолдауға дайынбыз, алайда өзін – өзі құртуға бет бұрған мемлекет қана осындай жатжұрттық сепаратизмге жол береді деп санаймыз»* -деп тұжырымдады [12].

Осылайша, қалай болғанда да Алаш автономиясын мойындату, қазақ жерін ұлттық автономияға біріктіруде алаштықтардың сан түрлі саяси қадамдар жасағаны, бірақ өзгелерден қолдау таппағаны ақиқат.

Алашорданың Батыс бөлімі үкіметі алғашқы күндерден-ақ ұлттық мүддені бірінші кезекке қойды. Ол жер мәселесінде (переселендердің жаңа толқынына шек қою, қазақтарды егіншілікке, жалпы шаруашылыққа қолайлы жермен қамтамасыз ету). Қазақ жерінің табиғи байлығын алу оны қазақ елінің игілігіне жарату, саяси билікті қолға алуды, оқу – білім ісін жолға қоюды т.с.с. мәселелерді шешуді мұрат тұтатындығын ашық – анық білдірді. Оның бұл пиғылына ескі ұлы державалық күштердің де, басқаларды орталыққа байлап беруді көздеген жаңа Кеңестік биліктің де іштарта қоймағандығы өзінен – өзі түсінікті. Мәселен, ақ гвардиялық, монархиялық, әрі шовинистік күштер үшін Алашорда большевиктерге қарсы күресте уақытша стратегиялық одақтас қана еді. Мұндай позициясын олар 1918 жылғы қарашадағы қаулысымен Алашорда үкіметін жойып жіберуге тырысты. Оған дәлел Омбы қаласында 22 қазан мен 4 қараша аралығында 1918 жылғы Жалпыресейлік Уақытша өкіметінің Алашорда үкіметіне шығарған Жарлығы дәлел бола алады [13].

Жарлық негізіне сүйенсек, бұдан шығатыны, олар Алашорданы көзге де іліп отырған жоқ. Кешікпей, бұл үкіметтің орнына келген адмирал Колчак та «дербес мемлекет құрып жатыр екенсіңдер бұларын дұрыс» дегені және белгілі. Қайта ол Алашорда үкіметін менсінбей, оған жоғарыдан маңғаздана қарады. Өкінішке орай көп кешікпей осы сұрлеуге Кеңестік билік те түсті. Әйтпесе, қазақтың мұнын жоқтайтын дайын Алашорда үкіметі тұрғанда, білімсіз жалаңаяқтардан

тағы да қосалқы кеңес үкіметін құру кімге қажет еді. Әрине, Кеңес өкіметі : «мен сенің өзінді – өзін билеу құқығыңды мойындаймын», - деп сендірді қазақты. Бірақ тура осы ойды, ол астармен басқаша айтты. Ол: «Қазақстанда ұлттық мемлекет құруға болады, бірақ ол Кеңестік негізде болсын», - деген бағытты ұстанды.

1919 жылы 27 қазанда Қазревкомның кеңейтілген мәжілісінде Ахмет Байтұрсыновтың табанды ұсынысымен «қазақ халқын біріктіру» және Кеңес өкіметі жағына шыққан жағдайда, Қызыл Армияға қарсы күресіп жатқан Алашорданың Батыс бөліміне кешірім жасау мәселесі қаралды. Осыған орай Түркістан майданының саяси бөлімі Алашорданың Батыс бөлімінің әскерлері арасында «Кеңес өкіметіне сенімсіздік жойылсын» деген үндеу парақшаларын таратып, Кеңес өкіметін толық мойындап, Қызыл Армияға көмек көрсеткендерге толық кешірім жасалатындығын хабарлайды. Азамат соғысында басымдыққа жетіп, өздерін жаңа дүниенің қожасы сезіне бастаған Кеңес өкіметінің өкілдері енді, Алашорданың Батыс бөлімінің жетекшілерін менсінгісі келмеді. Тіпті, Сейтқали Меңдешев басқарған Қазревком комиссиясы: «Алашорданың Батыс бөлімінің Кеңес өкіметі жағына шығуы, осы өкімет идеясын жақтағандықтан емес, керісінше бұрынғы одақтасы – Орал казак-орыстарының түзелмейтін жағдайға тап болғандығынан және Орал облысынан қашып кету мүмкіндігі қалмағандығынан» деген ұйғарым жасаған [14] еді.

Жымпитыда өткен Орал облысы қазақтарының 5 – інші съезінде Жаһанша Досмұхамедов ел ішіндегі саяси ахуалға талдау жасай келе, Алашорданың Батыс бөлімінің орталығын Ойылға көшіру жөнінде шешім қабылдайды. Сол кездегі саяси жағдайға байланысты Алашорданың Батыс бөлімінің жетекшілері Орал облысында орныққан Кеңес өкіметінің ықпалынан алыстап, дербес билік тұтқаларын сақтап қалуға үміттенді. Бірақ елдегі саяси жағдай күрделенген соң үкіметті Ойыл қаласынан Қызылқоғаға көшіруге шешім қабылдайды. Қызылқоғаға ту тіккеннен кейін өздерінің үзілді - кесілді берілуін талап еткен большевиктер өкіметінің талабына бірден келісе қоймай, тең құқылы қарым-қатынас орнатуға талпынды. Өздерінің халық сайлаған үкімет екенін алға тартып, Қызылқоғаға бекінген ақ гвардияшылардың бөлімшелерін бірлесе талқандау жоспарын ұсынады. 1919 жылы 27-інші желтоқсанда Алашорданың Батыс бөлімінің әскерлері Қызылқоғаның «Райгородок» ауылына орналасқан Елек корпусының штабын басып алып, генерал Акутин бастаған ақ офицерлерді 500 казак - орыс әскерлерін қоса тұтқындап, қару - жарақтарын, киім – кешектерін, азық - түліктерін олжалайды. Екі күн бойы оларды құтқармақ болған казак - орыс әскерлерімен шайқасады. Қызылқоғаға кешігіп жеткен Қызыл Армия бөлімдері ақтардан олжалаған қару - жарақтарды, мүліктерді иеленіп, Алашорданың Батыс бөлімін тартуға кіріседі.

1920 жылы 12-інші қаңтарда 1- Қызыл Армия ревкомының уәкілі Наумов, Қазэсревком уәкілі Бегимбетов, Алашорданың Батыс бөлімінің төрағасы Жаһанша Досмұхамедов дала жұртын Кеңес өкіметі тәртібіне бағынуға шақырды.

Бірақ саяси мәдениеті төмен Кеңес өкіметі өкілдерінің (мыс. Фрунзе) астамшылығының кесірінен алашордашыл қайраткерлерге кешірім беру

мәселесі бірнеше айларға созылды. Ақыры, ұзақ дау - даламайдан соң Қазревкомның 1920 жылғы 5 наурыздағы қаулысына сәйкес Алашорданың Батыс бөлімі таратылып, оның белсенді басшылары – Жаһанша Досмұхамедов, Халел Досмұхамедов, Иса Қашқынбаев, Кәрім Жаленов, Беркінғали Атшыбаевтар «халықтан оқшауландыру» мақсатымен Орынборға әкелінеді. Осылайша Алашорданың Батыс бөлімі толықтай таратылады. Қызылқоғада өткен Орал қазақтарының 6-ншы съезінде Жаһанша Досмұхамедов : «Біз алға қойған міндеттерімізді толықтай орындадық, енді Кеңес өкіметіне біздерге автономия беруден басқа жол қалған жоқ. Біздер автономияны құрып, іс жүзінде оны іске асырдық. Сондықтан қазақ мемлекеті автономияны алады» деген болатын[15].

Қорыта айтқанда, Алашорда қозғалысы тарихында Алашорданың Батыс бөлімі тарихының алатын орны ерекше. Бұған дейін орталық Алаш үкіметін құрған қазақ жерінің батыс аймағындағыдай бірлескен тұтастық болмады: Бөкейлік ұлттық автономия өз алдына, Жайықтың қазақтар мекендеген арқа беті, Ақтөбе, Маңғыстау уездерін қосып, «Ойыл уәлаяты» деп атаған автономия өз алдына, Торғай облысы өз алдына жеке дара қимыл жасаған еді. Ендігі жағдайда, ел басына қиын – қыстау күн туғанда «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» бірлесіп күрес жүргізу керектігі айқындалды. Ресей сияқты ұлы державаның ыдырау жағдайында қазақ халқының қамын жеген Алаш зиялылары, асқан көрегендікпен қалай да тәуелсіздікті алып қалуға тырысты және қолдарынан келгеннің бәрін жасады. Алашорданың Батыс бөлімі үкіметінің қызметі анағұрлым ұйымдасқан, қарқынды қимылымен көзге түсті. 1917 мен 1920 жылдар аралығында Орал қазақтарының алты съезі өтті, онда аса маңызды мәселелер талқыланып, қаулылар қабылданды. Алашорданың Батыс бөлімінің территориясы да ауқымды, халқының саны да жоғары болды. Алашорданың Батыс бөлімі үкіметі көршілес Комуч өкіметімен, Уақытша Сібір өкіметімен, Орал әскери–казак өкіметімен, Орынбор казачествосымен, Омбыдағы Колчак және Кеңес өкіметтерімен терезесі тең саясат ұстануға тырысты. Сонымен қатар Алашорданың Батыс бөлімінің сарбаздары Оралдан шегінген орыс – казактарды тықсырырып, қазақ жерінен қуып шықты және өз еріктерімен тікелей Түркістан майданы басшылығына бағынуға тең жағдайда келісім шарт жасасты. Мәскеу қаласында Алашорданың Батыс бөлімінің басшыларының «Баяндау хатында: *«Біз, Алашорда өкілдері, өзіміздің Қазақ өлкесіндегі саяси басшылық пен Уақытша үкімет басшылығына халықтың өз таңдауымен, халықтың қалауымен келгенімізді мәлімдеуді қажет деп есептейміз. Қиын – қыстау кезеңде басшылықта болған біз өз шама – шарқымыз бен мүмкіншілігімізге қарай өз халқымыздың еркін қалауын жүзеге асыру жолында қызмет істедік. Сеніп тапсырылған билікті өз еркімізбен Кирәскериревкомға бере отырып, біз бұл әрекет қазақ халқының принциптеріне қайшы келмеу керек деген ойға сүйендік, өйткені, Кирревком да біз қызмет еткен идеяға, Қазақ өлкесін автономиялық басқару идеясына қызмет етеді немесе қызмет етуге тиіс. Әзірге жалпы мемлекеттік билік жағдайында, өз – өзін сақтау мақсатымен қазақ халқының өз мемлекеттік аппараты болуға тиіс деген саяси ойды*

жақтай отырып, біз Қазақ өлкесін басқарушы жоғарғы органдарға міндетті түрде қатысуымыз керек деген ниеттен аулақпыз. Сонымен бірге өлкедегі автономиялық билікті жүзеге асырушылардың қандай да болсын саяси сенім, нанымдарына қарамастан, біз өзіміздің барлық күш – жігеріміз бен білімімізді, еңбегімізді қазақ өлкесінің гүлденуі үшін жұмсауға әзірміз. Біз тек тағы да «өңін айналдырған» ұлы державалық үстемдік пен құлдықтың орнауына, сондай-ақ қазақтардың тағы да ұлы державалық ұлттық саяси қызметшісі мен қолишоқпарына айналуына барлық жан – тәнімізбен қарсымыз», - деп қол қойған болатын [16].

Осы баяндау хатының мазмұнына сүйене отырып, мынандай тұжырымдар жасауға болады. **Біріншіден**, Алашорданың Батыс бөлімінің Алаш зиялылары отарлық езгі жағдайында аяқ асты болып келген ұлттық мүддені қорғай алатын ұлттық мемлекеттік құрылымның болуына ат салысты. Осы жолда істеуге тиісті қажетті шараларға большевиктердің таптық, пролетарлық, интернационализм принциптерінің негізге алынуы кедергі болатынын жақсы түсіне білді, оны қолдамады. **Екіншіден**, жергілікті жерлерде казактардың және Кеңес өкіметін орнатушы большевиктердің саясатын жан – жақты қолдамай, халықтың қан – төгісін болдырмау мақсатында екі жақпен уақыт созу әрекетін жасай отырып, ұлттық мемлекет құрылымын тездетуге тырысты. Алашорданың Батыс бөлімінің әскері 1919 жылдың аяғында ақ казактарға қарсы қарулы күреске шықты. Алайда, Орал майданындағы соғыс қимылдары аяқталғаннан кейін Кеңес өкіметі Алашорданың Батыс бөлімінің басшыларына деген көзқарасын өзгертті. Фрунзенің тікелей нұсқауымен Алашорданың Батыс бөлімінің басшылары еңбекші бұқарасынан оқшауландырылды. **Үшіншіден**, Алаш көшбасшылары ХХ ғасырдың басында дербес мемлекет құру бағдарламасын ұсынған кезде таптық жіктелуге де, ұлтшылдық томаға - тұйықтыққа да ұрынбауды басшылыққа алған болатын. Олар өзге азшылықтағы ұлттар өкілдерінің құқығын шектемейтінін қазақ ұлтының елді біріктіруші идеясын Алашорда үкіметін сайлаған съездің өзінде жария еткен болатын. Алаш зиялылары мемлекеттің бастауы - демократиялық бостандықтар мен адам құқықтарын қорғау да Алаштықтар ұлтына, дініне, тіліне, жынысына қарамай барлық азаматтардың құқығының теңдігін, сөз, баспасөз бастауындағы, саяси, қоғамдық ұйым немесе қауым құру еркіндігін ұсынған идеялары қазіргі таңда да өзекті мәселе болып табылады. Алаш зиялылары Қазақ елінің рухын тәуелсіз ұлт дәрежесіне жеткізу жолына бүкіл арман - мұратын, қайратын, талантын тағдыр талайына салған тұлғалар. Сондықтан Батыста құрылған Алашорданың Батыс бөлімі атты мемлекеттік құрылым аз уақыт өмір сүрседе, көп істерді тындырды, олар қазіргі тәуелсіз мемлекетіміздің алғашқы қарылғаштары, осы егеменді еліміздің негізін қалағандар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. История Западного отделения Алаш-Орды. Сбор. док. и матер. Уральск, 2012.
2. // Народная Сибирь. 1918. 16 ноябрь

3. Мартыненко Н. Алаш-Орда. Сбор. Док. Алматы, 1992.
4. Сүлейменова Д. Алашорданың Батыс бөлімінің тарихы. Диссер. Алматы, 2004.
5. // Рабочий день. 1918. 6 ноябрь.
6. Нұрпейіс К. Алаш һәм Алашорда. Алматы, 1995.
7. Сүлейменова Д. Алаш қозғалысы және Жаһанша Досмұхамедов. Орал, 2010.
8. Сүлейменова Д. Батыс Алаш арыстары. Орал, 2017.
9. А.О.Р., Ф. XXIX, Ар. № С7М7 4-в/20. 22 октябрь / 4 ноябрь 1918.
10. Рысбеков Т. Өскен өлке тарихы. Орал, 1997.
11. Нұрпейіс К. Алаш һәм Алашорда. Алматы, 1995.
12. Ақбай Ж. Жаһанша. – Орал, 2008. – 79-80б.
13. Ақбай Ж. Алшын – От – Ана. Орал, 2000.
14. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы, 1995.
15. Тілешев Е., Қамзабекұлы Д., Нұрахмет. Алаш қозғалысы. Алматы, 2008.
16. Сүлейменова Д. Жаһанша Досмұхамедов һәм қазақ автономиясы. 2018.

References

1. Istoriya Zapadnogo otdeleniya Alash-Ordyy. Sbornik dokumentov i materialov. Uralsk, 2012.
2. Narodnaya Sibir. 1918. 16 noyabr.
3. Martynenko N. Alash-Orda. Sbornik dokumentov. Almaty, 1992.
4. Suleimenova D. Alashordany Batys boliminin tarihy. Dissertatsiya. Almaty, 2004.
5. Rabochiy den. 1918. 6 noyabr.
6. Nurpeis K. Alash ham Alashorda. Almaty, 1995.
7. Suleimenova D. Alash qozgalysy zhane Жаһанша Досмұхамедов. Oral, 2010.
8. Suleimenova D. Batys Alash arystary. Oral, 2017.
9. A.O.R., F. XXIX, Ar. № S7M7 4-v/20. 22 oktyabr / 4 noyabr 1918.
10. Rysbekov T. Oskan olke tarihy. Oral, 1997.
11. Nurpeis K. Alash ham Alashorda. Almaty, 1995.
12. Akbay Zh. Zhakhansha. Oral, 2008. – 79–80 b.
13. Akbay Zh. Alshyn – Ot – Ana. Oral, 2000.
14. Koigeldiev M. Alash qozgalysy. Almaty, 1995.
15. Erlan Tileshev., Dikhan Kamzabekuly., Nurakhmet. Alash qozgalysy. Almaty, 2008.
16. Suleimenova D. Zhakhansha Dosmukhamedov ham qazaq avtonomiyasy. 2018.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ РУХ

Сәрсембина Құралай Қуандықызы¹,

¹Тарих ғылымдарының кандидаты, Астана қаласындағы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты филиалның директоры (11/5-үй, Қабанбай батыр даңғ., 010017, Астана, Қазақстан Республикасы), <https://orcid.org/0000-0002-5571-7944>, e-mail: kuralai_sk@mail.ru

Аннотация. Мақалада Әлихан Бөкейханның ұлттық рухты көтерген тарихи бейнесі зерделенеді. Автор Отандық тарихтағы Алаш зиялыларының тұлғалық бейнесі; тұлғатану мәселесі; ұлттық рухты биіктететін зиялылар екендігі; зиялылық түсінігінің большевиктік-сталиндік билік тұсында бұрмаланғандығы; адамды тұлғалыққа тәрбиелейтін ұлттық тарихи санасы екендігі туралы ой тұжырымдарын жасайды. Рухани жетілген жан ұлтына адал қызмет етіп; нағыз зиялы деп білігі мен білімін халқының игілігіне жұмсап, ұлт мүддесі жолында өзін құрбан етуге даяр болатындығын түйіндейді.

Мақалада Алаш зиялыларының аз уақыт ішінде ұлттық рухты көтеріп, халқына уақыт сынын ұғындырып, заман тығырығынан шығудың сан-қырлы жолдарын көрсетіп кеткендігі; олардың көтерген проблемаларының бір қатары әлі күнге дейін өз шешімін таппай отырғандығы; Әлихан Бөкейхан бастаған ұлт зиялылары бастарына төнген қауіп қатерге қарамастан ұлттық идеяны халық санасына сіңіру үшін «Қазақ» газетін шығарып, «Алаш» партиясын, Алаш Орда мемлекетін құрып, ұлттық идеяны, ұлттық рухты көтергендігі; Алаш идеясының астарында қазақтың ұлттық рух түсінігі жатырғандығы зерделенеді.

Әлихан Бөкейханның сол кезеңдегі мерімдік басылымдарда жарияланған мақалалары талданып, ұлт ұстазының саяси лидер ғана емес, энциклопедист ғалым, нағыз ұлт қызметшісі екендігі тұжырымдалады.

Әлихан Бөкейхан - қоғамдық-саяси, ағартушылық қызметі, ғылыми мұралары арқылы ұлттық рухты биіктетіп кетті. Биіктете де береді. Әлихан Нұрмұхамедұлының тарихи тұлғасы өз биігінен зерттелініп, зерделенуі тиіс.

Кілт сөздер: Ұлттық рух, ұлттық идея, рух категориясы, рух философиясы, тұлға, тарих, мемлекет.

АЛИХАН БОКЕЙХАН И НАЦИОНАЛЬНЫЙ ДУХ

Куралай Куандыковна Сарсембина¹

¹кандидат исторических наук, директор филиала Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова в г. Астане (пр. Кабанбай батыра, 11/5, 010017, Астана, Республика Казахстан), <https://orcid.org/0000-0002-5571-7944>, e-mail: kuralai_sk@mail.ru

Аннотация. В статье исследуется исторический образ Алихана Бөкейхана, который поднял национальный дух. Автор рассматривает образ личности алашской интеллигенции в отечественной истории; проблему индивидуализма;

возвышения интеллигенцией национального духа; об искажении понятие интеллигентности при большевистско-сталинском правлении; национальном историческом сознании, воспитывающим человека в личности. Духовно зрелая душа преданно служит нации; настоящим интеллектуалом считается готовность жертвовать собой во имя интересов нации, вкладывая свои знания и знания во благо своего народа.

В статье подчеркивается, что алашская интеллигенция за короткое время подняла национальный дух, проверила время на своем народе и показала многогранные пути выхода из тупика современности; ряд проблем, которые они поднимают, до сих пор не нашли своего решения; национальная интеллигенция во главе с Алиханом Бокейханом выпустила газету «Қазақ», чтобы впитать национальную идею в сознание народа, несмотря на угрозу Будет изучено, что он создал партию Алаш, государство Алаш Орда, поднял национальную идею, национальный дух; что за идеей Алаша стоит казахское понимание национального духа. Проанализированы статьи Алихана Бокейхана, опубликованные в юбилейных изданиях того периода, в которых утверждается, что учитель нации-не только политический лидер, но и ученый-эницлопедист, настоящий слуга нации. Алихан Бокейхан благодаря своей общественно-политической, просветительской деятельности, научному наследию, поднял национальный дух. Историческая личность Алихана Нурмухамедовича должна быть изучена.

Ключевые слова: национальный дух, национальная идея, категория духа, философия духа, личность, история, государство.

ALIKHAN BUKEIKHAN AND THE NATIONAL SPIRIT

Kuralay K. Sarsembina¹

¹Branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology in Astana (11/5, Kabanbay Batyr Ave., 010017, Astana, Republic of Kazakhstan), Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher, <https://orcid.org/0000-0002-5571-7944>. e-mail: kuralai_sk@mail.ru

Abstract. The article explores the historical image of Alikhan Bokeikhan, who raised the national spirit. The author examines the image of the personality of the Alash intelligentsia in Russian history; the problem of individualism; the rise of the national spirit by the intelligentsia; the distortion of the concept of intelligence under the Bolshevik-Stalinist rule; the national historical consciousness that educates a person in personality. A spiritually mature soul serves the nation faithfully; a true intellectual is considered to be willing to sacrifice himself in the name of the interests of the nation, investing his knowledge and knowledge for the benefit of his people.

The article emphasizes that the Alash intelligentsia has raised the national spirit in a short time, tested the time on its people and showed multifaceted ways out of the impasse of modernity; a number of problems that they raise have not yet found their solution; the national intelligentsia, led by Alikhan Bokeikhan, published the

newspaper "Kazak" to absorb the national idea. in the consciousness of the people, despite the threat, it will be studied that he created the Alash party, the Alash Horde state, raised the national idea, the national spirit; that the Kazakh understanding of the national spirit stands behind the idea of Alash. The article analyzes articles by Alikhan Bokeikhan published in the jubilee editions of that period, which state that the teacher of the nation is not only a political leader, but also an encyclopedia scholar, a true servant of the nation. Alikhan Bokeikhan, thanks to his socio-political, educational activities, scientific heritage, raised the national spirit. The historical personality of Alikhan Nurmukhamedovich should be studied.

Keywords: national spirit, national idea, category of spirit, philosophy of spirit, personality, history, state.

Кіріспе. Мемлекеттіліктің тұғырлы болуы ұлттық рухтың мәніне қатысты айқындалады. Әрбір тұлғаның өмір сүрген уақыты мен ортасы түрлі болғанмен, оның рухани дербес іс - әрекетін тарих тұрғысынан көрсететін рухының табиғаты бір. Ол: еркіндік, батырлық, даналық, тектілік. Абай даналығында айтылғандай адамның басты парызы да сол. Адам болып дүниеге келген соң, әрбір адамға өзінің рухын ұдайы жетілдіріп отыру - басты парыз. Рух философиясының мәні осында жатыр.

Рух категориясының мәні тереңде жатыр. Рух философия ғылымы шеңберінде талданғанымен, оның мазмұны тарихтың қозғаушы күші ретінде анықталады. Осыған орай тарихтағы жеке тұлғалардың тағдырын жазғанда міндетті түрде рух философиясына тоқталмай өте алмаймыз. Тарихи зерттеудің негізі адамның рухани ісі болғандықтан да, тұлғаның тарихи келбеті оның рухына қатысты анықталады. Есті, парасаты мол, білікті де білімді, бір сөзбен айтқанда тектілік (бұл жерде азаматтың жеке басының тектілігін айтып отырмыз— автор) бейнесі жоғары адамды рухы биік тұлға дейміз. Рухты тұлға уақыт қисынын ұғыну, замана деңгейін таза ақылмен пайымдау арқылы Отанына адал қызмет етеді. Бұл дегеніміз рухани жетілген жанның адамдық борышын орындауы. Адамды тұлғалыққа тәрбиелейтін ұлттың тарихи санасы.

Отандық тарихты философиялық көзқараспен зерделесек, тұлғалықтың тарихи бейнесін сомдаймыз. Әрбір ұлттың өзіндік өмір сүру ерекшелігіне сай қалыптасып, тарих өрісімен жүретін жан дүниесі болады. Бұны тарих философиясы дәлелдеген-ді. Ұлттың жанын ұғынып, рухын асқақтататын зиялылар. Осы тұста зиялылық түсінігінің мәніне кеңестік қоғамда қалыптасқан тар шеңбермен қарамау қажеттілігін де ескеру шарт. Нағыз зиялы деп білігі мен білімін халқының игілігіне жұмсап, ұлт мүддесі жолында өзін құрбан етуге даяр болатын тұлғаны айтамыз. Нағыз зиялы жеке мүддесін ұлт мүддесінен асыра қамқорлай алмайды. Бұны тарихтағы тұлғалар тағдыры дәлелдейді. Ахмет Байтұрсынұлы:

Не пайда өнерің мен біліміңнен,

Тиісті жерлеріне сарп ұрмаған? [Байтұрсынұлы, 2003: 408], - деп жазғандай, оқыған ел пайдасына жарамаса оны зиялыға жатқызуға болмас. Нағыз зиялының сөзі мен ісінің үндесуіне орай, зиялылықтың қуаттылығы да

күшті болмақ. Осы мәселені қазақ даналығы ер мен ел жарастығы деп ұғындырады. Ер мен ел бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Тұлға мен мемлекет жарастығы нағыз зиялылар ісі арқылы қалыптаспақ.

Отандық тарихтан (ұлттық сананың тұтастығы уақытындағы) шынайы зиялылықтың үлгілерін жиі кездестіреміз.

Отан тарихында бірқатар тұлғалар даналығымен, өсиетімен ұлтқа адал қызмет етуді көздесе, ал Кенесары сынды көптеген қазақ батырлары рухқа толы тұлғалық іс - әрекетімен елге адал қызмет етуді көздеп ел мәдениетінде батырлық феноменін қалдырды. Оның субстанциясы Аристотель, әл - Фараби, И. Кант, Гегель, Абай, Шәкәрім, Жүсіпбек, Мағжан және басқа да ойшылдар зерттеген адам болмысының тұлғалық субстанциясы - интеллектінің шексіз мүмкіндігінде. Гегель жазғандай «Рух интеллект түрінде емес, ерік түрінде емес, интеллектіге негізделген ерік ретінде анықталады» [Гегель, 1992: 21].

Мемлекеттіліктің тұғыры халықтың мемлекетшілдік рухтағы тәрбиесіне, әсіресе зиялы қауым өкілдерінің ұлттық мүдде тұрғысындағы зиялы істеріне келіп тірелетіндігі ақиқат. Сондықтан да нағыз зиялыны қалыптастыру, тәрбиелеп шығару әр ұлттың орасан зор жетістігі болмақ. Ондай ұлттың болашағы да зор. Қазақтың даналық тарихына көз жүгіртсек тұлғаның зиялылық деңгейінің қалыптасуына, үнемі өсіп - жетілуіне терең мән берілгендігін аңғарамыз. Мәселен, Әйтеке бидің «Қасиетсізден хан қойсаң, қайыры болмайды. Батыры ессіз, биі паракор елдің маңдайының соры кереқарыс. Ел ағасы ақымақ болса, елін жау түгілі жолаушы тонар... Ездер ел басқарса, өз елін жаумен бірге тонаудан шімірікпейді. Құлдық ұрған көбейсе, жұтағанның белгісі, азамат деп жүргенің атасымен бұлданса жұтағанның белгісі» [Жұлдыз, 2003: 82] – деген даналығы ұлт мүддесін ойлай білмейтін «зиялылардың» бейнесін сомдайды. Әлихан Бөкейханов – қазақтың тұңғыш энциклопедисті. XX ғасыр басында неміс Ф.А.Брокгауз бен орыс И.А.Ефрон секілді баспагерлер көптомдық «Жаңа энциклопедиялық сөздігін» шығарып тұрғандығы белгілі. Қазақ өлкесін танушы ғалым Бөкейханов осы «сөздікті» әзірлеуге ат салысқан. «Сөздікке» енген қазақтың тарихы, қазақтың хандықтары, Бөкей ордасы жайында (8 том, 447-452 беттер), қазақтың көрнекті хан-көсемдері туралы және басқа материалдарды Ә.Бөкейханов әзірлеген. Энциклопедиялық сөздікті баспаға дайындаған қызметкерлердің тізімінде Ә.Бөкейхановтың аты-жөні 4 томнан 21 томына дейін көрсетілген.

Материалдар. Әлихан Бөкейханов туралы ғалымдар, тарихшылар мен зерттеушілер көптеген еңбектер жазған. М. Қойгелдиев, С. Аққұлыұлы, В. Козодой және т.б. ғалымдардың еңбектерінде Әлихан Бөкейхан еңбектері жан-жақты жазылған.

Кез – келген қоғамның даму өлшемі ондағы зиялылардың деңгейімен анықталады. Әсіресе, саяси элитасы ұлт мүддесін ойлай, қорғай білген қоғамның даму жолы айқын және сапалы. Себебі, саяси жүйенің шеңбері аясында мемлекеттің саясаты жүргізіліп, оның сапалылығы биліктің мазмұнымен анықталады. Егерде билік ұлт мүддесін қорғаса, онда саяси жүйенің қызметі де оң нәтижелерді көрсетеді. Бұл дегеніміз халықтың саяси мәдениет деңгейінің

өсуі. Ал, саяси мәдениеттің мәні билік мазмұнына қатысты анықталмақ. Сондықтан да саяси - әлеуметтік институттардың қызметі ондағы таза білімді әрі терең білікті мамандардың зиялы істеріне қатысты оң нәтиже береді. Алаш зиялысы Міржақып Дулатов «Қазақ зиялылары» мақаласында нағыз зиялы халықты құр тәтті сөзбен асырамай, түзу саясат, жемісті жұмыстармен соңына ертетіндігін айтып, одан әрі «...Адамның алдымен адам сипаты болуы шарт. Өзінен басқаның тілегін тілей алмаған арын, иманын қара басының пайдасы үшін қысқа күнде қырық сататын соғылғандардан қаны тамып тұрған ұлтшыл артық, бірақ біздің қазақтың ұлтшылдары өзге жуан елдердің ұлтшылдарындай емес екені бәрімізге белгілі. Бізді ұлтшыл қылған нәрсе біздің кемдікте, қорлықта жүргендігіміз еді. Егер теңгеруші табылады екен, ұлтшылдықты отаршылдыққа айырбастауымыз қиын емес» [Күзембаева, 2002: 54] - деп жазғандары қазақ зиялысының қалыптасу ерекшелігін және рухани, практикалық қызметінің мәнін ұғындырады.

Талқылау. Алаш зиялылары қазақ этносының даму тарихының өрісін бойлаған қазақ рухын этностың өзіне табыстыра білді. Аз уақыт ішінде ұлттық рухты көтеріп, ұлтына уақыт сынын мұқият ұғындырып, заман тығырығынан шығудың сан-қырлы жолдарын көрсетіп кетті. Өкінішке орай олардың көтерген проблемаларының бір қатары әлі күнге дейін өз шешімін таппай отыр. Бұның себебі, бірнеше ұрпақ санасына тигізген отаршылық жүйенің зардабында. Патшалық, одан қалды кеңестік Ресейдің империялық пиғылдағы саясатының нәтижесінде қазақ этносы әлеуметтік әділеттіліктің тетігі, қоғамды дамытудың қозғаушы күші болған саяси элитасынан игі айрылып, тұрмыстың тепкісін көрді. Осының салдарынан ұлттың рухы әлсіреді. Осы кезеңде қазақ тағдырына араша болған Алаш зиялылары тарих сахнасына шықты. Олардың ұлтшылдық қасиетін қазіргі зиялылар бойынан табу қиын. Оның тарихи себебі де бар. Бірақ, бұл өз алдына арнайы зерттелінетін тақырып.

Алаш зиялыларының ұлтшылдығы отаршылықтың сан-қилы қорлығын көргендіктен де ерекше болды. Олардың түпкі ниеті халқына пана болып, араша түсу. Қазақ зиялыларының «...Теңдік жолында адам дәрежесі кім болса ол болсын тең боларға тиіс. Түрі, діні, тілі, тегі, күші, ісі, әл-ауқаты бірдей болмағанмен адам баласының адамдығы бірдей. Дінсіз болсын, тілсіз мақау болсын, тексіз құл болсын, малсыз жарлы болсын адам емес деп ешкім айта алмайды. Адам болған соң адамдық дәрежесі бірдей болуы тиіс» [Қазақ, 1998: 252], - деп жазғандарынан олардың барлық мәселеге адамдық өлшеммен қарағандығын көреміз. Демек, олар «өзіне» де «өзгеге» де өркениетті көзқараспен қараған. Қазақ даналығымен тәрбиеленген зиялыларда «өзгелерді» менсінбейтін өркеуде ұлтшылдықтың болуы мүмкін емес те еді. Өйткені, қазақтың өмір философиясының субстанциясы «тіршіліктің қызығы адамға жақсылық қылумен көрінеді» - деген мазмұннан бастау алатыны белгілі.

Зиялылар қазақ этносының ғұмырын өміршең қылудың бірден-бір жолы білім, ғылымды өркендету деп білді. М. Дулатұлы өзінің «Қазақ жайы» мақаласында «... тіршілік – бәсеке, жарыс. Дүние – бәйге үлестіруші. Озғанға

қарай бәйге береді... Дүниенің ісі осылай болған соң адамнан адам, жұрттан жұрт, ұлттан ұлт озсам дейді.

Ғылым, өнерімен асқандар білімсіз, өнерсіздерді білімімен жығып, аяғына баспақшы... Оқымаған, өнерсіз, кәсіпке ебі жоқ адам басқаларға жалданған малайлықтан басқа неге жарайды?» [Қазақ, 1998: 31 б.],- дей келе одан әрі тайғақ кешу, тар жолда тұрған қазақты аман сақтап, жұрт қылу үшін, Алаштың азаматы көптеп, көлемдеп ақылып қосып, білімін біріктіріп, жол көрсетіп, қайрат қылатын жері екендігін ұғындырған.

Зиялылар таза білімділерді бала оқытып елге қызмет етуге және болашақ ұрпақтың қамы үшін еңбектер жазуға шақырды. Отаршылдықтың зардабынан басылып қалған ұлттың саяси санасы мен саяси мәдениетін көтеру мақсатында елдің ішкі проблемаларына ғана қатысты емес, сондай-ақ халықаралық саяси дамуды терең зерделеген мақалалар легін жариялады. Ұлт тарихының ақиқатын ұлт жадынан ұмыттырмау үшін Отандық тарих ғылымының дамуына қатты мән берді. Осы мақсатта қазақтың тарихынан құнды деректер жариялап (деректерді шынтуайттылық тұрғысынан қарап, тарихи таным шеңберінде талдаған), тарихымыздағы жеке тұлғалар тағдыры тұрғысында да бағалы тарихи зерттеулер жазды.

Қазақ мәдени кеңістігінде ұлттық идеяның түрлі күрес әдістерімен көрініс бергендігін де байқаймыз. XX ғасырдың басында Алаш зиялылары өздері тар қапаста күңіреніп жүрсе де, өктем саясаттан теперіш көріп, жасып қалған ұлттық идеяны өмірге енгізіп кетті деп те батыл айта аламыз. Ойлы көзбен қарағанда, зиялыларымыз **бастарына төнген қауіп қатерге қарамастан ұлттық идеяны халық санасына сіңіру үшін «Қазақ» газетін шығарып, партия құрып, оның атын «Алаш» деп қойды. Мемлекетінің атын Алаш Орда деп атауының өзі ұлттық идеяны өмірге енгізу мақсатын көздейді.**

Алаш - біздің ұлттық идея. Алаш пен қазақ бір түсінік. Алаш идеясының астарында қазақтың ұлттық рух түсінігі жатыр. Осы тұста Міржақып Дулатұлының: Қазақты қазақ десе мақтанамын, Алыстан алаш десе аттанамын...- деп басталатын жыр жолдары да ойымызға оралып отыр. Қазақ баласы үшін Алаш атауы өте киелі түсінік. «Қазақ» газетінің 1913 жылдың 22 наурыздағы № 7 санында Түрік баласы жазған «Қазақтың тарихы» деп аталатын мақалада «Алаш» деген сөздің алғаш мағынасы – Отан кісісі (соотечественник) деген сөз болады.... Және қазақта «Алаң келе ме, Алаш келе ме» деген бір мәтел сөз бар. Сондағы Алаң - шет елдің кісісі, Алаш – Отан кісісі мағынасында болады»-деген деректер жазылған еді.

Зиялылықтың шынайы үлгісін көрсетіп, тарих төрінен орын иеленген XX ғасырдағы ұлт көсемі Әлихан Бөкейхановтың ұлттық рухымызды асқақтатқан тарихи тұлғасын өз биігінен зерттеп, зерделеу қажет. Әлихан Бөкейханның тарихи, саяси тұлғасын қазақ мәдениетінен тыс қарастыра алмаймыз. Әлихан Нұрмұхамедұлы азаттық алу, нағыз зиялылар шоғырын қалыптастыру, мемлекетті қалыптастыру жолына өз ғұмырын арнады.

Алаш зиялылары қазақтықты сақтау мақсатында тарих қойнауындағы рухани қазынаны халыққа қайта табыстады. Олар өздеріне дейінгі зиялылықтың

заңды жалғасы болатын-ды. Тарих өрісіндегі зиялылықтың арқасында төл тарихымыздан қазақ рухының қуатты лебі еседі. Осы бір іргелі мәселені тереңнен ұғынған Алаш зиялылары қазақ қариясының көкірегінде жатталып, ауыздан ауызға беріліп, ұлтты тәрбиелеп отырған қазақ тарихын кітап бетінде қалдыруға ұмтылды. Тарихи тұлғаларды насихаттады.

Сол кезеңдегі Қазақ газетінде (1913-1918 жж.) көтерілген мәселелер мемлекеттік деңгейде қаралған мәселелер деп батыл айта аламыз. Себебі, Қазақ газеті халық пен билік арасындағы көпір еді. Газет бетінде келелі дүниелер талқыланып халыққа ашық ұсынылды, халық та зиялыларына сенім артып көкейкесті мәселелерін ашық жазды. Қазақ газеті мен халық арасындағы байланыс күшті болды. Өзара сенімнің арқасында қоғамға зиянды тұлғалар әшкереленді, ұлтқа зиянды арнайы «тапсырыспен» жазылған дүниелердің зиянды екендігі айтылды. Бір сөзбен қайырғанда, қазақ ұлтының мүддесіне қауіпті мәселелер халыққа жеткізіліп, халықты жаманшылықтан сақтандырып отырды. Қазақ газеті ұлт өмірінде дирижер іспеттес болды. Қазақ газеті дүниеге келгенде ғұлама Шәкерім Құдайбердіұлы «Қазақ құтты болсын!» деп өлең жазып; «Дүниеге келді бізден бір талапты ұл, Ержетсе бар қазақтың басшысы бұл....Тірілді өлген үміт қаным қызып...»[Қазақ, 1998: 27 б.],-деп қараңғыда жүрген халқын тура жолға бағыттайтын газетке аянбай көмектесуге елді шақырған еді. Қазіргі таңда да газет-журнал, радио, теледидардың басты мақсаты халықты жаманшылықтан қорғау, халық пен биліктің арасындағы байланысты күшейту, халықтың қажетін көріп, соның орындалуына қызмет ету.

Әлихан Нұрмұхамедұлы барлық мәселеге ғылыми тұрғыдан қарады. Алаш идеясының астарында елдік пен батырлық рухы жатыр. Сол рухпен қаруланған өткен ғасыр басындағы ұлтын сүйгендер *үш жүздің баласы бәрің де қазақсың, атақ үшін баратын жол бұл емес (билік мәселесін айтып отыр)*, - деп халықты түзу тәрбиеледі. Ақиқатына келгенде, жеке адамның атағы уақытша, ал ұлтқа қызмет еткен істің ғұмыры ұзақ, тіпті мәңгілік деп те айтуға болады. Ел мен ер бірін-бірі жетелейді. Елсіз ер шықпас, ерсіз ел алысқа шаппас.

Нәтижесінде аз уақыт ішінде ұлт мерейін өсіріп, талай ұрпаққа рухани азық болар мұралар қалдырып үлгерді. Олар өз уақытының ақиқатын көрсете біліп, нағыз ойшылдық келбетпен ұлт санасында қалды. Философия ғылымында нағыз ойшыл деп өз заманының биігінен пайым жасай білетін адамды айтады. Қазіргі зиялылар да уақыт шындығын көрсетіп, этнос өміріне қатысты өзекті проблемалардың шешілу жолдарына жөн сілтеп отыруы міндетті.

Әлихан Бөкейхан еңбектерінен сол кезеңдегі тарихтың шынайы бейнесін көреміз. Алаш зиялылары большевиктермен бітіспес жау болды. Оның себебі түсінікті. Большевиктер билікке заңсыз келген, халықтың басына қасірет әкелген топ еді. Алаш зиялыларының еңбектерінде большевиктердің шынайы бет-бейнесі ашып, көрсетілді. Мәселен, **Қазақ» газетінде (№262. Сейсенбі, 30 июль, 1918 жыл) «Алаш Орда хукіметінің іске кіріскені туралы келген телеграм» деген мақалада:** «Заречная Слободкадан. Орынборда Кәдірбаевқа. нөмір 89 алынды. VII-17.

Екінші қазақ-қырғыз сиезінің қаулысы бойынша 11-24 иун Алаш Орда да Алаш қаласында іске кірісті. Сібір һәм Башқұртстан аутономияларымен ынтымағы бір.

Алаш Орданың облосной һәм уезный советтерін құруыңыз жөн. Олардың ағзасы азында үштен кем. Көп болғанда бестен артық болмасын. Осыған ұқсас управалардың, ол жоқ жерде комитеттердің көрсеткен ағзаларын Алаш Орда бекітеді. Бір ағза милитсия (ел қорұшылар) жұмысын басқарады. Екіншісі елден салық жияды.

Жергілікті Алаш Орда советтері уақытша қазақ халқының саяси һәм мәдени істерін қарай тұрады, бірақ олар земский һәм шаһар Самоуправлениелерінің ісіне қол сұқпау керек.

Кідірмей 1917 һәм 1918 жылғы салық ақшаларын жинай бастаңыз. Бірінші ретте өз еркімен шыққан милитсия құрыңыз, оның шамасы әр болысқа 30 жігіт. Әр болыс шығарған ел қорғаушыларына ат мінгізіп, ат тұрманын мықтап берер.

Ел қорғаушыларды жию ісін осы телеграмды алған күннен бастап үш жұманың ішінде үлгірту керек» екендігі жазылып, одан әрі **қазақтан шыққан большевиктерге еш рақым жасамау керектігі ерекше ескертілген. Ал, «Заречная Слабодкадан (Алаш)» - деген мақалада «Сыбайласымыз атты казак казактардың бұралқы болшебектерді жеңгенін естіп қазақтар аса қуанды.**

Жетісу облысында болшебектер атты қазақ қалаларын бірін қоймай қиратқан. Қатын, бала-шағаны қырған, сондықтан сол бейшараларды болшебек қолынан құтқару үшін біздің қазақ әскері атты қазақ әскеріне қосылып, Жетісуға қарай жолға шықты.

Алаш Орда атты казак, біздің қазақ, сарт һәм башқұрт жұрттарынан құралған Түркістан жағына әскер жіберуіңізді өтінеді.

Ташкент алынса, Сырдария, Ферғана, Самарқан, Закаспи облыстары өзінен-өзі алынғанмен бір есепте.

Алаш Орда Торғай облысын билеуге Сейітағзам Кәдірбаевты көрсетеді» дей келіп, құжаттың соңына *Алаш Орда председателі: Бөкейхан деп жазылған.*

Әлихан Бөкейханның «Айналма» (Қазақ. 1913. № 37. 8 ноябрь) мақаласында қазақ елінің жер мәселесі, қоныс аударушылар туралы, егін шаруашылығы, мал шаруашылығы туралы; «Ашық хат мақаласы (Қазақ. 1913. № 24. 31 июнь) Ж. Сейдалиннің «Азып-тозып кетпеске не амал бар?» деген мақаласына жауап ретінде жазылып, қазақ елінің шаруашылығы мен саяси жағдайы туралы айтқан; «Астрахан қазағының жері» мақалсында (Қазақ. 1916. № 180. 10 май) 1809 жылы Астрахан жерінің қазақ қарауынан Россия қол астына алынуы туралы айтқан; «Бас қосу турасында» мақаласында (Қазақ. 1913. № 21. 10 июль) қазақ елін басқару, шаруашылығы туралы жазған. Қазақ съезін шақыруды мәселесін көтерген; «Башқұрт жері» (Қазақ. 1915., № 147. 29 авг.) мақаласында қала болып, отырықшылыққа айналу туралы; «Екі жол» мақаласында (Қазақ. 1915. №№ 100, 101) 1904 жылы Қоныс аудару басқармасының құрылуы туралы мәлімет беріп, қоныс аудару ісіндегі озбырлықтар жазылған, яғни Ертіс өзенінің бойында тұратын 4000 үй қазақтың жерін патша үкіметі кесіп алғаны, оған наразылық білдіру жайында деректер бар. «Екі съез. Ішкі хабарлар» (Қазақ. 1914.

№ 52. 28 февр.) туралы мақаласында Петербургте болған мұғалімдер съезі мен Қиевте болған шаруалар съезі туралы мәліметтер берілген. «Жауап хат» (Қазақ. 1913. М 24. 31 июль) мақаласында патша үкіметінің аграрлық және қоныс аудару саясаты жайында түсінік берілген; тағы да «Жауап хат» (Қазақ. №№ 28, 29) мақаласында «Қазақ» газетінің 26 санында басылған Р. Ілиясовтың жер бөлу ісі туралы жазған мақаласына жауап берілген. Отырықшы немесе көшпелі болу мәселесі талқыланған: «Жауап хат (Зейнолла Бутабай ұғлына)» мақаласында (Қазақ. 1913. № 36. 31 окт.) патша өкіметінің аграрлық саясаты жазылған; «Жауап хат» мақаласында (Қазақ. № 55. 23 март) патша өкіметінің аграрлық саясаты туралы айтылып, жерді егін нормасымен бөлу, не мал бағу нормасымен бөлу туралы жазылған; «Қазақ» (Қазақ. 1913. № 8. 30 март.) мақаласында Семей, Ақмола, Торғай, Орал, Закаспий, Сырдария, Жетісу, Ферғана т. б. облыстардағы адам саны туралы мәліметтер берілген; «Ахмет, Міржақып. Қазаққа ашық хат (Мал есебі туралы)» (Қазақ. 1916. № 174. 23 март) мақаласында қазақ елінде мал санағын алу мәселесі айтылған; «Он төрт тоғыз бола ма?» (Қазақ. 1914. № 91. 24 дек.) Қазақстандағы «басы артық» жерді кесіп алу туралы 1909 жылы 9 шілдедегі нұсқау жайында пікір айтылған; «Төртінші дума һәм қазақ» (Қазақ. 1913. № 25. 8 авг.) мақаласында патша үкіметінің аграрлық және қоныс аудару саясаты түсіндірілген; «Төртінші дума һәм қазақ» (Қазақ. 1913. № 19. 22 июнь.) мақаласында жер мәселесі, қоныс аудару жұмысы, қазақ елінің жағдайы туралы жазылған; ««Уақытта» жазған «Қазақ жігітіне»» (Қазақ. 1913. № 7. 22 март) мақаласында «Уақыт» газетінде басылған қоныс аударушылар туралы хабарға түзету берген; «Сайлау» (Қазақ. 1913. № 12. 28 апр; № 14. 16 май; № 15. 23 май; № 17. 9июнь) мақаласында қазақ еліндегі сайлаудың шаруашылыққа тигізетін зияны, елден алынатын алым- салық түрлері туралы мәлімет беріліп, қазақтың ескі өмірі, билік, хандық дәуірі, кері кеткен әдет-ғұрып, салт-сана туралы да жазылған; «Сусағанның түсіне су кіреді» (Қазақ, 1913. № 40. 30 ноябрь) мақаласында қазақ елінің тұрмыс-халі туралы, Орал қазақтарының қоныс аудару саясатына қарсы үкімет тарапынан жазған телеграммалары, оған қайтарылған жауаптар туралы жазылған. Бұдан да басқа көптеген мақалалары жеткілікті. Сонымен қатар, қазақ мәдениеті, әсіресе этнографиясына қатысты ғылыми еңбектері де көп. Олардың бәрін талдауға мақала көлемі көтермейді.

Газетте басылған екі жүзге жуық мақала мен аудармада қазақ елінің өзекті мәселелеріне тоқталған. Қазақ елінің жер мәселесі, отырықшы болуы, патша үкіметінің қазақ жеріне жүргізіп отырған аграрлық саясаты туралы пікірлерін жазады. Том губерниясы Алтай округінде тұратын қазақтардың тарихынан деректер; Семей, Ақмола, Торғай, Закаспий, Сырдария» Жетісу, Ферғана, Самарқанд облыстарында тұратын халықтардың шаруашылығы, халқы, тарихы, сот, әкімшілік мәселелері жайынан бай мәліметтер береді.

Ә. Бөкейхановтың қазақ елінің тарихына арналған мақалаларында Шоқан Уәлиханов, П. П. Семенов – Тяньшанский, Г. Н. Потанин туралы да құнды деректер бар. Француз социалистік партиясының басшысы, «Юманите» газетін ұйымдастырушы Жан Жорес (1859—1914) туралы, Герман социал-демократиялық партиясының және II Интернационалдың көрнекті қайраткері

Август Бебель туралы мақалалары белгілі.

Әлихан Бөкейханов «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 112 санында «Жаңа кітаптар» деген тақырыппен жазған мақаласында «Записки Семипалатинского Подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского русского географического общества» деп аталатын кітаптың 1914 жылғы VIII басылымында Абай мен Е. П. Михаэлис туралы мәліметтер берілгенін, қазақ елінің шаруашылығы, әдет-ғұрпы туралы құнды деректер басылғанын хабарлай отырып, тарихи құнды деректер келтіреді. Әлихан Бөкейхановтың «Қазақ» газетінде басылған сын мақалаларында мол тарихи-этнографиялық мәліметтер бар екендігін айттық.

Шәкәрім Құдайбердиевтің 1912 жылы жарық көрген кітабы «Қалқаман — Мамыр» туралы сын мақаласы газеттің 1915 жылғы 121 санында жарияланған. Сондай-ақ Шәкәрім Құдайбердиевтің «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты кітабы туралы мақала (газеттің 1913 жылғы 12 санында) арнайды. Бұл мақалада қазақ елінің тарихы, шыққан тегі туралы құнды деректер бар. «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 126—129 сандарында 1914 жылы Орынборда «Үміт» баспасынан жарық көрген «Қарақыпшақ Қобыланды батыр» кітабы туралы сын мақала жариялайды. Жырды Махмұтсұлтан Тұяқбаев Қостанай уезі Қарабалық болысында тұратын жырау Біржан Толымбаевтың айтуынан жазып алып, баспаға ұсынғанеді. Осы мақалада Әлихан Бөкейханов Абай өлеңдеріне, Шәкәрім Құдайбердиевтің «Шежіресіне», Шоқан Уәлихановтың ғылыми еңбектеріне сілтеме жасай отырып, жырдың көркемдігі, тарихы туралы көптеген құнды мәліметтер келтіреді. Сын мақалалары қазіргі әдебиет зерттеушілері үшін құнды дерек. Ә. Бөкейханов газет бетінде Н. Маркестің «Қырым сөзі» аңыз әңгімелерін, Л. Толстойдың «Жұмыртқадай бидай» әңгімесін, А. Чеховтың «Хамелеон» әңгімелерін аударып жариялаған. «Роман бәйгесі» деген мақаласында Русияда, шет елдерде әдебиет, мәдениет саласында үздік шығармаларға сыйлық берілетіні айылып, қазақта роман жазушыларға сыйлық жариялағаны туралы жазылған.

Ұлт көсемі «Қазақ» газетінен бұрын шыққан «Дала уалаятының газетінде» де көптеген мақалалар жариялаған еді. Мақалаларында (1898 жылғы 7 санында) қазақ елінің шаруашылығы, патша үкіметінің алым-салық алуы, 1900 жылғы 7, 8, 9, 16 сандарында әдет-ғұрпы, салт-санасық өлімге ас беру салты, қазақ шаруашылығында артель ұйымдастыру ісі туралы деректер бар. Газеттің 1900 жылғы 10, 11 сандарында Л.Н. Толстойдың «Суратская кофейная» әңгімесін аударып жариялайды.

Сонымен, Әлихан Бөкейхан өзінің қоғамдық-саяси қызметі арқылы, ғылыми мұралары арқылы ұлттық рухымызды биіктетіп кетті, биіктетуде, биіктете де береді.

Тәуелсіздіктің арқасында ұлттық идеямыз шынайы өмірге оралып, ұлттық рухымыз жандана бастады. Өткен тарихымыз тәуелсіз сана, қазақтық көзқараспен зерделенді. Нәтижесінде, жастардың санасын оятып, көкірек көзін ашқан сүбелі еңбектер дүниеге келді. Кеңестік билік біржақты көзқараспен шегелеп, «мұздатып» тастаған тақырыптарға жан кіре бастады. Киелі Алаш

ұғымы санамызға сәуле болып құйылып, Отан үшін жан берген Алаш зиялылары, аласапыран саяси уақытта өмір сүрген Алаш партиясы, Алаш Орда үкіметі туралы тарихи құны баға жетпес еңбектер де халықпен қауышты. Бір қызығы Алаш қозғалысы, алаш партиясы, алаш зиялыларына қатысты еңбектер, мақалалар қазақ тілінде басым жарияланды. Ұлттық сананың биіктеуіне демеу болды.

Сонымен, Алаш зиялыларының ұлтшылдығынан, жан-жақтылығынан, рухани тереңдігінен, бір сөзбен айтқанда тектілік келбетінен қазіргі ұрпақ өнеге алуы тиіс. Аласапыран саяси шиеленіс уақытына қарамастан, империялық мүддемен арпалыса жүріп, ұлт мүддесін қорғай білудің өзі талай ұрпаққа жыр қылып айтуға тұрарлық үлкен ерлік. Бұл дегеніміз қазіргі зиялыларға зиялы сабақ, әрі қойылатын талап. Алаш зиялыларының айтқаны да, жазғаны да халыққа жақын. Зиялылар халықтың жанын ұғынғандықтан, оларды халық түсінді. Олар таптық күреспен қаруланған большевиктер саясатының адам баласының табиғи дамуына кереғар келетіндігін ұғынғандықтан, «қызылдар» ылаңынан елді аман сақтап қалу үшін жанталасты. 1918 жылы қаңтарда «Қазақ» газетінде жазылған «... Большевиктер дәурені көпке бармас, бірақ большевиктің ылаңының кесірі тез арыла қоймас. Большевиктер - мемлекет ісінің басынан көшер, бірақ көшкенше талайды болдырып, былғап кетер» [Қазақ, 1998: 421 б.], - деген мазмұндағы саяси сараптаудың ақиқатына кейінгі ұрпақтың көзі жетті. Шындығына келгенде большевиктер ылаңының әлі күнге дейін кесірі сезілуде (мысал ретінде бір қазақтың ұлт мүддесіне қатысты әр-түрлі ойлауының өзін айтуға болады). Тоталитарлық қоғамның адам санасына салған «жараларынан» құлан-таза айығу үшін уақыт керек. Бірақ, осы кезде ұлттық рухты көтеру ісінде белсенділік танытпай, мезгілінен кеш қалсақ, онда мемлекеттілігіміздің тұғырлы болуы екі талай. Сондықтан да Алаш зиялыларын XX ғасырдағы рухани ұстаз ретінде қадірлеп, олардың әлеуметтік қызметтерін жалғастыру қазіргі зиялылардың тарих алдындағы басты парызы.

Оқығандарымыз көп болғанымен, олардың ұлт игілігіне тигізер пайдасы аз болса, онда ондай мемлекеттің елдік қасиеті де төмен болатындығын анық.

Елдік, мемлекетшілдік рухта тәрбиеленген ұлт өркениетті даму жолы арқылы өзін өзегелерге мойындата алады. Елдік тәрбие кем болған уақыттың адамы ұлттық санадан алшақтайды. Нәтижесінде өз қоғамынан өзі өгейленіп, өз этносынан жаттанады. Ақырында адам бойында ұсақ мақсатты көздейтін, алысты (этнос болашағын – С.Қ.Қ.) болжап білмейтін тайыз пайымдаулар орын алып, рухани әлсіздіктен мың құбылуы мүмкін. Атаққұмарлық пен оңай олжаға кенелу пиғылы, парақорлық секілді жат қасиеттер рухы әлсіз жанның бойына ұялайды. Осы бір өзекті мәселені Алаш зиялылары тереңнен талдап кеткен. Олар халықты «жақсы атты болып көрінетіндердің» соңынан еріп кетуден сақтандырып, ұлт бірлігін нық ұстау мақсатында жікшілдіктен, тапшылдықтан, науқаншылдықтан, рушылдықтан аулақ болуға шақырып, бірлікке үндеді.

Қай болыстан болса да пайда - зияны, абырой - ұяты қазақ халқына бірдей келетіндігін айтып, «шешеннің тілі ортақ, шебердің қолы ортақ» деген бүкіл қазақтың іздеген жоғы, көздеген тілегі бір екі қазақ таласса көрші орысқа жем

болғалы тұрмыз» [Байтұрсынұлы А 3, 55 б.],- деп те ұғындырды. Әрине, бір мақала көлемінде Алаш зиялыларының ұлттық рухты асқақтатқан қыруар істерін зерделеу мүмкін емес.

Әлихан Бөкейханұлының «Кейінгі ұрпақ алғысын тарих бетіне алтынмен жазбай-ақ сиямен жазып қойса да арман не? Егер асығып жаза басып, шатақ жолға салсақ ... жұрт қатарлы шаруалырын арттыра алмай, азып-тозып, бізді осындай сергелдеңге салып қойған аталарымыз ғой деп, көрінгенге зарлап шағып жүрсе, онан артық ұят не? Қатеден қашып, қам қарастыру бар адамзаттың намысы еді» [Байтұрсынұлы, 1991: 57 б.], - деп жазғандары, Алаш зиялыларының бойындағы тектілік тұлғасын көрсетеді. Олар өз уақытының ауыр сынынан сүрінбей өтіп кейінгі ұрпақтың рухты болып жетілуіне қамқорлық жасап та кетті. Ал, қазіргі зиялылардың әлеуметтік қызметін кейінгі ұрпақтың қалай бағалайтындығы бүгінгі зиялылардың зиялылық ісіне қатысты өлшенбек.

Мемлекет ісін оңға бастыратын шынайы өмірді тұтас қамтитын, бір сөзбен айтқанда халық түсінігіне жақын - әділетті заңдар мен мемлекетшіл рухы биік тұлғалар. Мемлекетшіл рухты қалыптастыру оны өскелең ұрпақ бойына сіңіру қазіргі зиялы қауым өкілдеріне артылып отырған басты міндет. Нағыз тұлға ғана мемлекет ісіне шынайы жанашырлық таныта алады. Тұлғалық іс – әрекеттің негізінде мемлекет ісі алға басады. Тұлғалық істің тірегі түсінік. Түсінік адамдық өлшемнің кепілі. Салыстыру негізінде ғана кең түсінікке қол жеткізуге болады [Шпенглер, 1995: 4,].

Адам бойында мемлекетшілдік рухты қалыптастыратын, адамды Отаншыл рухта тәрбиелейтін тарих тағылымы. Тарих тағылымымен тәрбиеленген ұрпақ бойында ұлттық мінез қалыптасып, ұлттық тәлім- тәрбиенің көзіне айналады. Бұның қайнар көзі зиялылық. Нағыз зиялы тұлға жеке мүддесінен гөрі халық мүддесін басты орынға қояды. Оны тарих дәлелдеп отыр. Зиялылық деңгейін анықтайтын ұғым адалдық десек-те қателеспеген болар едік. Адалдық ар қуатының көзі. Ойшыл Шәкерім айтқандай - ұждан дәлелі [Құдайбердіұлы, 2003: 5].

Қазіргі біздің қоғамда білікті мамандар мен нағыз зиялылардың қалыптасу, өсіп - жетілу ісі қарама - қайшылығы мол мәселелердің біріне айналып отыр. Бұл мәселенің түп төркіні тәрбие мен білімнің қатар берілмеуінде жатса керек-ті (бұл жерде біз тектілікке бағытталған тәрбие мен таза білімді айтып отырмыз). Тектілікке негізделген тәрбиенің қуаты күшті болмақ. Ондай тәрбие ұрпақтан ұрпаққа жетіп ұлт мүддесін жат әдеттерден қорғайды. Осы бір іргелі мәселені жан - жақты зерттеп, ұрпақтың есті болып жетілуіне қамқорлық жасап жүрген қазақтанушы ғалым, философ Ж. Молдабеков тектілік ұғымының көбінесе үш мағынада, яғни тұқым мен қан тектілігін, азаматтың өз басының тектілігін, халықтың тектілігін тереңнен талдап, былай дейді «Тектілікті атадан балаға қалыптасқан күйінде қалатын мұра деп ұғыну әбестік. Тектілік - келбетті мен кеменгердің, есті мен еріктінің әлеуметтік жемісі мен жеңісі, ұлағаттылық пен рухани ұстаздыққа кісілік жол. Нағыз тектінің тірегі мол, жұбанышы жетерлік. Кісілікті тұтатқан, ойында арамдығы, адалдығы мол қатынаста жарастықты, істе үлгіні іздестіріп, бетке ұстайтындар - тектіліктің нағыз жеткіншегі дерлік.

Адалдық пен адамдық рәсімін жөн мен риясыз қадір-құрмен ететін, ел жұртында перзенттік ізет-құрметтің өлшемін ұмыт қалдырмайтын, жанашырлығы көп, бұра тартпасы жоқ. Өмір сүйгіш, ел сүйгіш ынтызар - тектіліктің бекем ұйытқысы» [Молдабеков, 2000: 121] Сонымен, тектілік ұлттық рухтың қуаты, мемлекеттіліктің іргетасы. Себебі, нағыз текті тұлға өзінің Отан алдындағы перзенттік борышын адал орындайды. Тектілікке жетелейтін тарих тағылымы. Бірақ, тарихты білу бір басқа, ал тарихтан ғибрат алу екі басқа екендігі де ақиқат.

Қазақ тарихындағы ұлттық рухтың тұлғалық көріністері мемлекеттілігімізді сақтай білді. Отан тарихынан ұлттық рухтың қуатты лебі еседі. Осы тұста тарихшы ғалым Х. Әбжановтың «Басқа өркениеттің қол астында қалса да Отандық тарихтың жылнамасында бүгінгі ұрпақ ұялатын, намыстанатын, жүзі қызаратын бірде бір парак, тіпті бір де бір жол жоқ. Бұл тар қапаста күңіренген әрбір этностың маңдайына жазыла бермейтін жеңіс» [Әбжанов, 2003: 11],- деп жазғандары ойға оралады.

Қазақ тарихына философиялық көзқараспен қарағанда «тіршіліктің қызығы адамға жақсылық қылумен көрінеді» деген мазмұнды пайымдаймыз. Бұны қазақтың тарихы да, қазақтың өмір философиясы да дәлелдейді. Демек, ұлттық рухты асқақтатқан ұлттық мінез бен ұлттық тәлім - тәрбие десек те қателеспеген болар едік.

Ұлты ұстазы Ахмет Байтұрсынов «...Аталық міндетті атқарып отырған жұрт жоқ, жұртқа борыштымын деп жүрген қазақ баласы жоқ. Баланы ұлша тәрбиелесең ұл болмақшы, құлша тәрбиелесең құл болмақшы» [Байтұрсынов, 1991: 200],- дегендей үлкен буын мен кіші буын арасында зиялылық байланыс болмаған қоғамның болашағы күңгірт. Халықты ұлтжандылыққа тәрбиелеу ісін басты орынға қойған Алаш зиялылары газет ісіне қатты мән берген. Мәселен, «Газет қызметі халыққа бас, көз, құлақ, тіл болып, ұлтының ар - абыройын күзетіп, жұртын жақсылыққа бастауы, жаманшылықтан сақтандыру...

Тәннің күшті болуы да, елдің күшті болуы да - екеуі де тәрбиеден» [Қазақ, 1998: 273],- деп жазғандары қазіргі күні де өзекті. Әрине, өткен ғасыр басындағы Алаш зиялылары мен қазіргі зиялылық деңгейін салыстыруға келмейді. Бұл өз алдына арнайы зерттелетін бөлек тақырып. Зиялылықтың шынайы үлгісі, өзіндік, мәні, талабы, бір сөзбен айтқанда теориясы болады. Бұл дегеніміз ұлт өмірінен шығатын феномен. Әлемдік тарихқа көз жүгіртсек әр ұлттың зиялылары өзіндік дербес сипатымен ерекшеленеді. Бірақ олардың мақсаты бір. Ол - ұлт мүддесі. Адамды зиялылық деңгейіне жеткізу, ұдайы жетілдіру және зиялылықты практикалық өмірде оңды қолдану ісі бүгінгі таңда өзекті болып отыр.

Қазақ ұлтының өткені мен тарихи тәжірибесін ой елегінен өткізгенде онда мол ғибрат жатырғандығын көреміз. Күн өткен сайын тәуелсіз ұлтпыз деген сана - сезімнің тамыры тереңге жайылып алатынымыз көп болғандықтан болар, өткен тарихымыздың қойнауына зор құрметпен зер салудамыз. Өзге ұлттар секілді қазақ ұлтының өзіне тән ерекше бір табиғи қалпы, даму жолы бар. Ұлтты - рух тарихтың өне бойында жатыр. Тарих тағылымын ақиқатпен, терең таныммен

зерттеп, зерделей білген ұрпақ бойында ұлттың рухтың берік орнығатындығы даусыз. Бірақ, тарих тағылымы ұлт мүддесімен үндессе.

Кеңестік үлгідегі тоталитарлық қоғам тұсында жұртшылыққа мәлім себептермен ұлт тарихының теориялық-методологиялық негіздері саясаттандырылып, соның салдарынан рухсыздыққа жол ашылды. Тарих ғылымының теориясы мен методологиялық деңгейін айқындайтын Отан тарихының дәуірлеу мәселесі де таптық тұрғының шырмауында қалды. Оның зардабы әлі күнге дейін сезілуде. Ахмет Байтұрсынов «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы – тарих. Тарихтың мақсаты бүтін адам баласының өмірі нендей табиғат заңымен өзгертетінін білу, тарихшылар халық басынан кешкен түрлі уақиғалардың мағлұматын, сымға тартқандай, сынға салып, мінсіз етіп - дұрыстап өткізеді» [Байтұрсынов, 1991: 25]- дегендей тарихпен ұлт тәрбиеленеді. Шпенглер жазғанды «Халық – объект, ұлт - субъект» [Шпенглер, 1995: 25].- деп, ал ұлтты субъект дәрежесіне жеткізетін тәуелсіз, бірақ ақиқаттан қия баспайтын тарих. Халықты дамыту үшін ұлт белсенділігін өркениетті тұрғыда арттыру қажет. Қазіргі кезеңде ұлтты өзіне таныстыру, табыстыру ісі қарқынды қолға алынуда.

Қорытынды. Сонымен, қазақ рухын өміршең еткен Әлихан Бөкейхан сынды тарихымыздағы дара тұлғалар. Рубинштейннің айтуынша «Дара тұлға қиын – қыстау кезеңдерде екі жүзділікке салынбайды, қандай заман болса да өзінің адамдық бет бейнесін ешқашан жоғалтпайды» [Рубинштейн, 1999: 21]. Отан тарихында дара тұлғалар жетерлік. Олардың тарихи тұлғасы арқылы ұлттың рухы биіктей түседі. Әрине, бұл мәселе өз деңгейінде әрі мемлекеттік дәрежеде кейінгі ұрпаққа кеңінен насихатталса. Алаш зиялылары айтып кеткендей «Ұлт жұмысына жұрт болып жұмылуымыз керек». Сонда ғана мемлекет ісі алға басып, мемлекеттілігіміз де қуатты болмақ.

Патшалық Ресейдің сан қырлы отарлау саясаты қазақ даласына тереңдеп енгенге дейін қазақ рухының іргесі сәгілмеді. Отаршылықтың салдарынан қазақтар билік пен байлықтан шеттетілді

Ұлттық буржуазия толыққанды қалыптаспағаннан кейін ұлт мүддесін қорғау ісі де дәрменсіз халде болады. Себебі, зиялыларды демейтін ұлттық буржуазия. Бұл да тәуелсіз Қазақстанның өзекті мәселесі болып отыр. Тарихымыздағы есті хандар, кемеңгер билер, азулы ақын-жыраулар, ақылды аналар, көнекөз қариялар әрқайсысы өз әлеуметтік мәртебесіне сай даналықпен Отанға қызмет еткен. Бұл мәселені ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлы айтқандай тарихты «ақыл көзімен» зерделей білген адам ғана терең түсінеді.

Қазақ ханының тарихи келбетін Сұлтанмахмұт Торайғыров

Даламның мен сағынам бек пен ханын,

Ел үшін аямайтын шыбын жанын [Торайғыров, 1993: 28],- деп сомдаған-ды.

Қазақ ханының тарихи келбеті сан-қырлы. Хан әрі басқарушы, әрі батыр, әрі текті және өзге де ізгі сапалармен дараланды. Ал, хан мен халық арасын жалғастырып, елдіктің ұйытқысы болған кемеңгер билер әділ заңның орындалуын бақылаушы әлеуметтік арбитр және патрон қызметін атқарды.

Билер даналығы әлеумет пен тұлға болмысының жарастығына негізделеді. Билер қазақ өмір мен мінезін жетік білгендіктен қазақ ісін әділетті тұрғыда шешкен.

Отан тарихында батырлар институтының алар орны ерекше. Батырлық феномені арқылы ұлттың рухы көтеріліп, батырлар жыры халық арасында кең таралып, ұрпақтан ұрпаққа жетіп, батырлық мектебін қалыптастыруға негіз болған. Қазақ батырлары туралы Ю. Скайлер «Ерен елдікті, елдік пен тәуеліздікті жоғары ұстаған қазақтар қай кезеңде де Сырым, Арынғазы немесе Кенесары секілді дала төсінде атқа қонған батырлар туы астында жиналуға дайын тұрды» [Есмағамбетов, 1994: 45],- десе ал, тарихшы ғалым К. Есмағамбетов «Батырлар институты қазақ мемлекеттілігімен бірге жасасып, қалыптасқан күрделі эволюциялық даму жолын бастан кешірген ерекше құбылыс. Ол - халықтың қорғаны, айбары мен ар - ұяты», - дей келе тәуелсіздік үшін күрестің жалаугерлері ретінде қазақ батырларын насихаттау көлеңкеде қалып келетіндігін іргелі мәселе ретінде көтереді [Есмағамбетов, 2007: 65-66].

Ақиқатында Кенесары сынды елдікті сақтап қала білген дара тұлғаларымызды ұрпақ жадына нық сіңірсек мемлекеттілігіміздің іргетасы берік қаланбақ. Ал, өткен ғасыр басында ұлт рухының әлсіреген уақытында біртұтас қазақ идеясын ту етіп, соның астында біріккен Әлихан Нұрмұхамедұлы бастаған Алаш зиялыларының мемлекетшілдік сан-қырлы қызметтерінің тарихта алатын орны ерекше. Ұлттың нағыз жанашырлары кейінгі ұрпаққа нағыз зиялылық үлгісін, тәуелсіз мемлекет дамуының өзіндік жолын көрсетіп те кетті. Себебі, олар аласапыран уақыт ағымына қарамастан дәрменсіз қалған елінің көңілін оятып, ұлттың санасын көтерді. Алаш зиялыларының мемлекетшілдік қызметі әлі күнге дейін толық зерттеліп, ұрпақ зердесіне терең сіңірілген жоқ. Алаш зиялылары өздерінің тұлғалық істерімен ұлтты тәрбиеледі, тіпті әлі күнге дейін рухани жол сілтеп отыр.

Ұлттық рух ұлттық мүддеге қызмет етеді. Қазақ тарихына үңілген сайын елдік пен ерліктің, даналық пен ізгіліктің, рухшылдықтың үлгілерін жиі кездестіреміз. Қазіргі күні жаһандану процессі қарқындаған заманда өткен рухани құндылықтарымызға, уақыт тәжірибесіне қарап, даналық алып қалу үшін де жанталасамыз. Ұлт рухын көтеру белгілі бір уақыт ағымына ғана тиесілі емес, ол шексіз де шетсіз орындала беретін, орындалуы тиіс дүние. Себебі, ұлттық рухы биік мемлекет, ұлттық мүддесін сауатты қорғай білген ел өзгелерге өзін мойындатып, әлемдік өркениеттен өзіне тиесілі орнын иеленеді. Әрбір ұлттың өзін-өзі дамыта білуі бүкіл адамзаттың көкейтесті мәселесі де.

Ғылым ұлтқа бөлінбейді. Себебі, ғылымның мақсаты ақиқат. Ақиқаттың мәні - адамға адамдық өлшеммен қызмет ету. Қазақ тарихы осындай даналыққа толы. Демек, әлемдік өркениеттің құрамдас бір бөлігі ғана емес, әлемдік өркениетке сүбелі үлес қосып, өзіне тиесілі орнын иеленетін тарих.

Ұлт ісін жөндеу ісін Алаш зиялылары айтқандай «Жұрт ісіне кімге де болса жұмыс табылады. Жұрт жұмысының жөні, мақсаты бір, істеу жолы түрліше. Соның әр түрін әркім қолға алып жұртқа керек жөнімен мақсатқа қарай жүргізу керек» [Қазақ, 1998: 225].

Ұлттық рухтың бір ерекшелігі - әр уақыттағы ұлт тұлғаларының бірінің ісін бірі жалғастырып, бір-бірімен сұхбаттасып, тұлғалар тәжірибесін келер ұрпаққа жеткізіп отыру. Ұрпақ міндеті соны ескеріп, зерделеу, ұлттық тәрбиені өмірлік ұстанымға айналдыру. Әлихан Бөкейхан тұлғасы бізді осы мақсатқа жетелейді.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

- Әбжанов Х., Назарбаева Г. Қазақстан: тарих пен тағдыр. – А., 2003.-11
Байтұрсынұлы А. Өлеңдер, әдеби-ғылыми зерттеулер. Алматы: Алаш, 2003. -408 б.
Байтұрсынов А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер /Құраст. Нұрғалиев Р. А., 1991.- 399 б. 399 б.
Гегель И. Феноменология духа, СПб. 1992. – С. 21
Елім деп соққан жүрек /Құраст. Күзембаева В.Қ. А., 2002.- 54 б.
Есмағамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде.- А., 1994.- 45 б.
К. Есмағамбетов Батырлар тарихи – рухани байлығымыз //Қазақ тарихы.- 2007.-№4.-65-66 бб.
Қазақ /Құраст. Субханбердина Ү. А., 1998.-252 б.
Есламғалиұлы М. Әйтеке би //Жұлдыз.- 5 мамыр.- 2003.- 82 б.
Құдайбердіұлы Ш. Қазақ айнасы. – Алматы, 2003. – 121 б.
Молдабеков Ж. Тектілік-өнеге ажары //Ұлт тағылымы.- № 3.- 2000.-108 б.
Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы А., 1993.-213 б.
Рубинштейн Законы психологии //Социсс.-№3.- 1999.- С.21
Шпенглер Закат Европы.- М., 1995. 274 с.

References:

- Әbzhanov H., Nazarbaeva G. Қазақстан: tarih pen taғdyr. – A., 2003.-11
Bajtyrsynұly A. Өleңder, әdebi-ғylymi zertteuler. Almaty: Alash, 2003. -408 b.
Bajtyrsynov A. Aқ zhol: өleңder men tәрzhimeler /Құrast. Nurғaliev R. A., 1991.- 399 b. 399 b.
Gegel' I. Fenomenologiya duha, SPb. 1992. – S. 21
Elim dep soққан zhүrek /Құrast. Kүzembraeva V.Қ. A., 2002.- 54 b.
Esmagambetov K. Қазақтар shetel әdebietinde.- A., 1994.- 45 b.
K. Esmagambetov Batyrlar tarihi – ruhani bajlyғymyz //Қазақ tarihy.- 2007.-№4.- 65-66 bb.
Қазақ /Құrast. Subhanberdina Y. A., 1998.-252 b.
Eslamғaliұly M. Әjteke bi //ZHұldyz.- 5 мамыр.- 2003.- 82 b.
Құdajberdiұly SH. Қазақ ajnasy. – Almaty, 2003. – 121 b.
Moldabekov ZH. Tektilik-өnege azhary //Ұlt taғylymy.- № 3.- 2000.-108 b.
Torajғыrov S. Eki tomдық shyғarmalar zhinaғы A., 1993.-213 b.
Rubinshtejn Zakony psihologii //Sociss.-№3.- 1999.- S.21
SHpengler Zakat Evropy.- M., 1995. 274 s.

**«СИГНАЛЫ СНИЗУ» В КАЗАССР НА ЛИДЕРОВ АЛАШ,
КАК ОБЪЕКТ НАУЧНОГО ИЗУЧЕНИЯ, ИЛИ
ПОСЛЕДНИЙ ПРИЕЗД А. БУКЕЙХАНОВА В 1926 ГОДУ**

Гюльнар Кайроллиновна Муканова^{1*}

¹К.и.н., профессор, ведущий научный сотрудник Филиала Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова г. Астана, e-mail: gulnar.mukanova1963@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-9222-5893>

*Автор-корреспондент

Аннотация. Желание донести информацию «снизу», по сути, может быть вызвано: а) болезненным желанием оказаться полезным; б) внушенным опасением перемен, вследствие неординарных событий, о коих следует сообщать; в) более низменными стремлениями (зависть, обида, комплексы разного рода). Так и в годы «Малого Октября», если не учитывать ситуацию «Большого террора», население СССР имело привычку «стучать» (доносить), «сигнализировать» в партийные органы о происходящем. «Сигналы» проверялись, учитывались как нечто само собой разумеющееся, своего рода обратная связь. Те, кто «просигналил», получали повышение по службе, были на хорошем счету, как члены ВЛКСМ или ВКП(б). И, по иронии судьбы, их фамилии хранятся в архивах, партийных по большей части, республики.

Статья представляет результаты исследования «сигналов» и их авторов, которые усугубили положение не рядового человека, а – Алихана Букейханова. Исследование столкнулось с тем, что архивные записи буквально единичны; ощущение, что «сигнальщику» пришлось тщательно уничтожать следы своей ретивости. Тем не менее, сопоставительный анализ рассекреченных фактов из архивных фондов позволяет обозначить неопровержимые свидетельства социального предательства, которое вдвойне непростительно: с точки зрения казахского обычного права и общечеловеческих принципов морали.

Ключевые слова: социальная история, архивы, педтехникум, Букейханов, антропологическая экспедиция, губком, Крайком, доноительство, совершенно секретно.

***Благодарность.**

Статья написана в рамках реализации ПЦФ КН МНВО РК на тему «Фундаментальное исследование основных базовых категорий и подкатегорий жертв политических репрессий в Казахстане и процессы их полной реабилитации».

БЕРІЛГЕН СИГНАЛДАР» НЕМЕСЕ Ә. БӨКЕЙХАНОВТЫҢ 1926 ЖЫЛҒЫ СОҢҒЫ САПАРЫ

Мұқанова Гүлнар Қайроллақызы^{1*}

¹Т.ғ.к., профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және Этнология Институтының Астана қ. филиалының Жетекші ғылыми қызметкері, Астана қ., e-mail: gulnar.mukanova1963@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-9222-5893>

Аңдатпа. «Төменнен» ақпарат жеткізуге деген ұмтылыс негізінен мыналармен байланысты болуы мүмкін: а) пайдалы болуға деген қорқынышты ұмтылыс; б) хабарлауды қажет ететін ерекше оқиғалардан туындаған өзгерістерден қорқу; в) төмен ұмтылыстар (қызғаныш, реніш, әртүрлі кешендер). Осылайша, «Кіші Октябрь» жылдарында, «Ұлы террор» жағдайын ескермесек, КСРО халқы партия органдарына болып жатқан оқиғалар туралы «бақылау» (хабарлау), «белгі беру» әдетіне ие болды. «Билгілер» тексеріліп, табиғи мәселе, кері байланыс ретінде ескерілді. «Билгі бергендер» лауазымдық өсімге ие болды және комсомол немесе Бүкілодақтық Коммунистік партия (большевиктер) мүшелері ретінде құрметтелді. Және, таңқаларлығы, олардың есімдері республиканың мұрағаттарында, көбінесе партиялық мұрағаттарда сақталған.

Бұл мақалада осы «билгілер» мен олардың авторларын зерттеу нәтижелері келтірілген, бұл қарапайым адамның емес, Әлихан Бөкейхановтың жағдайын қиындатты. Зерттеу мұрағаттық жазбалардың сөзбе-сөз аз екенін көрсетті; «Сигнал беруші» өзінің құлшынысының іздерін мұқият өшіруге мәжбүр болған сияқты. Соған қарамастан, архив жинақтарынан алынған құпиясыздандырылған фактілерді салыстырмалы талдау әлеуметтік сатқындықтың бұлтартпас дәлелдерін көрсетеді, бұл екі есе кешірілмейтін: қазақ әдет-ғұрып құқығы мен жалпыадамзаттық моральдық қағидалар тұрғысынан.

Кілт сөздер: әлеуметтік тарих, архивтер, педагогикалық колледж, Бөкейханов, антропологиялық экспедиция, губерниялық комитет, облыстық комитет, айыптау, аса құпия.

IRSTI 03.20

«SIGNALS FROM BELOW» TO THE KAZASSR ON THE LEADERS OF THE ALASH, AS AN OBJECT OF SCIENTIFIC STUDY, OR A. BUKEYKHANOV'S LAST VISIT IN 1926

Gulnar K. Mukanova^{1*}

¹Candidate of Historical Sciences, Professor, Leading Researcher of the Branch of the Valikhanov Institute of History and Ethnology in Astana city. Astana, Kazakhstan, e-mail: gulnar.mukanova1963@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-9222-5893>

Abstract. The desire to convey information "from below" can essentially be driven by: a) a morbid desire to be useful; b) a fear of change induced by extraordinary events that need to be reported; c) baser aspirations (envy, resentment, various complexes). Thus, during the years of the "Little October," if we disregard the situation of the "Great Terror," the population of the USSR had the habit of "snitching" (reporting), "signaling" to party organs about what was happening. "Signals" were verified, taken into account as something self-evident, a kind of feedback. Those who "signaled" received promotions and were held in good esteem as members of the Komsomol or the All-Union Communist Party (Bolsheviks). And, ironically, their names are preserved in the archives, mostly party ones, of the republic.

The article presents the results of a study of "signals" and their authors, who exacerbated the situation not of an ordinary person, but of Alikhan Bukeikhanov. The study found that archival records are literally sparse; it seems the "signalman" had to meticulously erase traces of his zeal. Nevertheless, a comparative analysis of declassified facts from archival collections reveals irrefutable evidence of social betrayal, which is doubly unforgivable: from the perspective of Kazakh customary law and universal moral principles.

Keywords: social history, archives, pedagogical college, Bukeikhanov, anthropological expedition, provincial committee, regional committee, denunciation, top secret.

Введение

Природа доноительства как предмет исследования относима к задачам психологии. Однако в контексте социально-исторической антропологии и антропологии права, при изучении природы тоталитаризма этим явлением следовало бы заняться фундаментально, настолько «сигналы снизу» навредили обществу в годы массовых политических репрессий.

От доносов (устных и письменных, и гибридных) страдали практически все слои казахского, в нашем случае, общества: начиная с гражданской войны, «уличали» в антисоветской деятельности и «бывших», т.е. волостных, управителей, служивших в имперской армии, биев, баев, «аксакалов», «хаджи», ишанов и мулл, попов и торговцев-«спекулянтов».

Категориальный расклад имел тенденцию к расширению, по мере раскручивания масштабных социально-экономических проектов (коллективизация, индустриализация и проч.).

Рассекречивание письменных «сигналов» в настоящее время порождает негативный резонанс, поскольку потомки тех, кто когда-то из им известных побуждений сообщил в ОГПУ-НКВД или комитет партии о несоответствующем социальном происхождении имярек, теперь по истечении лет опасаются общественного порицания. Вместе с тем, есть моменты, возвращающие нынешнее поколение к фигурам авторитетных лидеров мнения и политиков большого масштаба, каким был А.Н. Букейханов.

Основная часть. Результаты

Именно «сигналы» стали поводом к тому, что пребывание лидера Алаш и Алаш-Орды в пределах Актюбинской губернии в 1926 году, и не просто в частной поездке, а в составе антропологической экспедиции союзной Академии наук, стало последней возможностью побывать в Казахстане. Собственно, априори будучи «лишенцем», в силу аристократического происхождения, бытности депутатом имперской Думы, руководства несоветскими партией и правительством, Алихан Нурмухамедович после событий 1926 года лишился права свободы передвижения (ограничен ПМЖ – Москва), свободы слова и печати (запрет на публикации в казахстанских СМИ), или основных гражданских прав.

Казахское степное негласное правило в обычном праве (адат) лжедоносительство и лжесвидетельство квалифицировало как тяжкие преступления, посягающие на честь личности и стабильность сообщества. Доносчика следовало изгнать за пределы аула, рода, сообщества. Абай Кунанбаев, которого почитал А.Н. Букейханов, в наставлении «Ғылым таппай мақтанба» также с горечью отмечал, что в степи процветают доносы, из-за которых страдают честные люди. Бесчестные лица используют доносы и жалобы как инструмент в борьбе за власть или имущество.

В исследуемый период «Малого Октября в Казахстане» интеллигенция была под надзором: к 1926 году ОГПУ вело активную оперативную работу и сбор компромата на бывших деятелей «Алаш-Орды» и национальную интеллигенцию. Информаторы сообщали о «националистических настроениях» в учреждениях образования и культуры, редакциях газет, аульных и сельских советах. Доносы тогда еще не были поводом к расстрелам, - лиц лишали избирательных прав, высылали, подвергали штрафам.

Соответственно, все губернские партийные руководители обязаны были реагировать на «сигналы снизу». Так и в Актюбинском губкоме партии все доносы проверялись, делались оргвыводы и в обязательном порядке направляли секретные письма в Казкрайком. В фондах Госархива Актюбинской области наше внимание привлекло письмо /под грифом Гриф — «Совершенно секретно. Лично»/ ответсекретаря Актюбинского губкома партии Беккера, адресованное Голощекину. Его содержание свидетельствует о надзоре, который был установлен за Букейхановым.

Поскольку документ не датирован, то по его содержанию нетрудно было установить, что написано оно было не ранее 29 июля 1926 года, то есть после публикации в местной газете «Кедей» заметки о новых археологических открытиях М.Грязнова. Под заметкой стояла легендарная узнаваемая подпись - «Қыр баласы» ...

Беккер взволнованно докладывал Голощекину о бывшем руководителе Алаш-Ординского правительства Букейханове (в письме отпечатано с ошибкой – Букиханов). Сообщал о его встречах в Актюбинске, делал заключение о политической опасности пребывания алашордынца на территории вверенной ему губернии. То есть априори лицо из категории «бывших», «лишенцев» как будто представляло опасность для социальной атмосферы региона. Презумпция

невиновности никоим образом не учитывалась; напротив, собирались компрометирующие материалы.

На вопрос, зачем основателю движения, одноименной партии и экс-главе правительства Алаш-Орда понадобилась публикация в советской газете – «Кедей» Актюбинской области, ответ нам видится на поверхности. Букейханов имел непосредственное отношение к инициированию и осуществлению в 1926 году научной комплексной антропологической экспедиции Академии наук СССР в Адаевский округ. Один из отрядов экспедиции работал под руководством археолога М. П. Грязнова, уроженца Тобольского края. С Грязновым Алихан Нурмухамедович был знаком. Грязнов вел раскопки со своей женой, археологом М. Комаровой. К сожалению, итоги той экспедиции упоминались после ее завершения все реже, по ряду причин, а артефакты остались в коллекциях центральных НИИ [1].

Будучи человеком разносторонним, А. Букейханов понимал важность открытий археологов и в целом научно-исследовательских работ в республике. Своей заметкой он привлекал внимание общественности, посредством печати, к найденным ценным артефактам каменного века.

Его публикация 1926 года на казахском языке под смысловым заголовком «Білім қыран ғой! Қыран қырағы ғой! Адам баласының тас тарихындағы қонысы» проникнута гордостью за то, что открытия археологов вводят степные просторы в анналы всемирной истории. Букейханов – в данном случае узнается с неожиданной грани: как популяризатор гуманитарных наук, безусловно, как патриот, ратовавший за организацию Национального музея в столице республики (тогда – г. Кзыл-Орда), где бы концентрировались артефакты, свидетельства богатой древнейшей истории края [2].

До сих пор о той поездке Алихана Нурмухамедовича его биографами сообщалось кратко. Биографы Букейханова указывают коротко, что в сентябре 1926 года он был арестован работниками ОГПУ в Актюбинске, доставлен в Москву и помещен в Бутырскую тюрьму /однако уже через 5 дней выпущен/.

Между тем, Букейханов, или его сподвижники, успел передать в редакцию актюбинской газеты «Кедей» – орган Актюбинского губисполкома и губкома ВКП(б), заметку (опубликована 29 июля 1926 года), газета выходила на арабской графике, или төте жазу [3]. Эту заметку перевели в губкоме, что также стало поводом к гонениям на редакцию «Кедей».

Букейханов, на тот момент 60-летний, однако заряженный энергией Степи, буквально фонтанировал радостными эмоциями. Позитивные эмоции А.Н. Букейханова становятся понятны, если помнить, что в феврале 1926 года в Баку начал свою работу Первый тюркологический съезд. На секциях Тюркологического форума ученые и академики из центральных НИИ СССР подчеркивали необходимость проведения комплексных археологических экспедиций, в том числе и в Казахстане. Открытие и раскопки в Западном Казахстане могильников Киргильда I и Киргильда II, Урал-Сай, Кунанбай-сай, произведенные в 1926 г. экспедицией под руководством М. П. Грязнова предоставили богатейший материал и в некотором роде пошатнули устоявшееся

на тот момент мнение специалистов, что андроновская культура характерна лишь для региона Западной Сибири. Помимо собственно артефактов каменного века, экспедиция открывала возможность научных целевых исследований в сфере краеведения, антропологии, этнологии.

Примечательно, что Букейханов, резюмируя свой очерк о находках в Актюбинской области, утвердительно писал в заметке о том, что решено казахстанские находки направить в Академию наук СССР, специалисты Ленинграда идентифицировали их ценность (нужно было уточнить датировку и проч.), и затем они должны быть возвращены в Казахстан, чтобы занять почетное место в столице г. Кызылорда, в фондах Национального музея Казахстана.

Эпилог заметки Букейханова актюбинской газете «Кедей» настолько рационален, насколько пронизан гордостью и патриотизмом за национальное достояние. Он одним из первых стал популяризировать в средствах массовой информации археологические находки в Казахстане.

То были первые находки стоянок каменного века, при его непосредственном участии в экспедиции (особенно важно – после нескольких лет безвыездного пребывания в Москве).

Отметим, что А.Н. Букейханову в 1926 году оказывали поддержку соратники по Алаш. Необходимо отметить тот факт, что не каждый редактор в «Малого Октября» решился бы опубликовать даже безобидную научную статью алашского премьера. В тот период редакцией актюбинской газеты «Кедей» руководил давний знакомый Букейханова, деятель Алаш Жанузак Жанибеков [4]. Известно, что Ж. Жанибеков имел опыт работы в редакции газеты «Қазақ» в Оренбурге, затем – редактора Акмолинской губернской газеты «Бостандық туы». Опытный публицист Ж. Жанибеков в 1926 году переехал в Актюбинск. Приняв в работу очерк Букейханова, Жанибеков издал его в июле 1926 года, в 97-ом номере. Выпускающим редактором номера был указан К. Абдуллин. К слову, редакторы не совсем пострадали, лишь на время Жанибеков оказался отстранен от должности, но затем в течение года вновь возглавлял редакцию «Кедей».

Стилистика статьи вполне идентифицирует стиль А. Букейханова, излагавшего мысли ясно и с большим заделом. Это одна из последних прижизненных публикаций в Казахстане А. Букейханова. Ее содержание обращено к молодежи, нацеленной на науку и открытия.

Ниже текст очерка «Адам баласының тас тарихындағы қонысы». Эпиграфы: «Білім қыран ғой!» и «Қыран қырағы ғой!».

Док.1.

«Білім қыран ғой!

Қыран қырағы ғой!

Адам баласының тас тарихындағы қонысы.

Жер білімін жердің жасын қабатын қарастырып сиырдың жасын мүйізінен, жылқының жасын тісінен табылғандай табады. Жердің тарихы бір неше мүшелге

бөлінеді. Біздің мүшел он екі жыл болғанда, жердің мүшелі жүз-жүз мың жылмен саналады.

Жерге адам баласы келген мүшел жер тарихында төртінші мүшел деп аталады. Жердің бұ тарихы басталғалы екі жүз мыңға жақын жыл өткен. Жер білімі жердің қабатын кітабтың бетіндей оқыды. Жердің жаңада жас қабаты өзіміз табтаб жүрген жер. Жердің ішіне қарай қазып қабатын аша берсек, бойлаған сайны ескі қарт қабат бола береді. Жер білімін жердің қабатын теңіздің, өзеннің жарын бақылап сынап біледі. Өзеннің қабағы судан қырға сатылап, басқыштап, көтеріліп кетеді. Бұрынғы заманда мың жылма, жүз мың жылма өзен осы күнгі қыр қабаққа аққан, арнасын сойя-сойя осы күнге ұлтанға түскен.

Етікшінің жұртында былғарының кесіндісі, ойшының жұртында жоңқа, ұстаның жұртында көмір қалады. Өзеннің, теңіздің басқасы қабағында, құмында жайлаған жануарлардың, балықтың, адамның, ат аунаған жерде түк қалады. Қалдығы, ұстанған қаруы сайманы – белгісі қалады. Ақ-төбеден 3 шақырымда Електің құм жағында тас мүшелі адам тарихының адамының қоңысы табылды. Мұны тапқан Академия қазақ жерін, шаруасын іздеп зертте деп жіберген білгіш құстың адамы Бұлғақ баласы. Білім адам баласын өзге жануармен аталас деп біледі. Жер тауысып барғанда адам баласы өзге жануардан ақылы мен, ақылының, қаруы, қолының шеберлігі мен айырылады. Ақыл жетелеп жоспарлап, қол құжусырады. Адам қолынан өтіп өзгерілген зат мәдениет мүшесі болады.

Алғашқы адам баласының адабиеті адам тастан қару қолданғанда басталады. Адам баласы пышақ, біз, ине, балта, масақ, қызғыш, қасықты тастан қолданып талай заманда басынан өткереді. Адам баласының тасты қару жарақ еткен тарихын тас мүшел дейді. Адамын, тас мүшелінің адамы дейді. Тас мүшелінде адам тарихы екі жүз мың жылға созылған. Таста мәдениетті кулдендіріп шеберлене келе адам қару-жарақты мысқа, қолаға аударған. Адам баласының мыс қолданған тарихын мыс мүшелі дейді. Перғауын, Мұсадан бері адам баласы қару-жарақты темірге (шойын, булат темірге жатады) айналдырды.

Біздің заманымыз тарихта темірдің мүшелі делінеді. Осы күнгі адамды құстан ұшқыр, Сулейменнен шешен, шеберге пірі еткен мәдениеттің сүйенгені темірден қару-жарақ.

Тас мүшелдеде адам баласы өзінше мәдениетке ие болады. Сондада пілдей айдын, аюдай қарулы жануарды соғып етін жейді. Осылардың сүйегі тас мүшеліндегі адамның қоңысынан етінің басынан табылады. Електің жазасынан Бұлғақ баласы тапқан тас мүшелдегі адамның жұртынан қырғыш, пышақ, масақ тағыда неше қару жарақ аспаптар табылды. Бәріде шақпақ тастан істелген. Үйшінің жұртындағы жоңқа мен кесінді ағаштай ана қару-жарақты істегенде сынып түскен тастан жоңқа табылды.

Бұ тағын бұтан алғанда қалған ағаштың томарындай жуан қалдық тас табылды. Бұған қарап бал ашсақ, Бұлғақ баласының тапқаны тас мүшеліндегі адамның қонысында ұстасының дүкенінің орны болады, тапқан нәрселер 4 жүзден асады. Бұ нәрселер Ленинград барып сынға салынып ат қойылып Қызылордада болатын.

Қазақтың Ұлт музейіне тапсырылады.

Тас мүшелінің қару жарағымен аралас мыс масақ табылды. Бұ масақты мыс мүшелінің батыры ма мергені ме жоғалтты демесек, Бұлғақ баласы тапқан қоңыс, тас мүшелінде де, мыс мүшелінде де адам баласының қоңысы болған болады.

Бұ сықылды адам баласының тас мүшеліндегі қоңыс біздің қазақтың жерінде Қостанайда ғана бұрын табылған еді. Мұндай қоңыс іздей келе қазақтың жайында талай жерден табылмақ. Адам баласы осы біздің жайды жайлағалы 2 жүз мың жыл болған болып табылып тұр.

Қыр баласы».

Газета «Кедей». № 97 от 29 июля 1926 г.

Академические отчеты М. Грязнова и М. Комаровой, в которых были изложены итоги экспедиции, увидели свет спустя год, в 1927 году, и известны узким специалистам [5].

Масштабные археологические экспедиции в Казахстане, как планировалось, не были осуществлены. Музей областного значения в Кызылорде открылся лишь в конце 1930-х, столичный статус приобрел уже другой город, Алма-Ата. С обретением независимости, Национальный музей Республики Казахстан был официально открыт в столице, г. Астана, в 2015 году, осуществился прогноз лидера Алаш.

Начавшиеся в 1930-е годы гонения на Алаш интеллигенцию заслонили тот энтузиазм, с которым выстраивались ее представителями основы музейного дела и научных изысканий, чтобы новые поколения казахстанцев с гордостью ощущали себя частью всемирного исторического процесса.

В 1933 году был арестован археолог М. П. Грязнов, сотрудник этнографического отдела Русского музея, проводивший раскопки в Центральном Казахстане вместе с А.Х. Маргуланом, открытой ими Бегазы-Дандыбаевской культуры. Грязнову вменяют, вместо лагерей, три года высылки в Вятку, и к научным изысканиям он вернется лишь в 1953 году, исследует знаменитый Пазырыкский курган и многое другое. В годы репрессий погибли А. Букейханов, Ж. Жанибеков, многие деятели Алаш. Государственная академия истории материальной культуры (ГАИМК), где концентрировались научные результаты экспедиций по союзным и автономным республикам, будет закрыта. Большинство сотрудников, антропологов, станет жертвами чудовищных обвинений. Экспонаты из казахских степей так и останутся в Ленинграде...

Сквозь время звучит завет Кыр баласы: «Білім қыран ғой! Қыран қырағы ғой!» Дословно его перевод: «Знание – это орел. Орел же – бдителен!» В знании заключается сила, прогнозирование, логика. Потрясающий образ окрыляющего знания, создан таким решительным и мужественным, эрудированным человеком, как Алихан Нурмухамедович Букейханов. И тот порыв был в одночасье прерван «сигналом».

...Архивные источники порой безжалостно отражают истину, какая бы она ни была печальной. Как порой вступившие в ряды партии бывшие «крестьяне»

старались обеспечить себе карьерный рост и блага, ценой доноительства. Это поощрялось свыше, тем самым складывался порочный симбиоз власти и рядовых коммунистов-казахов.

К сожалению, этот тандем был нацелен против тех, кто всю свою жизнь посвятил служению казахскому народу. В 1926 году А. Букейханов в последний раз посетил республику, после чего был арестован и затем окончательно, безвыездно проживал в Москве, под контролем спецслужб. Причиной репрессий были доносы, «сигналы» ряда лиц, на которые отреагировали партийные структуры.

В Кзыл-Орду ушли письма и телеграммы Актюбинского губкома партии в вышестоящие партийные органы. Внимание привлекает телеграмма № 235/с секретаря Актюбинского губкома партии Беккера, адресованная Голощекину. Беккер доложил о бывшем руководителе Алаш-Ординского правительства Букейханове (в письме написано с ошибкой— Букиханов). Текст ниже:

Док. 2.

Ответственному секретарю Казкрайкома
т. Голощекину.

Совершенно секретно. Лично.

Актюбинск.

[Не ранее 29.07., не позднее 20.09.1926 г.]

«Считаю политически необходимым информировать Вас о вредности пребывания на территории Актюбинской губернии бывшего руководителя Алаш-ординского правительства Букейханова. Факты, указывающие на политическую опасность пребывания его на нашей территории и попытки влиять на соваппарат следующие:

1. По сообщению зав. Педтехникума тов. Имашева (член ВКП), Букейханов приходил в общежитие к аульным учителям (коих было около 100 человек, вызванных для переподготовки) и вел с ними беседу о советской политике в Казахстане, отзываясь о ней как о политике колонизаторской России, и несоответствии с национальной политикой, коей, по его мнению, нужно было бы проводить. Спросил, кто преподает им обществоведение, и, узнав, что преподаватель Имашев отозвался очень скверно о нем, ругаясь, что его, верного национала, не допускать к этой роли. После этих разговоров он очень часто имел общение с учителями.

2. Букейханов написал статью в газету, о целях экспедиции, где вскользь говорил о неправильной земельной политике советской власти в Казахстане, но это место, как меня уверили, не было помещено в нашей газете. Между тем оригинала его статьи в редакции «Кедей» я не нашел, ибо редакция будто потеряла ее, что очень подозрительно, ибо по указанию некоторых товарищей редакция наша связана с ним лично и постаралась изъять оригинал его статьи из своего архива.

3. По-видимому, значительная часть членов партии имеет связь с Букейхановым и попала под его влияние, так как целый ряд товарищей ходит к нему на квартиру, имеют с ним общение, а Зав. Педтехникумом тов. Имашев об этом открыто сказал на одном совещании о работе в ауле. Он выразился: «Вот здесь сидят как будто все коммунисты, а на самом деле здесь сидят члены трех партий: I) Алаш-Ординцы, II) Коммунисты и III) Центристы (т.е. между Алашординцами и коммунистами) (между ними). Эти три группы охватывают Казахстан снизу до верха, начиная от аула и кончая аппаратами красного значения». Заявление такое очень симптоматичное, до пребывания Букейханова у нас, таких заявлений никто не делал.

4. Есть частные сведения (не проверенные еще), что будто во время заседания земельного суда в Актюбинске, по разбору ряда земельных конфликтов, кто-то пришел из казработников и по-казахски сказал председателю суда т. Тохтыбаеву, что: «Букейханов рекомендовал решить дело так-то», и решение было принято по его указанию.

5. И, наконец, последнее. Недавно кто-то (точно кто, не известно) передавал т. Султанбекову (я сообщаю с его слов), что, когда Букейханов приехал в Адаевский уезд (по делам экспедиции), его встречали там как «Хана» с почетом. Вышло много народу, специально для него выстроили большую белую (по-видимому, Ханскую) кибитку и т.д. В общем, вдали от всех, он продолжает играть не то старого, не то Алаш-Ординского Хана, что безусловно является актом, активной противосоветской деятельностью.

Все это я считаю необходимым сообщить Вам для принятия надлежащих мер.

С тов[арищеским] приветом


Секретарь Губкома ВКП (б) (Беккер)» [6].

Данный документ указывает на «сигналы» о прибытии и встречах Букейханова в г. Актюбинске как минимум от двух казахских руководителей: Имашева – заведующего Актюбинским педтехникумом, и Жагфара Султанбекова – на тот момент занимавшего должность председателя Актюбинского губисполкома, который 20 сентября 1926 года получит повышение и будет назначен наркомом земледелия республики.

Попытки идентификации личности Имашева на данный момент имеют весьма скромные результаты. Нам удалось выявить фамилию и документально подтвердить, что именно этот человек возглавлял учебное заведение, общежитие которого посетил Алихан Букейханов для встречи с аульными курсантами. То есть, сама находка отвергает иные версии фамилии руководителя педтехникума (якобы Шолманов или Сейфуллин), которые выдвигают коллеги. Архивы хранят

личную подпись Имашева, который оставался работать на должности заведующего Актюбинским педтехникумом и весной 1927 года, то есть в течение учебного года, который по традиции начинается в сентябре предыдущего, 1926-го [7]. Между тем, справки о руководителях данного учреждения образования на Интернет-платформах вовсе не содержат данную фамилию. Нет его между тем и в списках жертв репрессий. Из других документов имеется автограф некоего члена ВЛКСМ Миргенбая Имашева, «гражданина № 1 аула Магаджановской волости Актюбинского уезда и губернии» написанное собственноручно им 15 июля 1925 года заявление в Актюбинский губком ВЛКСМ с просьбой командировать в Краевой Казахский Институт Народного образования [8]. Однако подпись данного Имашева отличается от подписи Имашева, заведующего педтехникумом и члена ВКП(б).

Фото. Автограф Имашева, зав. Педтехникумом. 10.03.1927 г. [8]



В результате наветов злопыхателей об антисоветской подоплеке встреч с будущими учителями и статьи в газете «Кедей», информировавших губком в духе партийных установок о «лишенцах»-«бывших», Алихан Букейханов был арестован в сентябре 1927 года в Актюбинске и препровожден в Москву. По рассекреченным ныне данным архива ФСБ РФ, лидер Алаш был допрошен в Бутырке и выпущен через 5 дней, но ОГПУ за ним было установлено пристальное наблюдение [9].

Если остановиться на ключевом вопросе фундаментальных исследований Госкомиссии, методологию которых реализует Проектный офис под руководством опытного ученого-законоведа и государственника, компетентного человека и публициста С.А. Касимова, то социальный портрет жертв репрессий, то даже по отдельным категориям, в разрезе республики, он вырисовывается из текстов документов, анкет задержанных, списков конфискованных, высланных лиц и т.д. [10].

Что касается социального портрета «сигнальщиков», как в случае с арестом и депортацией А.Н. Букейханова из Актюбинска, то вопрос этот практически не изучен. Причины кроются, по-видимому, в определенной национальной этике «ұят», когда потомки имярек сопротивляются открытию источников, публичному обсуждению доноительства, что создает помехи для исследователей.

Относительно типологии страты «сигнальщиков» советского периода трудно утверждать что-либо с уверенностью. Однако то были относительно молодые люди и лица среднего возраста, занимающие определенные номенклатурные должности. Возраст Ж. Султанбекова, 1898 г.р., в 1926 году – 28 лет. Изучая архивные документы-«сигналы», можно установить, что адресанты, чаще то были партийные структуры и органы ОГПУ-НКВД, были склонны доверять информации от членов ВЛКСМ, а еще более – от членов большевистской партии. Явные зачистки документальной базы, имевшие место в архивах, особенно в регионах, не позволяют в настоящее время с точностью аргументировать, что доносы на Букейханова сослужили одному из Имашевых искомую пользу, создав некую «бронь» от чисток и арестов...

Тогда как, природу доноительства уже изучают, в частности, на истории фашизма и сталинизма, зарубежные коллеги. Достаточно ознакомиться с публикациями на эту тему Robert Gellately, 2001[11], Shella Fitzpatrick, 1996[12], Cassidy Griffin, 2019 [13] и др. Они приходят к выводу, что доноительство особенно усиливается при тоталитарных режимах, создавая для властей, неважно: нацистов или коммунистов-большевиков, - иллюзию лояльности и исполнения служебного (партийного) долга подчиненными.

Заключение

Утеря этики человеческих отношений, которая была искони заложена в казахском степном обычном праве (әдет, или адат) - как писал Абай: «әдеттен озбайын», - имея в виду тонко выстраиваемые социально-возрастные и гендерные нити контактов, взаимного уважения и почитания, в советской действительности

была закономерна. Верховенство закона, под которым население должно было воспринимать созданные большевиками подобию демократических конституций и декретов, одобренных демагогией о братстве народов и начиненных «классовой» патетикой, на самом деле оборачивалось попранием элементарных норм поведения и человеческой морали.

Мелкие интриги, комплексы, низкие трайбалистские требования, к сожалению, шли в ход и имели, как в описанной выше ситуации, глубокие травматические последствия для общенациональной культуры. Как в нашем случае, конфликт оказался увязан с учебным заведением, Актюбинским педагогическим техникумом, относившимся к системе губернского отдела народного образования. Вероятно, одной из причин раздувания частного факта было то, что Казнаркомпросом летом-осенью 1926 года руководил зять Букейханова, мятежный Смагул Садвокасов, и вся акция в определенной степени была направлена и против него...

Ситуация 1926 года для Букейханова сложилась удручающе в психологическом плане, т.к., во-первых, лишила его возможности встречаться с учащейся молодежью. Сам Алихан Нурмухамедович всегда проявлял эмпатию к казахской молодежи, особенно учащейся и получающей профессию, в его статьях, письмах лидер Алаш выражались призывы к получению светского и профессионального образования, занимался организацией помощи студентам, сбором средств на стипендии через газету «Қазақ». Всем своим поведением и образом жизни он практически сформировал мировоззрение новой национальной элиты XX века, ориентированной на модернизацию коллективного самосознания и демократические ценности. Через авторские статьи, такие как: «Оқушыларға жәрдем қауымы» в газете «Қазақ» в 1915 году еще он призывал общественность к созданию фондов помощи казахским студентам, обучающимся в учебных заведениях Российской империи. Именно Букейханов призвал казахских девушек и молодых женщин обучиться профессии врача, угадал призвание будущего врача в характере своей дочери Елизаветы.

Во-вторых, он по праву рождения воспринимался в сакральной казахской ментальности как «белая кость» - ақ сүйек и действительно в аулах и на девятом году советской власти, его приветствовали согласно негласному статусу, ставили отдельную юрту и т.д. Это отмечали и составители доносов на него. Однако то, что под воздействием советской идеологии и набравшей обороты «культурной» революции ответственные казахские работники исполнительной ветви власти и руководители бюджетных организаций в области народного просвещения, выбрали другие приоритеты в своем поведении, ему было хоть и понятно, но простить этого он не мог. Думается, он догадывался, кто его «сдал», но никогда не поднимал эту тему, сделав выводы и не опускал руки, продолжив негласно противостоять невежеству большевиков своими академическими переводами и интеллектуальными трудами. Он был выше интриг.

Букейханов работал в казахской секции Центрального издательства народов СССР в Москве, занимался переводами мировой и русской литературы на казахский язык, а также подготовкой учебных пособий. Продолжал собирать и

систематизировать образцы казахского устного творчества. Симптоматично, что в 1926 году в соавторстве с Ахметом Байтурсыновым, под постоянным псевдонимом «Қыр баласы» он опубликовал в Москве сборник «23 жоқтау», охватывающий четыре века казахского фольклора через призму народных плачей-причитаний. Сборник открывается скорбным плачем Шангерей Букеева «Сыршы». В плачах о Мамай батыре его матери Караулек, плаче Манке по Қаздауысты Қазыбек бию, жоқтау Нарманбета по своему отцу Орманбету, в плачах, посвященных Кенгирбай бию, Кенесары и Наурызбаю и других авторами и составителями выражены преклонение перед казахским языком, многовековой историей и культурой народа. В сборнике опубликованы стихи Абая, оплакивавшего рано ушедшего из жизни, своего талантливого сына Абдрахмана.

Характерно, что если Алихан Нурмухамедович разрабатывал очерки по истории и этнографии казахов, родовой схеме казахов Каркаралинского уезда, то в его трудах непременно обнаруживаются упоминания о легендарном Кенесары Касымове. Память о героях и восхищение борцами за национальное освобождение, признанных вождах-защитниках казахской земли он словно завещал (аманат) молодежи, назвав своего внука Искендером и в детстве называя его Кене. Сам подбирал и дарил Кене развивающие книги, надписывая их «Кенеміз біздің ізімізді басар ма екен?».

Таким образом, для того чтобы увидеть цельную картину казахстанской трагедии, имеет смысл составить социальный портрет «сигнальщиков», поскольку «сигналы снизу» сильно навредили обществу в годы массовых политических репрессий.

Литература

1. Отчет Казакстанской экспедиции за 1926 год: из отчета о деятельности Академии наук СССР за 1926 г., ч. I и II. Ленинград: Изд-во Акад. наук СССР, 1927. 23 с.
2. Муканова Г. К. Найдена неизвестная статья А. Н. Букейханова об археологических находках в Западном Казахстане // E-history.kz, 18 марта 2024 года. <https://e-history.kz/ru/news/show/339769>
3. Қыр баласы (Букейханов А. Н.). Адам баласының тас тарихындағы қонысы // *Кедей* (Актюбинск). 1926. 29 июля. № 97. С. 3.
4. Муканов К. Жертва времени [ко Дню памяти жертв политических репрессий] // Проспект СК. 2007. 18 мая. С.10.
5. Грязнов М. П. Погребения бронзовой эпохи в Западном Казахстане // *Казахи: Материалы ОКИСАР* (Особый комитет по исследованию союзных и автономных республик. Академия наук СССР. Л., 1927. Вып. 2. С. 172-219.
6. Государственный архив Актюбинской области. Ф.516. Оп. 1. Д. 903. Л.130-131.
7. Государственный архив Актюбинской области. Ф. 3. Оп. 1. Д. 435. Л. 234-235.

8. Государственный архив Актыубинской области. Ф. 516п. Оп. 1. Д. 684. Л. 245.
9. Центральный архив ФСБ России рассекретил материалы об Алихане Букейханове. Kazinform. 09 Декабрь 2016. <https://www.inform.kz/>
10. Жакишева С.А. Жестокий век в нашей истории (интервью) // *Казахстанская правда*. 2024. 30 мая. С. 9.
11. Gellately, Robert. Denunciation as a Subject of Historical Research. *Historical Social Research*. 2001. Vol. 26. No. 2/3. P. 16-29.
12. Fitzpatrick, Sheila. Signals from Below: Soviet Letters of Denunciation of the 1930s. *The Journal of Modern History*. 1996. Vol. 68. # 4 , 1996. P. 831-866. <https://doi.org/10.1086/245396>
13. Griffin, Cassidy. What Goes Up Must Go Down: Denunciations in the Great Terror. Sping, 2019. 54p.

References

1. Otchet Kazakstanskoj ekspedicii za 1926 god: iz otcheta o deyatel'nosti Akademii nauk SSSR za 1926 g., ch. I i II. Leningrad: Izd-vo Akad. nauk SSSR, 1927. 23 s.
2. Mukanova G. K. Najdena neizvestnaya stat'ya A. N. Bukejhanova ob arheologicheskikh nahodkah v Zapadnom Kazahstane // E-history.kz, 18 marta 2024 goda. <https://e-history.kz/ru/news/show/339769>
3. Kyr balasy (Bukejhanov A. N.). Adam balasynyң tas tarihyndary konysy // Kedej (Aktyubinsk). 1926. 29 iyulya. № 97. S. 3.
4. Mukanov K. Zhertva vremeni [ko Dnyu pamyati zhertv politicheskikh repressij] // Prospekt SK. 2007. 18 maya. S.10.
5. Gryaznov M. P. Pogrebeniya bronzovoj epohi v Zapadnom Kazahstane // Kazahi: Materialy OKISAR (Osobyj komitet po issledovaniyu soyuznyh i avtonomnyh respublik. Akademiya nauk SSSR. L., 1927. Vyp. 2. S. 172-219.
6. Gosudarstvennyj arhiv Aktyubinskoj oblasti. F.516. Op. 1. D. 903. L.130-131.
7. Gosudarstvennyj arhiv Aktyubinskoj oblasti. F. 3. Op. 1. D. 435. L. 234-235.
8. Gosudarstvennyj arhiv Aktyubinskoj oblasti. F. 516p. Op. 1. D. 684. L. 245.
9. Central'nyj arhiv FSB Rossii rassekretil materialy ob Alihane Bukejhanove. Kazinform. 09 Dekabr' 2016. <https://www.inform.kz/>
10. Zhakisheva S.A. Zhestokij vek v nashej istorii (interv'yu) // *Kazahstanskaya pravda*. 2024. 30 maya. S. 9.
11. Gellately, Robert. Denunciation as a Subject of Historical Research. *Historical Social Research*. 2001. Vol. 26. No. 2/3. P. 16-29.
12. Fitzpatrick, Sheila. Signals from Below: Soviet Letters of Denunciation of the 1930s. *The Journal of Modern History*. 1996. Vol. 68. # 4 , 1996. P. 831-866. <https://doi.org/10.1086/245396>
13. Griffin, Cassidy. What Goes Up Must Go Down: Denunciations in the Great Terror. Sping, 2019. 54p.

**Ә.БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІК МӘСЕЛЕСІ
(АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ КОНТЕКСТІНДЕ)**

Зылыйха Шахметқызы Бимақанова¹

¹М.Қозыбаев атындағы СҚУ тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, «Қазақстан тарихы және құқықтану» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Петропавл қ. Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0004-5782-7364>, bimakanova1956@mail.ru

Андатпа. Мақалада XX ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы ұлттық тәуелсіздік идеясының қалыптасуы Алаш қозғалысы аясында қарастырылады. Алаш қозғалысының құрылымдық сипаты (саяси партия, ұлттық автономия, мемлекеттік басқару жүйесі) ғылыми тұрғыдан талданады. Зерттеуде Ә. Бөкейхан қызметі мен саяси көзқарастары ұлттық мемлекеттілік идеясының негізі ретінде бағаланады.

Түйін сөздер: Алаш қозғалысы, ұлттық тәуелсіздік, Әлихан Бөкейхан, Алаш Орда, автономия.

**А. БОКЕЙХАН И ПРОБЛЕМА НАЦИОНАЛЬНОЙ
НЕЗАВИСИМОСТИ (В КОНТЕКСТЕ ДВИЖЕНИЯ «АЛАШ»)**

Зылыйха Шахметқызы Бимақанова¹

¹Кандидат исторических наук, доцент, Северо-Казахстанского университета им. М. Козыбаева, ассоциированный профессор, г. Петропавловск, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0004-5782-7364>, bimakanova1956@mail.ru

Аннотация. В статье рассматривается формирование идеи национальной независимости в казахском обществе в начале XX века в рамках движения Алашей. Научно анализируется структурный характер движения Алашей (политическая партия, национальная автономия, система государственного управления). В исследовании оценивается деятельность и политические взгляды А. Бокейхана как основа идеи национальной государственности.

Ключевые слова: движение Алаш, национальная независимость, Алихан Бокейхан, Алаш Орда, автономия.

**A. BOKEIKHAN AND THE PROBLEM OF NATIONAL
INDEPENDENCE
(IN THE CONTEXT OF THE ALASH MOVEMENT)**

Bimakanova Z. SH.¹

¹Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, M. Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0004-5782-7364>, bimakanova1956@mail.ru

Abstract. This article examines the development of the idea of national independence in Kazakh society at the beginning of the 20th century as part of the Alash movement. It provides a scholarly analysis of the structural nature of the Alash movement (political party, national autonomy, and system of public administration). The study evaluates the activities and political views of A. Bokeikhan as the foundation of the idea of national statehood.

Keywords: Alash movement, national independence, Alikhan Bokeikhan, Alash Orda, autonomy

Кіріспе (зерттеу мәселесінің өзектілігі)

XX ғасырдың басындағы тарихи үдерістер қазақ қоғамының саяси және әлеуметтік дамуына түбегейлі өзгерістер әкелді (Koigeldiev, 1995). Ресей империясының отарлық саясаты күшейіп, жер мәселесі, қоныс аудару, әкімшілік басқару жүйесі ұлттық мүдделерге қайшы келді. Осындай жағдайда ұлттық интеллигенция қалыптасып, ел болашағына қатысты жаңа идеялар ұсынды. XX ғасырдың басы қазақ халқының тарихында ұлттық сананың жаңғыру кезеңі болды. Алаш қозғалысы қазақ мемлекеттілігін жаңғыртуға бағытталған саяси құбылыс ретінде қалыптасты.

Сол кезеңдегі ең ірі саяси-әлеуметтік құбылыс – Алаш қозғалысы болды. Бұл қозғалыс қазақ халқының ұлттық тәуелсіздікке ұмтылысын білдіретін кешенді саяси жоба ретінде қалыптасты.

Алаш ұғымы бірнеше құрамдас бөліктерден тұрады: Алаш партиясы, Алаш автономиясы және Алаш Орда үкіметі. Осы қозғалыстың көшбасшысы Әлихан Бөкейхан ұлттық мемлекеттілік идеясын ғылыми және саяси тұрғыда негіздеген тұлға ретінде ерекшеленеді.

Зерттеудің өзектілігі – Алаш қозғалысының құрылымдық табиғатын және оның қазіргі Қазақстан тәуелсіздігімен сабақтастығын ғылыми тұрғыдан талдауда.

Материалдар мен әдістер (зерттеу әдістемесі)

Зерттеу барысында кешенді ғылыми әдістер қолданылды:

- тарихи-жүйелік әдіс – Алаш қозғалысын тұтас саяси жүйе ретінде қарастыру;
- салыстырмалы-тарихи әдіс – ұлттық қозғалыстарды әлемдік контексте талдау;
- деректанулық талдау – Қазақ газеті, «Айқап» журналы материалдарын зерттеу;
- тарихнамалық әдіс – қазіргі зерттеушілер еңбектерін саралау.

Зерттеудің дереккөздері ретінде архив материалдары, Алаш қайраткерлерінің еңбектері және заманауи ғылыми зерттеулер пайдаланылды.

Сонымен қатар Манаш Қозыбаев, Мәмбет Қойгелдиев, Кеңес Нұрпейісов еңбектері негізге алынды.

Талқылау (зерттелу деңгейі)

Алаш қозғалысы мәселесі отандық тарихнамада әр кезеңде әртүрлі бағаланды. Кеңестік кезеңде бұл қозғалыс «буржуазиялық ұлтшылдық» ретінде қарастырылып, оның тарихи маңызы төмендетілді. Тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана Алаш қозғалысы объективті түрде зерттеле бастады.

Манаш Қозыбаев еңбектерінде Алаш қозғалысының тарихи рөлі қайта қарастырылып, оның ұлттық сананы оятудағы маңызы көрсетілді.

Мәмбет Қойгелдиев Алаш қозғалысын ұлттық саяси элитаның қалыптасуымен байланыстыра отырып, оның мемлекеттілік идеясына қосқан үлесін жан-жақты талдады.

Кеңес Нұрпейісов зерттеулерінде Алаш Орда үкіметінің құрылымы мен қызметі нақты тарихи деректер негізінде қарастырылды.

Қазіргі зерттеулерде Алаш қозғалысы постколониалдық тұрғыдан бағаланып, оның демократиялық сипаты мен реформаторлық бағыты ерекше атап өтіледі.

Зерттеу нәтижелері (негізгі бөлім)

Зерттеу нәтижесінде Алаш қозғалысының күрделі құрылымға ие екендігі анықталды.

Біріншіден, Алаш партиясы қазақ қоғамындағы алғашқы саяси ұйымдардың бірі болды. Оның бағдарламасында демократиялық мемлекет құру, азаматтық құқықтарды қорғау және білім беру жүйесін дамыту мәселелері қарастырылды.

Екіншіден, Алаш автономиясы – ұлттық мемлекеттілікке ұмтылыстың нақты көрінісі болды. Ол қазақ жерінің тұтастығын сақтауға және ұлттық басқару жүйесін қалыптастыруға бағытталды.

Үшіншіден, Алаш Орда үкіметі – заманауи мемлекеттік басқару жүйесінің алғашқы үлгісі болды.

Әлихан Бөкейхан бұл құрылымдардың барлығында жетекші рөл атқарып, ұлттық тәуелсіздік идеясын жүзеге асыруға тырысты.

Алаш қозғалысының бағдарламасы құқықтық мемлекет, демократия және әлеуметтік әділеттілік қағидаттарына негізделді. Бұл идеялар қазіргі Қазақстанның мемлекеттік даму бағытымен сәйкес келеді.

Алаш ұғымы бірнеше құрамдас бөліктерден тұрады: Алаш партиясы, Алаш автономиясы және Алаш Орда үкіметі. Осы қозғалыстың көшбасшысы Әлихан Бөкейхан ұлттық мемлекеттілік идеясын ғылыми және саяси тұрғыда негіздеген тұлға ретінде ерекшеленеді.

Зерттеудің өзектілігі – Алаш қозғалысының құрылымдық табиғатын және оның қазіргі Қазақстан тәуелсіздігімен сабақтастығын ғылыми тұрғыдан талдауда.

«Алаш» немесе Алаш қозғалысы бірнеше құрамдас бөлімдерден тұратын күрделі ұғым. Сондықтан Алаш қозғалысына жататын жекелеген мәселелерді

қарастырсақ, біріншіден, саяси партия ретіндегі Алаш партиясы, екіншіден, мемлекеттік құрылым ретіндегі Алаш автономиясы, үшіншіден, осы автономияны басқаруға тиісті болған Алаш Орда үкіметі туралы мәселелер. Осы нақты үш мәселе жиынтығы «Алаш» немесе «Алашорда қозғалысы» деген ұғымды білдіреді (Алаш қозғалысы, 2005).

Алаш – елшілдік ізденісіміздің жарқын беті. Алаш – елдік, мемлекеттік рәмізге айналған ұғым. XX ғасыр басында Әлихан Бөкейхан бастаған ұлт қайраткерлері Алаш атын партияға да, үкіметке де бергенде осы ұстанымды басшылыққа алғаны анық (Қойгелдиев, 1995).

Ұлт-азаттық қозғалыс кезеңінде Алаш идеясы қазақтың ұлттық идеясының темірқазығы болды. Зиялылардың Алаш атауын таңдауы кездейсоқ емес еді. Өйткені Алаш – жаңа типтегі ұлттық жаңғыру идеологиясының негізі болды (Қамзабекұлы, 2008).

Әлихан Бөкейхан және Алаш қозғалысы басшыларының мақсаты – ұлттық тәуелсіздік пен демократиялық азаматтық қоғам құру болды. Алаш өкіметінің жетекшісі ретінде ол бұл идеяны нақты мемлекеттік жүйе ретінде қарастырды (Нұрпейісов, 1995).

Алаш партиясының бағдарламасы осы идея негізінде құрылды. Алаш көсемдері Ресейде демократиялық федеративтік республика құрылған жағдайда ғана барлық халықтар тең құқықты автономия алады деп есептеді (Қойгелдиев, 2004).

Бұл идеялар Қазақ газеті мен «Айқап» журналында кеңінен насихатталды. Аталған басылымдар арқылы халықты білімге, мәдениетке шақыру, отаршыл саясатқа қарсы қоғамдық пікір қалыптастыру жүзеге асырылды (Қозыбаев, 1998).

Ә. Бөкейхан өз еңбектерінде озық азаматтық қоғам құрмайынша қазақ елінің дамуы мүмкін емес екенін атап өтті. Ол бұрынғы хандық басқару жүйесін замана талабына сай емес деп бағалады (Бөкейхан, 1994).

Кеңестік билік орнағаннан кейін Алаш қайраткерлері қуғын-сүргінге ұшырады. Олар «буржуазиялық ұлтшылдар» ретінде айыпталды (Қозыбаев, 1992).

Ұлттық идеядан қорыққан империялық және большевиктік жүйелер Алаш қозғалысына қарсы саясат жүргізді. Соның нәтижесінде ұзақ уақыт бойы Алаш қайраткерлерінің еңбектері зерттелмей келді (Нұрпейісов, 1995).

Әлихан Бөкейхан – қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күресте терең із қалдырған тарихи тұлға. Оның есімі ұлттық мемлекет, тәуелсіздік, мәдениет және өркениет мәселелерімен тығыз байланысты (Қойгелдиев, 2004).

Ә. Бөкейхан қазақтың тарихи дәстүрлері мен батыс өркениетін ұштастыра отырып, ұлттық жаңғырудың жолын іздеді. Ол Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов ағартушылық дәстүрін жалғастырды (Қамзабекұлы, 2008).

1903 жылы жазылған «Қырғыздар» еңбегінде Ә. Бөкейхан патшалық отарлық саясаттың қазақ қоғамына тигізген зиянын ашық көрсетті (Bokeikhan, 1994, p. 112).

Биыл ұлы арыстар жылы деп айтуымызға болады. Ұлт-азаттық қозғалысқа 110 жыл, Ә.Бөкейханның туғанына 160 жыл байланысты конференциялар, оқулар, дөңгелек үстел отырыстары өтіп жатыр, пікір таластар баршылық. Бұл заңдылық. Дегенмен зерттеушілер арасында проблемаларға әлі де тек қара, ақ деп қарау баршылық

Алаш зиялылары қазақ қоғамында үш бағытта қалыптасты. Олардың ішінде реформаторлық-демократиялық бағыттағы ұлттық зиялылар жетекші рөл атқарды (Омарбеков, 2001).

Бұл топ ұлттық автономия, жер мәселесі, білім беру, демократиялық реформаларды басты мақсат етті. Алаш қозғалысының әлеуметтік базасы кең болды (Қозыбаев, 1998).

Алаш қозғалысының тарихи маңызы туралы Манаш Қозыбаев оның күшті және әлсіз жақтарын атап өтеді (Қозыбаев, 1998).

Алаш қозғалысы қазақтың ұлттық элитасын қалыптастырды. Оның қатарында Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов сияқты тұлғалар болды (Нұрпейісов, 1995).

Олар ұлттық мәдениет пен білімнің дамуына зор үлес қосты.

Әлихан Бөкейхан – тек саяси қайраткер ғана емес, сонымен қатар ғалым, публицист және ұлттық элитаның көшбасшысы болды. Ол қазақ мемлекеттілігін XX ғасыр талаптарына сай қайта жаңғыртуға ұмтылды (Қойгелдиев, 2004). Осылайша, Алаш қозғалысы – қазақ халқының ұлттық тәуелсіздікке ұмтылған тұтас саяси жобасы. Ал Әлихан Бөкейхан осы қозғалыстың идеологиялық және саяси көшбасшысы ретінде тарихта ерекше орын алады.

Ә.Бөкейханның өмір жолындағы тірегінің бірі - ағартушылық бағыты, А.Құнанбаевтың, Ы. Алтынсариннің, Ш. Уалихановтың жолын дамытты. Басында көрсеткендей орыс, батыс мәдениетін қазақ даласында уағыздайды. Бірақ жер талауы ел талауға айналғандығы, орыстандыру, шоқындыру саясатымен қатар жүргізілгенін, енді отаршылдыққа қарсы ағартушылық арқылы күресу дәрменсіздігін көрсетеді. Империяның экономикалық, саяси негіздеріне нұқсан келтіре алмайды. 1903 ж. Ә.Бөкейхан жазған «Қырғыздар» атты еңбегінде: «Ата-баба қаны төгіліп, ел меншігіне айналған жерді орыс бодан болғанда мемлекет талайды, еркін халықтың құқын шектейді, қазақтардың рухани, экономикалық мүдделерін аяққа басады, оларды кедейлетіп, тұралатады, оның мәдени дамуын тоқыратады деп ойламаған қазақ сахарасы әзірше осының бәрін көтеріп, өздерінің өшпенділігін және қайнаған кегін ішінде сақтауда», - деп жазады [Бөкейхан, 1994]. Осы жағдайда Ә.Бөкейхан озбыр отарлық езгі қазақ елін тақырға отырғызатынын түсініп, ұлтының болашақ даму жолын айқындауда «Мәңгілік ел» болудың тұғырнамасын жасайды.

Қорытынды (тұжырымдар)

Зерттеу нәтижесінде Алаш қозғалысының қазақ тарихындағы орны ерекше екендігі анықталды.

Қорытындылай келе, Алаш қозғалысы – қазақ халқының ұлттық тәуелсіздікке ұмтылған тұтас саяси бағдарламасы болып табылады. Оның

құрылымдық жүйесі (партия, автономия, үкімет) толыққанды мемлекеттілік моделін көрсетті.

Әлихан Бөкейхан – осы қозғалыстың идеялық және саяси көшбасшысы ретінде қазақ мемлекеттілігінің жаңғыруына зор үлес қосты.

Алаш идеялары бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның рухани және саяси негіздерінің бірі болып қала береді. Алаш қозғалысы – қазақ халқының саяси ойының биік деңгейін көрсететін тарихи құбылыс.

Әдебиеттер тізімі мен дереккөздер:

1. Аймауытов Ж. Шығармалар. – Алматы, 1996.
2. Айқап» журналы. – Алматы: Ғылым, 1995 (қайта басылым)
3. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан 1917 ж. – мамыр, 1920 ж. Алматы: «Алаш», 2005. – Т.2. – 496 б.
4. Әбжанов Х. Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. – Алматы, 2010.
5. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – Алматы, 1991.
6. Бөкейханов Ә. Шығармалар, Алматы: «Қазақстан», 1994 ж. - 384 б.
7. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, Алматы, ж. - 478 б.
8. Дулатов М. Оян, қазақ! – Алматы, 1991.
9. Жұмабаев М. Шығармалар. – Алматы, 1989.
10. Қазақстан тарихы (5 томдық). – Алматы: Атамұра, 2010.
11. Қабылдинов З. Қазақстан тарихы. – Алматы, 2013.
12. Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. Астана: Ел шежіре. 2008. – 360 б.
13. Қазақ газеті. – Алматы: Алаш, 1998 (құжаттар жинағы).
14. Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі (Арыстар тұғыры). 2-кітап. – Алматы: Ғылым, 1998. 280 б.
15. Қозыбаев М.Қ. Ақтандақтар ақиқаты. – Алматы, 1992.
16. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы, «Санат», 1995. - 365 б.
17. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (ХҮІІІ-ХХ ғғ.), Алматы: «Жалын баспасы», 2004. - 399 б.
18. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы: «Ататек», 1995 ж. – 256 б.
19. Омарбеков Т. Қазақ байына жаңа көзқарас қажет. // Ақиқат, 1994. №6.
20. Омарбеков Т. ХХ ғасырдағы Қазақстан тарихы. – Алматы, 2001.
21. Martha Brill Olcott. The Kazakhs. – Stanford University Press, 1995.
22. Edward Allworth. Central Asia: A Century of Russian Rule. – Columbia University Press, 1967.
23. Adeeb Khalid. The Politics of Muslim Cultural Reform. – Berkeley, 1998.
24. Adeeb Khalid. Making Uzbekistan. – Cornell University Press, 2015.
25. Peter Rottier. National Movements in Central Asia. – London, 2002.

References

1. Ajmauytov ZH. SHyfarmalar. – Almaty, 1996.
2. Ajkar» zhurnaly. – Almaty: Fylym, 1995 (kajta basylym)
3. Alash qozfaly. Qyzhattar men materialdar zhinafy. ZHeltoksan 1917 zh. – mamyr, 1920 zh. Almaty: «Alash», 2005. – T.2. – 496 b.
4. Obzhanov H. Qazaqstan tarihyның ozekti maseleleri. – Almaty, 2010.
5. Bajtyrsynly A. Ak zhol. – Almaty, 1991.
6. Bekjhanov O. SHyfarmalar, Almaty: «Qazaqstan», 1994 zh. - 384 b.
7. Bekjhan O. Tandamaly. «Qazaq enciklopediyasy» Bas redakciyası, Almaty,zh. - 478 b.
8. Dulatov M. Oyan, qazaq! – Almaty, 1991.
9. ZHymabaev M. SHyfarmalar. – Almaty, 1989.
10. Qazaqstan tarihy (5 tomдық). – Almaty: Atamyr, 2010.
11. Qabyldinov Z. Qazaqstan tarihy. – Almaty, 2013.
12. Qamzabekuly D. Alashtyң ruhani tyry. Astana: El shezhire. 2008. – 360 b.
13. Qazaq gazeti. – Almaty: Alash, 1998 (qyzhattar zhinafy).
14. Qozybaev M.Q. Tarih zerdesi (Arystar tyry). 2-kitap. – Almaty: Fylym, 1998. 280 b.
15. Qozybaev M.Q. Aqtandaqtar aqıqaty. – Almaty, 1992.
16. Qojgeldiev M. Alash qozfaly. Almaty, «Sanat», 1995. - 365 b.
17. Qojgeldiev M. Ylttyq sayasi elita. Qyzmeti men tadyry (HYIII-HKH ff.),
18. Almaty: «ZHalyn baspasy», 2004. - 399 b.
19. Nyrpejsov K. Alash hem Alashorda. Almaty: «Atatek», 1995 zh. – 256 b.
20. Omarbekov T. Qazaq bajyna zhaңa kozqaras qazhet. // Aqıqat, 1994. №6.
21. Omarbekov T. HKH fasyrdaғы Qazaqstan tarihy. – Almaty, 2001.
22. Martha Brill Olcott. The Kazakhs. – Stanford University Press, 1995.
23. Edward Allworth. Central Asia: A Century of Russian Rule. – Columbia University Press, 1967.
24. Adeeb Khalid. The Politics of Muslim Cultural Reform. – Berkeley, 1998.
25. Adeeb Khalid. Making Uzbekistan. – Cornell University Press, 2015.
26. Peter Rottier. National Movements in Central Asia. – London, 2002.


ЧЕХОСЛОВАК КОРПУСЫ МЕН АЛАШ ОРДА АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Сұлтан Камалиден

ҚР Словакиядағы Елшілігіндегі аудармашы


XX ғасырдың басы қазақ елі үшін рухани жаңғыру мен саяси қозғалыстың жаңа кезеңі ретінде айқындалды. Бұл уақытта ұлттық сана күшейіп, тәуелсіздік пен бостандық идеялары халықтың қоғамдық ойында берік орнықты. 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістері Ресей империясының саяси жүйесін түбегейлі өзгертіп, билік құрылымдарын күйретті. Осындай тарихи жағдайда қазақ зиялылары ел болашағын сақтап қалудың жаңа жолдарын іздестіріп, ұлттық мемлекеттілік идеясын жүзеге асыруға ұмтылды. Нәтижесінде құрылған Алаш Орда үкіметі ұлт мүддесін қорғауды басты мақсат етіп, әртүрлі саяси күштермен байланыс орнатуға кірісті. Сол кезеңдегі маңызды әскери-саяси факторлардың бірі Ресей аумағында әрекет еткен Чехословак корпусы болды. Алғашында Антанта елдерінің мүддесіне қызмет еткен бұл әскери бірлестік азамат соғысы барысында кеңестік билікке қарсы күштердің алдыңғы қатарынан көрініп, қазақ даласындағы саяси ахуалға да елеулі ықпал етті.

1918 жылғы Чехословак корпусының көтерілісі Ресейдегі азамат соғысының маңызды кезеңдерінің бірі ретінде бағаланады және бұл оқиға қазақ баспасөзінде де кеңінен көрініс тапты.



«Қазақ» газеті. 1918 жыл және басылым туралы / Құраст.: Ғ.Әнес, Т.Замзаева.- Алматы: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2023.-440 бет.


«Қазақ» газетінің 1918 жылғы «Орынбор 23 июль» атты мақаласында Чехословак корпусына қатысты: «Совет хукіметі үшін аяқ-астынан Чех-Словак дейтін тағы бір жау шыға кетті... Аз күн ішінде Ново-Николаевск – Омск – Қорған – Челябин – Самара – Сызрань шаһарларын өз қолдарына қаратып, ондағы елдерді большевик тепкісінен құтқарды» деп көрсетілсе, «Сарыарқа» газетінің сол жылғы №45 санындағы «Бүгінгі күн» мақаласында көтерілістің себептері тереңірек түсіндіріліп, чехословактардың Австро-Венгрия армиясынан қолға түскен әскери тұтқындар екені, кейін Ресей жағында соғысқа қатысу үшін ұйымдастырылғаны және большевиктердің оларды қарусыздандыру әрекетіне жауап ретінде қарулы қарсылыққа шыққаны баяндалады. Сонымен қатар, бұл қозғалысқа әртүрлі аймақтардағы ұлтшыл күштердің, оның ішінде қазақ зиялыларының да белгілі дәрежеде қолдау білдіргені атап өтіледі.




«Сарыарқа» газеті. 1917-1919 жж. /Құраст.: Ғ.Әнес, Т.Замзаева, А. Мырзағали - Алматы: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2023.- 808 бет.

Алаш Орда үкіметі үшін Чехословак корпусы большевиктік билікке қарсы күресте уақытша одақтас ретінде қарастырылды. Екі тараптың да мүддесі орталықтанған кеңестік билікке қарсы тұруда тоғысты. Бұл өзара жақындастық тек саяси ұстанымдардан ғана емес, нақты іс-әрекеттерден де көрініс тапты. 1918 жылы Омбыда құрылған Бүкілресейлік уақытша үкімет құрамында қызмет атқарған Мұстафа Шоқайдың чехословактарға жолдаған құттықтау хаты осы байланыстардың айқын дәлелі болып табылады. Онда «Барша бодан халықтардың ортақ еркіндігі мен тәуелсіздігі жолындағы күресте шын жүректен табыс пен жеңіс тілейміз... Жасасын біздің чехословак бауырларымыз!» деген жолдар арқылы екі халықтың азаттық жолындағы күресінің ортақ сипаты ерекше

атап көрсетіледі. Бұл құжат Алаш қайраткерлерінің халықаралық саяси үдерістерді түсініп, өз мүдделерін кең ауқымда қорғауға ұмтылғанын дәлелдейді.



Emil Dostal. Svatý Václav patronem čsl. odboje na Rusi: dokumenty ze zahraničních odbojových spisů — Praha: knihovna "Života", 1921, 69 c.



Чехословак
легионерлерінің қазақ
даласындағы қызметі
туралы маңызды
деректердің бірі — чех
авторы И. Дворжактың
1921 жылы Прагада
жарық көрген «U
Kirgizů» («Қазақтар
арасында») атты еңбегі.
Бұл еңбек
Қазақстанның жаңа
тарихына қатысты
құнды мәліметтерді
қамтитын сирек
дереккөздердің бірі
болып табылады.



Domníval jsem se, že jednati budeme s kirgizskými náčelníky, jaké vídali jsme denně. Musím se však přiznati, že byl jsem zjevem jejich svrchovaně překvapen. V ustanovenou dobu ohlásili se u nás tři pánové, na kterých byl sice na první pohled patrný kirgizský původ, jejich evropský však úbor, společenský takt a duševní rozhled velice mile nás překvapil. První z nich byl předseda „Alaš Ordý“ (kirgizské správy) advokát Bukejchanov, druzí dva byli členové „Alaš Ordý“ Turlubajev a Tačanov, oba absolventi petrohradské university. Kromě těch byl nám později představen bývalý kapitán carských vojsk, rovněž Kirgiz původem.

Автордың жеке бақылаулары мен тәжірибесіне негізделген бұл кітапта қазақ халқының тұрмысы, мәдениеті, қоғамдық өмірі жан-жақты сипатталады. Сонымен қатар, еңбекте Абай есімінің еуропалық әдебиетте алғаш рет аталу фактісі, бұрын жарияланбаған карталар мен фотосуреттердің берілуі оның тарихи маңызын арттыра түседі.

Әсіресе, автордың 1918 жылы Омбы қаласында Әлихан Бөкейхан, Айдархан Тұрлыбай және Уәлитхан Танашпен кездесуі туралы мәліметтері ерекше құнды. Ол қазақ зиялыларының еуропалық деңгейдегі білімін, мәдениетін және саяси көзқарасын жоғары бағалап, олардың заманауи ойлау қабілетіне таңданысын білдіреді.

Дворжактың жазбаларында Әлихан Бөкейханның чех халқының тағдырына ерекше қызығушылық танытып, қазақ халқының тарихи ауыр жағдайын чехословак ұлтының басынан өткен қиындықтармен салыстырғаны баяндалады. Бұл дерек Алаш қайраткерлерінің тек ұлттық шеңберде ғана емес, халықаралық деңгейдегі азаттық қозғалыстармен идеялық үндестік тапқанын көрсетеді. Олар өз халқының болашағын кең ауқымда қарастырып, әлемдік саяси өзгерістерді жіті бақылап отырды.

Қорыта айтқанда, Чехословак корпусы мен Алаш Орда арасындағы байланыс XX ғасыр басындағы қазақ саяси тарихының маңызды және күрделі құбылыстарының бірі болып табылады. Бұл байланыс ортақ саяси мақсаттар мен тарихи жағдайлардың ықпалымен қалыптасып, қазақ мемлекеттілігі идеясын жүзеге асыру жолындағы маңызды кезеңдердің біріне айналды. Алаш қайраткерлерінің осындай күрделі кезеңде түрлі саяси күштермен байланыс орнатуға ұмтылуы олардың саяси көрегендігін, стратегиялық ойлау қабілетін және ұлттық мүддеге адалдығын айқын көрсетеді.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ ТҰРҒЫСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

Сәрсембин Үмбетқан Қуандықұлы¹

¹Философия ғылымдарының кандидаты, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Қазақстан халқы Ассамблеясы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының меңгерушісі, Қазақстан, Ақтөбе қ., e-mail: Sarsembin82@bk.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5571-7944>

Түйіндеме. Мақалада ХХ ғасырдың басында өмір сүрген қазақтың көрнекті тұлғаларының бірі, Алаш зиялысы Әлихан Бөкейхановтың ұлттық мүдде тұрғысындағы қызметтері, әлеуметтік философиялық идеялары зерделенген. Әлихан Бөкейханов саналы ғұмырында болашаққа ұлтқа қызмет ету ісінің үлгісін қалдырған тұлға. Оның ұлттық мүдде тұрғысында көтерген мәселелері, шығармалары бүгінгі қоғам үшін де құнды мұра болып табылады. Философия тарихында ұлттық интеллигенцияға қатысты философтардың тұжырымы негізінде қарайтын болсақ, өткен ғасыр басында қазақ мәдениетінің тарихи кеңістігінде ерекше орын алатын Алаш зиялыларының тұлғасы нағыз ұлт интеллектуалдарының болмысына тән құндылықтарды иеленгенін көрсетеді. Олар философияны, тарихы, заңды басқа да ғылыми салаларын терең білген. Соның нәтижесінде қазақ қоғамының болашақ дамуына қатысты еңбектер жазған. Мақалада Алаш зиялыларының, соның ішінде Әлихан Бөкейхановтың ұлттық мүдде тұрғысындағы қызметтері қарастырылған.

Кілт сөздер. Алаш, Алашорда, Алаш зиялылары, Әлихан Бөкейханов, ұлттық мүдде, ұлтқа қызмет ету.

СОЦИАЛЬНО-ФИЛОСОФСКИЕ ИДЕИ АЛИХАНА БУКЕЙХАНОВА В КОНТЕКСТЕ НАЦИОНАЛЬНЫХ ИНТЕРЕСОВ

Сарсембин Умбеткан Куандыкович¹

¹Кандидат философских наук, заведующий кафедрой Ассамблеи народа Казахстана и социально-политических дисциплин Актюбинского университета имени К. Жубанова, Казахстан, г. Актобе, e-mail: Sarsembin82@bk.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5571-7944>

Аннотация. В статье изучены функции, социально-философские идеи одного из выдающихся казахских деятелей, Алашского интеллектуала Алихана Бөкейханова, жившего в начале ХХ века в контексте национальных интересов. Алихан Бөкейханов за свою сознательную жизнь оставил пример служения нации будущему. Вопросы, работы, поднятые им в контексте национальных

интересов, являются ценным наследием в современном обществе. Если смотреть на историю философии на основе высказываний философов, относящихся к национальной интеллигенции, то это говорит о том, что в начале прошлого века личность алашской интеллигенции, занимающей особое место в историческом пространстве казахской культуры, обладала ценностями, присущими реалиям интеллектуалов нации. Они глубоко изучали философию, историю, другие научные области права. В результате он написал труды, касающиеся будущего развития казахского общества. В статье рассматривается деятельность алашской интеллигенции, в том числе Алихана Бокейханова, в контексте национальных интересов.

Ключевые слова: Алаш, Алашорда, алашская интеллигенция, Алихан Бокейханов, национальные интересы, служение нации.

IRSTI 03.20

SOCIAL AND PHILOSOPHICAL IDEAS OF ALIKHAN BUKEIKHANOV IN THE CONTEXT OF NATIONAL INTERESTS

Sarsembin Umbetkan Kuandykuly¹

¹Candidate of philosophical Sciences, head of the Department of Aktobe Regional University named after K. Zhubanov. Kazakhstan, Aktobe, e-mail: Sarsembin82@bk.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5571-7944>

Abstract. The article examines the functions, socio-philosophical ideas of one of the outstanding Kazakh figures, Alash intellectual Alikhan Bokeikhanov, who lived in the early twentieth century in the context of national interests. During his adult life, Alikhan Bokeikhanov left an example of serving the nation for the future. The issues and works he raised in the context of national interests are a valuable legacy in modern society. If we look at the history of philosophy based on the statements of philosophers belonging to the national intelligentsia, this suggests that at the beginning of the last century, the personality of the Alash intelligentsia, which occupies a special place in the historical space of Kazakh culture, possessed values inherent in the realities of the nation's intellectuals. They studied philosophy, history, and other scientific fields of law in depth. As a result, he wrote works on the future development of Kazakh society. The article examines the activities of the Alash intelligentsia, including Alikhan Bokeikhanov, in the context of national interests.

Keywords: Alash, Alashorda, Alash intelligentsia, Alikhan Bokeikhanov, national interests, service to the nation.

Кіріспе

Өткен ғасырдың басында әлемге орын алып отырған саясаттың үлкен зардаптарын біздің де қоғам, яғни ата-әжелеріміз басынан өткізді. Соның ішінде кеңес үкіметі құрылған тұста жүргізілген саясатты айтуға болады. Халықтың ғасырлар бойы қалыптастырған игіліктері қасақана аяқ асты етілді. Адам

шығыны көп болғанын білеміз, осы адам шығынымен байланысты неше түрлі ауыр оқиғалар ұрпақтың есінде қалды. Бұнымен қоса кеңес үкіметі кезінде 1950 жылдардан кейін де ұлттың болашағына үлкен зардабын тигізген апаттар тоқтамаған. Қазақстан аумағында жасалынған ядролық сынақтарды айтуға болады. Соның ішінде орны толмайтын нәрсе бұл 1930-1950 жылдардағы сталиндік репрессия, осы репрессия кезіндегі саясаттың құрбанына айналған адамдар, халықтың қиын тағдыры, халықтың ұлт зиялыларынан айырылуы терең зерттеуді қажет етуде. Алаш зиялылары сияқты небір талант иелері саясаттың құрбанына айналды. Олардың ғылымда жаңалық ашып, адамзат болашағына үлкен пайда әкелетін талантты адамдар болғанын жазған еңбектерінен, идеяларынан көріп отырмыз. Алаштың тағдырын жан-жақты зерттеген сайын бұндай саясаттың не себептен орын алғандығын және қандай мақсатта жүргізілгенін түсіну қиын емес. Большевиктердің басты мақсаты ұлттың тұлғаларын әлсірету, ұлттың өзін діні мен ділінен ажырату арқылы әлсірету болған.

Қоғамның әлеуметтік танымы ұлт интеллектуалдарының қызметі арқылы қалыптасып отырады. Әлеуметтік таным осы ұлт интеллектуалдарының қызметі арқылы өзінің ақиқаттылығын дәлелдеп отырған уақытта, коммунистік идеологияны қоғамға орнықтыру мүмкін емес. Өйткені қоғам өзінің тәжірибесіне, интеллигенцияның біліміне сүйенеді. Мәселен Алаш зиялылары 1918 жылы «Қазақ» газетінде, «Большевиктер дәурені көпке бармас, бірақ большевиктің ылаңының кесірі тез арыла қоймас. Большевиктертер мемлекет ісінің басынан көшер, бірақ көшкенше талайды болдырып, былғап кетер» - деп жазған болатын [1. 421 б.]. Алаш зиялылары бұны (большевиктік саясаттың немен аяқталатынын) кеңес үкіметі құрылған уақыттың өзінде білген. Большевиктік биліктің түбі іштей әлсіреп құлайтынын білген. Бүгін осы Алаш зиялыларының қажырлы еңбегінің арқасында көптеген дүниелердің жойылмағанын көріп отырмыз. Олардың ұлт шаруашылығы, тарих, мәдениет, мемлекет, тіл, саясат, заң туралы жазған еңбектері бүгінгі тәуелсіздік тұсында тарихи дүниелерді түгендеуге, мемлекет болашағына қатысты ғылыми негізде зерттеулерді жүргізуге көмектесуде.

Қазіргі таңда Отандық ғылым алдында тұрған міндет кеңестік саясаттың жүргізілу тәртібін, тәсілдерін және зардаптарын жан-жақты зерттеу болып табылады. Соның ішінде Алаш зиялыларының ұлттық мүддеге қызмет етудегі тағылымын зерттеуді болашаққа үлкен пайда әкелетін іс деп айтсақ қателеспейміз.

Әдіснама. Тақырыпты зерттеу барысында әлеуметтік философия ғылымы шеңберінде қолданылатын герменевтикалық әдіс, жекеден жалпыға қарай өту әдісі, салыстырмалы талдау әдістері қолдалыды.

Негізгі ұғымдар. Ұлт, тұлға, ұлттық интеллигенция, алаш интеллигенциясы, даналық, ұлттық сана, мемлекет, тәуелсіздік, тұлға феномені.

Негізгі бөлім.

Тұлғаның мәдениетте алатын орнын салмақтап отыратын оның рухани мұралары, ұлттық мүдде тұрғысындағы әлеуметтік философиялық идеялары. Ұлттық интеллигенция бұл ұлттың мүддесіне жауапты, өздерінің тарих, ұрпақ алдындағы міндетін дұрыс атқара білген адамдар болғандықтан, олардың идеяларының өзі дүниетанымдық тәжірибеге толы келеді. Мұстафа Шоқай жазғандай, «Халықты ұлт деңгейіне көтеру, яғни жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бір болған халық бұқарасын бірлестіріп, олардың санасын біртұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізуде ұлы тарихи міндеттің маңызды бір бөлігі зиялылардың үстіне жүктеледі» [2. 176 б.]. Кеңес үкіметі осы ұлт интеллектуалдарын тәжірибелері, идеялары үшін жойған. Себебі олардың айтқандары, жазған мақалалары қоғамға бірден қатты әсер етеді, яғни қоғамның өзіндік санасын сақтап, парасаттылықтың өрісін кеңейтіп отырады. Ұлттық интеллигенцияның басқалардан артықшылығы оларда философиялық білім күшті, діни сауаты да күшті. Сонымен қатар ерік қасиеттері жоғары келеді. Кез келген мәселеге зерде мен пайымның деңгейінде қарайды. Нағыз ұлттық интеллигенция өкілдері деп елдің мүддесіне қатысты мәселеде дұрыс шешім қабылдай алатын адамдарды айтуға болады. Осы себептен дінсіз, философиялық білімі жоқ қоғамды қалыптастыруды көздеген кеңес билігіндегілерге бұндай мәдениеті күшті адамдар «кеңес үкіметіне жат элемент» болып саналған. Алаш зиялылары бұндай саясаттың орын алатынын жақсы білген. Бірақ қиындыққа, үлкен кедергілерге қарамастан ел мүддесіне барынша аянбай қызмет еткен.

Алаш зиялылары интеллектуалдық ортадан шыққан адамдар. Олардың барлығының патша заманында ұлттың болмысы, ұлттық мінез үшін күрескен жыраулардың айтқандарын тыңдап өскені белгілі. Ұлт мәселесіне философиялық көзқараспен қараған. Ал философиялық көзқарастың басқа қарапайым көзқарастан ерекшелігі кез келген мәселеді оның ақиқаттылығына, әлеуметтік шындыққа терең көңіл бөлуде жатыр. Ең алдымен ұлттық интеллигенцияға жүктелетін міндет бұл философияны, тарихты, саясатты, заңды терең білу. Алаш зиялыларының барлығы да қоғамдық сана формаларын терең меңгерген адамдар. Соның негізінде олар қоғам мәселесін терең зерделеп, дұрыс шешім қабылдап отырған. Қоғамға сырттан қасақана жүргізіліп отырған саясаттың мақсатын халыққа түсіндірген.

Әлихан Бөкейханов жазғандай, «Ұлтына жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден» [3. 119 б.]. Барлық кезде қоғамға мінезді адамдар қажет. Ең алдымен елдің болмысы дұрыс болуы керек. Мінез бұл адамның ерік қасиеттерінің негізгі өнімі, сыртқы көрінісі. Жеке адамның, қоғамның болсын оның дербес болмысының рухани мәні, мазмұны болып табылатын нәрсе осы ерік қасиеттері. Адамда мінез дұрыс болу үшін қоғамның мәдениеті, оның адамға әсері күшті болуы қажет. Кез келген адамның мінезіне әсер ететін орта, ортаның мәдениеті. Осыған орай Алаш зиялысы «Үлгісіз – рәсімсіз өскен, алдында көргені қаптама өсек, өтірік-жала» - деп жазған 1913 жылы «Қазақ» газетінде жазған мақаласында [3. 127 б.].

Ұрпақ дұрыс болу үшін қоғамда тарихтан келе жатқан үлгі болуы керек. Үлгі деп интеллектуалдық дүниелерді айтуға болады. Ең алдымен қоғамға үлгі

оның тарихы. Барлық өркениет жолындағы елдердің тарихы мен мәдениетіне қарайтын болсақ, осы өркениет жолына түсуде тарих философиясы мен философиялық антропология ғылымын қалыптастыруды қолға алғанын көруге болады. Тарих философиясын қалыптастырудағы мақсат тарихтың шындығын, тарихи оқиғалардың орын алу себептерін, ұлттың шынайы тарихын зерделеу болып табылады. Философиялық антропология адам болмысының табиғатын, құрылымын соның ішінде жеке адам мен ұлттың тұлғалануына қатысты тәжірибелерді зерттеу, анықтау үшін қажет. Алаш зиялылары да ұлттық мүдде мәселесіне елдің тарихы мен әлем елдерінің тарихындағы философиялық тәжірибелерді зерттеу арқылы келген.

Әлихан Бөкейханов айтқандай (мінезді жеке адамның, ұлттың ерік қасиеттерінің жиынтығы дейтін себебіміз) адамның өмірде дұрыс таңдау жасауы, дұрыс шешім қабылдауы бірінші кезекте оның ерік қасиеттеріне байланысты. Ерік қасиеттері болмаса еркіндікті сақтау қиын. Сондықтанда Алаш зиялыларының осы мінез ұғымына көңіл бөлуінің негізінде еркіндік мәселесі тұр. Әлихан Бөкейханов ұлттың еркіндігі, ерік қасиеттері күшті болмай елдің тәуелсіздігін қайта қалпына келтіру қиын екенін айтқан.

Осы ұлт еркіндігінің негізінде жеке адамның еркіндігі тұр. Адамның еркіндігі оның ерік қасиеттерімен қалыптасады. Ерік қасиеттерінің негізінде өзіндік сана, халықтың көркем мінезге, кемелділікке тәрбиелеу принциптері, тарихи сананы және өзіндік сананың ұлттық санаға айналу ерекшеліктері, бұған тікелей әсер ететін ұлттың мәдениетінің қызметі жатыр. Әлихан Бөкейханов еркіндік мәселесіне философиялық тұрғыда көңіл бөлген. 1917 жылы «Қазақ» газетінде жазған «Алаштың талапты азаматына» атты мақаласында осы тарихтағы еркіндік идеясын талдағанын көруге болады: «Бостандық, теңдік, туысқандық 18-нші ғасырдан бері жарыққа шыққан таза пікір. Мұны майданға салған Франция жұртының саяси ерері осы үш түрдің бәрі біздің шарияттан, інжілден, будда оқуынан, Лев Николаевич Толстой философиясынан табылады, көзі ашық талапты ер іздесе.

Бұл үш ұраннан бөлек адам баласының бақыт, махаббатына жол жоқ. Бұл жолдан шыға жайылған хайуандыққа қайтқан болады.

Бірін бірі жеген, бірін-бірі алдаған, бірін-бірі аңдыған, бірінен бірі кек алған хайуан тұрмысы салты. Қағушы, соғушы, күзетші хайуандық жолда адасқан адам баласына ғана керек» [3. 127 б.]. Шыныменде тарихқа қарайтын болсақ қаншама философтар осы еркіндік мәселесін жан-жақты талдап дұрыс жолды көрсеткенімен әлі күнге дейін осы бостандыққа қатысты мәселе орын алып отыр. Бұның себебі гуманистік құндылықтар негізге алынбайды. Қай елдің болмасын мемлекет, билік, саясат дүниетанымдық негіздегі философиялық тәжірибелерге көңіл бөлмей келеді. Осы бостандық, еркіндік мәселесі ең алдымен қоғамдағы адамның ерік қасиеттеріне келіп тірелетіндігі ескерілмейді. Ерік қасиеттері күшті адамдарды мемлекет қолдап халық ішінен шығаруы керек. Тарихтағы қазақ қоғамында осындай дәстүр болған. Не себептен халықтың ішінде, медреселерде батырлар жыры оқытылды? Тарихи тұлғалардың тағылымы насихатталған. Бұның да арғы жағында осы еркіндік идеясына қатысты ұлттың

тәжірибесі жатыр. Осы жерде, яғни Әлихан Бөкейхановтың еркіндік идеясына қатысты ойларын зерделеуде неміс философы Имануил Канттың осы «еркіндік» ұғымына қатысты тұжырымы есімізге түседі. Философ Кант «Еркіндік бұл ерік қасиеттерінің автономдығы» деген. Осы тұжырым бүгін Алаш зиялыларының да ұлт еркіндігі, елдің тәуелсіздігіне қатысты идеяларының, қызметтерінің мәнін терең ұғынуға көмектесуде.

«Жақсы көркем жырда – деп жазады Әлихан Бөкейханов, - сол уақыттағы қазақтың болмыс-салты көрініп тұруға лайық. Тарихтың сарын жолы екіге бөлінеді: бір бөлек тарихтың пайдаланғаны соғыс істері. Біздің қазақ білетін тарих осы. Шәкәрім шежіресінің де малданғаны осы жол. Тарихтың екінші түрлісінің (мұны орыс тілінде история культуры дейді) пайдаланғаны – жұрттың болмыс салты, рухани мәдениетінің дәрежесі. Бұлардың бәрі сол жұрттың сол замандағы тіккен үйінен, киген киімінен, ұстаған аспаптарынан, сөздерінен білінеді. Анық тарих – осы екіншісі. Бұған жем нәрселер (материал) жақсы, шын ақындар шығарған, бұзылмаған жырларда болады» [3. 302 б.]. Әлихан Бөкейхановтың бұл идеясы бүгінгі біздің уақытымызда да өзекті. Тарих, дін, діл, мәдениет, тіл, дәстүр соның ішінде ұлттың дүниетанымдық тәжірибелері бұлар бір-бірімен байланысты. Батырлардың басқа да ұлт тұлғаларының қалыптасуы алдыменен тарихтың философиясы, ұлттың мәдени игіліктері арқылы жүзеге асады. Сондықтанда тарихты ғылыми негізде зерттеуде ең алдымен оның негізін құрайтын ұлттың мәдениетіне, мәдениеттің тарихына да көңіл бөлу қажет. Алаш зиялылары сол уақыттағы басқа елдерде қалыптасып жатқан өмір, мәдениет, тарих, құқық философиясын терең білген. Олар осы әлемдік мәдениетте қалыптасып жатқан жаңа ғылымның бағыттарын пайдаланып, өз қоғамындағы (сол кездегі қазақ қоғамында) ұлттың ғасырлар бойғы қалыптастырған мәдени игіліктерін зерттеген.

Ұлттық болмыстың тұлғалануы, жеке адамның кісілігі бұның барлығы ең алдымен ерік қасиеттері арқылы жүзеге асып отырады. Ұрпақтың ерік қасиеттері жоғалмауы үшін тарихтың философиясы дұрыс зерттеулі керек. Тарихи оқиғалар жүйелі түрде зерттеліп тегіс қоғамға жетуі тиіс. Соның негізінде елдің өткені мен болашағын жан-жақты зерделең, дұрыс пайымдауға көмектесетін тәжірибелер сақталады. Бұндай тәжірибе кез келген мәдени дүниелердің бойында бар. Соның ішінде сананың дұрыс қалыптасуына, жеке адам мен ұлттың болмысын біріктіретін дүние батырлар жыры екенін Алаш зиялылары дәлелдеп кеткен. Тағы да қайталап айтар болсақ, адамның өмірде дұрыс таңдау жасауы, дұрыс шешім қабылдауы алдыменен оның ерік қасиеттеріне тәуелді. Кеңес үкіметі 1925-1930 жылдары қазақ қоғамының барлық саласын қамтитын саясатты жүргізуінде, негізгі көзделген нәрсенің бірі осы ерікті әлсірету болғанын осы жерде тағы айтқымыз келеді.

Кеңес үкіметіне еркі күшті қоғам, ерік қасиеттері жоғары адамдар қажет болған жоқ. Керісінше жаңа кеңес қоғамын құрумен қатар кеңес адамының болмысын қалыптастыру көзделді. Сол мақсатта қоғамды тарихтан, мәдениетінен, дінінен ажыратып жіберуге күш салынды. Тарихқа қарайтын болсақ қазақ қоғамында барлығы басқаша болған. Тарихи өмірдің талабы

бойынша қазақ қоғамында кез келген адамның қызметі елдің пайдасына жарап отыруы тиіс. Ол үшін адамның еркі, білім, ақылы, Құдайға деген және өзіне деген сенімі күшті болуы керек. Тарихтағы қазқатың рухани өмірінде ата-ана бала тәрбиесінде ең әуелі осыған көңіл бөлуі тиіс. Еркі жоқ адам бұл шындықпен жалғанды ажырата алмайтын деңгейге ие деп танылған. Бала өмірге, соның ішінде елдің өміріне икемді болып, шынығып өсуі тиіс. Кеңес үкіметі осы ғасырлар бойғы қалыптасқан тәжірибеден қоғамды бөлу үшін арнайы саясат жүргізген, соның ішінде ұлт интеллектуалдарымен қоса ұлттың мәдени игіліктеріне де қысым көрсеткен.

Бұндай саясаттың күштеп орын алатынын Әлихан Бөкейханов күні бұрын білген. 1918 жылы жазған мақаласында ол халыққа арнайы үндеу жасаған: «Біздің қазақ жері әзір бұл Россия ылаңынан аман. Алаштың баласы аман қалар ма, жоқ па? Болжап болмайды. Қорқамын жалпы жұрттың қараңғылығынан, басшы болам деп, тонын айналдырып киіп, жұрт тілегін өзінің соқыр тиынына айырбастағаннан.

Аға-іні, Алаштың азаматы, бірік, бүгінгі үй ара уақ ісі таста, мына қараңғы қара бұлт Россия ылаңынан Алаш басын қорғайтын жолға шық.

Россия мемлекеті енді жақын арада үйірге қосылмайды. Бірліктен айрылсақ, мына орысша қаңғып кетеміз. Көш бастаған ақсақал аға, зиялы, іні, жергілікті жұрт қызметін таза атқар! Жалпы жұртқа мұрындық бол! [3. 271 б б.]. Әлемде, көрші мемлекетте немесе сол елдің өзінде болсын саяси ахуал күрделенген тұста елді одан аман алып шығатын халықтың бірлігі, парасатылығы. Алаш зиялылары, олардың арғы жағында тұрған сол кездегі байлар, діни тұлғаларымыз осы қиын кезде елдің бірлігінің сақталуына ықпал еткен. Қазақта бірлік болған жоқ деп айту қате. Бірлік күшті болған, осы бірлікті жою үшін 1925 жылдан бастап арнайы саясат жүргізіле бастаған. Ең бірінші діни тұлғаларды, содан кейін байлар басқа да елге сөзі жүретін адамдардың қоғамдағы құқы шектелген. Себебі бұлар бар жерде күрескер адамдар сарқылмайды, ұлттың өзіндік санасы қайта қалпына келе береді. Ал ұлт тұлғаларының еркіндігін шектеу арқылы ұлттың ерік қасиеттерін түбегейі жою саясаты большевиктердің ұлтқа қарсы жүргізген саясатының негізгі тәсілі болғаны жасырын емес.

Әлихан Бөкейхановтың ұлттық мүдде тұрғысындағы көзқарастары ең алдымен, қоғам өзінің ұлттық мүддесін сақтап қалу үшін оның адамы, өзінің күштілігін жоймауы тиіс деген ой шығады. Қоғамға парасатты, көркем мінезге ие интеллектуал адамдардың ауадай қажет екенін бүгін де көріп отырмыз. Ең алдымен ар мен ұят, ар мен намыс қатар сақталып, қатар жүруі тиіс. Ал қоғамнан, адамдардан ұят кетсе әлеуметтік ортада тоқырау басталады. Адамзат әлемі де сондай. Бұған қатысты жазған Әлихан Бөкейхановтың мақалалары бар. 1914 жылы «Қазақ» газетінің №54 санында жазған мақала «Ұят-ай» деп аталады. Осы мақалада көп нәрсе айтылған. Әлемде орын алып отырған адамның мәдениетіне қарама-қайшы келетін істерді мысал етіп көрсеткен: «Дарвин, Уэлс, Спенсерлерден бері ғылым жолы адамзат барша «туатын, өлетін» затпен бір тұқымдас дейді. Адамзат екі аяқты, сөйлейтін сөзді, ұятты болып өзге қалған хайуаннан айрылады. Осы XX ғасыр басында үкімет мұжыққа дүре салуды жол

қылып шығармақ болғанда, адам баласынан озған, күн жоғалмаса аты жоғалмайтын Лев Николаевич Толстой «Русские ведомости» газетасына хат жазып жария қылды. Сол Толстой жазған хаттың аты «Ұят» еді. Осы хат атын өзге сөзге аударсақ, мағынасы мынау: Біз адам емеспе едік? Ұят біздің белгіміз емеспе еді? Осы жалғыз белгіден айрылып, ана төрт аяғына сиынған аталарымыздың ауылына қайтқанымыз ба?

XIX ғасырдың аяғында бірнеше адамдарды үкімет асып өлтірмек болғанда, орыс философы Владимир Соловьев жұрт жиып сөйледі. Адам баласын асып өлтіру христиан жолынан тысқары деп. Осыны жария қылып айттың деп, үкімет В. Соловьевты Петербургтен айдады. В. Соловьев қылған ісі, ғұмырындағы мінезі, Л.Н. Толстой мен Г.Н. Потанинде бар. Осы Соловьев философия жолында Дарвин, Спенсерге қарсы еді, бұларға айтатын дәлелі «хайуанда ұят жоқ, адам ұятты» деп. Франция жазушысы Золя «адам хайуан» деп роман жазды. Адам баласының сөлекет ісін хайуандықпен қылдыны мысал қылып. Міне көзіміз көрді Балқан соғысын. Мұнда болған істерді хайуандыққа қайтармай ұғынып білу қиын емеспе? Толстой, Потанин, Соловьев бізді қанша жоғары тартса да, біз тырысып... шыға қашқан түйедей, төрт аяқтының ауылына қашып жатырмыз – ау деймін.

Орысқа газета, журнал шығарып жол ашқан А.Н. Радищев (1749-1802) абақтыға жабылып, он жыл Сібірге айдалған. Осы Радищев замандасы, тағы орысқа газета, журнал шығарып Европа жолын ашқан Н.И. Новиков Шлиссельбург деген зор, қиын абақтыда 15 жыл отырған.

Бауырым Ахмет, Мирякуб!! Сен екуіңнің абақтың Радищев пен Новиков абақтысы.

Орыс жазушы М.И. Салтыковтың «Түзулік пен шошқа» атты мақаласы бар. «Түзулік! Сен күн бар дейсің, распа, мен көрмеген күнді сен қайдан көрдің?» деп, шошқа Түзулікті балтырдан алған. Сонда Түзулік айтқан: «Шошқа, сен құдай жаратқанда жоғары қаратпай жаратқан, сен күнді осы себептен көрмейсің», - депті. Сен екеуің істі күнді көретін жұртқа атқарып тұсыңдар ғой, балтырды басқаға беріңдер!» [3. 169 б.]. Әлихан Бөкейхановтың бұл айтқандарында тарихи шындық, терең мағына бар. Надандық, қараңғылық адамның өзі жасайтын, өзі себепкер болатын істері. Шыныменде осы айтылған ойларға тарихи шындықтың негізінде қарайтын болсақ, большевиктік идеологияның біздің елдің немесе басқа да елдердің болсын ең алдымен оның тарихтан келе жатқан тәжірибелерімен қатар мәдени даму күшін тежеп, бағытты керісінше басқа кері бағытқа қарай бұрғанын түсінесің. Бұндай қасақана жасалатын істі Әлихан Бөкейханов ұятты іс деп атаған. Жақсылық, білім, қабілет, игілік бұлар қоғамға абыройлы іспен келетін нәрселер.

Мәдени даму түбі қайта айналып өзінің жолын табады. Бірақ жолды табамын дегенше қоғамға, болашаққа пайдалы нәрселерден, пайдалы істерді атқаратын адамдардан ел қол үзуі мүмкін. Әлихан Бөкейханов бұған қарамай елге қызмет етуді тоқтатпау керектігін айтқан. Алаш зиялыларының тарих алдында жасаған тұжырымы бойынша ел қанша қиындыққа ұшырап, оның зиялылары қоғамынан шеттетілсе де ұяттан қол үзбеуі керек. Қоғамның

мәдениеті жоғалған жерде адамдардан ұят кете бастайды, ал ұят жоқ жерде арсыздық басым, адамның рухы да әлсіреп, жоғалары анық.

Алаш зиялыларының тарих бетінде қалған сөздері терең философиялық мағынаға толы. Олар көбінесе тарихи мысалдармен, ойшылдардың кісілікке қатысты айтқан сөздерін негізге алып жазған. Қазақтың мақал-мәтелдеріндегі шындыққа да сүйенген. Олардың жазған еңбектерінен көбінесе тақырыпқа немесе оқиғаға қатысты терең философиялық ойларды, сөзді кездестіреміз: «Тезек тере барсаң да қап керек: жұртқа пайда қылатын жиылыс болса, қазақ баласы бас қосуы оңай емес. Құр қазаққа ел сайламай, жұртқа қызмет қылмай, өз өзінен басшы болып жүрген кісілер бір қалада бас қосса, бұл бір қысыр жиылыс, өзі оп-оңай...

Қазақ баласы бас қосқан жиналысқа әкеліп ортаға салатын, жиналыста сынға түсетін сөз ел арасында сөйленіп, жазылып, сынға салынып, ие болып пісуі керек ғой. Біздің ел мынаны мақұлдап тұр деп ел сайлап жіберген депутаты қазақ бас қосқан жиылыста дауласады. Бұл жиналысқа баратын сөз не сөз екені әр жерде жұрт өзі біледі ғой...

Қазақ жұрт болатын болса өз ішіндегі екі қазақ жер дауын құрту керек қой!..

Жұрт ғаділ болмай, жұрт ісі ілгері баспайды. Өзін-өзі қасқырша шауып отырған жұртта оқу, шеберлік болмайды...» [3. 110 б.]. Қоғамды, жалпы рухани өмірді реттеп отыратын интеллектуалдық, рухани деңгей екенін айттық. Соның ішінде большевиктер басқарған қоғамда өмір сүрген адамға жігерлі болмаса, одан аман шығуыдың қиын болғаны белгілі. Себебі барлық әділетсіздіктің түрлері осы кеңес қоғамында орын алған, бұны билік (большевиктер билігі) қасақана күшейткен. Осыған байланысты Әлихан Бөкейхановтың 1913-1918 жылдардың өзінде «Қазақ» газетінде, басқа да басылымдарда жазған мақалаларда адам мен қоғам болмысына қатысты мәселелерді жиі көтергенін көруге болады. Ол интеллигенцияның жауапкершілігі көп нәрсенің алдын алып, елдің тағдырын шешетінін айтқан. «Жалпақ жұрттың көкірегінде жақсылық болмаса, жұрт жұрт болып тіршілік қылып жүрмек емес. Жұрт пайдасына таза жолмен тура бастайтын ер табылса, қазақ халқы соның соңынан ерер еді» - деп жазады Әлихан Бөкейханов 1913 жылы жазған мақалсында [3. 120 б б.]. Әр адамның қоғамына, елдің болашағына деген сенімі, ниеті түзу әрі дұрыс болуы шарт. Сондағана елдің мүддесіне бағытталған іс ілгерілейді. Бұл да жігерге, ақыл мен қайратқа тікелей байланысты. Ең алдымен қоғамды бастайтын адамдарда бірлік, жанашырлық күшті болуы керек. Сонда қана халықтың да сенімі, бірлігі күшті болады. Осы жерде Әлихан Бөкейхановтың әділеттілік, бірлік категорияларын әлеуметтік өмірдің мысалында философиялық негізде қоғамға түсіндіргенін көруге болады. Бұндағы мақсат қоғамға ой салу болса керек.

Алаш зиялысы жазғандай, «Алымды момын кедейге аударып бай болатын мырзалар көзі соқыр емес, көңілі соқырына салып жүр ғой. Жұрттың момынын тонап алып болған байлықта қанша береке бар екен. Момындарды ғұмыр бойы жем қылып, пәленшекең қандай мықты деген «жақсы» қазақтың балаларын әкесі өлген күні қасындағы көршілері талап алып отырған жоқпа? Аз адам атқа міндім деп қасқыр болып жұртқа шапса, бұл жұртта береке болар ма?...

Әділдік жоқ жұртта, береке бірлік болмайды. Байлықты өнермен, шаруамен, қызметпен іздемей, жұртты тонап, момынды жылатып іздеген мырзалар, қысты күні үңгірде жатып өз аяғын сорған аю мысалында ғой, қанша қомағайланса да сорғаны өз аяғы» [3. 121 б.]. Әділеттілік барлық кезде өзекті, қоғамда өзінің мәнін жоғалтпайтын категорияның бірі. Ерте заманнан бері осы әділеттілік үшін күрестің орын алып келе жатқанын білеміз. Алаш зиялыларының өздері де осы жолда өмір сүрді. Сондықтанда Әлихан Бөкейханов әділеттілік ұғымын өзіндік сана тұғырына айналуды тиіс құндылық деп тұжырымдаған. Яғни әр адам осы әділеттіліктің сақталуына, орын алуына себепкер болуға ұмтылуы тиіс. Ол үшін жаңа айтқан адамдарда, қоғамда ұят, ар мен намыс болуы шарт.

Қоғамда әділеттілік дұрыс шешілмей қалған мәселе шешімін табады деп айту қиын. Философияның, барлық тарихи кезеңдерде интеллектуалдар дәстүрінің қалыптасу негізінде де осы әділеттілік мәселесін шешуге деген білімі, ар-ұяты күшті адамдардың ұмтылысы жатыр.

Ұлттық мүдде бұл елдің, ұрпақтық ғасырлар бойы қорғап келе жатқан, дамытып, өрісін кеңейтіп отырған мұрасы. Оның ішінде жер, тіл, дін, мәдениет, шаруашылық, өнер, яғни ұлтқа қажет құндылықтардың барлығы бар. Сондықтанда ұлттық мүдде дегеніміз бұл ұлттың өміріне қажет, оны тарихтың және мәдениеттің субъектісі ретінде сақтап отыратын құндылықтардың жиынтығы. Бұны қорғау үшін ең алдымен философиялық деңгейдегі тәжірибе қажет. Ұлттық мүддені қорғау жолында елдің өзінің стратегиялық ұстанымы, философиясы болады. Ал қазақ ұлтының философиясы осы батырлардың, басқа да тарихи тұлғалардың қалыптасу ерекшеліктерінде жатыр. Алаш зиялыларының ұлттық мүдде мәселесін философия, ғылыми негізде зерделеуде оның барлық қырларын қамтамасыз етуге күш салғанын байқаймыз. Мәселен Әлихан Бөкейхановтың өзі жер, тіл, мәдениет, шаруашылық, әдебиет пен ғылымға қатысты іргелі зерттеулерді негіздейтін идеяларға толы мақалалар жазған. Жер мәселесінде жергілікті халықтың ұстанымы, құндылықтарды бағалау принципі басқалардан кем болмауы қажет, керісінше жоғары болуы керектігін айтқан. Сонда қана қазақ сырттан қоныс аударған адамдарды біріктіріп өзінің елін, мәдениетін сақтай алады. Оның, «Жер, жер дегенде мұжықта, қазақта ішкен асын жерге қояды. Жер туралы көрген зорлық көп. Жер десе дірілдемей болмайды. Сонда да жер мәселесі негізгі өмір мәселесінің ең зоры. Жер ісін ала қашты тартып алды, тиіп кетті қылмай, ақылмен, сабырмен атқарған оң» деп жазғандары қазір де өзекті.

Патша билігі тұсында осы жерге қатысты арнайы саясат жүргені белгілі. Мақсат сырттан адамдарды қоныстандыру арқылы қоғамды түбегейлі өзгерту, өзіне бағынышты ету болған. Қазақтың ғасырлар бойғы болмысын қарайтын болсақ, оның түп тамырының бірі ұлттың шаруашылық жүргізудегі тәжірибелерімен тығыз байланысты. Шаруашылықты жүргізуде үлкен тәртіп болған. Осы тарихи жолмен келе жатқан шаруашылықтың өрісін тарылту мақсатында бекіністер салынғаны белгілі. Бекіністерден кейін «қала саламыз, отырықшы қыламыз» деген желеумен халықты отырықшылыққа үгіттеген. Басқа да ережелерді айтпағанда халықты отырықшы қылып, сырттан қоныс

аударушыларды көбейту саясатының негізінде үлкен саясаттың көзделіп отырғанын халық білуі тиіс. Осы бағытта патшаның жүргізіп отырған саясатына қарсы сол кездегі байлар, діни тұлғалар және Алаш зиялыларының сауатты түрде әрекет еткенін деректерден де байқауға болады.

Алаш зиялыларының ұғымында жер бұл ұлттың өмір сүруін қамтамасыз ететін негізгі қазына. Ұлттың қазынасы, сондықтанда бұдан қол үзбеу қажет. Ел өзінің болмысын, тәжірибелерін өзгеру, бұдан қол үзу арқылы негізгі мұралардан қол үзуі мүмкін. Себебі ұлт жерден айрылса еркіндік, тәуелсіздік келмеске кетеді.

Алаш зиялылары барлық кезде ұрпақ жерден қол үзбеу керектігін, ол үшін әр адам еңбекқор, жанашыр білімді болуы қажет екенін айтқан. «Бұрын адам аз, жер көп болған, мұны біздің қазақ өз көзімен көріп отыр. Жердің көп-азына қарамай, жердің һауасына қарай адам баласы мал баққан ия егін салған. Жер көп болса мал бақса, бұл шаруаны қылған жұрт малмен бірге көшіп жүрген. Жер аз болса, жердің һауасы егінге қолайсыз болса, мал шаруасын ұстап отырып, малды көшіріп қойып, жұрт өзі отырықшы болған. Бұған мысал Европада Швейцария жұрты жері Түркістан, Алтай, алатаудай ғұмырында қар кетпейтін биік тау, малға жақсы, егінге жаман, адамы отырықшы болып қалада отыр, шаруасы мал бағу. Жер аз болған соң малдың басын азайтып, сүйегін асыл қылып, мал бағып тіршілік қылып отыр. Қадағын 80 тиын, бір сом 20 тиын біздің орыстың қаласында сатылатын ірімшік осы Швейцария шығарған болады. Австралия жері біздің қазақ жері сияқты шөл, топырағы жасық болған соң Англия жұрты қой бағып, мал шаруасын қылып отыр. Австралия қойының еті төрт ай мұхитта кемемен жүріп келіп, Петербург базарында сатылады. Малы көшіп жүр, адамы қала болып отыр. Самарқанд тұрған Заравшан өзенінің екі жағы биік тау, өзенде отырған ел суға құлаған соң малды тау белдеуіне жайлауға бағады, қар түсе қайта малмен бауырға түседі, мұнда да жеріне, жердің һауасына қарай шаруа: сайда егін, тауда мал бағу.

Отырықшы деген сөз мал бағатын шаруаны түгел жаппайды. «Қала болып отырып мал шаруасын атқаруға болады. Отырықшы мен мал шаруасын бір қылып қосақтап отырған үкімет, осылай етсе өзіне пайда шығатын болған соң. Қазақ жері мал кіндігі, мұнда бұрын қандай жұрт жүрсе мал баққан...» [3. 145 б.]. Алаш зиялыларының ұлттық мүдде тұрғысында, соның ішінде жер, тіл, дін мәселесіне қатысты жазған мақалалары барлық кезде де қазақ қоғамына үлкен тәжірибе болатыны анық.

Әлихан Бөкейхановтың өзі өмір сүріп отырған уақыттың, қоғамның қиындығына қармастан ұлттық мүддеге қатысты жазған еңбектері көп. Оның әр қайсысы қазақ қоғамының алдында тұрған проблемаларды зерделеуге бағытталған. Әсіресе қазақ ұлтының шаруашылық мәдениеті, мал шаруашылығына қатысты жазған еңбектері елдің эконоикасын жетілдіруге қатысты идеяларға көп. Оның қазақ даласындағы мал шаруашылығы, төрт түлік малдың етінен, сүтінен, жүнінен және терісінен алынатын өнім түрлеріне қатысты жазған еңбегі, ұлт зиялысының қазақ даласындағы байлардың шаруашылығы жөнінде жазғандары кеңес үкіметінің күні бұрын ұлтқа қарсы

саясатты жүргізуде ең алдымен діни адамдарды, байлардың және ұлттың шаруашылығын түбегейді жоюдан бастайтынын күні бұрын сезгендей көрінеді. 1913 жылы «Қазақ» газетінің №8 санында жазған «ҚАЗАҚ» деген тақырыпта мақала жазған. Бұның өзі 1931-1933 жылдардағы ашаршылық кезінде ұлттың қанша пайызының құрбан болғанын шамамен болса да анықтауға көмектесіп отыр. Алаш зиялысы осы мақалада ұлттың өсіміне қатысты ғылыми негізде талдау жасаған: «1898-ші жылы есепте қазақ затына қазақ тілі мен сөйлейтін адамның саны 4 миллион 84 мың.

Бір жылғы адам баласының таза өсімі мыңға 15 адам. Он жыл аралатып екі есеп алғанда Көкшетау уезінің қазағы мыңға бір жылда 25 адам қосылып өскен. Бұған қарағанда қазақ баласының өсімі өзге халықтардан артық болмаса кем емес, қазақ жұрты мыңға 15-тен өсіп, -нші жылы орыс қол астындағы қазақ 4 миллион 84 мың деп есеп қылынса, 1913-нші жылда 5 миллион 64 мың болады..Бұл қазақ һәм қырғыз Шыңғыс хан заманынан бері, 7 жүз жыл шамасында, жоғарыда аталған 9 облыс жерінде жүріп тұрды..» [3. 95 б.]. Осы есеппен қарайтын болсақ, 1913 жылы 5 миллионнан астам халықтың жиырма жылдан кейін кемі 7-8 миллионның шамасында болғаны анық.

Әлихан Бөкейханов қай жағынан да терең адам болғанын айттық. Әл-Фараби жазғандай осы Әлихан Бөкейханов сияқты тұлғалардың дүниетанымы, рухани мұраларына тән азаматтық философия екі түрге бөлінеді. «Оның біреуі арқылы - деген ойшыл, - жақсы әрекеттерді тудыратын және осы әрекеттердің себептерін [анықтау] қабілетін тудыратын жақсы әрекеттер мен мінез құлықтарды танимыз. Осының арқасында тамаша нәрселер өзіміздің қасиетімізге айналады. Бұл [түр] этикалық өнер деп аталады.

Екінші [түрі] қағидаларды, қағидалар дегенде, қалалар тұрғындары сол арқылы тамаша көркемдікке және сол көркемдікке ие болу, оны сақтай білу қабілетіне жететін қағидаларды біліп алуды қамтиды. Бұл түр саяси философия деп аталады» [4. 232]. Алаш зиялылары этика, саяси философияны да терең білген, білімін толық меңгерген адамдар. Олардың ел мәдениетінде алатын орны осы Әл-Фараби, Қожа Ахмет Иасауи, Жүсіп Баласағұн мұраларында зерделенген, сол кездегі түркі қоғамында негізі қаланып, кейін қазақ қоғамындағы интеллектуалдар дәстүрінің негізіне айналған даналықты қайта жалғауында жатыр. Алаш зиялыларының бұл ұстанымы ең алдымен тарих пен ұрпақты, интеллигенция мен халықты біріктіретін нәрсе деп айта аламыз.

Қорытынды.

Әлихан Бөкейхановтың ұлттық мүдде тұрғысындағы әлеуметтік философиялық идеяларын бір мақала көлемінде толығымен талдап шығу мүмкін емес. Оның бүгінгі бізге жетіп отырған мұраларының өзі жан-жақты, өте дарынды адам болғандығын көрсетеді. Ұлттық мүдде мәселесін көтеруде және оған қызмет етуде Алаш зиялылары осылайша өте сауатты, өнімді жұмыстар атқарып кеткен. Олар қазақ қоғамының болашағына қызмет ететін, барлық кезде қоғамға қажет үлгіні қалдырды. Тарих, мәдениет, ұлттың дүниетанымы, өнер түрлері қалай зерттеулі қажет және елдің ғылымы, білім беру жүйесі қандай

бағытта дамуы керек? Мемлекет өзінің экономикалық негіздегі реформаларын жүргізуде неге көңіл бөлгені дұрыс? Мемлекет өмірінде заң мен саясат қандай болуы тиіс және тағы да басқа осы сынды үнемі қоғам алдында тұратын әлеуметтік философиялық проблемаларды Алаш зиялысының көтеруі бүгінгі тәуелсіздік тұсында да қажет..

Сұлтанмахмұт Торайғыров жазғандай Әлихан Бөкейхановтың ұлттың тарихи жадысында қалған бейнесі, оның қанша қиындықты көріп, бейнет шексе де елге, ұрпаққа деген жанашырлығы, адалдығын жоймаған намысшыл, өршіл мінезімен ерекшеленеді. Алаш ақынының,

Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі,
Демейі қандай қазақ оны оң көзі.
Семей тұрсын, жеті облыс бар қазақтан,
Талассыз жеке дара тұр ғой өзі.

Елі үшін құрбандыққа жанын берген,
Бит, бүрге, қандалаға қанын берген.
Ұрыдай сасық ауа, темірлі үйде,
Зарығып алаш үшін бейнет көрген.

Түймеге жарқылдаған алданбаған,
Басқадай бір бас үшін жалданбаған.
Көркейер қайткенде алаш деген ойдан,
Басқа ойды өмірінде малданбаған – деп жазып кеткендері тарихи шындық [5. 148 б.].

Әлихан Бөкейхановтың ұлттық мүдде тұрғысында көтерген мәселелері, жазған шығармалары барлық кезде де ұлттың мүддесін қана емес, оның өмір сүру құқын да қорғап отыратын дүние деп білеміз.

Пайдаланған деректер мен әдебиет:

1. «Қазақ» газеті. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.
2. Шоқай М. Таңдамалы. - Алматы: Қайнар. – Т. 1. – 1998. 512 бет.
3. Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Өнер, 1994. -383 бет.
4. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1993. 280 б.
5. Әбу Насыр әл-Фараби. Қайырымды қала. – Алматы, RS; Халықаралық Абай клубы, 2015. – 284 б.

References

1. «Қазақ» gazeti. – Almaty: «Қазақ enciklopediyasy» Bas redakciyası, 1998. – 560 b.
2. SШоқaj M. Таңdamaly. - Almaty: Қajnar. – Т. 1. – 1998. 512 bet.
3. Bөкеjhanov Ә. SШығarmalar. – Almaty: Өner, 1994. -383 bet.

4. Torajfyrov S. Eki tomдық shyғarmalar zhinaғы. 1-t. – Almaty: Fylym, 1993. 280 b.
5. Əbu Nasyr əl-Farabi. Qajyrymdy qala. – Almaty, RS; Halyqaralyq Abaj kluby, 2015. – 284 b.

МЕЖДУНАРОДНЫЕ МИССИИ И ЗАБЫТЫЕ СОРАТНИКИ АЛИХАНА БУКЕЙХАНОВА

Самат Жуматай¹, Олжас Муканов²,

¹Евразийский Национальный Университет им. Л.Н. Гумилева, докторант, г. Астана, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0003-2586-9020>, kopee95@gmail.com

²Независимый исследователь, магистр права. г. Астана, Казахстан olzhas.mukanov.1984@mail.ru

Аннотация. Избирательное право гражданами Российской империи было реализовано в начале XX века. В числе избранников в Думе были инородцы-казахи. Источники исследования жизни парламентариев и их политической карьеры (ученого Букейханова и муллы Косшыгулова) хранятся в архивах. Это *материалы* бывшей Государственной Думы и пресса России начала XX века. Тема слабо освещается в исторической литературе, поскольку оба депутата стали жертвами советских репрессий. Авторы изучили источники из фондов РГАКФД, РГИА (Российская Федерация), ТСС DAB ОАК (Турция), Центрального государственного архива Казахстана (Казахстан). При анализе материалов применялись методы диалектической логики, анализа и синтеза, ретроспекции, верификации. *Результаты исследования* представляют интерес в плане реконструкции малоизвестных аспектов общероссийского политического процесса. Хотя образовательный ценз Букейханова (светский) и Косшыгулова (исламский) отличались, как и образ их жизни, но оба депутата серьезно отнеслись к возможности определять судьбы народа в высоком ранге членов Думы. Имели место любопытные параллели между общественной активностью депутатов в исследуемый период в контексте международных отношений. Речь идет о векторах внешней политики царизма в Малой Азии, априори считавшейся оплотом исламского влияния. Так, Ш. Косшыгулов посетил Османскую империю, выполняя определенную миссию по заданию лидера Алаш. Данный факт впервые вводится в научный оборот и расширяет знания о международных контактах депутатов-инородцев. *Выводы.* Самоидентификация народных избранников не выходила за рамки российского гражданства, вместе с тем религиозный ценз был использован для поиска политических партнеров извне.

Ключевые слова: Дума, Россия, избирательное право, депутаты, казахи, Лесной, архивы, пресса, Степной край.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МИССИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ҰМЫТЫЛҒАН СЕРІКТЕРІ

Самат Жуматай¹, Олжас Муканов²,

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, PhD докторанты, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0003-2586-9020>, kopeev95@gmail.com

²Тәуелсіз зерттеуші, заң магистрі, Астана, Қазақстан, olzhas.mukanov.1984@mail.ru

Аңдатпа. Ресей империясының азаматтарына XX ғасырдың басында дауыс беру құқығы берілді. Думаға сайланғандардың қатарында этникалық азшылық өкілдері, қазақтар да болды. Парламентарийлердің өмірі мен олардың саяси мансабы туралы зерттеу дереккөздері (ғалым Бөкейханов пен молла Қосшығұлов) мұрағаттарда сақталған. Оларға бұрынғы Мемлекеттік Дума мен XX ғасырдың басындағы орыс баспасөзінің материалдары кіреді. Бұл тақырып тарихи әдебиетте аз қамтылған, себебі екі депутат та кеңестік қуғын-сүргіннің құрбандары болды. Авторлар Ресей Федерациясының Негізгі Заңының Ресей мемлекеттік архивы (РГАКФФД), Ресей мемлекеттік тарихи архивы (РГИА) (Ресей Федерациясы), Қазақстан Орталық мемлекеттік архивы (Қазақстан) жинақтарынан дереккөздерді зерттеді. Материалдарды талдауда диалектикалық логика, талдау және синтез, ретроспекция және тексеру әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижелері бүкілресейлік саяси процестің аз белгілі аспектілерін қалпына келтіру үшін қызықты. Бөкейхановтың (зайырлы) және Қосшығұловтың (исламшыл) білім деңгейі әртүрлі болғанымен, өмір салты да әртүрлі болды, екі депутат та Думаның жоғары лауазымды мүшелері ретінде халықтың тағдырын қалыптастыру мүмкіндігін байыпты қабылдады. Депутаттардың зерттеліп отырған кезеңдегі халықаралық қатынастар тұрғысынан қоғамдық қызметі арасында қызықты ұқсастықтар табылды. Бұл патшалық сыртқы саясаттың Кіші Азиядағы векторларына қатысты, бұл априори ислам ықпалының тірегі болып саналды. Мысалы, Ш.Қосшығұлов Алаш көсемінің өтініші бойынша Осман империясына барып, нақты миссияны орындады. Бұл факт алғаш рет ғылыми айналымға енгізіліп, орыс емес депутаттардың халықаралық байланыстары туралы білімді кеңейтеді. *Қорытынды:* Халық өкілдерінің өзін-өзі тануы Ресей азаматтығынан тысқары шыққан жоқ; дегенмен, діни біліктілік елден тыс саяси серіктестер іздеу үшін пайдаланылды.

Түйін сөздер: Дума, Ресей, сайлау құқығы, депутаттар, қазақтар, Лесной, архив, баспасөз, Дала өлкесі.

IRSTI 03.20

INTERNATIONAL MISSIONS AND FORGOTTEN COMPANIONS OF ALIKHAN BUKEIKHANOV

Samat Zhumatay¹, Olzhas N. Mukanov²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana c. Republic of Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-2586-9020>, kopeev95@gmail.com

Abstract. Suffrage by citizens of the Russian Empire was realized at the beginning of the twentieth century. Among the elected to the Duma were non-Kazakhs. The source base of the study of parliamentarians and their political careers: scientist Bukeikhanov and Mullah Kosshygulov - archived materials of the former State Duma and the press of Russia of the early twentieth century. The topic is poorly covered in historical literature, since both deputies were victims of Soviet repression. The authors studied the sources from the funds of the RGAKFFD, RGIA (Russian Federation), TCC DAB OAK (Turkey), the Central State Archive of Kazakhstan (Kazakhstan). Methods of dialectical logic, analysis and synthesis, retrospection, verification and reconstructing little-known aspects of the all-Russian political process were used. Although the educational qualifications of Bukeikhanov (secular) and Kosshygulov (Islamic) differed, as did their lifestyle, both deputies took seriously the possibility of determining the fate of the people in the high rank of Duma members. There were curious parallels between the public activity of deputies during the period under study, in the context of international relations. Kosshygulov visited the Ottoman Empire. The self-identification of the people's deputies did not go beyond the scope of Russian citizenship.

Keywords: Duma, Russia, suffrage, deputies, Kazakhs, Forest, archives, press, Steppe region.

Введение

Актуальность изучения биографий, выборных позиций, публицистики и общественной деятельности депутатов-иностранцев первых российских Дум обусловлена степенью социального резонанса, произведенного ими в начале XX века, и образно названного эпохой «пробуждения» Азии. Объект исследования выводит на географическую «глубинку» империи Степной край, где процесс выборов был внове и не мог не сопровождаться рефлексией передовой части общества. Методология «изучения» персоналий общественных деятелей в советский период складывалась достаточно примитивно: лояльное поведение и «рабоче-крестьянское» социальное происхождение открывало имярек путь в анналы истории. Личности же, проявившие задатки лидеров еще в дореволюционный период и удостоенные быть народными избранниками, при новой советской власти были зачислены в стан «врагов», «сотрудничавших с царем». Современные методологии дают возможность восстановить путь, которым шли первые народные избранники, преодолевая косность общественного мнения и препоны в имперском законодательстве по отношению к «иностранцам». Характерно, что общественная деятельность казахских депутатов Думы складывалась в определенной степени в зависимости от их идентичности, приверженности к атрибутам вероисповедания и насущным проблемам момента. Эти и иные аспекты дополняют общую картину формирования института российского парламентаризма.

Материалы и методы

Материалами для написания статьи послужили источники из следующих архивов: Государственный архив Российской Федерации (Москва, Российская Федерация), Российский государственный исторический архив (Санкт-Петербург, Российская Федерация), Российский государственный архив кино-фото-фоно-документов (Красногорск, Российская Федерация), архив Стамбула – Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanlığı Devlet Arşivleri Başkanlığı Osmanlı Arşivi Külliyesi (Стамбул, Турция), Центральный государственный архив Республики Казахстан (Алматы, Казахстан), которые позволяют провести анализ политических взглядов казахских депутатов, равно как особенности их предпочтений в выборе агитационных ресурсов.

Методика выявления, верификации и критического анализа содержания источников основана на методах диалектической логики, принципе историзма. Использованы компаративный метод, а также методы анализа и синтеза, ретроспекции. Аутентичные источники помогают восстановить эволюцию географии перемещений депутатов-инородцев, в том числе за пределы империи. Оригинальные документы отражают стиль их сношений с официальными ведомствами. Этому стилю придерживался А.Н. Букейханов, к слову, преодолевая природную горячность, которую по молодости ему ставили в укор на службе в первые годы (РГИА. Ф. 387. Оп. 24. Д. 1307. Л. 16). Вкупе с материалами дореволюционной прессы, где Букейханов размещал важную для него информацию (газета «Голос степи» (Омск), «Иртыш» (Омск, Павлодар и др.), представляют интерес официальные источники о его служебной деятельности как отражение личностных проявлений будущего политика. Материалы о Ш. Косшыгулове также отложились в РГИА. Например: РГИА. Ф. 1278 Оп. 2. Д. 3700 (Прошения и жалобы, телеграммы разных лиц, не рассмотренные Государственной Думой о наделении земель, лишении земли киргизского населения Кокчетавского уезда Акмолинской губернии, определении на службу и др.), РГИА. Ф. 1278. Оп. 1. II созыв. Д. 213 (Государственная Дума I, II, III и IV созывов. Личный состав Госдумы. А). Дела со сведениями о Членах Государственной Думы: О Шеймордане (так в источнике. – Авт.) Кошегулове. (От Акмолинской области). Н. 20.02.; К. 03.06. 1907 г. О Косшыгулове были изучены материалы в казахстанских архивах (ЦГА РК) в дореволюционных фондах за 1903 год в связи с его перепиской с казахским поэтом-мыслителем А.Кунанбаевым. К примеру, жандармская слежка и перлюстрация писем к Абаю Кунанбаеву вывела на адресата из Кокшетау, муллу Ш.Косшыгулова. Затем 8 апреля 1903 года телеграмма военного губернатора Акмолинской области поступила в канцелярию Семипалатинского губернатора. В ней сообщалось: «У Косшыгулова нашлись почтовые квитанции. Он 6 июня 1902 года отправил письма Садвакасу Шорманову в Батовске и Кеншинову в Зайсане, 7 марта 1903 года – Кунанбаеву в Семипалатинске. Надо провести обыск. Романов, генерал-губернатор Акмолинской области» (ЦГА РК. Ф. 369. Оп. 1. Д. 871. Л. 35). Обнаружение фотоснимков – отдельный сюжет. В разных региональных

архивах, музейных коллекциях и семейных альбомах постепенно проявлялись сквозь годы лица тех граждан, кто четко осознал свою миссию – быть законными представителями своих народов и регионов империи. Одна из редких фотографий Букейханова в ателье Буллы (снята в Санкт-Петербурге, в 1906 году) хранится в фондах РГАКФФД (№ 48345. Шифр В 1152. 1906 год). Фотографии Ш.Косшыгулова-депутата также имеются. Они отложились в РГИА (РГИА. Ф. 1278 Оп. 1. Д. 213. Н. 20.02.; К. 03.06. 1907 г.).

В фондах ГАРФ были выявлены и исследованы любопытные материалы о соратниках А.Н. Букейханова по самарскому периоду, к примеру архивное дело «О князе Вячеславе Александрове Кугушеве» (ГАРФ. Ф. 63), «О студенте Лесного института князе Вячеславе Александровиче Кугушеве», «О губернском секретаре князе В.А. Кугушеве» (ГАРФ. Ф. 102). Также в ГАРФ идентифицированы материалы о семье А. Букейханова, в частности, послужные списки его единственной дочери, Елизаветы Алихановны, медработника, т.к. после смерти супруги Букейхановы жили в Москве с дочерью и воспитывали внука (ГАРФ. Ф. 539).

Источниковая база изучения взглядов и общественной деятельности А.Букейханова значительно пополнилась изданием многотомных сборников документов. Были опубликованы собрания писем, сочинений, переводов депутата Думы (см. Букейхан, 2009; Букейхан, 2012).

Ряд источников на турецком языке начала XX века, прямо касающиеся избирательного права российских казахов, позволили уточнить международный резонанс на роспуск Думы (см. Тааруф-и Муслимин, 1328 /1910). В научный оборот нами введены публикации А.Тажеддин в турецком журнале «Тааруф-и Муслимин», где он писал в 1908 году: «Все киргизы (казахи. – Авт.), а также мусульманское население, проживающее в Сибири, Степи м Мауреннахре, были лишены права избирать и, так сказать, своего культурного права, царским Указом, изданным 3 июля 1907 года» (Тажеддин, 1908: 62-65). Авторы публикаций затрагивали тему нехватки земельных площадей и отъема лесных массивов в пользу переселенцев, в частности в Степной край. Также в ТСС ДАВ ОАК сохранилось обращение Абдулхамида 2 к Николаю от 17 ноября 1910 года по поводу притеснений российских мусульман (ТСС ДАВ ОАК. Ф. 84. Оп.1. Д. 2902) и другие, которые отражают пристальный интерес османского истеблишмента к положению имперской уммы.

Методологическую основу исследования составляют принципы историзма и системности, обусловившие изучение источников и историографии XIX – начала XX вв. в контексте конкретно-исторической эпохи как единого, многослойного процесса зарождения и формирования исторических знаний о народных избранниках-инородцах с учетом воздействия на исследуемый процесс различных факторов. При изучении источников использовались сравнительно-исторический (сопоставление взглядов отдельных авторов) и проблемно-хронологический (изучение фактов и явлений в хронологической последовательности, обеспечивающей понимание преемственности в историческом процессе) методы.

Обсуждение

Постсоветские издания по персоналиям исторических личностей начала XX века из состава депутатского корпуса Госдумы постепенно дополнили актуальный задел научных публикаций (Mukanova, 2016; Жанаберген, 2023 и др.).

Публикации на раннем этапе постсоветской историографии, пришедшемся на 1990 годы, раскрывали негативные стороны сталинских репрессий, что однозначно привлекло внимание научного сообщества к историческим персоналиям, в их числе харизматичные личности А. Букейханов и Ш. Косшыгулов. Казахский ученый Сеитов Э.А. провел научное исследование общественно-политической деятельности А. Букейханова одним из первых (Сеитов, 1996), также о нем издала монографию А.К. Мамраева (Мамраева, 1998). Закономерно, по мнению М. Блока, когда изучение коллективной психологии людей прошлого означает распространение принципа историзма и на сознание человека, который по природе своей является «великой переменной величиной» (Блок, 1973: 198).

Казахский ученый С. Аккулы, изучив документы жандармерии, сделал любопытный вывод, что в них этнический казах Букейханов, за которым был в г. Самаре установлен негласный надзор, указан под кличкой «Калмык» (Аккулы, 2013: 20).

Исследователь Д. Камзабекулы (Камзабекулы, 2022: 2), ссылаясь на раритетное издание (Аршаруни, Габидуллин, 1931), пишет, что в европейской печати (Венгрия, Дания) в 1909 году слышны были отголоски визита Ш. Косшыгулова в Турцию. Узбекский исследователь Z. Abdirashidov в своей статье в турецком журнале «Türkiye Rusya Araştırmaları Dergisi» (Abdirashidov, 2020: 55-100) анализирует политические тенденции в российском Туркестане, борьбу самодержавия с так называемым панисламизмом. В данной публикации рассматриваются деятельность депутатов в Думе первых созывов и позиция казахского корреспондента турецких газет начала XX века Ахмада Таджуддина из г. Троицка (Abdirashidov, 2020: 67-68, 78-86).

Монография российского историка, профессора В.И. Козодоя, основанная на архивах, привнесла новое веяние в тему изучения политических партий, боровшихся за места в царской Думе (Козодой, 2021). Книга Виктора Козодоя на данный момент является единственным в России системным исследованием биографии и общественно-политических взглядов А.Н. Букейханова. В ней нашли место уточнения этапов биографии и подтвержденные архивами этапы политической карьеры казахского политика (Козодой, 2021: 25-35).

